**БЕКІТЕМІН:**
Қарағанды облысы білім басқармасының
Қаркаралы ауданының білім бөлімінің
«Қарағайлы кенті №16 ЖББ мектебі»
КММ-сінің директорының м.а.

________________

Жумашев А.К.
«29» тамыз 2024ж

**КЕЛІСЕМІН:**
ДОІЖ орынбасары

________________

Кошенова Ж.К.
«29» тамыз 2024

**Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ:**
Хаттама №1
«29» тамыз 2024ж

# 2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды «О»Б сыныбының тәрбие мен білім беруде ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

**2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды 0 «Б» сыныбының**

# ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЦИКЛОГРАММА жоспары

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен *(2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама)* ұсынылады. Астана, 2024ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша) талаптарына сәйкес әзірленді.

Мектепалды сынып тәрбиешісі: ________________________ **Бекишева К.С.**

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**«№16 ЖББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «Б»
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.09.- 06.09.2024-2025 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 02.09.24 | Сейсенбі 03.09.24 | Сәрсенбі 04.09.24 | Бейсенбі 05.09.24 | Жұма 06.09.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 11:30-12:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс. | | | | |
| | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие»бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті еркін ойын жаттығу:** «Мен спортты сүйемін!»<br>**Түсіндірме жазба:** Ойын арқылы баланың денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға,жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді.<br>Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Қауіпсіздікті сақтаймыз**<br>**Дидактикалық әрі үстел үстісаусақ ойын жаттығу:**<br>**«Суреттерді сөйлетіп,құрай біл»**<br>**Түсіндірме жазба:** «Суреттерді сөйлетіп,құрай біл» балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«SMART BALA»** жобасы арқылы<br>LEGO құрастыру ойыны<br>«Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал»<br>**Түсіндірме жазба:** «Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жаяу жүргіншілер үшін көпір салу бойынша сұрыптауды | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Үстел үсті еркін ойын жаттығу:**<br>«Заттың түсін сәйкестендір»<br>**Түсіндірме жазба:** 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала заттарды түсі бойынша сұрыптауды үйренеді, | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Дидактикалық,сюжетті-рөлдік еркін ойын жаттығу:**<br>« Көкөністер мен жемістер жәрмеңкесі( құрап,жинау)»<br>**Түсіндірме жазба:** « Көкөністер мен жемістер жәрмеңкесі( құрап,жинау)» ойыны –қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.<br>**Міндет:** балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірдедене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**Жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу.<br>**Түсініктеме: Балмұздақ таяқшасы** – екі жақ ұшы тегіс жіңішке ағаш таяқша.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***Ойынға барлық балалар саны қатыса алады,сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға гимнастикалықдоп береді,сол баланың жұмысы тексеріледі.Үлестірмелі | жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** - сөздікқорларынжаңасөз дерментолықтыру,ретін сақтай отырыпсөйлемқұрауға жаттығуды жалғастыру;<br>**Дағды:** - қарапайым сұрақтарға жайсөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжатт ықтыру,сөйлеу кезіндегітынысалу дыжәне дикцияны дамыту.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Қосымшажабдықтар**: Санағыш таяқшалары<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне санағыш таяқшалары ал, екіншісіне ұқсас заттар қойылады. Үстелдегі заттар арасынан осы пішінге ұқсас затты табады.Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Құрастырылған заттарға байланысты | үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:**Балалардың көпірлер, олардың құрылымы, мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; көпірді жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды үйрену;<br>Талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз ғимаратыңызды құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,мүмкіндігін күшейту.<br>**Дағды:** Жасалып жатқан ғимараттар мен балалардың айналасындағы өмірде көретін нәрселері арасында байланыс орнату қабілетін дамытуды жалғастыру, берілген тапсырманы аяғына дейін орындауға дағдыландыру. Құрылымдардың негізгі бөліктері мен сипаттамалық бөлшектерін анықтау қабілетін нығайту.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, әр балаға арналған әртүрлі ені бар | зейіні мен логикасын жаттықтырады, заттардың көрнекі қабылдауын күшейтеді.<br>**Міндеттері:**- баланың заттарды түсі бойынша талдау және жіктеу қабілетін дамыту;<br>- тақырып бойынша сөздік қорын молайту.<br>- саусақтардың ұсақ моторикасын және заттарды көрнекі түрде қабылдауын дамыту.<br>**Дағды:** Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>Ойынға деген қызығушылықты ояту,ерекшеліктерін игеруге,ұқыпты жұмыс жасауды,сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Талапты болуы:** Қарындаштардың түсі оларға сәйкес заттармен біріктіру,түсіне байланысты. Ғалымдар сурет салу адамның есте ұстау қабылетін жақсартатындығын дәлелдеді.<br>**Қолынан келуі керек:** Түстерді ажырата отырып,оларды кеңістікте бар заттармен,қоршаған ортамен айтып беру.Бала өзіңе керегі бояу қарындаштарды таңдап алып,соған сәйкес суреттерді іздеп табады.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу. | дамытуға бағытталған.Балалардың өздері жиі көретін кейбір көкөністер мен жемістер туралы (жергілікті жағдайды ескеріп) түсініктерін нақтылау. Бұл ойынның көмегімен бала сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған,ұсақ қол моторикасын дамыту)<br>**Міндеттері:** Жемістер мен көкөністерге түсінік беру; оларды ажырата білуге үйрету; ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту;балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету; Оларды шынайы түрде және суреттерден тануға жаттықтыру.<br>**Дағды:** көкөністер мен жемістерді айыра білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Кіріктірілген:**математика негіздері,сурет салу,көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***балаларға көкөністер мен жемістердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес сірінке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның іс-қимыл арқылы жасау нұсқаулары:** Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ».<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені Гимнастикалықтаяқшаменорындалатынжаттығулар №1жаттығуларкешені**<br>1.«Біз–зілтеміршіміз».Б.к.:аяқтарын аздапалшақтатыпқойып,тұру;1–таяқшаныкеудесінеқояды;2 – кеудесін жоғарыкөтереді; 3– кеудесіне; 4– б.қ.8рет | жұмбақтар шешу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Құрастырылған жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды,атауларын жатқа айту.Осы санағыш таяқшалары арқылы тағы не құрауға болатыны жайлы әңгімелеу.<br>**Дыбыстықжаттығу(айнаменорындалады).**<br>Ү -ү –тү-түл-кі – түлкі.<br>І -і -пі –кір-пі – кірпі.<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу**<br>**«Доп» жаттығуы**<br>Добым, добым, домалақ,<br>Қайдакеттіңдомалап?<br>Секіресің, зырлайсың,<br>Бірорныңдатұрмайсың.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>***1.Жұлдыз***<br>*Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,*<br>*Қарасам толып жатыр көзін ашып.*<br>*Үйіме сәулененіп түссе жарық,*<br>*Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып.*<br><br>**2.Үй**<br>Төрт қарны бар,<br>Бір аузы бар. | көк қағаз жолақтары, көпір туралы жұмбақ, құрылыс бөліктерінің сызбалары «жоғарғы көрініс - түзу көрініс - бүйірлік көрініс», иллюстрациялар - әртүрлі көпірлердің суреттері .<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс.<br>Көліктерге арналған көпір - қандай көпір? – Автокөлік көпірі<br>Көлікке арналған көпір – Көлік тасымалдауға арналған көпір<br>Темір жолға арналған көпір – көпір темір жол темір жолы – автомобиль<br>Жаяу көпір – Жаяу жүргіншілер көпірі<br>Бетон көпір – Бетон көпір<br>Металл көпір – Металл металл көпір<br>Мұздан жасалған көпір – мұз мұзынан жасалған көпір<br>Кірпіш көпір – Кірпіш көпір<br>Карталарыңызға мұқият қараңыз. Олар көпір салу үшін қандай бөліктер қажет екенін көрсетеді. Көрсетілген бөліктердің арасында текше жоқ, мұғалім балаларды бар бөліктерді (2 жарты текше) пайдаланып ауыстыруды табуға шақырады. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды.Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау.<br>**Ойынның** | **Қосымша жабдықтар**: балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек.<br>**Ықтимал күрделендіру:**өз - ара бір - біріне жақын түстерді ажырата білу.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады.Берілген карта суреттерге байланысты әрбір қарындашқа жапсырады,егер толық түсінбей жатса онда ІІ нұсқа бойынша жұмыс жасайды,яғни жұптық жұмысқа сәйкес.<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>1.1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып,сонан кейін ашып,жайбаракат ұстап, 1-6-ға дейін санай отырып,алысқа қарау қажет.4-5 рет қайталау қажет<br>2.1-4-ке дейін санай отырып,екі көзді оларға қатты күш салмай,бір-біріне қаратып,соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап,4-5 рет қайталау керек.<br>3.1-4-ке дейін санап,басты қозғамай,оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату,соңында 1-6-ға | қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. Араласып жатқан суреттерден көкөніс пен жемісті тауып құрастыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Көлеміне,пішіндеріне қарай сипаттап айтып беру.<br>Өз ойларын еркін жеткізу.<br>**Ойынның нұсқаулары:** пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br>**Есіңе сақтап ал:** Көкөністер мен жемістерді көп жесеңдер денсаулықтарың мықты болады. Өйткені оларда дәрумендер көп. Сондықтан бұларды баптап жақсылап өсіріп қарайық.<br>**Пайдасы:** Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесеңдер бойларың өседі. Жемістер мен көкөністерді көбірек жеуіміз керек. Өйткені оларда дәрумендер көп, дәрумендер адамдарға күш, қуат береді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Іс – іс – іс, Піседі жеміс.<br>Сә - сә – сә- сәбіз,<br>Ши-ши-ши –шие.<br>Ал- ал- ал – алма<br>Пи- пи – пи – пияз<br>**Шығармашылық жұмыс:** Алдарындағы парақтарға кім өзінің жақсы көретін көкөнісі және жемістің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталау.<br>2.«Ескекшілер».Б.қ.:аяқтары ниықеніндеқою,таяқшаныортасынатаманкөлденеңұстау; оңға,солғабұрылып, ескекті келтіріпқозғалту.6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруғатырыс».Б.қ.:шалқалапжату, таяқшанытөментүсірілгенқолдарындаұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару,тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара».Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаныалдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 ретқайталау.<br>5.«Таяқшанытізесінеқою».Б.қ.:шалқасынанжату,таяқшасанында,1–таяқшаныжоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғарыкөтеру;4–б.қ.Басымен иықтарын жерденалмай,аяғының басын созады.6ретқайталау.<br>6.«Аяғыныңбасынажеткіз».Б.қ.:отыру,аяқтарынашу,таяқшаныкеудетұсындаұстау; 1–3–алдығаеңкею,таяқшаменаяқтарының басынадейін жету;4–б.қ.6ретқайталау.<br>7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғарыкөтеріп жүгіру. 3рет | <br>**3.Мысық**<br>Мұртын сипап күн бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түн бойы,<br>Тышқанды көп қуады.<br><br>**4.Керік**<br>Мойыны сорайған,<br>Сирағы серейген.<br>Теңбіл шұбар терісі,<br>Шөлдегі аңның ірісі.<br>Жонында жалы бар,<br>Бұл қандай жануар.<br><br>**5.Көбелек**<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады.<br><br>**6.Қоңыз**<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көріңіз,<br>Шешуін кім табады? | **нұсқаулары:**Жұмыс ретін бекіту.<br>**Құрастырудан жұмыс реттілігі:**<br>1. Көпірдің бөліктерін атайды: тіректері, жүретін бөліктері, сүйеніштері, төмен түсетін ылдиы (екі көпірде әртүрлі пішінде: біреуі- басқыштармен, біреуі- тегіс).<br><br>2. Алдымен көпірдің тіреулері, содан соң баетонның үстіңгі бөлігі, төмен түсетін ылдилары, сүйеніштері жасалады.<br>3. Құрылыс материалдарын кезектестіріп қойып, астынан машиналар ары-бері өтетіндкей көпірді құрастырып көрсетеді.<br>Жұмыстың соңында балалар құрылыста қандай бөлшектерді және не үшін пайдаланғанын айтады.<br>**Тілдік жаттығулар:**<br>«Бип-бип-бип», — дейді<br>«Жолдан былай кет!» — дейді.<br>«Жол шетінде күт!» — дейді.<br>Көшеде жүруге асыға,<br>Күшікті басуға, басуға,<br>Болмайды, болмайды, машина!<br>«Бип-бип-бип», — дейді,<br>Болмайды, болмайды, машина.<br>Бип-бип-бип!<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>Мәшинені көрсетеу және оның қалай гүрілдейтінін сұрайды(«бң-ң, бң-ң). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тыңда , былай «бң-ң, бң-ң»( дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді | дейін санап,алысқа қарау.Осы тәрізді басты қозғамай,солға,жоғары,төмен қарау керек.<br>**Бой сергіту:**<br>Аяқтарың орнында иә-иә-иә<br>Алақанды соғайық иә-иә-иә<br>Енді алға созамыз соқ-соқ-соқ<br>Енді артқа созамыз тез-тез-тез<br>Биік –биік шығамыз тез-тез-тез<br>Қолымызды шайқаймыз шоқ шоқ-шоқ<br>Демаламыз қане біз уф-уф-уф<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Болу үшін тым епті<br>Қозғалтайық білекті<br>Саусақтарым әйбат<br>Былай-былай ойнат<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | суретін салу керек. Салған суреттеріңді атап, қандай жағы ұнайтынын айтасыңдар.<br>**Сипаттамалық жұмыс:**<br>**Тіл дамыту.**<br>Мынау жеміс алма<br>Мынау жеміс алма. Алма домалақ.<br>Мынау жеміс алма. Алма домалақ, тәтті, қызыл.<br>Мынау көкөніс қияр<br>Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ.<br>Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ, жасыл, дәмді.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br><br><br><br> | тақтайын.<br><br>**12.Кеме**<br>Ақ шатырлы бір қала,<br>Суда жүзіп жүр дара.<br><br>**13.Саңырауқұлақ**<br>Аяғы бар,қалпағы бар,<br>Орманда ол өседі.<br><br>**14.Сәбіз**<br>Жаздай інге тығылып,<br>Жатқан қызыл түлкіні.<br>Құйрығынан суырып,<br>Әкелді әжем бір күні.<br><br>**15.Ту**<br>Айнымайды аспаннан,<br>Көгілдір оның бояуы.<br>Оны халық қашанда,<br>Биікке іліп қояды.<br> | <br><br><br><br> | <br><br><br> | <br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | **16.Зымыран**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз.<br><br>**17.Шырша**<br>Жасыл ине киімім,<br>Жайлаймын тау<br>биігін.<br>Жаңа жылды<br>тойласаң,<br>Төріңдемін үйіңнің.<br><br>**18.Пальма ағашы**<br>Сыйдиған бойы –<br>Сырықтай,<br>Жапырағы үлкен –<br>Ұлтандай.<br>Даңғарадай баскиім,<br>Басына киген<br>сұлтандай.<br><br>**19.Хат**<br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Аузы жоқ сөйлейді.<br><br>**20.Ожау (шөміш)**<br>Басы құдық –<br>Сабы сырық. | <br><br><br><br><br> | <br><br><br> | <br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |   | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жиынтық**<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 2 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру (4 рет).<br>2. Б.қ.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға ( солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға ауыстырып, қолды түсіру (8 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру. | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 4 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру.<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру. | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – беторамалды көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда беторамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, бетoрамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, бетoрамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: бетoрамалды жоғары көтеру, отыру, бетoрамалдың артына жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту ( әр жаққа 3 реттенн).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | | | 5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:** 12.00 14.10<br>12.00-12.25<br>12.35-13.00<br>13.10-13.35<br>13.45-14.10 | **Дүйсенбі 02.09.24** | **Сейсенбі 03.09.24** | **Сәрсенбі 04.09.24** | **Бейсенбі 05.09.24** | **Жұма 06.09.24** |
| | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Сурет салу<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Кеңістікте бағдарлау.<br>**ҮІӘ міндеті:**-сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету;<br>қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта;<br>-берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту;<br>-шыдамдылыққа, | **1. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Дыбыс.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру;<br>көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету;<br>ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>Қағаз бетінде бағдарлау.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу;<br>логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдыңұсақмоторикасындамыту;<br>-шыдамдылыққа,төзімділіккетәрбиелеу. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>**ҮІӘ міндеттері:**балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу;<br>берілгенбағыттақозғалуқабілетінқалыптастыру,оны дабыл бойынша өзгерту,логикалық ойлау, | **1. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Сөз.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру;<br>-сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын,заттың сапасын білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағыттатүсіндіруді біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым балаларды **«Қайда барасың? Не табасың?»** ойынын ойнауға шақырады. Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына ойыншықтарды жасырып қояды. Ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағына аюды, сол жағына шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені жасырады. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тыққан ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>– Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,<br>Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.<br>Қайда барғың келеді?<br>Нені тапқың келеді? | **Дағды**: Қағылездіглікке, бастаған істі аяқтай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Қолданады**: саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**Балалар көңілді күйде шаттық шеңберіне тұрады. Өлеңді қимылымен айтып, қайталайды.<br>Қуан шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді!<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым!<br>Педагог балаларды жаңа басталатын «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған іс-әрекетімен таныстырады және нені үйренетіндерін түсіндіреді.<br>Үлестірмелі материалды көрсетеді, жұмыс дәптерімен жұмыс жасау үшін қолданылатын шартты белгілермен таныстырады.<br>– Үстелде дұрыс отыруды, дұрыс қалам ұстауды үйрен.<br>Сымбатты мүсін тек әдемілік үшін емес, ол денсаулыққа пайдалы.<br>– Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? | **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттардың қағаз бетінде, кеңістікте орналасуын түсіндіруді біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Ойыншық қай жерде?»** деп аталатын қызықты ойын әзірлегенін хабарлайды. Ойынды жеке немесе жұппен ұйымдастыру үшін балалар ойын алаңын және ойыншықтар бейнеленген карточкаларды алады. Педагог ойыншық салынған карточканы көрсетіп, тапсырма береді: зымыранның суреті салынған карточканы жоғарғы оң жаққа қойыңдар, зымыранның астына мәшиненің суреті бар карточканы салыңдар. Балалар суреттерді орналастырады. Содан кейін педагог заттардың атауын айтады, ал балалар оның орналасқан жерін атайды.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Балалар мәтінді тыңдайды (педагог мәтінді оқиды). Оң қолыңды жоғары көтер. Ортадағы жапырақтың түсі қандай? Жасыл түсті жапырақтың айналасындағыларды көрсетілген түспен боя.<br><br>Әрі қарай балалар шартты белгілермен мұқият танысады. Педагог балалардың назарын бағыттаушы сызыққа аударып, | есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шыдамдылыққа, төзімділіккетәрбиелеу.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойындық жағдаят.** Сырым мен Әлия (№1 парақ) ойнауға шақырады. Ұйымдастырылған іс-әрекеті басталар алдында педагог топтық жұмыс үшін үлестірмелі материалды (№11 парақ) дайындайды, жұмыс алаңы және гномдар. Педагог **«Серуендегі гномдар»** ойынын ұйымдастырады: суретте алаңда гномдар серуендеуге шықты. Ең үлкен гномды алаңның ортасына қояды. Одан әрі қарай педагог қалған кейіпкерлерді оңға, солға, жоғары немесе төмен орналастыруды сұрайды. Ойынның тағы бір нұсқасы болуы мүмкін, онда балалар кейіпкерлерді өздері орналастырады, содан кейін олардың орналасқан жері туралы айтады.<br>Педагог іс-әрекетінің | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:сөздерді атайды, мағынасын түсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік.<br>– Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.<br>Педагог балаларға ыммен *«отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тынышталыңдар»,* – деп белгі береді.<br>Сөздік жұмыс: *Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.* – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз.<br>– Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «*ағаш*», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стаканға әр сөз айтылған сайын бір қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады?<br>Балалар ойлаған сөздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бала жүру бағытын атайды және жасырылған ойыншықты іздеуге кіріседі. Ойын бірнеше рет қайталанады. Педагог балалардың сөйлеу кезінде: «алға, оңға, солға, артқа, тура» сөздерін айтуын қамтамасыз етеді.<br>Педагог балаларды іс-әрекет кезінде жұмыс істеуге арналған **жұмыс дәптерімен** таныстырады.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Үй ішіндегі қыз бен ұлды көрсет. Олардың оң жағында және сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында не орналасқанын ата.<br>Балалар 1-тапсырманың суретін анықтап қарайды. Мысалы: «Үй ішіндегі қыз бен ұлды көрсет. Олардың оң жағында және сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында не орналасқанын сұрайды. Үйдің жоғарғы және төменгі қабатында қандай бөлмелер орналасқан?»<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма.** Ит қай жерде отыр? Айтып бер. Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін сал. Үйшіктің қасында иттің орналасу суреттері берілген, оларды жұптық жұмыстарда қолдануға болады. Балалар үйшікке қатысты иттің орналасу жерін атайды.<br>Педагог балалардан сөйлеу кезінде: «сол жақта», «оң | Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.<br>Педагог:<br>– Табиғатта түрлі-түрлі дыбыстар бар.<br>Педагог үнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдатады.<br>– Балалар, құстың шиқылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар.<br>***«Көрсет» ойын-жаттығуы.***<br>1. Жылан қалай ысылдайды?<br>2. Қасқыр қалай ұлиды?<br>3. Жапырақтар қалай сырдырлайды?<br>4. Жаңбыр қалай тамшылайды?<br>5. Ит қалай үреді?<br>**Түсіну деңгейі:*«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы***<br>Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады.<br>Балалар ненің | заттың қай жерде екенін көрсетеді, ал қарындаштың түсін қалай бояу керектігін түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:**Шартты таңбаларды «оқып беруді» өтінуге болады. Мысалы, сол жақта, төменде орналасқан затты жасыл түске бояу керек .<br>Педагог тапсырманы толықтыра алады. Мысалы: Қағаз парағының жоғарғы бөлігінің ортасына бұлттың суретін салуға болады.<br>Суреттегі үзік сызықтарды көрсетілген бағытта бастырып сыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Ормандағы серуен». Балалар бір орнында қадамдар жасап, мәтінде айтылғандай басын жоғары – төмен, оңға – солға бұрады.<br>*Бұталар мен төмпешіктен*<br>*Аттап өтіп жеңілдікпен,*<br>*Бұтақтар мен томарлардан*<br>*Секіріп өтіп оңайлықпен*<br>*Ұзақ-ұзақ жүріп келдік,*<br>*Шаршадық деп берілмедік.*<br>*Енді жеттік, тоқтадық,*<br>*Кел, достарым, жайғасып,*<br>*Отырайық демалып.*<br>*Тынығамыз, күш жинаймыз,*<br>*Одан кейін сапарға*<br>*Аттанамыз қайтадан.*<br>**2-тапсырма.** Қолшатырларды берілген бағыт бойынша қарындаштардың түсіне сәйкес боя.<br>1-тапсырмаға ұқсас орындалады, сонымен қатар балалардан тапсырманы орындау алдында шартты белгілерді «оқуды» сұрайды.<br>**Қолдану деңгейі:** | тақырыбын ашуға көшеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Әжеге осы заттарды үйден табуға көмектес. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдаланып, олардың қай жерде екенін айт. Егер әже аулада болса, онда ол аталған заттарға қалай жетеді?<br>Әрі қарай педагог **«Әжеге көмектес»** ойынын ұйымдастырады. Балаларға «сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдалана отырып қозғалыс бағытын жасауды ұсынады. **«Әже ас үйде»** жағдаятын ойната алуға болады. Әже балалар бөлмесіне қалай барады? Аулаға қалай шығады? Жуынатын бөлмеге қалай барады?<br>**Сергіту сәті.**<br>*Кәне қанат жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық,*<br>*Білімде алда болайық.*<br>**2-тапсырма.** Суреттерді боя. Қозылардың қайда жүргенін ата. Оларға «шөптің» суретін сал.<br>Үзік сызықтарды жиектеп сызу кезінде педагог балалардың назарын дәптердің ыңғайлы орналасуына, алға қарай қатты иілуге болмайтынына, қарындашты дұрыс ұстау | айтып, бір қарындаштан салып отырады.<br>Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды.<br>– Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп.<br>Сөз заттың атын *(үстел, кітап, доп),* белгілі іс-әрекетті *(жүгіреді, ойнайды, секіреді),* түр-түсті *( ақ, үлкен, тәтті),* білдіреді.<br>– Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады.<br>**Түсіну деңгейі:*«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы***<br>– Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?<br>– Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды ата.<br>2. Суреттегі заттардың ұзақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақта», «алдында», «артында» терминдерін қолдануды сұрайды.<br>Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін салып беруді ұсынуға болады.<br>Тапсырманы басқаша орындау нұсқаларын қолдануға да болады.<br>**Сергіту сәті:**<br>*– Ләйлек, ләйлек,*<br>*Үйге жолды қалай табам?*<br>(Ләйлек жауап береді.)<br>*– Оң аяқпен бір қадам,*<br>*Сол аяқпен бір қадам.*<br>*Енді қайта оң аяқ,*<br>*Енді қайта сол аяқ.*<br>*Одан кейін оң аяқ,*<br>*Одан кейін сол аяқ.*<br>*Үйге осылай барасың.*<br>Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>**3-тапсырма.** Қызғылт сары жапырақтың оң жағындағы жапырақтарды қызыл, сол жағындағыларды сары түспен боя.<br>Жапырақтарды педагогтің тапсырмасымен жұппен немесе топпен бояуға болады. Мысалы, бір жұп (немесе топ) қызғылт сары жапырақтың оң жағындағы жапырақтарды қызыл, сол жағындағы жапырақтарды сары түспен бояйды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**4-тапсырма.** Сырым әртүрлі көлік түрлерін қарастырады. Оның оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында қандай | дыбыстарын естігендерін айтады.<br>Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият карауларын сұрайды.<br>– Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді?<br>– «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді.<br>– «Шуу-шу-у» деп атты жүргізу үшін айтады.<br>– «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы.<br>– Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шуу!», «Іңгәәә!»<br>**Қолдану деңгейі:*Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)***<br>– Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек.<br>Мысалы: *ққол, өзззен, үүй, қассссқыр, дооомбыра, құүұмыра, қанннт, батыыыр, аррρба, балллға, баллла, шаррр,* | **3-тапсырма.** Суреттерді түймедақ үстінде, ал жапырақ астында; жапырақ үстінде, ал қызғалдақ астында болатындай боя.<br>Орындау алдында педагог жағдайды суреттейді. Қағаздан кесілген түрлі түсті жапырақшаларды алып, оларды бірінің үстіне бірін қойып, одан әрі түсіндіреді: Содан кейін олардың орнын ауыстырады. Не өзгерді? Осыдан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындай алады (тапсырма: суреттердің бірін таңдау).<br>Педагог соңында балалардан оң жақта, сол жақта, артта, алда кім отырғанын айтуды сұрайды.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | қажеттілігіне, сызық жиегінен асырып сызбауына және қол шаршағанда, тынығып алу керектігін айтады.<br>**Қолдану деңгейі: Саусақ жаттығуы.**<br><br>Педагог балаларға келесі жаттығуды орындауды ұсынады:<br>«Көжек» – саусақтар жұдырық болып жұмылған.<br>«Көжек» – құлағын созады. Бала сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын түзулеп, екі жаққа ажыратады.<br>**3-тапсырма.** Атаға қай жерде не тұрғанын табуға көмектес. Тапсырма бойынша суретін сал.<br>Алдыңғы тапсырмаларға ұқсас педагог балалардан шартты белгілерді «оқуды» сұрайды. Мысалы, оң жақ бағытты көрсету сызығы бүркіттің оң жағына бұлттың суретін салу керек екенін көрсетеді немесе т.б.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер | және қысқа айтылуына қарай тиісті таспаға қос.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар заттарды атайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Алға қарай сенімді. Алға қарай сенімді.<br>Тік көтеріп кеудені,<br>Шеңбер болып тұрайық,<br>Адымдаймыз жігерлі.<br>Дөңгелекті құрайық.<br>**Қолдану деңгейі:Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс*)<br>**3. Саусақ жаттығуы:**<br>Тында, орында.<br>Алақанның біреуін<br>Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық.<br>4-5. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог балаларды үстелде отыру, жазу ережесімен таныстырады. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді.<br>**Үстелде отыру ережесімен таныстыру:** жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз.<br>Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көліктер тұрғанын ата.<br>– Балалар, оң қолымызды көтереміз! Сырымның оң жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Сол қолымызды көтереміз! Сырымның сол жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Педагог балалардың сөйлеу кезінде: «оң жақта, сол жақта, үстіңгі жағында, астыңғы жағында» сөздерінің айтылуын қамтамасыз етеді.<br>**Дидактикалық ойын. «Қайда қандай бұйым бар?»** Педагог ойыншықтарды еденге қиялдағы шаршы алаңының бұрыштары мен бүйірлеріне және оның ортасына орналастырып қояды. Жетекші бала қолына шаршы ішінен кез келген ойыншықты алады және басқаларға өзінің артында, алдында, оң жағында және сол жағында қандай бұйым немесе заттардың орналасқанын атауға ұсыныс жасайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларға мақтау айтып, ынталандырады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде не қызықты болғанын айтып беруді сұрайды. Әр іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалай алатынын айтып түсіндіреді:<br>– Жұмыс дәптеріндегі бағдаршамның суретін мұқият қара. Егер | *дөңгелллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөшишке, шанышшшқы, түлллкі, көззз, қоңңңырау, құлллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан, көрррпе, керррік. (Ойынға барлық бала қатысады).*<br>***Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»***<br>***Ойын шарты:*** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады.<br>Қой маңырайды: *(мәәә)*<br>Сиыр мөңірейді*:(мууу)*<br>Жылқы кісінейді*:(йоо)*<br>Түйе боздайды*:(баа)*<br>Ешкі бақырады: (*мәққ)*<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>2. Суреттерге қара. Сен қандай дыбыстарды ести аласың? Табиғат құбылыстарының дыбысын сал.<br>3. Балалардың дыбысын қайталап айт. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Жаттығуды біз бастаймыз, Денемізді тік көтеріп, Орнымызда адымдаймыз. Аяқтарды нық басамыз.<br>Қатар тұрып тізілеміз, | | тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Балалар графикалық жұмысты бастамас бұрын, педагог қарындашты қолдарына алдырып алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>– Сөз нені білдіреді? Сөзсіз қарым-қатынас жасау мүмкін бе? Іс-әрекетке жақсы қатысып, белсенді болған балаларды мадақтап, мақтайды.<br>– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?<br>Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті бояуды ұсынады. | Оңға-солға қолды сермеп,<br>«Бір, екі», – деп біз санаймыз. Қатар болып жұптасамыз.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)*<br>5. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.<br>**Үстелде отыру ережесімен таныстыру:** жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**4.** Тыңда, орында.<br>**Саусақ жаттығу**<br>Кіп-кішкентай саусақтар Түрлі түсті сызықтарды<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Дәптерлерге жазады.<br>Себебі бұл саусақтар<br>Еңбексүйгіш саусақтар,<br>Жаттығулар жасайды. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бәрінен де озады. | | | |

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны:«Тышқан мен қақпан»**

**Басты міндеттері:Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.**







**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»**

**Ойынның міндеттері:**Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

**Ойынның ережесі :**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегібалаларбір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойыншаекішеңбердетоқтайды.Ішкішеңбердетұрғандарқолдарынжоғарыкөтереді–қақпақұрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесібелгініббереді,осыкездеішкішеңберойыншыларықолдарынлездетүсіреді.Шеңберішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады.Олар ішкі шеңбердетұрғандарғақосыладыда,ойыншыларқайтаданқолұстасады.Осыданкейінойынжалғасады.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріптұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріпшығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтарорын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандарсаналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу,

жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.35 – 13.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-**коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Балабақшадағы, мектептегі алғашқы күн.(Мектептегі алғашқы күн)Балабақша ауласында. | **2.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Білімің – бұлағың.<br>(Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі)<br>**ҰІӘ міндеттері:** | **2.Сөйлеуді дамыту-**коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің досым.<br>**ҰІӘ міндеттері:** суретке қарап әңгіме құраудыүйрету,баланың, | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бәрі де бар бақшада.<br>(Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі)<br>**ҰІӘ міндеттері:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰІӘ міндеттері:**<br>балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: әңгіме мазмұнын түсініп,жалғастырып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Қолданады:** әңгіме мазмұнын түсініп,жалғастырып айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарынсұрайды.<br>«Бала» сөзі«Б»дыбысынан басталып тұр.Кәне,бәрімізбірге«Б»деп айтайық.<br>Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде біріншіболып тұр. Екі дыбысбір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясымынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қаттыжұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқашығунәтижесіндежас алады.<br>**Түсіну деңгейі:**«Б», «П»дыбысыныңбуынішінде келетінсөздергемысал:<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік. | **ҰІӘ міндеттері:**жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу;<br>осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру.<br>Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы түсініктерге ие.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:Үлестірмелі материалдармен танысу:** шартты белгілермен**,** Ер Төстіктің достары: Саққұлақ (алыс пен жақындағыны еститін тыңшы), Желаяқ (ұшқан құс, жүгірген аңды қуып жететін | Білім туралы түсінігін кеңейту;<br>ойлау қабілетін дамыту;<br>ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Бүгін қандай мереке?<br>Тақтаға Білім күніне арналған суреттер ілінеді. Білім, оқу, оқушы, мектеп туралы әңгіме жүргізіледі.<br>– Балалар, өнер де, білім де тек оқудың арқасында болады. Келешекте мектепке барғанда оқу арқылы өнердің, білімнің қыр-сырымен танысасыңдар.<br>– Балалар, бүгін – ерекше күн. Білім күні (слайдтан Білім күніне арналған сурет көрсетіледі). Балалар мектепке, балабақшаға барады. Балабақша – біздің екінші үйіміз. Сендер ақылды, тәрбиелі, ұқыпты, өнерлі, жақсы азамат болып өсулерің үшін балабақшада, мектепте көп нәрсе үйреніп, оқып, білім аласыңдар. Көптеген дос табасыңдар. Балабақша қызметкерлері сендерді өз баласындай мәпелеп, тәрбиелейді, көп нәрсеге үйретеді.<br>– Бүгін біз ақын Ақылбек | сөздікқорынбайыту;<br>бала бойындағы досына деген сенімділігіндамыту;<br>достыққадеген адалдыққа,сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**суреткеқарап әңгімеқұрайды;көпсөздерді жалпыламасөзбен айтады;<br>**Түсінеді:**досынадегенадалдықты,сенімділікті;<br>**Қолданады:**бір-бірінеқолұшын беребілуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:«Адалдос»**дегенәңгімеоқыпбереді.<br>Адалдос<br>Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпесырқатыболатын.<br>Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шығакелді.Абызқаттықорқып:<br>Аблан,қаш,әне,иткеліпқалды,–депайғайлап жіберді.<br>Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарыннанбірнешерет жұлқылап таулгерді.<br>Үлкендеркеліп, | Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру.<br>Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Шаттық шеңберін құру.**<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Күз кезінде далада қандай өзгерістер болады?<br>– Бүгінгі ауа райы қандай? Ашық па? Бұлтты ма?<br>Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды.<br>– Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау.<br>Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер.<br>– Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табыл – дабыл.<br>Бақа–бақбақ.<br>Па-па-па–парта.<br>Жа-па-лақ– жал-пақ.<br>Па-рақ–жа-пы-рақ.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сөздердідыбысталуыбойын шасалыстыру.<br>Клуб,штаб, араб,куб;<br>Мектеп,кәсіп,ғажайып,доп,н әсіп.<br>«Б»ұяң – дауыссыз,ал«п»дыбысы– қатаң дауыссыз.<br>**Сергітусәті:**<br>(СергітужаттығуларынА.С. Пушкиннің**«Жел»**өлеңімен жасатуғаболады.)<br>Жел, жел, қалай сермейсің?Бұлттыүйіріпқуасың.<br>Көк теңіздейтербейсің,Дәйім соғыптұрасың.<br>Жел теңіздей шарлайды,Кемеге тыным бермейді.Толқынмен бірге аунайды,Желкендердікерней ді. | жүйрік), Қырағы (жердің асты-үстін көріп отыратын адам), Таусоғар (алып күштің иесі, тауды көтеретін күші бар) және Көлтауысар (бір көлдің суын ұрттап ішетін адам) есімді кейіпкерлермен танысады. Олар әр ҰІӘ сайын балалармен бірге болады және олармен бірге жаңа тақырыптарды меңгеріп, тәжірибелік жұмыстар жасауға атсалысады.<br>Педагог жұмбақ оқиды: Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді.<br>– Жұмбақ не туралы?<br>– Жыл мезгілдері туралы.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді.<br>– Балалар, біз «Жаз және күз мезгілдері» ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінеміз, гүл алғандарың оң жаққа, жапырақ алғандарың сол жаққа орналасыңдар. Бүгін | Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді (толық мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Білімің – бұлағың**<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да<br>Ұстазсыз болмайды.<br>*А. Шаяхметов*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қанатым талмайды* – ерінбей білім алу<br>*қиялым самғайды* – армандау<br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>Біл-біл-біл – білімді бол.<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең қалай аталады? Өлеңнің авторы кім?<br>– Өлең не туралы? Саған ұнады ма?<br>– Бүгін қандай мереке? Мерекеде кімді құттықтайсың?<br>Білімді деп көп оқитын, көп ізденетін адамды айтады. «Білімің – бұлағың» өлеңінде білім туралы айтылған. Білімнің бастауын бізге ұстаз, тәрбиеші үйретеді. Ақын да, ғалым да – бәрі балабақшадан, мектептен білім алады. Сендер де балабақшадан көп нәрсені көріп, үйренесіңдер. Балалардың, яғни оқушылардың мектепке баратын күні – бірінші | Абыландықұтқарып алды. АбызАбланның жанынакеліп:<br>Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртыптастамаседі,– деді.<br>Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой.Сеніиттенқорғайындепә дейіқалыпқойдым, – дедіАблан. Достардеген осындай болар,– дедіолардыңсөзін естіген үлкендерсүйсініп.<br>Балалар,достаржайлыәңгіме сендергеұнадыма? Әңгімедедостарқандай екен?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Досы көпті, жау алмайды.Ақылыкөпті,дауал майды.<br>Дос,доссызөмірбос.<br>Достыққаадал адам, сертінедеадал болады.<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалықойын:«Бірсөзбената».**<br>**Ойын шарты:**педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алғанбала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы.<br>Кесе,шәйнек, шанышқы, қасық– ...<br>Қасқыр,түлкі,жолбарыс –<br>Қызыл,сары,жасыл,көк– | оқиды, түсіндіреді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– Өлең балабақша туралы. Балабақшаға тек қана балалар келетіндіктен, оны балабақша деп айтамыз. Балабақшада педагогтер, тәрбиешілер, дәрігер, музыка жетекшісі, аспаз жұмыс жасайды. Сендер балабақшада көп нәрсені үйренесіңдер. Үлкендердің көмегімен ән салып, би билеп, сурет саласыңдар. Табиғаттың сан алуан сырларымен танысасыңдар.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*мазалайды* – ойлай беру<br>*кілең* – тек қана, ылғи<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең ұнады ма?Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз?<br>– Балабақшада сендерді кім қарсы алады?<br>– Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды?<br>– Балабақшада қандай бөлмелер бар?<br>**Сергіту сәті :**<br>Бір шаңырақ астында,<br>Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз.<br>Педагог «Бәрі де бар бақшада» өлеңін қайталап оқиды.<br>Балалар педагогтің жетелеуімен өлең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сабақта Ер Төстіктің тапсырмаларын орындаймыз.<br>Зырылдауықты айналдыру арқылы тапсырмаларды таңдаймыз, қай топ тапсырманы жақсы орындап, жұлдызшалар көп жинайды, сол топ жеңімпаз болады.<br>Топтардың көшбасшылары сайланады, зырылдауықты айналдырады, бағыты қай санға келіп тоқтайды, сол санға байланысты тапсырма интербелсенді тақтадан шығады.<br>**Түсіну деңгейі:**Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы. Қайың – ақ, жіңішке, діңі бар ағаш. Көктемде қайыңнан қайың шырыны алынады. Емен – күшті ағаш, дөңгелек, шеті иректелген жапырақтары бар, күзде жаңғақтары піседі. Үйеңкі – әдемі жапырақтары бар ағаш, | қыргүйек «Білім күні» деп аталады. Бұл күн бәрімізге мереке.<br>**Қолдану деңгейі:*Дидактикалық ойын: «Алтын сандық»*** (баланың зейінін дамыту).<br>Шарты: алтын сандықтың ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар.<br>Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды атайды, ажыратып, бөлек жинайды.<br>**Сергіту сәті :**<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретке қарап, өз ойыңды айт.<br>Балаларды кім қарсы алып тұр?<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>2. Суреттегі заттардың жалпы және жеке атауын ата.<br>3. Сөмкеге не салу керек? Белгіле.<br>4. Мақалды жаттап ал.<br>Білекті бірді жығады,<br>Білімді мыңды жығады.<br>Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін көп оқу, үйрену керектігін түсінеді.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Суретке қараңдаршы, | | мазмұнын айтады.<br>3-4 балаға өлеңнің мазмұнын мәнерлеп қайталап айтуды ұсынады.<br>**Қолдану деңгейі:Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттен не көріп отырсың?<br>Балалар не істеп отыр?<br>Балабақшадағы бөлмелерді ата. 2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді? Белгіле.<br>3. Балабақшаға баратын жолды үзік сызықпен қос.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>***«Менің балабақшам» ойыны*** (баланың қиялын, ойлауын дамыту).<br>**Шарты:** «Лото» үстел үсті ойыны арқылы педагогтің көмегімен құрастырғыштан балабақшаның бейнесін құрастырады.<br>**Есіңде сақта:**<br>Балабақша – базарлы үй.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>Балабақшадағы досыңның аты кім? Сен досыңды не үшін жақсы көресің?<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күзде оның түрлі түсті жапырақтары кез келген саябақтың сәні болып келеді, жапырақтары күзде жерге түскенде, жерді кілем сияқты жауып жатады. Бұл ағаштардың ішінде емен жапырағы ғана күзде сарғаймайды, қоңыр, қошқыл түске боялып, қурайды.<br>**Тапсырма:** «Ағаш пен жапырақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Зырылдауықты айналдырады. 3-слайд. Жазғы, күзгі алаңқайдағы өзгерістер жайлы көріністер шығады.<br>– Күн сәулесі жарқырап, жерге нұрын шашып, ауада әдемі гүлдердің иісі шығып тұрды. Ормандағы жазғы әдемі алаңқайда гүл, шөп, бұталар өседі. Кәне, бәріміз тыңдайық! Бұл алаңқайда біреулер жүрген секілді. Олар не екен? Жақындап қарайық. (Балалар олардың жәндіктер екенін тауып, атайды). Жазғы алаңқайда қаңқыз, шегіртке, инелік, көбелек, құмырсқа тіршілік етеді. Кенет ауа райы бұзылып, күн суыта бастады, жәндіктер әр | оқушылардың көңіл қандай?<br>Оқушылар көп пе, аз ба?<br>Оқушылар қалай киінген?<br>Мектепке балалар не үшін барады? Білім күнін қалай мерекелейміз?<br>Кітапты көп оқитын адамды кім деп айтамыз?<br>Балаларды мадақтау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жерге тығылды, шөптер сарғайып, гүлдер қурап қалды. Жазғы алаңқайға қандай мезгіл келді?<br>**Қолдану деңгейі:** Күз мезгілі келді.<br>Тапсырма: «Жазғы және күзгі алаңқай» ойыны. Панно жасау (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>4-слайд. Жаз, күз мезгілдеріндегі еңбек. Адамдар көктемде жер жыртып егін егеді, бау-бақша егеді, жазда оны күтеді, суарады, күзде піскен егінді оны қамбаға жинайды, егін жинау науқаны жүреді. Суреттегі техника мен құралдар қандай жұмыстарға арналған?<br>– Комбайн, соқа, тырма, күрек – астық өнімдері мен картоп жинауға және жер жыртуға арналған техника мен құралдар (соқа – жер жыртуға арналған құрал, комбайнның тіркемесі).<br>Тапсырма: «Еңбек құралдар көрмесі» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Балалар, біз жаз бен күз мезгілдері жайлы сөйлестік. Жаз, күз мезгілдерінің маусымдық өзгерістерін, адамдар еңбегін еске түсіреді. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жеңімпаздар анықталып, жұлдызшалар саналады.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс:**<br>1. Ер Төстікті жыл мезгілдерімен таныстыр. Жыл мезгіліне байланысты серуенге шығатын киім таңда. Сызықпен қос.<br>2. Жыл мезгіліне байланысты ауа райы құбылыстарын, табиғаттағы өзгерістерді атап айт, жаз мезгіліне байланысты өзгерістерді жасыл түсті қарындашпен, күз мезгіліне байланысты өзгерістерді сары түсті қарындашпен қорша.<br>3. Суретті аяқта. Ненің жапырақтары екенін айт.<br>4. Жаңбырда қайсысы қайда жасырынады? Сызып көрсет. | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**13:00-13:10** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| | **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»** | | | | |
| | **Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Бата беру:**<br>*Асқа байлық-денге саулық берсін* | **Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханымыз тоқ болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа.* | **Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Иманның бйлығын берсін, Құт-берекенің бәрі келсін.* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа .* |
| ***2 үзіліс – 13:00 – 13:10*** | | | | | |

| **Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>**Тіл ұстарту жаттығулары**<br>**Үз-Үз-Үз** — Алтын күз<br>**Ақ-Ақ-Ақ** – Түсті жапырақ<br>**Əн-Əн-Əн** – Пісті дән | | | | | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Меніңмектебім.<br>**ҰІӘ міндеттері:ҰІӘ міндеттері:** мектеп туралы түсініктерінкеңейту; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжəне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогкеқатысуғаүйр ету;білімпаздыққатəрбиелеу.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлемқұрауғажатты қтыру,сөздегі қазақ тілінетəн дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тəндыбыстардыайтады, диалогкеқатысады.<br>**Түсінеді:**қарапайымсұрақта рдытүсінеді,жауапбереді.<br>**Қолданады:**сөйлемдерқұра йды,сұрақтарғажауапбереді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **3.Сурет салу-** шығармашылық,комму никативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Ағаш бұтақтары.<br>*(Түрлі түсті қарындаштар)*<br>**ҰІӘ міндеттері:**ағаш түрлері, терек бұталарыныңсалыну тәсілдері туралы білім беру;<br>балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Дағды**: қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты еркін салуға,еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болатынын түсінеді, терек бұталары жайлы түсініктері кеңейеді;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **3. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыс пен сөз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру;<br>-екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту;<br>-ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.<br>**Дағды:**есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады.<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Балабақшабөлм елері мен сынып бөлмесімен салыстыру.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>қазақтіліндегісөздерменсөй лемдерді түсініп жəнекүнделіктіөмірдеқолда набілугеүйрету;<br>сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлемқұрауғажатт ықтыру,сөздегіқазақтілінет əндыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.<br>**Дағды**: тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық,дұрысайта білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тəн дыбыстарды дұрысайтады,мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:**қарапайымсұрақта рды,сөздерді.<br>**Қолданады:**балабақшабөл | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Қыстап қалатын құстар және жыл құстары.<br>**ҰІӘ міндеттері:**қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру; оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету;<br>балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету;<br>құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту;<br>құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау.<br>**Дағды**: қыстап қалатын және жыл құстары туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Білу деңгейі:*Жаңа сөздермен таныстыру***.Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің мектеп»жұмыс.<br>Мынау–мектеп.(*Айнаныңқолымызгаалыпжаңасөздердіқайталаймыз).*<br>Қ-қ-қ –бақ-ша–балабақша.<br>Мынауне?<br>Мынау–мектеп<br>Біздіңмектепәдемі,кең,жарықжәнетаза.<br>Ә-ә-ә-әдемі,ңң ңкең,қ қ қ жарық,таза.(Балаларсөздерді,сөйлемдердіқайталайды).<br>Біздіңмектепқандай?<br>Біздің мектепәдемі,кең,жарықжәне таза.<br>**Түсіну деңгейі:**Дидактикалықойын: «Аудармашы».<br>Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады.біздің балабақша–наш детский сад<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Біздіңбалабақшамыз.<br>Дидактикалықойын: «Аудармашы».<br>Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады.біздің балабақша–наш детский сад | **Білу деңгейі:** Бақыт ағашы:<br>– Балалар, күз мезгілі келді, өкінішке орай менің бұталарымның жапырақтары азайып жатыр. Мен сендердің өнерлі балалар екендеріңді естіп, ұзақ сапарға шығып, сендерді әдейі іздеп келдім. Маған сендердің көмектерің керек. Қатты желден түсіп қалған жапырақтарымды толықтырып бересіңдер ме?<br>**Түсіну деңгейі:** Жұмыс басталмай тұрып балалардан ағаштың бұталары қандай болатыны, жапырақтардың қайда өсетіндігі сұралады және балалар жауаптары толықтырылады (терек ағашынан сіріңке, қағаз жасайды, теректің бұтақ шоғырының түрі пирамидаға, жапырағы жалпақ, ромб пішініне ұқсайды).<br>**Қолдану деңгейі:** Балаларға терек бұтасының суретін салу жолдары үлгі ретінде көрсетіліп, түсіндіріледі: ең алдымен, қалың сызықпен теректі (бұта) сызып аламыз, діні, төменгі бөлігі жуан, ағаштың басына | Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>Педагог:<br>– Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.<br>Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өлеңді балаларға оқып береді.<br>**Дыбыстың не екенін білесің бе?**<br>Дыбыстың не екенін білесің бе?<br>Дыбыстарға құлақты түресің бе?<br>Бұлақтың сылдырын,<br>қоңыраудың сыңғырын,<br>Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын,<br>Адамдардың дауысын,<br>көліктердің дыбысын,<br>Құстардың салған әнін де,<br>естігеннің бәрін де<br>«Дыбыстар» деп атаймыз.<br>Өлең жолдарында ненің дыбыстары туралы айтылған айтып көрейікші. – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады.<br>Педагог тақтада көрсетеді.<br>– Сөз – белгілі бір дыбыстар | мелерін атайды,қарапайымсұраққажауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:Ғажайыпсәт.**Қонаққақуыршақтар – СәулеменАрманкеледі.<br>Сәлеметсіздерме?!<br>**Дидактикалық ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектептің,балабақшаның суреттерін көрсетіп,өткенҰІӘқайталайды.<br>Жаңасөздерментаныстыру.<br>**Ойын:«Бізсаяхатжасаймыз».**<br>Тамаша ғой бақшамыз,Саяхатқашығамыз.<br>Алға басып келеміз,<br>Бәрін,бәрінбілеміз.<br>Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балалардыемдейді.<br>Мынау–асүй.Асүйдеаспаздарбалаларғаасдайындайды.<br>Мынау–музыказалы.Музыказалындакімдербар? Музыказалындамузыкажетекшісі,балаларбар.Балаларби билеп,өлеңайтады.<br>Мынау–спортзалы.Балаларжаттығуларжасап,спортпен шұғылданады.<br>**Түсіну деңгейі:**Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық | жалпы түсініктерін қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға дайын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>– Балалар, Саққұлақ нелердің дауысы екенін ажырата алмай қалыпты. Педагог балаларға құстардың сайраған, қиқулаған, шықылықтаған дауыстары жазылған үнтаспаны тыңдатады. Балалар дауыстар құстардікі екенін тапқан соң, өлең оқиды:<br>Қош бол туған жеріміз,<br>Қайта айналып келгенше<br>Айдын шалқар көліміз.<br>Аман-сау бол, еліміз!<br>Өлеңнің не туралы екенін сұрап, балалардың пайымдаулары тыңдалады. Педагог жетекші сұрақтар арқылы өлеңнің мазмұны туған жерін, айдын көлін тастап, жылы жаққа ұшып бара жатқан құстар деген жауапқа әкеледі.<br>**Түсіну деңгейі:**Ұшып кететін құстарды тағы қалай атауға болады?<br>– Отырықшы құстар.<br>– Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады?<br>– Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді?<br>– Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарай жіңішкере түседі, діңіне көлбеу сызықтар сызу арқылы бұтақтарын саламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз.<br>Содан кейін терек бұтақтарына ретімен біртіндеп жапырақтар саламыз.<br>Жапырақтарды қарындашпен әдемілеп тегістеп бояймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Сары жапырақтар жауғанда**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман. Сары жапырақ жауады:<br>Сары құйын ұйтқыған,<br>Сапырады ауаны.<br>Тапталды табанға,<br>Судыр-судыр жапырақ.<br>Өттей сары бояуға,<br>Малынғандай атырап.<br>(*Мұзафар Әлімбаев)* | жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді.<br>Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен?<br>– Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен.<br>– Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады.<br><br>Педагог тақтаға суреттер іліп көрсетеді.<br>– Мысалы: ет, ұн, сөздері екі дыбыстан, ата, төрт, тарақ сөздері үш, төрт, бес дыбыстан тұрса жапырақ, домбырашы сөздері жеті, тоғыз дыбыстан құралған.<br>Сөз айтылады және жазылады, сондықтан дыбыстар белгілі таңбамен белгіленеді.<br>**Түсіну деңгейі:*«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы*** <br>Шарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді.<br>**1-топ:** *ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой,өр, үр,аң, ат, ши т.б.*<br>**2-топ:** *бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр,кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.*<br>**3-топ:** *қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма,* | жаттығулар жасауды ұсынадыжәнесөздерді қайталап, естерінесақтаудыескертеді.<br>Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі.<br>Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады.<br>Ші-ші-ші– е-кін-ші қа-бат-тақазақ тілі бөлмесі бар.<br>ең-ең-ең –балабақшакең.<br>ық-ық-ық –бөлмелержарық.<br>нық-нық-нық–жоғарышық(балаларқайталайды).<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалық ойын: «Аудармашы».**Мектеп және балабақша бөлмелерінің қазақша атауын естеріне сақтау.<br>Кабинет казахского языка ... (қазақ тілі кабинеті)Музыкальный зал ... (музыказалы)<br>Кабинетврача...(дәрігердің бөлмесі)т.б. | аз болады.<br>Интербелсенді тақтадан бейнебаянға назар аударады:<br>– Жазда күн жылы, қорек көп, сондықтан олар ұя салады, балапандарын өсіреді. Ал суық ауа райының басталуымен олар ыстық елдерге ұшады, өйткені жылы жаққа ұшатын құстар қыста азық қорын жинамайды, қар астынан қоек таба алуды білмейді. Қыстайтын құстар (торғай, көгершін, сауысқан, тоқылдақ, қарға, суықторғай) ағаш қабығының арасына, үй мен қоршаулардың қуыстарына тығылған жәндіктермен қоректенеді, өсімдік тұқымдарын жейді.<br>«Қай құс ұшып кетті?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма?<br>(Балалардың жауаптары тыңдалады). Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады. Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз? (Балалардың жауаптары тыңдалады)<br>– Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз?<br>– Жемсауытқа.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жемсауытқа. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала, дала, бала т.б.*<br>***«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).***<br>Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады.<br>*(Ойынға барлық бала қатысады.)*<br>Мысалы: *ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), ммммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазан(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж)т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:Сергіту сәті**<br>Кім таңертең жаттығудан қалмайды,<br>Сол ауырып дәрігерге бармайды.<br>Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан,<br>Дені сау боп балалармен ойнайды.<br>**Үстелде отыру ережесімен таныстыру.** Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>**3. Саусақ жаттығуы:**<br>Тыңда, орында. | | **«Жемсауыт жасау» ойыны.** «Құстарды қоректендіреміз» ойыны. Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар «Құстар» және «Балалар» деген екі топқа бөлінеді.<br>– Біздің достарымыз – құстарға не айтамыз, құстар бізге не айтады?<br>«Балалар» тобы:<br>– Құстар – біздің досымыз. Біз оларға жамсауыт жасап, қыста қоректендіреміз.<br>«Құстар» тобы:<br>– Біз бау-бақшаны зиянды жәндіктерден қорғаймыз. Ән салып, бау-бақшаны көңілдендіреміз: чик-чирик, чик-чирик.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс:**<br>1. Саққұлаққа қыстап қалатын және жыл құстары туралы әңгімеле. Артық құсты қорша. Өз жауабыңды түсіндір.<br>2. Жемсауытқа құстардың азықтарының суреттерін бейнеле.<br>3. Бірінші ағашқа қыстап қалатын құстарға қажетті заттардың, екінші ағашқа жыл құстарына қажетті заттардың суреттерін сал. Құстарға қандай көмек көрсетесің?<br>4. Қолдан жасалған жемсауыт түрлерін қара. Олар неден жасалған? Үйде қайсысын жасар едің? Белгіле.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып,<br>Бірін-бірі тартады,<br>Білекке сенім артады.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>*(графикалық жұмыс)*<br>4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Сөз неден жасалады?<br>– Дыбыс деген не?<br>– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | мадақтайды. |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Қазақтың ұлттық ойыны:«Соқыртеке»**

**Басты міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасыпотырғандығы туралы мағұлмат беру.**







**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**

**Ойынның міндеттері:** Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасыпотырғандығы туралы мағұлмат беру.

**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

**Ойынның ережесі :**«Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып журеді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. Ойынға қатынасушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың, не жігіттің көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:

Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас,
Қала бермек көзім боп,
— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала толған ойнаушылар қашып жүріп:
Соқыр — соқырақ,
Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын, Тотияйын салайын
Саған бір ем табайын,
—деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы ұтылады да, екеуі орын ауыстырады. «Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:
Бұзау, бота, құлыншақ,
Тоқты, серке, торпақ,
Тана, тай, тайлақ,
Құнан, дөнен бесті бар.
Малдың жасын айыра біл.
Естіп ал!
Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.
Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,
Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»
Соқыр теке қайдан бізді таппақ.
Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.
Балалар:
Соқыр теке бақ – бақ
Біз айтамыз тақпақ.
Мықты болсаң тауып көр.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бізді қайдан таппақ<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>«Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Ұсталған бала «Соқыр теке» аталып, ойын жалғаса береді.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Қосылып айтады<br>Көзін жабады.<br>Ойынды бірнеше рет ойнайды. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Спортзал.Спортзалда ойнаймыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту;<br>-спортқа деген қызығушылықтарын дамыту;<br>ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**<br>«Ине-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды | **4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Білімің-бұлағың.<br>**ҰІӘ міндеттері:**домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>**Дағды**:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:**Жасайды:** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Денсаулықтың құпиялары.<br>**ҰІӘ міндеттері:** спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу.<br>**Дағды**: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкесқимыламплитудасынқолдануды, кеңістіктібағдарлау қабілетіне дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тыныс алу гимнастикасы,4 метр артпен жүру, «Миға арналған гимнастика»жаттығуы,доптыілгерібағыттаоңаяқжәнесолаяқүстініңішкіжағымен алыпжүру.<br>**Түсінеді:** таза ауа ағзаны күшейтеді, аланда қимыл жаттығуларын орындау кезіндеқауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқақадамдаржасау керектігін.<br>**Қолданады:** баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкесқимыламплитудасынқол | **4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Білімің-бұлағың.<br>**ҰІӘ міндеттері:**домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:**Жасайды:**<br>дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын.<br>**Қолданады:** музыкалық | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күлкі сыйла.<br>**ҰІӘ міндеттері:**бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.<br>**Дағды**:<br>доптысоғабілуді,екіаяқпен секіребілуді,доптықағыпалу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындайды, орындық үстінде тепе-теңдіксақтап жүруді, құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруді, допты екі қолмен жоғары лақтырып,онықайтадан қағыпалуды,доптылақтырып,шапалақұрғаннан кейін қағыпалуды.<br>**Түсінеді:** таяқты қалай дұрыс ұстау керектігін, жаттығулар орындау барысында, жүру жәнежүгіру,секіру кезіндеқауіпсіздіктехникасынсақтауқажеттігін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br>**Қолданады:**<br>баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату.<br>2.Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.<br>**Қолдану деңгейі:** «Өз-өзіңе кел» психологиялық-қозғалысжаттығуы | дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын.<br>**Қолданады:**<br>музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау:***«Қосалқа»(Дәулеткерей).<br>Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру.<br>**Түсіну деңгейі:*Ән айту:*** «Білімің – бұлағың» (Т. | дануды, кеңістіктібағдарлау қабілетін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**І.Бір-бірдентізбекқұрыпжайжүру,жартылайотырыпжүру,отырыпжүру.<br>4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс амплитудасынқолданады.<br>Баяужүгіру(2минут)–қолдарынкеудетұсынажоғары-алға,ішкеқарайбағыттайды,сосын шынтағыменартқақарайқозғалтады.<br>**Тынысалудықалыпқакелтіру.**<br>*<u>«ха»–демінтолықшығарыптазалау жаттығуы.</u>*<br>Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішінееркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғылшығарады.Сосын 2-3ретеркін демалу.<br>Бұлжаттығуқақырық түсуінекөмектеседі.<br>*<u>Энергетикаландырушытыныс алу</u>*<br>Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамдыөшіргендей шұғылшығару. Сосын 2-3 ретеркінтынысалу. 3рет қайталау.<br>*<u>Бағыттағыш,ысылдаптынысалу.</u>*<br>Демінішке еркін тартып, | тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау:***«Қосалқа»(Дәулет керей).<br>Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.<br>Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру.<br>**Түсіну деңгейі:*Ән айту:***<br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғаттытану, білу.<br>Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады.<br>Бұлақ – таусылмайтын | **Қолданады:**доптысоғабілуді,екіаяқпен секіребілуді,доптықағыпалу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбеккеқайтадан саптүзеп жүгіру.<br>Қолғаарналғанжаттығуларорындапжүру.<br>Жалпыдамытужаттығуларынтаяқпенорындау(№1)<br>Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойындатігінен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерінтүзу ұстайды.<br>**Түсіну деңгейі:Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсукеректігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпенсекіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді.Секірген кездеқұрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен **секіруге жаттықтыру**, әр секіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қоңыратбай)<br>Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу.<br>Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғаттытану, білу. Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады.<br>Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі»(чех халық әуені).<br>Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады.<br>Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады. | мүмкіндігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап,созыңқыұзақетіп шығару.<br>Бұлдыбыстышағарудатіл қатысады.3 рет қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:**Қимыл-қозғалысойыны:«Қармақ».(3рет).<br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бірұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жербауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуғатырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғыілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістержасап,демалтыптұруқажет.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Теңгерімтүймесі»жаттығуы. Бастапқықалыпнегізгітұрысты қабылдайды.<br>Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артындағы бас сүйегінің астына таяу тұрғаншұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тынысалады«энергияныішінет артады».<br>Бірминуттанкейінсолқолыменсолқұлағыныңартындағышұңқыраужеріненбасып,оңқолымен кіндіктенбасып,дәл солай «энергияныішінетартады». | ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі»(чех халық әуені).<br>Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады.<br>Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады. | фазасындақозғалыстарының үйлесімділіктерін қалыптастыру.Допты екі қолмен жоғары **лақтырып**,оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіпқағып алуғажаттықтыру.<br>***Ойын:***«Қайда жасырылғанынтап».<br>**(2рет).**Спортзалдаеркінтұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(5рет)** | | |
| **Серуенге дайындық 14:10-14.15** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«Біз табиғат қорғаушыларымыз!»**Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 14:15 – 14:40** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №1**<br>**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>— әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)<br>-Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>-Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды<br>Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №2**<br>**Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды<br>Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Күзде ауа-райы қалай | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №3**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>- Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>— Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>-Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>-Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>-Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:** қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:**<br>**Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау**<br>**Міндет:** үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Міндет:***қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>***Міндет:***Қашықтан келген доптытез қағып алуға үйрету.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>1.Қалың ну халық саулығы.<br>2.Көк орман –Отан байлығы. | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №4**<br>**Өрмекшіні бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>—өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>— айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сенде айтшы өрмекші,*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Жауап берші өрмекші*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*-Табандарым жолға тисе,*<br>*Зымырайды аяқтай.*<br>*Табандарым өрмек тоқиды*<br>*Қолдармен өрнек салғандай,*<br>*Шіркейлерді ұстағанда,*<br>*Аяқтарым пышақтай.*<br>*Егер шыбын кездессе,*<br>*Қағып алам ұзатпай!*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>♦ Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>♦ Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? *(оларға өрмек құрады.)*<br>♦ Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? *(желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)*<br>♦ Өрмекшілер жыртқыштар ма? *(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)*<br>***Зерттеу жұмысы:***<br>*Өрмекші торын тауып, қарау.* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №5**<br>**Күн — жылу мен жарық көзі**<br>***Міндеттері:***<br>— күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>—табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Психологиялық жаттығу: «Күншуақ»***<br>***Міндет:*** *Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну*<br>*-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.*<br>Сұрақтар:<br>♦ Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>♦ Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төменқағамын.Биік көкке айналып,Жұлдыздайжылдам ағамын. | 3. Тоққа қосулы үтікті немесе шәйнекті қараусыз қалдырмау керек.<br>4. Орманда от жағуға болмайды.<br>5. Бензинмен немесе тез тұтануы мүмкін басқа сұйықтықтармен ойнама.<br>«Иә, бұл менмін, иә, бұл менмін, бұлар – менің достарым» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>– Мен сендерге заттарды көрсетемін, ал сендер олар қай мамандыққа жататынын табыңдар. (Өрт сөндіргіш баллон, каска, противогаз, су құйғыш, бетперде). Балалар бұл өртсөндіргіш мамандығына тиесілі екенін табады.<br>**«Күштілер, ептілер, батылдар» ойыны.**<br>Дабылға тез жететін,<br>Тайсалмайтын батыл кім,<br>Жалынға сүңгіп кететін.<br>Жасқанбайтын батыр кім?<br>(Өрт сөндіруші)<br>Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу)<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>1. Көлтауысарға оттың пайдасы мен зиянын түсіндір. Оттың зиянын көрсететін суреттерді қызыл қарындашпен, пайдасын көрсететін суреттерді көк қарындашпен белгіле.<br>2. Өрттің табиғатқа | айт. Үзік сызықтарды бастырып сыз.<br>Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Апта күндері» (баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: тақтаға апта күндерінің суреті ілінеді. Осылардың ішінен демалыс күндерін табады.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? Өлең қалай аталады?<br>– Сен апта күндерін қалай өткізесің? Қай күндері демаламыз?<br>Балаларды мадақтайды. | п өтеді.<br>Хайуанаттарқайдакездесті?<br>Оларнежайлыәңгіме айтты?<br>Қоян үшіннетәтті екен?<br>Ешкіүшіннетәтті екен?<br>Аюүшін нетәттіекен?<br>Алборсықүшін нетәттіекен?<br>Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен.<br>Әңгіме мазмұны сендерге ұнадыма?<br>**Қолдану деңгейі:**Дидактикалық ойын:<br>**«Таңдапалда,атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтадыжәнеоныңжүрісінсал ыпбереді.<br>**Жаңылтпашжаттау:**<br>**Міндеті:**Жаңылтпаштықайт алауарқылыбалалардыңтілін жаттықтырады.<br>Қай тайлақтай?<br>Қайлақбармақтай?<br>**Сергітусәті:**<br>(СергітужаттығуларынА.Ме ңжанованың «Қайдаекен?»өлеңіменжасат уғаболады).<br>Қайдаекен?<br>Қайда екен қолымыз,Оңымыз бен солымыз.Білеміз беоныбіз?<br>Міне, оң мен солымыз,Міне, алақай, қолымыз.Қолсоғайық: бір, екі.<br>Ал санайық: бір, екі.Топылдатып билейтін,Аяғымыз қайдаекен? | ойыны.<br>Балаға бір ойыншықтың суреті көрсетіледі. Ол суреттегі ойыншықты ым-ишара, пантомима әдісімен бейнелейді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен құлыншақ, құлынмын,<br>Ақын болсаң, жырыңмын,<br>Батыр болсаң, тұлпармын,<br>Негізі сол сырымның.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог «Менің ойыншықтарым» өлеңін екінші қайтара оқиды.<br>Мнемокестедегі суреттерді атайды.<br>– Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттаймыз.<br>Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды.<br>2-3 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>1. Суретте не бейнеленген? Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>2. Не артық? Белгіле. Балалар тапсырма бойынша артық зат – кітапты тауып, белгілейді.<br>3. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Саған бүгін қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | келтіретін зияны туралы әңгімеле. Өрттің шығу себептерін айт.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | | | ойыншық ұнады?<br>Балаларды мадақтау.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**13:00-13:10** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| | **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»** | | | | |
| | **- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.**<br>**- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.**<br>**- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.**<br>**- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.** | | | | |
| | **Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханға береке берсін,*<br>*Бастарыңа мереке берсін.* | **Өзіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру***:*<br>*Астарыңа адалдық берсін,*<br>*Бастарыңа амандық берсін.* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханның байлығын,*<br>*Деннің саулығын берсін!* | **Өзіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханың мол болсын,*<br>*Абыройың зор болсын.* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Уайым - қайғы жоқ болсын.*<br>*Отырғандарың үлкен тақ болсын.* |

***2 үзіліс – 13:00 – 13:10***

**Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

## Ұлттық құндылықты қалыптастыру
## Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

| | | |
|---|---|---|
| **Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**<br>**Дыбыстық есту арқылы ойын:**<br>**«Менімен қайтала»**<br>**Мақсаты:** Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,<br>**Шарты:** - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау, Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады. | **Ойын: «Сыпайы сөздер дүкені»**<br>**Мақсаты:**белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.<br>**Шарты:**Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, | **Артикулыциялық жаттығулар**<br>**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**<br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады. |

| | | |
|---|---|---|
| Маса өлеңі- зу-зу-зу<br>Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу<br>Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум<br>Пойыз өлеңі- чух-чух-чух<br>Сиыр өлеңі - му-му-му<br>Көкек өлеңі- ку-ку-ку<br>Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)<br>Жел өлеңі- у-у-у-у | ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.<br>**Жағдаят:**Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен ананнан оны қалай сұрайсың? |  |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жидектер.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілугеүйрету;<br>2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларындамыту;диалогкекатысуғаүйрету;<br>қазақтілінетәндыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру;<br>сұраққа толық жауап береалудағдыларынжәнеартикуляциялықаппаратты дамыту.<br>**Дағды**: Сөздерді байланыстырып,сөйлемдер құраудыдағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** жаңасөздерінсөйлемқұрудақолданады.<br>**Күтілетін нәтиже**: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдердебайланыстырады,диалогкекатысады;<br>қарапайымсұрақтардытүсінеді. | **3.Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:** мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағуарқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмысістеу дағдыларын қалыптастыру;<br>ұқыпты жұмыс істеуге үйрету,тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды.<br>**Күтілетін нәтиже**:жаңбырдың түрлері және оны қағаз бетінде түсіру ерекшеліктерін игере | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** -дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>-суреттер бойынша заттардың атынататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Күтілетін нәтиже**: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады;<br>ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойнайықтаойлайық.<br>**ҰІӘ міндеттері:**меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеутілінде қолдануға талпындыру; қазақ тіліндегі сөздермен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілугеүйрету;<br>ойлауқабілеттеріндамыту,сұраққатолықжауапберугемашықтандыру;<br>қазақ тілінетән дыбыстардыдұрысайтуғажаттықтыру.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркестерімен айтуға, сұрақтарғажауапберуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді;<br>ұжымдықойындабір-бірінекөмектесукерекекенінтүсінеді.<br>**Күтілетін нәтиже**:берілгентақырыптарбойыншасөздербіледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ең жақын адамдар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** -отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру;<br>-балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру;<br>-жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру.<br>**Дағды**: отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Өз отбасылары туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын:«Дұрыспа,бұрыспа?».<br>Ойынның міндеті: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру.Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.<br>Алма,алмұрт,өрік–көгөніс.<br>Дұрысемес,алма, алмұрт,өрік–жеміс.т.б<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Күз сыйы».Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар.*Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектерментаныстырады.*<br>Мынауқандайжеміс?<br>Ол–өрік.Өрік дәмді.<br>Мынауқандайкөгөніс?<br>Ол–қияр.Қиярдапайдалыдәрумендеркөп.т.б<br>Мынау–қарақат.<br>Мынауне?<br>Мынау–қарақат.<br>Қарақатдәмді,пайдалы.<br>Қарақатқандай?<br>Қарақатдәмді,пайдалы.<br>Қарақаткішкентай,түсіқара.<br>Қарақатқандай?<br>Қарақаткішкентай,түсіқара.<br>Мынау–құлпынай,қ-құ-ұ-л-пы-най.<br>Мынауне?<br>Мынау–құлпынай.<br>Құлпынайдәмді, пайдалы.<br>Құлпынайқандай?<br>Құлпынайдәмді,пайдалы.<br>Мынау–таңқурай. | отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады;<br>табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>–Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер.<br>Тырс-тырс тамады,<br>Тереземді қағады.<br>(*Жаңбыр*).<br>Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұрма?<br>Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұлне?<br>Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап көрейік. Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысынбейнелейді.<br>Ой, жаңбыр құйып жауып кетті.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда | **Білу деңгейі:«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Педагог сөздерді барынша жылдам оқиды.<br>Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (тамшы)<br>Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (шолақ)<br>Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (Орхан)<br>Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (мақал)<br>Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (мал)<br>Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады.<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Артикуляциялық жаттығу жасау.<br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:**Дауыссыз дыбыстармен жұмыс.<br>Педагог дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, | түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Қызықекен»ойыныБалалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтаркезекпен жауап береді.Әрбіржауап бір ұпай.<br>Тапсырма.Күзтақырыбыбойыншасұрақтар:<br>Күзмезгілініңерекшеліктеріната?<br>Күзайларыната?<br>Күзтуралытақпақоқы?<br>Сурет бойыншасөйлемқұра.<br>Көгөністер.<br>Қандайкөгөністердібілесің?<br>Артығынтап?(Қызанақ,сәбіз,алма,пияз)*қимасуреттер денкөрсету*.<br>Суретбойыншасөйлемқұра<br>**Түсіну деңгейі:** Жемістер.<br>Қандайжемістердібілесің?<br>Артығынтап?(Алма,өрік,алмұрт,құлынай).<br>Жемістертуралыжұмбақтар айтыңдар?<br>Сурет бойыншасөйлемқұра.<br>Жидектер.<br>Қандайжидектердібілесің?<br>Аудармасын тап?ягоды –...(жидектер), смородина –...(қарақат), клубника –...(құлпынай),малина–...(таңқурай).<br>Суретбойыншасөйлемқұра.<br>Ойынсоңындаұпайларынсанап жеңімпаздыанықтайды. | әңгімелеп айтуды;<br>Отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болу керектігін;<br>Отбасы мүшелері туралы тақпақ, өлең айтуды біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Менің анам қандай?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Ең жақын адамдар деген кімдер?<br>Балалардың жауабы тыңдалады. Педагог «Бақытты балалар» деген сөздің мағынасын ашуды ұсынады.<br>– Бақытты бала өз отбасында, ең жақын адамдарымен бірге тұратын бала, қамқорлық пен махаббатқа толы ортада өскен бала. Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі. Отбасы қандай болу керек?<br>– Отбасы тату болу керек. Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек. Сонда бәрі бақытты болады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>– Балалар, бүгін тобымызда Ер Төстік досымыз «Менің отбасым» атты фотокөрме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынауне?<br>Мынау–таңқурай.<br>Таңқурайдәмді,пайдалы.<br>Таңқурайқандай?<br>Таңқурайдәмді,пайдалы.<br>Мыналар–жи-дек-тер.<br>*Жидектердәмді,пайдалы.*<br>**Қолдану деңгейі:**Дыбыстықжаттығу(айнаменорындалады).<br>Қ-қ-қ-қа-ра-қ-қат.<br>Ұ-ұ-ұ-құ-ұ-л-пы-най<br>Ң-ң-ң-таң-ң-қу-рай.<br>«Дүкен» ойыны.<br>Балаларменқима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылыдиалог құру.<br>Жидектер, жемістер, көгөністердіңқазақша атауын қайталау, есте сақтау.Санамақпенсатушыны таңдайды.<br>Баладүкенгекеледі.<br>Сәлеметсізбе!<br>Сәлеметсізбе!<br>Мағанқиярқарақатберіңізші.<br>Алыңыз.<br>Ракмет.Сауболыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оныңқандайкөгөніс, жеміс,жидек екенінтабады.<br>Ойынжаттығуы:«Бірсөзбен айт»<br>Таңқурай,қарақат,құлпынай бірсөзбенқалайаталады?<br>Жидектер.<br>Алма,өрік,құрмабірсөзбенқалайаталады?<br>Жемістер.<br>Қияр,қызанақ,сәбіз,пиязбірсөзбенқалайаталады? | болады?<br>– Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді).<br>Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді.<br>Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды.<br>Жұмыстарына басшылық жасайды, аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалайды.<br>Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады.<br>Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет.<br>Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз, қызылша т.б. көгөністер салынған немесе қиып жапсырылған.<br>Көгөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер | гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады.<br>– Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады.<br>«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны<br>– Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>– Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, батыр, быламық, ботқа.<br>– Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>– Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.<br>Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге сөздер айтамын, дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, сол дыбысты менің артымнан қайталайсыңдар.<br>– Парта, алма, орман, балық, вагон, үстел, сәбіз, ысқырық, тарақ, доп, жалау, арқар, от, шырша, | **Қолдану деңгейі:**<br>Суреттермен жұмыс.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрамыз,Айналаны шоламыз.<br>Біз гүлдерше өсеміз,Жапырағы жайқалған.Сабақтарысалалы,<br>Желгеырғалыпшайқалған. | ұйымдастырыпты. Әр бала фотосурет бойынша өз отбасы әңгімелеу керек.<br>Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді.<br>**Педагог өлең оқиды:**<br>*Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар.<br>Әкемнің әкесі –<br>Ақ басты атам бар.<br>*Ұлдардың үлкені –<br>Бір туған ағам бар.<br>Қыздардың үлкені –<br>Бір туған әпкем бар.<br>*Әкемнің шешесі –<br>Ақ шашты әжем бар.<br>Ұлдардың кішісі –<br>Бір туған інім бар.<br>*Қыздардың кішісі –<br>Бір туған қарындас,<br>Әпкеге сіңлі бар.<br>Өлеңде айтылған әр отбасы мүшесіне анықтама беріледі, мысалы, аға – ұлдың үлкені, әпке – қыздың үлкені, іні – ұлдың кішісі, сіңлі – қыздың кішісі, қарындас – бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог балаларға осы өлеңге «Өз жақыныңды тап» ойынын ойнатады.<br>«Кім қалай жақын?» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Интербелсенді тақтамен жұмыс. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністер.<br>**Сергітусәті:**<br>Бұлт қабағын түйіп ап,Бүркеп алды аспанды.<br>Тырс-тырс тырсылдап,Жаңбыр жауа бастады.Күнгеқолды созамыз,Күнненжылуаламыз.<br>Бойымызға таратып,Бізкөңілдіболамыз.<br>**Сөздік ойын:** «Мен қай жидекті көрсеттім?».<br>*Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді,балаларатын атайды.* | жаңбыр жауғызуымыз керек деген тапсырма беріледі.<br>**Көркем сөзоқу.**<br>Көптілділік компонент бойынша жауын – дождь – rain, бұлт – туча (облака) – cloud ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөлу керек.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жауын-жауын жауады,<br>Бәрін суға малады.<br>Біз қарындаш аламыз,<br>Тамшыларды саламыз. | ірімшік, таға, домбыра, гүл, алмұрт, бәтеңке.<br>«Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек.<br>Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл) т.б.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1. Суреттерге қара. Ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суретін белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>2. [ **Ғ** ] дыбысы кездесетін заттардың суретін бір-бірімен қос. Ғ дыбысы қандай дыбыс?<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаладрды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, енді тұрайық,<br>Паровоз боп ойнайық,<br>Бір қатарды құрайық.<br>Вагондарды жалғайық.<br>Белімізден ұстасып,<br>Сапар шегіп алысқа,<br>Алға бағыт бұрайық.<br>Алға қарай зулайық.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс)<br>4.Үзік сызықтарды бастыр.<br>5. Бастыр.<br>Педагог балаларға үстелде | | жатқаны бейнеленген.<br>Педагогтің көмегімен сурет бойынша отбасы туралы әңгіме құрайды.<br>«Бес саусақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Педагог баланың нағашы туыстары жайлы өлең оқиды:<br>Жиенге керек нағашы<br>Мен үшін биік бағасы.<br>Анашым аумай қалған ғой<br>Жүздері жылы, қарашы!<br>(Д. Маликова)<br>Педагог балалармен өлең жолдарын талдайды.<br>Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің туыстары балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді. Педагог балалармен нағашылары туралы әңгімелеседі.<br>Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс<br>1. Ер Төстікті отбасы мүшелерімен таныстыр. Кімнің кімнен үлкен екенін ажырат. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. Қорша.<br>2. Өз отбасында сенің міндетің не? Суретте көрсетілген іс-әрекеттердің қайсысын орындайсың? Белгіле.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.<br>Айдын шалқар көлдерде,<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояндар. | | |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын:« Түйілген орамал»**

**Басты міндеттері:балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.**





**Аз қимылды ойын: «Түйілген орамал»**

**Ойын міндеттері:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.

**Дағды:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.

Керекті құралдар: ортасынан түйілген орамал және ысқырық.

**Мазмұны.**

Шеттері белгіленген ойын алаңында ойыншылар өз беттерімен жаттығулар жасап, бірін-бірі қуалап, жүгіріп ойнап жүреді. Балалардың қалауымен араларынан бір ойын жүргізушіні сайлайды.

Ол қолына түйілген орамалды алып, алыста тұрған бір балаға лақтырып жіберіп: «Бір, екі, үш!», - деп санап, сол ойыншыны қуа жөнеледі. Қашып келе жатқан бала ойын жүргізуші қасына жақындап қалғанда, қолындағы орамалын басқа ойыншыға лақтырып, ойынды әрі қарай жалғастыра береді.

Ойын берілген уақыт арасында жүргізіліп, кімдер орамалды аз уақытта көп рет бір-біріне лақтырғанын, қай қуғыншының орамалды тез ұстап алғанын атап өтеді.

**Ойынның ережесі.**

1. Алаңның шетінен шығып кеткен ойыншы ойыннан шығып тұрады.
2. Орамалды лақтырғанда баланың атын атап лақтыру керек.
3. Орамалды қағып ала алмай қалған бала орамалды басқа балаға береді.
4. Қашып келе жатқан баланы ойын жүргізуші қуып жетсе, ол орамалды бере салуы керек.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Ойыншылар орамалды ұстамаған күннің өзінде жүгіріп, бірін-бірі қуалап ойнап жүрулері керек. Ол үшін орамал тек жүгіріп келе жатқан ойыншыға беріледі деп айтып қою қажет.

Орамалдың орнына басқа зат алуға болады, бірақ ол лақтырғанда ойыншылардың бір жерін ауыртып, жараламайтындай болғаны дұрыс.

Ойынның ұзақтығын сабаққа не басқа арнаулы уақытқа байланысты өзгертіп отыруға болады.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Балалар өздерінің шамаларына қарай керегінше жүгіріп жаттығуларды да еріктерімен жасайды.Жаттығу мен тынығуды өздері білгенінше орындап тұруға дағдыланады.

Жүгіріп жүріп айналаны тез бағдарлап,өз қимылын соған байланысты сәйкестендіріп тұрады.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Доппен ойнап, көңілінді | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтер!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары кеңістікпен ондағызаттардыбағдарлайбілудағдыларындамыту.<br>**Дағды**: Қол мен аяқтыүйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, қол бұлшық еттерін,шыдамдылықпенептілік дағдыларынқалыптастыруды жалғастыру .<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамытукеректігін;салауатты өмір сүру үшіннеістеуқажеттігін.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолменқағыпалуды,5метрар ақашықтыққадоптыбаспенитеріп,түзубағыттаеңбектеп жүруді;<br>-допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолменқағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды:доп ұстап жүру(доп оң қолда), аяқтың | Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Халық музыкасына деген суйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту.<br>**Күтілетін нәтиже**:дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды, музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Марш» (Е. Андосов).<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді. | Біз әртүрліміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту<br>**Дағды**: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмендинамикалық тепе-теңдіктісақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымендоптардыдомалатыпалыпжүру дағдыларынбекіту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>саусақтарымендоптықалай ширақдомалатуженегимнастикалықорындық үстіменетпетіненжатыпқалайеңбектеукеректігін.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірменжүруді, гимнастикалықорындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымендоптардыдомалатыпалыпжүруді;<br>-жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмендинамикалық тепе-теңдіктісақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүрудағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Халық музыкасына деген суйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту.<br>**Күтілетін нәтиже**:дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды,<br>музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Марш» (Е. Андосов).<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.<br>***Музыка тыңдау:***<br>**«**Қазан» (П. Чайковский). | Зейінді боламыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау<br>**Дағды**: зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқиятқарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмайжасауғадағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен қалайөту, допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне қалай лақтыру және допты ашылғансаусақтарымен қалайқағыпалу керектігін.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне доптылақтыруды,екіжаққа тартылғанжіптіңастыменқолдыеденгетигізбейбірбүйірменөтуді, «Ғажайыпкемпірқосақ»жаттығуын;<br>-күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолдыеденге тигізбейбірбүйірменөтумашықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – доптыалдыдаұстау.<br>Тізбеккеекі-екіден тұру.<br>Доппенжалпыдамытужаттығуларынорындау(№2).<br>Арақашықтықтарын сақтау.<br>Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жергетүсірмеулерін қадағалау.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Бірорындатұрып секіру»<br>Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыру. Қол мен аяқты музыка ырғағыменүйлесімді қозғай білу ( 20 рет).<br>Музыканы мұқият тыңдайды, тізелерін сәл бүгіп, ырғақпенжәнежеңіл секіругетырысады.<br>Қолдыиыққақойып,желкегекойыпсекіреді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қимыл-қозғалысойыны:«Шеңбер»**(4 рет)**<br>Ойын бойы жұптарын ауыстырмаған ойыншыларды мадақтайды.<br>Ойыншылар екі-екіденқұрсауішінекіріп,үлкеншеңберқұрыптұрады.Ойыншылардыңбіреуіосыүлкеншеңбердің ортасында тұрады.<br>Ол белгі бойынша құрсау ішінде тұрған бір баланың орнынтартыпалуғатырысады.Орынсыз қалғанбалаортағатұрып,ойынқайтадан жалғасады. | ***Музыка тыңдау:***<br>**«**Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды.<br>Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау.<br>Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** **«**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,«Билеп үйренейік»жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні(өңдеген Б. Дәлденбай).Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру. | **Білу деңгейі:**<br>«Сиқырлышумақ»тренинг-ойыны.<br>Қазір біз өзіміз туралы білеміз. Менің қолымда бір шумақ жіп бар. Мен саусағымдыжіппен бір рет орап, сендердің біреуіңе жіпті лақтырып, сонан соң сұрақ қоямын. Сол балажіптіқағып алып, бірсаусағынорап,келесі балағашумақтылақтырып,сұрақ қояды.<br>Ендіқолдарыңдыжоғарыкөтеріп,саусақтарыңдағыжіпті шығарыңдар.<br>**Түсіну деңгейі:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды:доп ұстап жүру(доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – доптыалдыдаұстау.<br>Тізбеккеекі-екіден тұру.<br>**Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2).**Арақашықтықтарын сақтау.Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жерге түсірмеулерін қадағалау.<br>**Негізгіқимыл-қозғалыстардыорындату** (4рет)<br>Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру.<br>Саусақтарымендоптыширақ домалатады.<br>**Қолдану деңгейі:Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Мысық пен торғайлар» (4 рет). | Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды.<br>Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау.<br>Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** **«**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,«Билеп үйренейік»жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні(өңдеген Б. Дәлденбай).Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру. | Саусақгимнастикасы<br>Халің қалай?<br>Халмынандай?(Саусақтардыжұмып,басбармақтыжоғарыкөтеру).<br>Қалайжүзесің?<br>Мынандай!(Қалайжүзетіндерінқимылменкөрсетеді).<br>Қалайжүгіресің?<br>Мынандай!(Қалайжүгіретіндерінқимылменкөрсетеді).<br>Қалайалыстыкөресің?<br>Былай!(Қолдарын маңдайғақойып,алысқақарайды).<br>**Түсіну деңгейі:Қимыл-қозғалысойыны:**«Қасқырғақақпан»<br>(4рет).<br>Шеңбердеқолұстасыптұрады.Бұл–аңшылардыңқақпанынқұруы.Белгібойынша «аңшылар»қолдарынкөтереді,«қасқырлар»әртүрлібағыттаеңбектепжүреді.«Аңшылар»:<br>*«Кәне, кәне, халайық,Қасқыр қақпан құрайық.Кәне,қақпанберікбол,*<br>*Қасқыр, қасқыр, келіп көр!»*деген тақпақты хормен айтып, қолдарын түсіреді.<br>Қақпанішіндеқалыпқойған«қасқырлар» ойынханшығады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Ғажайыпкемпірқосақ»**<br>Көздерін жұмып жатып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көзалдарынаелестетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Торғайлар» орындықта,гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады.Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады.Оларбағыттарын өзгертіпқашады. Ұсталғандаройыннаншығады.<br>«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрады.Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балаларқимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздердіайтады | | «Бірінші түс – көгілдір.Көгілдір түс су сияқты. Су түскендей сергіп қаласың. Өзімізді сутүскендей сезінейік. Келесі түс – сары. Сары түс күн сияқты бізді жылытады, қуанышсыйлайды,олүлпілдеген балапансияқты.Егеркөңілсіз болсаң,осытүскекарандар. Көңілдерін көтереді. Жасыл түс көгорай шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл түсадамның көңіл күйін көтереді. Олай болса осы түстерге көбірек қараңдар. Су сияқтысалмақты,күнсиякты көңілді, жаз сияқтымейірімді болайық. |
| **Серуенге дайындық 14:10-14.15** | **Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»**<br>**Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру. | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 14:15 – 14:40** | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №21**<br>**Қыркүйек айының соңғы белгілерін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Қыркүйек айының соңғы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз**<br>«Күз айы»<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ.<br>Ой, алақай, тамаша,<br>Шашу шашты жапырақ!<br>Қыркүйек айының соңғы күндері жаңбырлы ,күн суыта бастайды. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Д/О: «Күзге ең алғашқы | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №1**<br>**Қазан айының алғашқы күндерде жапырақтардың түсін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>*Қ. Шаңғытбаев*<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ушты кенет жапырақ.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №2**<br>**Торғайларды бақылау.**<br>***Міндет:*** *торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің екінші айында құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді*<br>*Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен* | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №3**<br>Көгершіндерді (кептерлер) бақылау<br>*Міндет:*<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>*Бақылау барысы*<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №4**<br>Қазан айының алғашқы көріністерін бақылау.<br>*Міндет:*<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көріністерін бақылауды жалғастыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз:*<br>*«КҮЗ» Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Күз айының нешінші айы?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>Зерттеу жұмысы:<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>Еңбек:<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Міндет:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>***Міндет:***<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Қуып жет».**<br>***Міндет:*** *Т*ез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Бөрене үстімен жүру.**<br>***Міндет:***<br>**Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.**<br>***Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.***<br>**Халық болжамы:**<br>*Күз белгісін ең алдымен аққайың сезеді. Басқа ағаштан көрі жапырағы ерте сарғаяды. Егер өсіп тұрған аққайыңды бақылап жүрген болсаңыз, одан бір сары жапырақ үзіледі де ауада біраз қалықтап тұрып барып жерге түседі. Бұл таяу күнде ауа райы бұзылатынының белгісі. | ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы:** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Міндет:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О: «Түлкі мен қояндар».**<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Қозғалысты дамыту.**<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу* | *жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? *(*Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)*<br>♦ Күзде торғайлар немен коректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек:**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>*Міндет:*<br>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>Зерттеу қызметі:<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>Еңбек:<br>Мектеп аумағына жем салғыш ілу<br>*Міндет: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>Қимылды ойын:<br>«Ұшады, секіреді, жүзеді».<br>*Міндет:*<br>—балаларды жүкіруге үйрету;<br>—құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау.<br>Жаттығу ойындары:<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>*Міндет:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>***құс жүнін үрпитсе, жауын болады;**<br>***жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;**<br>***құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.** | — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>Қ/О:<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>Жеке жұмыс:<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>*Міндет:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>Халық болжамы:<br>*Егер қазан айында күн күркіресе, қыс қамшы сабындай келте болады.<br>*Тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үрпиіп, айдары қызарса, күн суытып жауын жауады.<br>*Егер тікендер мен алабота сабақтары төмен қарай иілсе, онда күн суытады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *жасау.* | Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>*Міндет: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету*.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>*Міндет: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | | |

<table>
<tr><td>Серуеннен оралу 14:40-14:45</td><td colspan="5">Еңбегі адал жас өрен:«Кім жылдам?»<br>Мақсаты:Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Дағды: Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</td><td>Абшакен Жансерікпен жеке жұмыс.<br>Жыл мезгілдеріне арналған суреттерге карап,әңгімекұрай білугеүйрету.</td><td>Балтанбек Айханыммен жеке жұмыс.<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету.</td><td>Ғұмырбек Асылханмен жеке жұмыс.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</td><td>Еркын Сезіммен жеке жұмыс.<br>6 және 7 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету.</td><td>Мұхамеди Рахиммен жеке жұмыс.<br>Тіл ұстартуға байланысты суреттер арқылы,мәтіндер құрауға үйрету.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)</td><td>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Дербес ойын:<br>«Қай мезгілде киеміз»<br>Міндет: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту,жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру,сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>Дағды:Әр жыл мезгілінің киімдерін ажырата білу. Киімдердің адамға қандай пайдасы барын айтып беруге дағдыландыру.</td><td>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Танымдық-қимылды ойын:«Тату тәтті отбасы»<br>Міндет:<br>Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>Дағды: Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға,бауырмалдыққа, мейірбандыққа дағдыландыру.<br>Ережесі:<br>Алаңда балалар әр отбасы болып бөлінеді. Әуенмен билеп жүреді.<br>Педагог әуенді тоқтатады да: «Тату тәтті жанұяда 2 (3,4) адам тұрады!» деп хабарлайды. Сол кезде балалар аталған санға қарай бөлінуі тиіс. Осылайша ойын жалғаса береді.</td><td>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Ойын:«Белгіні тыңда»<br>Міндет:Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Дағды: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру.<br>Ойынның шарты:балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді.</td><td>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Қимылды ойын:<br>«Білектесу»<br>Міндет:<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.<br>Дағды:үйлесімдіқозғалуқа білеттеріжәнежалпышыдамдылық секілді денесапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>Ойын шарты:<br>Ойыншылар бір-бірмен білектесіп жарысады. Екі бала бір-біріне қарама-қарсы отырып, шынтағын үстелге тегіс тигізе,<br>қол күштерін сынасады.</td><td>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Суреттік боямалар:<br>«Жидектер» жаттығуы.<br>Міндеті:<br>Оқушылардың логикалык ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға бүлдірген,шие,қарақат салынған плакат ілініп дайындалады .<br>Рет-ретімен шығып әр жидектерді бояймыз.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 14.45 – 14.55</td></tr>
<tr><td>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.</td><td colspan="5">Өнегелі-15 минут:Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды коректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару**.<br>**14:45-14:55** | **Ата-анаға кеңес:**<br>Әңгімелесу**: «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»**<br>тақырыбында кеңес беру.<br>Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сұхбаттасу. **«Менің сүйікті кітабым»** тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқуға болатыны жөнінде кеңес беру.<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Әңгімелесу**: «Менің отбасым»** тақырыбында кеңес беру.<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>Балалардың  ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Қауіпсіздік кеңес:<br>**«Тұмаудан сақтау жолдары»**<br> үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану.<br>Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Әңгімелесу:<br>«**Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау**»<br> үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану.<br>Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі:** Бекишева К.С.

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№16 ЖББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «Б»
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07.10.- 11.10.2024-2025 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 07.10.24 | Сейсенбі 08.10.24 | Сәрсенбі 09.10.24 | Бейсенбі 10.10.24 | Жұма 11.10.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 11:45-12:00 Балаларды қабылдау | **«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>«Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары»туралы әңгімелесу** | | | | |
| **2-апта дәйексөзі:«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»,«Егер сау болғың келсе»** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс. | | | | |
| | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша**<br>**«Үнемді тұтыну»**<br>**Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту.**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Су тіршілік көзі»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Су тіршілік көзі» бірнеше дидактикалық ойындар жүргізуге болады,баланың еркін таңдап алуына қарай. Дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«Асық иремін,кателесіп калма»**(Модель ұлттық құндылықтар)<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Асық иремін,кателесіп калма»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Асық иремін,кателесіп калма»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар ажырату және дұрыс | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«SMART BALA» жобасы**<br>LEGO құрастыру ойыны<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Тентек сіріңке»**(«Құтқарушылар» еңбегі)**<br>**Түсіндірме жазба:**<br>Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға,оттың адам өміріндегі маңызын, сонымен қатар оның тілсіз жау екендігін түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>Өрт тілсіз жау,өрттен | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Қаржылық сауаттылық бойынша**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>**Үстел үсті еркін ойын жаттығу:**<br>«Егер саған ұнаса...»<br>(Мамандық иесі туралы)<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Егер саған ұнаса...»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«Жас метеоролог»**экологиялық жобасы<br>**«Табиғатты,жануарларды қорғау -біздің міндетіміз»**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Ізін тап»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Ізін тап»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау.<br>Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды ластамауға тәрбиелеу.<br>**Міндет:** балаларға судың маңыздылығы, оның өмірде өте қажет екенін түсіндіру. Сумен ойын арқылы бақылағыш қабілетін дамыту.<br>**Дағды:**Ең біріншіден, сумен шынығу, ол – денсаулыққа пайдалы әрі суды үнемдеуге дағдыландыру.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>Жемістердің, өсімдіктердің өсуіне су керек, таза киім кию үшін, таза жүру үшін де су керек; ас әзірлеу үшін де су керек т.б. Яғни, жер бетіндегі тіршілік иелерінің барлығы да сумен қоректенеді. Су – тіршілік көзі.<br>Ендеше, әрдайым біз жуынып, таза жүруіміз керек. Даладан кіргенде, ас | дыбыстау арқылы сөйлемдерді дұрыс құратуға үйрету, фонематикалық қабылдауын дамыту, буынға бөлу дағдылырын қалыптастыру.Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** дауысты және дауыссыз дауыссыз дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Жұптасқан дауысты және дауыссыз дауыссыздар туралы білімдерін бекіту;<br>Есту,көру мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау;<br>сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Дағды:**Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Сөздік корын молайтуға, таза жазуға тәрбиелеу.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған** | сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін ұғындыру.<br>**Дағды:**Балаларды өрт кезіндегі тәртіп ережелеріне үйретуді жалғастыру;<br>"Өрт", "қауіпті", "электр энергиясы", "абайлаңыз" ұғымдарымен және өрт қауіпті заттармен қарапайым тәртіп ережелерімен таныстыруды жалғастыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**: тақырыпқа сай пазылы суреттер.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**1 ойын нұсқасы**: әр үстел үстінде құрастыру заттар жатады,содан өрт сөндіру құралдарын берілген таратпалы ,үлестірмелі материалтарға қарап құрау.<br>**2 ойын нұсқасы:**мұғалім ойыншылардың алдына бірнеше карталарды қояды, олардың арасында жанғыш (немесе керісінше, қауіпті емес) заттардың негізгі бөлігі. Ойыншылардың міндеті - қосымша затты табу. | қабілеттерін, зейіндерін,сөйлеу мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру;<br>-Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру;<br>-Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**:әр түрлі мамандықтар туралы пазылы суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***Үстел үстіне түрлі сурет қиындыларын құрастырып | ойынның көмегімен балажануарлардың түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту.<br>**Міндеттері:** "Пластилинография" арқылы ұсақ моториканы дамыту. Балаларды мүсіндеуге деген қызығушылықтарын ояту.<br>**Дағды:** Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуге дағдыландыру. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**: Ермексаз,таяқшалар,арнайы пышақ, тақтайшалар, суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***Тәрбиеші ермексазды жұқағылып жаюды ұсынады. Жайылған ермексаздын үстіне қарындаш пен қаламсапты қолдана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішердің алдында қолымызды, бетімізді сабынмен жуу керек.<br>**Дидактикалық ойын: «Қуыршақты жуындыру».** Ойынның барысы: Балалар қуыршақтың дене мүшелерін қазақ тілінде атай отырып, қуыршақты жуындырады. Орамалмен сүртіндіреді. (Ойынға қыздар қатысады).<br>**Дидактикалық ойын: «Жануарларға су беру».** Ойынның барысы: Суды жан-жануарлар, құстар да ішеді. Үй жануарларының макеттерін алып, оларды суғару. (Ойынға ұлдар қатысады).<br>**Дидактикалық ойын: «Анамның көмекшісімін».** Ойынның барысы: қыздар ыдыстарды алып, шай қайнатып, тамақ пысырады. Ол үшін судың көмегін пайдаланады. (Қыздар қатысады).<br>**Дидактикалық ойын: «Батады ма батпайды ма?».** Ойынның барысы: Ойында қағаздан жасалған кемелерді ұл балалар суға жібереді. Оның суға батып кетеді немесе батпайтынын көреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау».** Ойынның барысы: қыз балалар су құйғыштармен гүлдерді суғарады және жапырақтарын сүртеді.<br>**Бақылау: «Мұз және су».** Бақылауда, егер су суық | **әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**І нұсқа.** «Мен не істедім?» суретке қарап асық иіру арқылы суретті оқып береді.<br>**2 нұсқа.** «Ол не істеді?» сұрақты айта отырып асық иіреді сол сұрақтың жауабына сәйкес.Ойын әр қатардағы дұрыс жауаптың саны бойынша бағаланады.Мұғалімге түсініктеме. Бұл ойындар, алдыңғы ойындар сияқты, тілдік сөйлеу фонематикалық естудегі кемшіліктерді түзетуге ықпал етеді.<br>Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды. Мысалға айтылатын сөздер: *алма,нан,қызанақ,қияр т.б.*<br>**Тілдік гимнастика жаттығуы:** | **Ықтимал күрделендіру:** Балалар, менің тентек сіріңке туралы ертегімді тыңдағың келе ме?<br>Бір шағын қалада сіріңке бар еді. Ол көңілді, тентек қыз еді. Ол билегенді қатты жақсы көретін, билегені сонша, дүниедегі барлық нәрсені ұмытып кететін. Ол тұтанып, бірден жанып кетті. Мен билеймін, ол перделерге, үйдегі, ас үйдегі заттарға, көшеге шыққанда – ағаштардың, үйлердің, бұталардың, шөптердің артына және оның жолына түскендердің бәріне қол тигізді. Мұның бәрі өртеніп кетті. Адамдар одан қорқа бастады. Оған бұл өте ұнамады, өйткені оған өмірді адамдар ғана бере алатын. Өйткені, олар мұны істеді. Содан бір күні ол сіріңке жасап жатқан шеберге келіп, одан көмек сұрайды. Өйткені, ол адамдарға пайда әкелгісі келді, тек зиян келтірді. Шебер жақсылап ойланып, сіріңкеге көмектесуді ұйғарды. Мен оған тығылып, демалатын үй ойлап таптым – бұл сіріңке қорабы. Мен оны әпкелеріммен бірге жалғыз қалдырмадым. Содан бері тентек сіріңке сіріңке қорабында тұрады.<br>Мұғалім балаларға ертегі бойынша сұрақтар қояды:<br>**Ойынның нұсқаулары: дайындық:**Өрт кезінде пайдалы болуы мүмкін | маман иелерін шығару.(шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, тәрбиеші, суретші, жол сақшысы,диқаншы,сатушы, тігінші)<br>**Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.<br>- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді.<br>**Ойынның нұсқаулары:**Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Сын тұрғысынан сұрақтар:<br>1.Мамандық адамға керек пе? (иә)<br>2.Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә)<br>3.Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)<br>4.Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)<br>5. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды)<br>6.Аспаз тамақ даярламайды? (жоқ, даярлайды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Абыройыңды асырған.<br>Бірақ өзі көрінбей, | отырып тесу.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Жануарлар туралы жұмбақ жасырып, тақпақ,ән орындау.<br>**Ықтимал күрделендіру**:Жануарлардың дыбысталу жайын сұрау,үлгі бойынша.<br>Жылқы — кісінейді, шұрқырайды, оқыранады, арқырайды.<br>Сиыр — мөңірейді, өкіреді, азынайды.<br>Қой-ешкі — маңырайды, мекіренеді.<br>Түйе — боздайды.<br>Шошқа — шыңғырады, қорсылдайды.<br>Ит — үреді, ырылдайды, арсылдайды, уілдейді, қыңсылайды.<br>Мысық — бырылдайды, мияулайды.<br>Тышқан — шиқылдайды.<br>Қаз — қаңқылдайды, шаңқылдайды.<br>Үйрек — барқылдайды, қыңқылдайды.<br>Мекиен — қыт-қыттайды.<br>Әтеш — шақырады.<br>Бүркіт — саңқылдайды, бістәктайды.<br>Торғай — шырылдайды.<br>Бұлбұл — сайрайды.<br>Қарға — қарқылдайды.<br>Безгелдек — безектейді.<br>Сауысқан — шықылықтайды.<br>Бөдене — бытпылдайды.<br>Шыбын — ызыңдайды.<br>Бөгелек — ызылдайды.<br>Бәкішек (шегіртке)— тызылдайды.<br>Жылан — ысылдайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерде тұрса мұзға айналады. Бақылау жасайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** Ойын барысында, балалар судың пайдасы туралы көп біледі. Ойын барысында суды пайдалану қызығушылықтарын тудырады.<br>**Балалардың дербес әрекеттері**<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:**балаларының бақылаудағы әрекеттеріне сараптама жасап, бағасын беру, не үшін жасалатынын сұрау.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>**Дидактикалық балалардың дербес әрекеттеріойын жаттығу:**«**Қуыршақты жуындыру**»<br>**1. Суды дайындап аламыз**<br><br>**2. Жуынуға арналған заттарды дайындаймыз**<br><br>**3. Қуыршақты жуындырамыз**<br><br>**4. Орамалмен сүртіндіреміз**<br> | **«Арашылар»** - Біз қазір бөрене ағашты (бір, екі, бір, екі - 2 рет қайталанады) арамен кесеміз. Қыстық отын дайындаймыз. (Отындық ағашты арамен қалай кесетінімізді қол қимылымен көрсетеміз. Алға сәл еңкейіп тұрамыз).<br>**«Таңдану» жаттығуы:** (Біз бір-бірімізге жақындаймыз және оны еркелете отырып, таңданысымызды білдіреміз. "Қандай, сен сүйкімдісің", "Қандай әдемі көздер").<br>**Саусақ жаттығуы: «Біздер – ұстамыз»**<br>Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.<br>**Сиқырлы саусақтар.**<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>**Сөздік жаттығу**<br>Ыр-ыр-ыр<br>қасқыр<br>Кі-кі-кі<br>кірпі<br>Пі-пі-пі<br>піл<br>Ти-ти-ти<br>тиін | заттарды және өрт кезінде қажет емес заттарды бейнелейтін суреттерді дайындау немесе ұсынылғандарын басып шығару қажет. Ойыншылар карталарды орналастыратын ойын алаңдарын дайындаңыз.<br>**1 ойын нұсқасы**: «Лото». Көшбасшы және 2 ойыншы ойнайды.<br>**2 ойын нұсқасы**: 2 ойыншы ойнайды.<br>Карталар ойыншылар арасында тең бөлінеді, әр ойыншы өз карталарынан қолайлыларын таңдайды (мысалы, өрт кезінде пайдалы болады).<br>Ойыншыға сәйкес келмейтін карталарды екінші ойыншымен ауыстыру керек. Сіз оларды келесідей алмастыра аласыз: өрт кезінде осы немесе басқа нысанның не үшін қажет екенін (немесе не үшін қажет емес) түсіндіріңіз.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Өрттің алдын алу үшін ережелерді сақтау қажет:<br>1. Сіріңкемен ойнама, қауіпті!<br>2.Құрғақ шөпті, пішенді, терек мамығын жағуға болмайды.<br>3.Бейтаныс бөтелкелер мен құтыларды, құтыларды отқа тастамаңыз, олар жарылып кетуі мүмкін.<br>4. Ересектерсіз электр құрылғыларын (теледидар, үтік, жылытқыш, шәйнек, | Бізден бойын жасырған. (Мамандық)<br>**Жұмбақтар:**<br>1) Мектептің жүрегі, Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>2) Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>3) Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді. (Тігінші)<br>4) Зымыранды ерттеген, Ай – жұлдызды зерттеген. (Ғарышкер)<br>5) Тыныштығын Отанның, Күзететін адам кім? (Шекарашы)<br>6) Тәртіп, заңды сақтайды, Ел сенімін ақтайды. (Полиция)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> | суылдайды.<br>Бақа — бақылдайды.<br>Аю — ақырады, өкіреді.<br>Қасқыр — ұлиды, ырылдайды.<br>Түлкі — ырсылдайды, шәңкілдейді.<br>Күзен — шақылдайды.<br>Суыр — шулайды.<br>Борсық — пырсылдайды.<br>Құндыз — сыңсиды.<br>Арыстан — гүрілдейді, ақырады.<br>Жолбарыс — күркілдейді, бұрқанады, т. т.<br>**Ойынның нұсқаулары:**Жануарларды ң төлдерін ажыратқаннан соң олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызу. (олардын пайдасы туралы айтұызу)<br>Жануарлардың іздерінің суретін тауып жандарына орналастыру.<br>**ІІ Нұсқа**<br>Егер сыныпта жануарлар,аңдар ойыншықтары болса онда соларды қолданып іздерің басуға болады.<br>**Тілдік және дене қозғалысына арналған жаттығу:«Орман аңдары»**<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (құланып) бір сызықпен жүру.<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **5. Жұмыс орнын жинаймыз**<br><br>**Дидактикалық балалардың дербес әрекеттері ойын жаттығу:**<br>**«Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»**<br>**1.Суқұйғышты аламыз**<br><br>**2. Суды аламыз**<br><br>**3. Өсімдіктерді суғарамыз**<br><br>**4.Өсімдіктердің шанын сүртеміз**<br><br>**5. Жұмыс орнын жинаймыз**<br><br>**Дидактикалық балалардың дербес әрекеттері ойын жаттығу:**<br>**«Ас пісіру»** | **Логоырғақты жаттығу**(Логоритмикалық жаттығулар)**:**<br>**Қолдану:**<br>1.-Бұл қоңыздың дыбысы<br>-Ж –ж-ж-ж!<br>-Бұл шыбынның дыбысы<br>-З-з-з-з! (жіңішке)<br>Масаның дыбысы.<br>-З-з-з!(жуан дыбыспен)<br>2.Ке-ке-ке,шырылдауық шегіртке,<br>Ші-ші,торын құрар өрмекші.<br>Ра-ра-ра,бал жинайды ара.<br>Ын-ын-ын,ызылдайды шыбын.<br>Са-са,шағып алар маса.<br>Ек-ек,гүлге қонар көбелек.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br> | микротолқынды пеш) желіге қосуға болмайды.<br>5.Газ плитасын өзіңіз жақпаңыз және оның үстіндегі киімді кептірмеңіз.<br>6. Үлкендерсіз отшашумен және шапалақпен ойнамаңыз.<br>Ал, егер өрт әлі де орын алса, келесі ережелерді сақтау керек:<br>1.Өрт туралы ең алдымен үлкендерге хабарлауға тырысыңыз (өрт сіздің кінәңізден болса да жасырмаңыз).<br>2.Өрт сөндіру бөліміне 01 телефонына қоңырау шалыңыз, нақты мекен-жайыңызды және не жанып жатқанын хабарлаңыз.<br>3.Ешкашан шкафта немесе төсек астына тығылмаңыз, өрт сөндірушілерге сізді ол жерден табу қиынға соғады.<br>4. Үй өртеніп жатқанда, тезірек көшеге жүгіріңіз. Ойыншықтардың , иттің немесе мысықтың кесірінен ештеңеге тоқтамаңыз.<br>5. Егер пәтерде түтін болса, еденге жатыңыз (түтін аз), жанып жатқан бөлмеден шығуға тырысыңыз.<br>6.Ауыз бен мұрынды дымқыл шүберекпен немесе кез келген шүберекпен жабыңыз.<br>7. Терезені ашпаңыз, (бұл жануды күшейтеді).<br>8. Егер сіз кіре берісте түтіннің иісін сезсеңіз, | <br><br><br> | 4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>**Ұсақ қол моторикасын дамыту жаттығулары:**<br>Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Ал шалғыш тағамыз**<br><br>**2.Суды дайындап аламыз**<br><br>**3.Асқа қажетті тағамдарды және ыдысты дайындау**<br> <br>**4.Асты әзірлейміз**<br><br>**5.Жұмыс орнын жинау**<br> <br>**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында**<br>**Білу керек:**<br>*Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта біледі.<br>**Болуы керек:**<br>*Білімге деген құштарлық дағдысы.<br>**Істей білуі керек:**<br>*Бір-бірімен қазақша амандасып,қарапайым сұраққа жауап береді. | <br><br><br><br><br> | есікті ашпаңыз (пәтеріңізге от пен түтін кіріп кетуі мүмкін), алыс бөлмеге барып, терезеден көмекке шақырған дұрыс.<br>9. Егер сіздің киіміңіз жанып жатса, еденге құлап, домалап, жалынды құлатуыңыз керек.<br>**Зерттеу жұмыс:**<br>Ойыншық өрт сөндіретін машинасын көрсетеу арқылы...<br>Қарап өрт сөндіру машинасы басқа машиналардан ерекшеленетінін айтыңдар.<br>**Балалар**:<br>Ол қызыл түсті,сатысы бар, жүріп бара жатқанда дабыл шығады.<br>Дабыл қалай? (У-у-у, у-у-у)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br> | <br><br><br> | <br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тілдік және сергіту жаттығулары:**<br>**«Қуыршақты жуындыру» ойыны кезінде**<br>Шаң боп ұстім,<br>Суға түстім.<br>Сүңгіп алдым,<br>Сергіп қалдым.<br>**«Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»**<br>«Гүлдер» туралы өлең айту.<br>Күнде, күнде, күнде,<br>Су құямын гүлге.<br>Гүлім өсті жайнап,<br>Жайқалып тұр айбат.<br>**Біз нені білеміз**<br>**Суды білеміз.**<br>**Суды ішеміз.**<br>**Суға жуынамыз.**<br>**Өсімдіктерді суғарамыз..**<br>**Нені білгіміз келеді**<br>**Су қайдан келеді?**<br>**Суды қалай тазалайды?**<br>**Біз қалай білеміз**<br>**1.Тәрбиешіден сұраймыз.**<br>**2.Мұғалімнен сұраймыз.**<br>**3.Ата-аналарымыздан сұраймыз.**<br>**4.Видео материалдардан көреміз.** |  |  |  |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Анашым<br>Дайындады |     |    |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |   |
| **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 26 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсызорындалатынжаттығулар**<br>**№ 3жаттығуларкешені**<br>1.Б.қ.: қолдары екі жанында, 1– сол аяғымен жанына қарай қадам аттау, қолдарын екіжаққкасозу; 2–б.қ.қ. Сол қимылдардыекінші аяғымен қайталау (7-8 рет). | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 27 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Заттарсызорындалатын жаттығулар**<br>**№ 4жаттығуларкешені**<br>1.Б.қ.: тұру.Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады.Қолдарын төментүсіреді. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 28 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Таспаменжаттығулароры ндау**<br>**№1жаттығуларкешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген.1 – басыналдығаию;2 –б.қ.;3– басынартқашалқайту;4– | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 29 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Таспаменжаттығулароры ндау**<br>**№ 2жаттығуларкешені**<br>1.Б.қ.:түзутұру, 1– қолдарын жоғарыкөтеріп,таспаныбір қолынан екіншіқолынабереді.<br>2–қолдарын | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 30 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Секіртпеменорындалаты нжаттығулар**<br>**№ 1жаттығуларкешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген.1– басыналдығаию;2 –б.қ.; 3–басынартқашалқайту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | 2.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып қою, қолдары белінде. 1–3 серпіле отырып-тұру, қолдарыналғасозу. 4-б.қ.қ. (6-7 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып, қолдарын төмен түсіріп тұру. 1– қолдары кеудесінде,шынтақтан бүгілген; оңға бұрылып, қолдарын екі жаққа созу; 3– қолдарын кеудесіне әкелу;4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтары параллель, қолдары белінде 1– бір аяғын (сол) жоғары көтеру: аяғыныңастынашапалықұру. 2– б.қ.қ. (7-8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, қолдарын беліне қойып, отыру. 1 – қолдарын екі жаққасозу. 2– алдыға еңкейіп, оң (сол) аяғына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазу. 4– б.қ.қ. (6–8рет)<br>6.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдығасозу;3-4– б.қ.қ. Сол жағынақайталау (6–8 рет)<br>Санаптұрып (1–8),оң(сол)аяқпен секіру(3-4рет). | 2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап,серпу.7-8 рет<br>3.Б.қ.:тұру.Алдығаеңкею.Қолдарымен аяқтарыныңартынаншапалақұру–7-8рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Солаяғымен сонықайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып,басынанасырып,жерге тигізу.Аяқтарын қайтатөмен түсіріп,б.қ.қайту.7-8рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екіжаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8рет.<br>7.Б.қ.:аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып, бір орында секіру. Секірудіжүрумен алмастыру. 2-3 рет. | б.қ.–8рет.<br>2.«Секіртпежоғарыда,аяқбасынатұру»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,таспанытөмен ұстау.1–оңаяқбасынакөтеріліп,таспаныжоғарыкөтеру;2–б.қ.қ.; 3–солаяқпенсолқимылдардыорындау (8рет).<br>3.«Күн»<br>Б.қ.-түзутұру,қолдарындатаспа, төменде.1–4–қолдарынпараллельұстап,оңжаққақарай айналдыру; 5 –8сол жаққа.4 рет.<br>4.«Бұлақ»<br>Б.қ.–түзутұру,қолдарындатаспа, төменде;1–қолдарыналдығақарайтүзеп,созу;2–8 қолдарыналдыдаұстап,жоғары-төменқозғалту,9-10–б.қ.4рет.<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ.–аяқтарының арасынашыптұру,таспаұстағанқолдарытөменде.1-2–алдығаеңкею,таспалардыжоғарыкөтеру,артқашалқаю;3-4–б.қ.(5-6рет).<br>6.«Бесік»<br>Б.қ.–жердежатып,таспалардыалдығасозу,1–шалқайып,аяқ-қолдарынкөтеру,2–б.қ.8рет.<br>7.«Секіру».<br>Б.қ.–алдыға-артқасекіру8рет. | екіжаққаайналдыраотырып, төмен түсіреді(8рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады(8 рет).<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі(8 рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспанықолдан-қолғаауыстырады. Аяқтарынқайтатүзейді. (8рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді.(Екі қолына датаспаұстайды)(8 рет)<br>7.Б.қ.:бірорындатұрып,бiраяқпен секіреді(6рет). | 4–б.қ.–8рет.<br>2.«Секіртпежоғарыда,аяқбасынатұру»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,секіртпеніекігебүктеп,төменұстау.1-2–аяқбасынакөтеріліп,секіртпеніжоғарысозу;3-4 –б.қ.қ. (6 рет).<br>3.«Еңкею»Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген.1–секіртпеніжоғарыкөтеру;2–оңға(солға)еңкею;3–денетүзеу,секіртпеніжоғарыкөтеру;4–б.қ.қ.(6рет).<br>4.«Отырып-тұру»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген.<br>1-2–отыру,секіртпеніалдығашығару;3-4–б.қ.қ.(6рет).<br>5.«Қадаматтау,еңкею»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарындағы секіртпеекіжанынатөментүсірілген.<br>1–оңғааттап,секіртпеніжоғары көтеру;2–оңғаеңкею; 3–денесінтүзеу,секіртпе жоғары;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>6.«Аяғыныңбасынажеткіз»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарындағы секіртпеекіжанынатөментүсірілген.<br>1–секіртпеніжоғарыкөтеру;2–алдығаеңкейіп,секіртпеніоң(сол)аяқтыңбасынатигізу;<br>3–денетүзеп,секіртпеніжоға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | рыкөтеру;<br>4–б.қ.қ.(6рет).<br>7.«Секіру»Б.қ.–<br>аяқтарыныңарасыашық,секі<br>ртпеарттатөмен;екіаяқпенбі<br>ргесекіртпеніайналдыра<br>отырып секіру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:**<br>12.00<br>14.10 | 12.00-12.25<br>12.35-13.00<br>13.10-13.35<br>13.45-14.10 | **Дүйсенбі<br>07.10.24** | **Сейсенбі<br>08.10.24** | **Сәрсенбі<br>09.10.24** | **Бейсенбі<br>10.10.24** | **Жұма<br>11.10.24** |
| | | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен таныу<br>Мүсіндеу<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>7 саныжәне цифры.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>-1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>салауатты өмір салтына | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>-дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>-ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөз ішінен берілген дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>8саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>-8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>8 саны және цифры.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеугеүйрету;логикал ықбайланыстармензаңдылы қтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>**Ұлттық құндылықтар:** | **1. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Буын<br>**ҮІӘ міндеттері:**-сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.<br>-сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.<br>-ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:сөздерді буынға бөледі;<br>сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>6 және 7 сандары мен цифрын;<br>заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойындық жағдаят.**<br>Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгін белгілі ертегідегі гномдардың балаларға ұйымдастырылған іс-әрекетіне келгенін хабарлайды (үлестірмелі материал №11 парақ). Ол ертегінің қалай аталатынын еске түсіруді сұрайды. Гномдарды сана. Гномдарды санауға немесе гномдардың қиылған фигураларымен жұмыс істеуге болады және оларды жүйелеп орналастыру керек. Содан кейін әр гномға алма (бөлінген санау материалы, № 2, 3 парақтар) таратуды ұсынуға болады. Қанша алма қажет болады? (Жеті).<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суретте қанша жануар мен қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос.<br>Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап | білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.<br>сөздің дыбыстардан тұратынын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Артығын тап» ойынын ойнатады.<br>1. Жол, жаға, жастық, қастық. *(қастық)*<br>2. Кәмпит, киік, керует, төрлет. *(төрлет)*<br>3. Шана, шаңғы, шалма, қалма. *(қалма)*<br>4. Сурет, сәбіз, сағыз, қоңыз. *(қоңыз)*<br>5. Домбыра, долана, дорба, арба. *(арба)*<br>Балалар сөздегі бірінші дыбыс арқылы артық сөзді табады.<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>– Балалар, біз өткен іс-әрекетімізде дауысты, дауыссыз дыбыстар болып, бөлінетінін білдік. Сол дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан»*** | **Ұлттық құндылықтар:**<br>еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>7 және 8 сандары мен цифрын;<br>заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде дүкен ойынын ойнайтынын хабарлайды.<br>Балаларға дүкенге азық-түлікке баруды ұсынады. Педагог алма бейнеленген карточкаларды пайдаланады (№2, №3 парақтар).<br>– Алма сатып аламыз. Себетте олардың саны қанша? (Жеті). Тағы біреуін қос, олардың саны қанша болды? (Сегіз). Цифр салынған карточканы іздеумен отырады. Әрі қарай, балаларға, мысалы, 8 алмұртты санау ұсынылады.<br>**8 цифрмен танысу.**<br>8 цифрын 8 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрларды көрсету.<br>Педагог 8 цифрын көрсетіп, өлең оқиды.<br>*Мынау жатқан қайшы,*<br>*Ал «сегіз» цифр қайсы?*<br>*Оның екі көзі,* | логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>заттарды топқа бөлуді,8 сандарын тануды.<br>8-ге дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде балалардың саяхатқа шығатынын хабарлайды. Саяхаттау үшін қандай заттар қажет, олар немен тасымалданатыны туралы әңгіме жүргізеді.<br>Жұмбақтың не екенін білу үшін:<br>*Күтеді оны аталар,*<br>*Ағалар мен апалар,*<br>*Әжелер мен әпкелер.*<br>*Ол әйткені жұмысқа*<br>*Таңда, түсте апарар,*<br>*Кешке сосын ап келер.*<br>Дереккөз https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=2&tag_id=3123<br>– Автобуспен саяхатқа шығайық.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суреттегі түрлі түсті шабадандарды | болатынын;<br>дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Балабақша – базарлы үй,<br>Ауылдағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты үй,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>(*Ә. Қонарбаев*)<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>1) Дауысты дыбыстар деген не?<br>2) Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>3) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»,«Саңырауқұлақ», «Алтыбақан»***<br>**Ғажайып сәт.**<br>– Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті.<br>(П*едагог суреттерді тақтаға іледі: лақ, қасқыр, бағдаршам).*<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер.<br>*Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лақ, қас-қыр, бағ-дар-шам.*<br>Сөздерді қайталатқызады және буынға бөлдіртіп айтқызады.<br>– Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беруді ұсынады.<br>– Суретте не бейнеленген? Өрісте қанша жануар жайылып жүр? Далада қандай гүлдер өседі? Олардың саны қанша? Енді өрістегі жылқыларды (қойларды) сана. Аспанда қанша бұлт бар? Қанша көбелек ұшып жүр?<br>Содан кейін балалар ұяшықтарға сонша нүкте салады және карточкаларды цифрмен сызып қосады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«**Математикалық домино» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог жұптық жұмысты ұйымдастырып, кейіннен тексеру жүргізеді (үлестірмелі материал, № 8, 9 парақтар).<br>**2-тапсырма.** Көжекке 7 цифры және жеті нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя.<br>**«Ең мұқият кім?»** ойыны түрінде ұйымдастырылады. Педагог ойын шартын айтып түсіндіреді: қоян сәбізге жетуі керек. Бірақ ол тек 7 цифры мен 7 нүктесі бар ұяшықтармен ғана қозғала алады. Мұқият болу керек және тек осы ұяшықтарды бояу керек. Сәбізге кім бірінші жетеді?<br>**Сергіту сәті.**<br>7 рет секіру, 7 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 7 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. | ***«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз дауысты дыбыстан басталса, қызыл түсті дөңгелекті, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті көрсетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Белгі бер» дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауысты дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя.<br>2. Суреттерді ата. Суреттердің атауы дауысты дыбыспен аяқталса, қызыл қоржынмен, дауыссыз дыбыспен аяқталса, көк қоржынмен қос.<br>3. Суреттерге қара. Дауысты дыбыстардан | *«Сегізіңнің» өзі.*<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Сөреде қанша өнім болса, себеттерге сонша таяқшаның суретін сал.<br>Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын айтып беруді сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады:<br>– Сөреде қанша қорап айран бар? Оларды себетке «сал» – сонша таяқшалардың суретін сал. Сол сияқты ойын басқа тауарлармен де жүзеге асырылады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br>Педагог тапсырманың мұқият орындауына, балалардың отыру қалпына, қарындашты дұрыс ұстауына назар аударады. Ауада 8 санын «жаз»: қолымызды ажыратпай ирек жасаймыз, содан кейін жұмыс дәптерде орындалады. Цифрдың үстінен саусағымен жүргізіп, оны ермексаздан жасайды.<br>Қозғалмалы доп ойыны **«Атап көр, құр қалма!».** Балалардың үстелдерінде 1-ден 8-ге дейінгі цифлары бар карточкалар қойылады. Әр бала екі карточкадан бөліп алады. Педагог 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды еркін тәртіпте | сана. Тағы бір шабаданды боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя.<br>Балалар суретпен танысады.<br>– Қанша шабадан түрлі түске боялған? (Жеті). Тағы біреуін бояйық. Қанша болады? (Сегіз).<br>Шеңберлер және пирамидамен жұмыс алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетке ұқсас орындалады. Қорытындыда балалар: сегіз саны болу үшін жетіге біреуін қосу керек.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма.** Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 8 санын «жаз», содан кейін дәптердегі жұмысты орында.<br>Жұмыс үшін педагог қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүр» жаттығуын қолданады (үлестірмелі материал, № 4 парақ).<br>**Сергіту сәті.**<br>8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагогтің басшылығымен орындалады.<br>**Кесінді, қиық материалмен жұмыс.**<br>**«Ойлан, тап» ойыны.**<br>Педагог геометриялық фигуралар мен оларға ұқсас | дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.<br>Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буыннын тұратынын білуге болады.<br>– Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды.<br>Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. *Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді.*<br>Педагог балаларға «*қасқыр*» сөзін буынға бөлдіреді. *«Қас-қыр» сөзін* екі рет шапалақтап айтады.<br>«*Қасқыр* сөзі неше буыннан тұрады?<br>– Екі буыннан тұрады.<br>– Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «*қасқыр*» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар.<br>**Түсіну деңгейі:**Педагог балаларға «*бағ-дар-шам*» сөзін буынға бөлдіреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді.<br>Буынға тән негізгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойындық жаттығу «Сандарды жина».** Педагог балаларға жеке пазл жинағын таратады. (№5, №6, №7 парақтар). Балалар 1-ден 7-ге дейінгі сандарды құрастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 7 санын «жаз»: солдан оңға қарай сызық сыз, содан кейін көлбеу таяқшаны жоғарыдан төменге қарай қиғаш етіп сыз. Қысқа, көлденең сызық жүргіз. Содан кейін дәптермен жұмыс. Педагог балалардың дұрыс отыруына және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады.<br>**Қиық материалмен жұмыс.**<br>Педагог балаларға 1-ден 7-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады<br>(№ 10 парақ). Цифры бар карточканы көрсетеді, балалар қажетті нүктелер санын табады. Содан кейін кері нұсқа ұсынылады: педагог нүктелер санын көрсетеді – балалар цифр бейнеленген карточканы көрсетеді.<br>Балалар тағы да гномдарды санап, олармен қоштасады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** | басталатын заттың суретін қорша.<br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір демалайық.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)*<br>5. Суретті бастыр.<br>Педагог Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.**<br>Қолымызды қайшы етіп, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | көрсетеді. Мұндай цифрдың суреті салынған карточкасы бар балалар тұрып, цифрды атайды.<br>**3-тапсырма.** 8 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны бояйды.<br>Ол алдыңғы сабақтарға ұқсас орындалады, балалар санды тауып, бояйды.<br>**Сергіту сәті.**<br>8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 8 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 8 рет көршіңмен алақан соғыстыру.<br>Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Кесінді қиық материалдармен жұмыс.**<br>Педагог балаларға 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады<br>( №10 парақ). 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар карточкаларды жүйелі түрде орналастыруды ұсынады. Содан кейін балалар цифры бар карточканы, нүктелері бар карточкаларды көрсетеді.<br>**«Ойлан, тап!» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог заттардың әртүрлі қасиеттері болуы мүмкін екендігі туралы әңгіме жүргізеді. Ол қандай зат туралы сөйлесетінін табуға ұсынады: бұл шарға ұқсас зат, ол тығыз, онымен ойнауға болады. Бұл – доп. Затты қалай ойланып | заттардың (олардың суреттерінің) жиынтығын дайындайды. Ол геометриялық фигураларды көрсетеді, ал балалар қандай затқа ұқсайтынын айтуы керек. Мысалы, сары шеңберді көрсетеді және бұл шеңбердің неге ұқсайтынын сұрайды. Балалар фигураны атайды және сары шеңбер, мысалы, құймаққа, күнге, тәрелкеге ұқсатады, содан кейін педагог үлкен қызыл шеңберді көрсетеді. Балалар қиялдайды: алма, қызанақ. Үлестірмелі материалдар (№ 12,13,14 парақтар) қолданылады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Пішінін өзгерт. Түсін өзгерт. Балалар суреттерді қарап, орындалуына түсініктеме береді. Мысалы: сары шаршының суреті салынған, пішінді өзгертіп, сары шеңбер саламын.<br>**4-тапсырма.** Әр топтың заттары қандай белгілері бойынша жинақталған? Бұл заттарды қайда қою керек? Сызып қос.<br>Әр топтың заттарын белгілеріне қарай қалай жинақтағанын түсіндіріп, берілген заттарды сызып қосады.<br>**Ойын жаттығуы, «Ретімен тұр».**<br>Педагог балалар тобына 1-ден 8-ге дейінгі цифры бар карточкаларды таратады және ретімен сапқа тұруды | белгілері:<br>1) Дауыссыз дыбыс буын болмайды.<br>2) Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па)<br>3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады.<br>4) Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.<br>Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету.<br>– Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырыңдар.<br>**Бір буынды сөздер:** ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б.<br>**Екі буынды сөздер:** ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.<br>**Үш буынды сөздер:** а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.<br>***Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»***<br>**Шарты:** әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу.<br>***«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны***<br>– Балалар, «*Сөз жарысын»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | | табуға болады? Қандай сөздер көмектесті? **4-тапсырма.** Заттардың түсі, пішіні және өлшемінен басқа да қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата. Досыңмен ойна. Қасиеттерін ата, бірақ заттарды атама. Балалар арналған суреттерді қарастырады және заттарды жұмбақтап жасырып достарымен ойнайды. Педагог іс-әрекетінің басында алма жинаған себетке оралады. Біз алманы үйге әкелдік, оларды шығарып, хормен санаймыз. Педагог іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды жасалған жұмыстарына алғыс айтып мадақтайды, өз жұмыстарын бағалауды сұрайды. | ұсынады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. **Қолдану деңгейі:** **Сергіту сәті** Кірпі орманды Тікенекті инесімен<br>Аралайды, кезеді.<br>Жемістерді тереді.<br>Қара тұмсық мұрыны<br>Жинап алып азығын,<br>Иісті жақсы сезеді. Әне, кірпі келеді. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4.Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, жұмыс дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сүйемелдейді.<br>Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>Буында неше дауысты дыбыс болады? |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**
**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**
**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша**
***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***
**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ұлттық ойыны: «Таудантауға»**

**Басты міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту; Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.**

<table>
<tr>
<td colspan="3"></td>
<td colspan="3">Аз қимылды ойыны: «Таудантауға»<br>Ойынның міндеттері:Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;<br>Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.<br>Дағды: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>Ұлттық құндылық:қимыл-қозғалыс дағдылары мен ептілігінің дамуы, қимыл-қозғалыс мәдениетін меңгеру.<br>Ойын іс әрекеті:Тақияны  тез көршісіне кигізу.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойыншыларжанындағыкөршісініңбасынақолыжететіндейболып,шеңберқұрыпотырады.Барлығыбаскиімсізотырады,текжүргізушініңбасындағанатақиябар.Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынантақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншыдәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудыңбасына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасындақалғанойыншықандайдабір тапсырманыорындайды.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті            уақыты: 12.35 – 13.00</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Әжесінқайсысы жақсыкөреді?(Әңгіме)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>балалардыәңгіменітолық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздікқорларын дамыту;<br>-отбасындағыүлкен кісілердіқұрметтеп, сыйлауғатәрбиелеу.<br>Дағды: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстардыажырата алуға дағдыландыру.</td>
<td>2.Қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Дәрілік өсімдіктер.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру;<br>-өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту;<br>-өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру.<br>Дағды:Балалардың қоршаған ортаны</td>
<td>2.Көркем әдебиет-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар (Өтебай Тұрманжановтың әңгімесі)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру;<br>-кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету;<br>-еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>Дағды: Өз ойларын толық жеткізе білугедағдыландыру.<br>Ұлттық құндылықтар:Сөздік</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Үлгілі бала.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасыбойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану<br>-берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау<br>-өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру<br>Дағды: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.<br>Ұлттық құндылықтар:</td>
<td>2.Көркем әдебиет-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) танысу.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру;<br>-кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету;<br>-еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>Дағды: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>Ұлттық құндылықтар:<br>ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ұлттық құндылықтар:**<br>әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектіңқажеттілігін.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>әңгімемазмұнынбірін-біріжалғастыруарқылыайтады;<br>дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты –дауыссыз дыбыстардыажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Балалар,кімнің анасынемесеэкесідәрігер?<br>Егерсенауырыпқалсаң,анаң емдейдіме?<br>Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», –деп айтады. Көптеген кісілердіңөміріне араша түсетін мамандар.<br>Дәрігерлер туралы М.Төрежановағаларың да әңгімежазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Анаалғысы","Үшдос","Адалдос","Біз деойнаймыз","Шиетергенде" деген әңгімелерібар.<br>Дәрігертуралы"Әжесі қайсысыжақсыкөреді" әңгімесінмәнерлепоқыпберемін:<br>**Түсіну деңгейі:Әжесінқайсысыжақсыкөреді?**<br><br>ҚанатпенБолатәжесініңжанындаойнапотыр.БіркездеҚанатәжесінқұшақтап: | өсімдіктерді қорғап оларды аялауға тәрбиелеу; ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Табиғат бір - бірімен өзара тығыз байланысты болады екенін білу.Қоршаған ортаның фаунасы мен флорасын аялап, қорғауы керек.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Емдік өсімдіктердің түрлері мен қасиеті туралы<br>білді. Өсімдіктерден дәрілер жасау жолдары туралы білді.<br>Өсімдіктердің адам ағзасына пайдасы туралы меңгерді.<br>Дәріханадағы дәрілер мен өсімдіктен жасалған дәрілердің айырмашылы-ғын меңгерді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Проблемалық жағдаят.**<br>– Өсімдіктер болмаса, жерде тіршілік бола ма? (Балалардың жауаптары).<br>– Табиғатта дәрілік өсімдіктер көп өседі. Тек оларды танып, пайдалана білу керек. Ерте заманда адамдар барлық жануарлардың өздерін өсімдіктермен емдейтінін байқады. Соларға еліктеп, адамдар да өсімдіктердің қасиетін біліп, зерттей бастады. Ертеден халық емшілері дәрілік өсімдіктермен адамдарды | қорларына мән беріп, сауатты сөйлеуге, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.Құмырсқаның еңбекқор екенін түсінеді.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>ертегінің мазмұнын дұрыс түсіне біледі;<br>сұраққа жауап беруді және еңбекшіл болуды үйренді.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Алқаптан бидайды<br>Қоймаға ел жинайды.<br>Тырнасы тізілген,<br>Ұнатам күзді мен.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Екі басы, жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай. Ол не? *(Құмырсқа)*<br>– Құмырсқа кіп-кішкентай жәндік, үйір болып, бірігіп тіршілік етеді, тынбай жұмыс жасайды.<br>– Бүгін біз осы құмырсқа туралы Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» әңгімесімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қауыз* – бидай дәнінің босап қалған сырты<br>*илеу* – құмырсқаның баспанасы<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Жалқау егінші егінді | Көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру; Жолдастарын сөзін бөлмей тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Педагог балаларды ортаға, шаттық шеңберіне шақырады.<br>Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды.<br>Мен үлгілі баламын,<br>Айтқан тілді аламын.<br>«Жина,- десе, - ойыншықты»,<br>Өзім жинап қоямын.<br>Ініме де көмекке<br>Бірінші боп барамын.<br>Төсекті өзім жинаймын,<br>Үлкендерді сыйлаймын.<br>Айтқан тілді аламын,<br>Мен үлгілі баламын.<br>– Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз?<br>– Біздің арамызда үлгілі бала бар ма?<br>– Кімнің үлгілі бала болғысы келеді?<br>– Ол үшін не істеу керек?<br>– Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма?<br>– Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады?<br>Балалар достарының арасынан үлгілі балаға лайықтыларды атайды.<br>Көңілді ырғақтыәуен<br>Сылдырмақ<br>**Түсіну деңгейі:**Педагог:<br>Үлгілі бала жан-жақты | тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді,ертегініңерекшеліктеріне<br>көңіл бөледі;<br>ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>мазмұнының жүйесін сақтай отырып,ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Шаттық шеңберін құру.<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен<br>Сөздің бәрі – ақ тілек.<br>– Балалар, бір-бірімізге ыстық лебізімізді білдірейік.<br>– Достарыңнан жақсы тілек, ыстық лебіз естіп, көңіл күйің көтерілді ме?<br>– Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?<br>– Қандай ертегі білесіңдер? Есімізге түсірейік.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. *(Аю)*<br>– Балалар, мен сендерге аю туралы қызықты ертегі оқып берейін. Ертегі «Шаруа мен аю» деп аталады.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесініңекіншіжағынашығып:<br>Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басынқатырмаймын,– депталасты.<br>Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап,қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болатабыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігеркеліп,әжесінеинешаншып,дәріберді.Әжесібасын көтеріп,дәрігергеалғыс айтты.<br>ДәрігерБолатпен Қанаттан: Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады.Болат: Менмін,– деді. Ақылдыбалаекенсің.Әжеңді жақсыкөредіекенсің,–деді дәрігер.<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалық ойын:** «Дауысты дыбыстарды ата».**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарыншапалақтайды.Дауыссыздыбыскездессе,тыныш отырады.<br>**Мақал-мәтелдердіқайталау.** | түрлі аурулардан емдеді. Олар «Шөптер», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғи дәрумендер» деген кітаптар жазып қалдырды. Бұл кітаптардың атауларына қарап олардың мазмұнын болжауға болады. Заманауи дәріханаларда әртүрлі кептірілген өсімдік, тұнба, дәрі және шөптен жасалған сусындарды сатып алуға болады. Дәріханадағы дәрілік өсімдіктерді көрдіңдер ме? Қайсыларыңды аналарың дәрілік шөптермен емдеді? Қандай аурулардан? (Балалардың жауаптары).<br>– Біздің жерімізде дәрілік өсімдіктер көп өседі. Бүгін солардың біразымен танысамыз. Біздің достарымыз Желаяқ пен Саққұлақ дәрілік өсімдіктер өсетін жерлерді көрсетеді.<br>***1-слайд. Жолжелкен.***Біздің жерімізде көп өседі. Ол қан тоқтатады, микробтарды өлтіреді.<br>***2-слайд. Жалбыз.*** Оның жапырақтарын қайнатып, суық тиген кезде ішеді. Бақбақ. Оны ұйқысыздық ауруын емдеуге қолданады.<br>***3-слайд. Итмұрын.*** Оның жемістерін суық тигенде қайнатып ішуге болады. Адамдар итмұрынды «өмір жемісі» деп атаған, құрамында аскорбин | қайда егіпті? Содан кейін не істеп жүріпті?<br>– Еңбекқор құмырсқалар жерге түскен дәндерді қайда әкетті?<br>– Жалқау егінші оларға не айтты?<br>***Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді»***<br>Тақтаға дақылдардың суреттері ілінеді. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Қай суреттің жоқ екенін табады.<br>**Сергіту сәті**<br>Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды.<br>– Әңгіме қалай аяқталды? Жалқау егінші: «Жарайды, жинап алған екенсіңдер. Ендігі жылы тұқым керек болса, келіп алармын», – деп, атына мініп, шу деп жүріп кетіпті.<br>Балаларға 1-2 рет қайталатады.<br>**Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша әңгімеле. Торғай не істеді? Құмырсқалар не істеп жүр?<br>2. Ұйқасын тап.<br>Бәрі бірдей жұмысқа<br>Шығатындар ... .<br>*(құмырсқа)*<br>3. Үзік сызық бойымен бастырып, суретті аяқта.<br>4. Мақалды жаттап ал. | болуы керек. Таза жүріп, ұқыпты болғанымен, ойыншығын жинамаса немесе анасына көмектеспесе, ол бала үлгілі балағажатпайды. Үлгілі баланың сабақ үлгерімі жақсы,ұқыпты, кішіпейіл, досына да көмек бере біледі. Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме айтып беремін. Мұқият тыңдаңдар.<br>**Нағыз дос**<br>Ерлан мен Дидар жақын достар, олар көрші тұрады, ата-аналары да бір-бірін жақсы таниды.<br>Екеуі кішкентай кездерінен бірге ойнайды, бірге серуендейді. Бірде серуеннен келе жатқан екеуінің<br>алдынан үлкен ит шығып, Ерланға бас салды.<br>Педагог:<br>- Балалар Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз ойларыңмен жалғастырыңдар, әрі қарай не болды<br>деп ойлайсыңдар? Оқиға немен аяқталуы мүмкін?<br>- Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің?<br>**Қолдану деңгейі: идактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді айт».**<br>*Ойынның шарты*: Педагог допты кез келген балаға лақтырып, бір сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтыруы керек. | оқып беру (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– Қызылша жер астында жатады, жапырағы жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*шаруа* – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам<br>*соқа* – жер қазатын құрал<br>*орман маңы* – орманға жақын жер<br>Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>– Олар қалай келісті? Шаруа не екті?<br>– Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті?<br>– Аю не нәрсені білмеді?<br>**Сергіту сәті**<br>Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен жасау.<br>– Шаруа бірінші не екті? Қалай екті?<br>*(Қимылмен көрсетеді)*<br>– Аю қалай жүріп келді?<br>*(Қимылмен көрсетеді)*<br>– Келесі жылы шаруа не екті? Бидайы қалай өсті?<br>*(Қимылмен көрсетеді)*<br>– Шаруа қызылшаны қалай жинады?<br>*(Қимылмен көрсетеді)*<br>Педагог ертегіні екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жанысаудың–тəні сау.<br>3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата– бəйтерек,<br>Бала–жапырақ.<br>**Тілжаттықтыру жұмыс:** жаңылтпаштықайталатады.<br>Шеше,нешекесесындыкеше? | қышқылы, Е, В, К дəрумендері бар.<br>**Түсіну деңгейі:**Балаларды гербарийлер папкалары қойылған үстелге шақырады (жолжелкен, итмұрын, бақбақ, жалбыз), өсімдіктердің жапырақ, сабақ жəне тамырының орналасу ретіне назар аударып, салыстырып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.<br>«Гүлді кім бірінші салады?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Педагог балаларға қалаған дəрілік қасиеттері бар өсімдіктердің суретін салуға ұсыныс береді.<br>Балалар үлгілерге қарап, гүлдер, өсімдіктер суреттерін салады.<br>Сергіту сəті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**Қолдану деңгейі:Үлестірмелі материалдармен жұмыс:**<br>1 . Желаяқ пен Саққұлақ орманға серуенге шықты. Олар жолда қандай дəрілік өсімдіктерді көрді?<br>Шартты белгіні пайдаланып, сызықпен екеуінің жолын көрсет.<br>2 . Жұмбақты шеш.<br>Қандай дəрілік өсімдік туралы айтылған?<br>Жол жиегінде өсетін,<br>Жапырағы жалпақ,<br>Жараны жазбақ. Ол не?<br>*(Жолжелкен)*<br>Педагог қорытынды | Еңбектің наны тəтті,<br>Жалқаудың жаны тəтті.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-əрекетін пысықтайды.<br>– Неге егіншіні еріншек, құмырсқаларды еңбекқор дейміз?<br>– Əңгімеден қандай əсер алдың?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар** (əңгіме)<br>Бір егінші ойға егін егіп тастапты да, өзі қыдырып жүре беріпті. Қыр қызығы басылған соң, қыс қамы ойына түседі.<br>– Бидайым пісіп тұрған шығар, жинап ала қояйын, – деп ойдағы егініне келеді.<br>Келсе, алақандай аз мөлдектің əр басында бір торғай қонақтап отыр. Торғайдың шоқып, желдің шайқап төккен дəндерін еңбекқор құмырсқалар жинап үлгерген екен. Бидайының басында бос қалған қауыздан басқа түк те жоқ. Еңбекқор құмырсқалар қыс қамын ойлап, өзінің илеуіне ең соңғы тапқан дəндерін асыға тартып бара жатыр. Сонда жалқау егінші əлгі құмырсқаларға қарап:<br>– Жарайды, азаматтар, жинап алған екенсіңдер. Ендігі жылы тұқым керек болса, келіп алармын, – | **Мысалы:**<br>Жина - шаш<br>Ақылды - ақымақ<br>Ұзын - қысқа<br>Тəртіпті - тəртіпсіз<br>Ұқыпты - ұқыпсыз<br>Пысық - жалқау<br>Жаман - жақсы<br>Ыстық - суық<br>Жат - тұр<br>Қатты - жұмсақ<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біз үлгілі баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Жаттығулар жасасақ,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>**Əліппе-дəптермен жұмыс:**<br>***2-тапсырма.*** Суретке қарап əңгіме құра, қай баладан үлгі алуға болады?<br>Үйге келген соң аналары не істейді деп ойлайсың?<br>Қайсысының анасы қандай көңіл күйде болады?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Мұнтаздай – кіршіксіз, тап-таза.<br>***3-тапсырма.*** Мақалдардың мағынасын түсініп ал:<br>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.<br>Жақсы болу өз қолыңда.<br>Атадан жақсы ұл туса,<br>Елдің қамын жейді.<br>Атадан жаман ұл туса,<br>Елдің малын жейді.<br>Педагог мақалдың мағынасын сұрайды, түсіндіреді.<br>Балаларға қайталата отырып | қайтара оқиды. Педагог ертегінің басын айтады, балалар<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте қай ертегі бейнеленген?<br>Шаруа аюға не айтып тұр?<br>Ойыңды білдір.<br>Ертегі арқылы қандай ой түйдің?<br>Ертегі қалай аяқталады?<br>Ертегідегі адам мен аюдың іс-əрекетін салыстыр.<br>2. Суреттегі заттарды ата.<br>Шаруаның құралын қоршап сыз.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Тігіп алып көк шатыр,<br>Қызыл күрең доп жатыр.<br>*(Қызылша)*<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-əрекетін пысықтайды. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>жасайды, балаларды мадақтайды.</td><td>деп атына мініпті де, шу деп жүріп кетіпті.</td><td>жаттады.<br>**Ойын-жаттығу**: «Мен орындай аламын».</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="4">***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**13:00-13:10**</td><td colspan="5">**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">**«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»**</td></tr>
<tr><td colspan="5">**- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.**<br>**- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.**<br>**- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.**<br>**- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**</td></tr>
<tr><td>**Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханға береке берсін,*<br>*Бастарыңа мереке берсін.*</td><td>**Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру*:***<br>*Астарыңа адалдық берсін,*<br>*Бастарыңа амандық берсін.*</td><td>**Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханның байлығын,*<br>*Деннің саулығын берсін!*</td><td>**Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханың мол болсын,*<br>*Абыройың зор болсын.*</td><td>**Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Уайым - қайғы жоқ болсын.*<br>*Отырғандарың үлкен тақ болсын.*</td></tr>
<tr><td colspan="6">***2 үзіліс – 13:00 – 13:10***</td></tr>
<tr><td colspan="6">**Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында**</td></tr>
<tr><td colspan="3">**Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**<br>**Дыбыстық есту арқылы ойын:**<br>**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>**Міндеттері:**<br>-балалардың сөздік қорын молайту;<br>-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;<br>-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;<br>-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;<br>-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды жәнетазадикцияны дамыту,сұрақтарғажауапберудағдыларын жетілдіру;</td><td colspan="3">**Тыныс алу қабілетін дамытуға арналған тыныс жаттығулар**<br>**«Кімнің кемесі қатты гуілдейді?»**<br>Мақсаты: ауа тіл ортасынан шығу керек.\<br>Дайындық: шыныдан жасалған түтікшелер биіктігі 7-8 см. Ені1-1,5см.<br>Ойын барысы:Әр балаға логопед түтікшені үлестіреді.<br>-Балалар,менің түтікшем қалай гуілдейді,мен үрлеп тұрмын,қалай,кеме сияқты ма?Ал,сенікі ше?<br>Әдістемелік нұсқау:ауаны дұрыс шығару үшін тіл ұшы түтікшенің ауыз жағына тиіп тұру керек,түтікше иекке тиіп тұрады.<br>**«Құс ұшты»**<br>Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу.<br>Дайындық:Жұқа қағаздан құстарды қиып алу,оларды бояу.<br>Ойын барысы:екі үстел үстіне төрт құсты қоямыз.Төрт бала шақырылады,әр құстың қасына отырады.Логопед құстар құстар ұш дегенде,балалар үрлейді.<br>Әдістемелік нұсқау:балалар үрлегенде ұртына ауаны жинамау керек.</td></tr>
</table>











**«Көбелек ұш»**
Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу.
Дайындық:жіпке тізілген көбелектерді баның алдына қоямыз.
Ойын барысы: Бала орындықта отырып,көбелектерді ұзақ үрлейді.
**«Суға сүңгуіштер»**
Мақсаты: баланың ауызбен дем алып,мұрынмен ауаны шығаруы керек.
Дайындық:Суда шомылып жүрген балаларды бейленейтін суреттер.
Ойын барысы:Бала екі қолын екі жаққа созады,ауызбен дем алады.Бала отырады,мұрыннан ауаны шағарады.
Әдістемелік нұсқаулық: 2-3 реттен артық жасауға болмайды.
**«Ойыншық»**
Мақсаты: баланың мұрынмен дем алып ауыздан ауаны шығару керек.
Ойын барысы: Ойыншықты үрлеп мұрынмен дем алады,ауыздан шығарады.
«Өлең айтамыз»
Мақсаты: ауа ұзақ еркін шығуы керек.
Дайындық:ойыншық,әуен аспаптар.
Ойын барысы:Аспаптарды үрлеп а-а-а-у-у-у деп қайталайды.
**«Шар»**
Мақсаты: ауаны ауыздан ұзақ шығару.
Дайындық:шардың суреті,шарлар.
Ойын барысы:Шарды үрлейміз,ұртымызға ауа толтырамыз,шар босап кетті,ауаны жай,баяу ауыздан шығарамыз.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-**<br>коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Неше?Санау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**санамақтаржаттау,туражәнекерісанау.Қазақтілдегісөздерменсөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық,дұрысайта білу дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** | **3.Мүсіндеу-**<br>шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көгөністер.<br>Саңырауқұлақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>геометриялықфигуралардықияр,қызылша,сәбіз,т.б.көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>қолдыңұсақмоторикасын, ойлауқабілеттерін дамыту;<br>адамгершілік,эстетикалық тәрбиеберу.<br>**Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Еңбеккорлыққа, | **3. Сауат ашу негіздері-**<br>тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>-тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>-достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>дауысты, дауыссыз | **3.Қазақ тілі-**<br>коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Аптакүндері.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>аптакүндерініңқазақшаатауындұрысайту, есте сақтауғаүйрету;<br>жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеукезіндегітынысалудыжәнедикциянargыдамыту.<br>**Дағды**: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Өсімдіктердің көбеюі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру.<br>Тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту;<br>-өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақтарайтады,сұрақтарғажауапбереді.<br>**Күтілетін нәтиже**:онғадейінтуражәнекерісанайды,санғасәйкессуретті көрсетеді; сұрақтардытүсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себеткебөліпсалу,атау,сипаттау.<br>**Дидактикалықойын:«Аудармашы».**<br>Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады.Фрукты– ...(жемістер).<br>Овощи–...(көгөністер).<br>Ягоды –... (жидектер).<br>**Түсіну деңгейі:** Постердің көмегімен ойыншықтарды санау.Бірит, екімысық, үшдоп, төртаю, бесұшақ.<br>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.<br>23415 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».**<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау,төмен кері санау<br>(қол моторикасындамыту).<br>Санамақжаттау.<br>Бақшада жақсы ағаОйыншық береді. | ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: әртүрлітәсілдердіпайдаланаотырыпкөгөністердімүсіндейді; әртүрлітәсілдердіпайдаланаотырыпсаңырауқұлақтымүсіндейді; заттықмүсіндеудегеннің не екенін; саңырауқұлақтыңәртүрліболатынын; домалақтау,жалпақтау,есутәсілдерін; саңырауқұлақтыңпішінінкелтірудемүсіндеудіңәртүрлітәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:***«Кімнебіледі?»дидактикалықойынынұйымдастыру.*<br>Кімтезжәнекөпұпайжинаса,солбалажеңімпазатанады.<br>–Қандай көгөністі білесіңдер?<br>Көгөністерқайдаөседі?<br>Көгөністіңпайдасынайт,т.б.<br>–<br>Балалар,бізгеорманнанқоянсиқырлықапберіпжіберіпті.Кәне,ішінашыпкөрейікші.<br>Балалар қап ішіндегі көгөністерді алып, оның пішінін, түрін, түсінзерттепкөреді.<br>Балалар,мынасуреттеннекөріптұрсыңдар?<br>Саңырауқұлақтарбір-бірінеұқсайма?<br>Иә,саңырауқұлақтыңбойла | дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.<br>**Күтілетін нәтиже**:дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады; дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**«Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы бастайды.<br>Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.<br>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ...<br>2. Қарға қалай дыбыстайды? – ...<br>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – ...<br>4. Аққу қалай дыбыстайды?<br>5. Торғай қалай дыбыстайды? – ...<br>**Түсіну деңгейі:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан»***<br>Құстардың суреттерін *тақтаға іледі.*<br>– Балалар, қандай құстарды білесіңдер?<br>– Қарға, тоқылдақ т.б.<br>– Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай | Сандар жайлы түсініктерін дамыту, ойлау қабілеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту. Балаларды тапқырлыққа, ізденпаздылыққа, бір біріне көмек беруге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:аптакүндерініңқазақшаайтады; қойылған сұрақтытүсінеді, аптакүндерінретіменқолданады,сұрақтарғажауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:Дидактикалық ойын: «Көршісін тап?»**<br>Шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура жәнекері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкаларсаналып,жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**Тақпақ«Аптакүндері».<br>Апта деген атайдың Жетібірдейұлы бар.Біріншісі – дүйсенбі,Екіншісі – сейсенбі,Үшіншісі – сәрсенбі,Төртіншісі–бейсенбі,<br>Бесіншісі – жұма,Алтыншысы – сенбі,Жетіншісі–жексенбі.<br>Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады.Аптаданешекүн?<br>Бүгін аптаның қай күні?Аптаның бірінші | **Дағды**: Өсімдіктердің өсіп-жетілу жолдарымен, өсіру тәсілдері жолдарымен және оларды күтіп-баптау түрлерімен танысу арқылы күтім жасауды дағдыға айналдыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Өсімдіктер дүниесін қорғауға тәрбиелеу.Көкті жұлмау.<br>**Күтілетін нәтиже**:Өсімдіктердің көбею жолдарын білу тиіс; өсімдіктерді күтіп, баптау; өсімдіктерді гүлзарларға отырғызу, оларды суару.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Педагог жұмбақ жасырады.<br>– Қолы жоқ, аяғы жоқ – қозғалады, аузы жоқ – тыныс алады, қоректенеді.<br>– Бұл – өсімдік.<br>– Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?<br>– Адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады. Біз тәжірибе жасап көрдік.<br>– Өсімдіктер қалай көбейеді?<br>– Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді.<br>– Өсімдік өсу үшін не керек?<br>– Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық, жылу керек.<br>Интербелсенді тақтадан<br>**Көлтауысардың сұрағы:** «Өсімдіктердің өсіп-өнуіне судың қандай қатысы бар?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірбалық,<br>Екі шелек,Үш үйрек,<br>Төрт түлкі,Бесбүркіт.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ойынжаттығуы:асықпеноры ндалады.Педагогқандайбірс андыайтады,балаларсонша асықтысанап алады да,«неше?» сұрағынажауапбереді.<br>**Сергітусәті.**<br>Бір,екі,үш,<br>Біз жинаймыз күш.<br>Төрт,бес,<br>Үлкен болып өс!<br>Алты,жеті,<br>Қолымыз еденге жетті.<br>Сегіз,тоғыз, он,<br>Орындарыңақон. | ры,түстеріәртүрліекен. Осысаңырауқұлақтартурал ынебілеміз? Қандайертегібілесіңдер? Балалар,саңырауқұлақтура лытақпақ,ертегібіледіекен біз.Ендіосысаңырауқұлақт ардыермексазбенмүсіндеп көрейікші.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Қызғылтсарытүстіермекса здыалып,жұмсартыпконус тәріздіпішінге келтіреміз.Жасыл түсті ермексазды жіңішкелеп есу арқылыжапырақтарынжаса ймыз.<br>–Енді,қызылшаны мүсіндейміз. Ол үшін алақанға қызыл түстіермексаздысалыпжұм сартып,содансоңдомалақта йміз.Ұшжағыншымшып созу арқылы жіңішкертеміз. Жасыл түсті ермексаздан есіпжіңішкесабағындайын дап,біріктіреміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Саңырауқұлақтымүсіндеу жолдарынкөрсету,түсіндір у:<br>Алдымен бір кесек ермексазды алақанның арасына салып жұмсартамыз.Созутәсілі арқылы саңырауқұлақтың аяғын жасап, сопақша пішінгекелтіреміз. Қызылтүстіермексаздыдом алақтапалып,тақтайшаүсті некойып,алақанменбасып жалпақтаймыз. Ақтүстіермексазданбірнеш | дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың дауысты ма, дауыссыз ба дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.<br>Аққу – құстың төресі,<br>Ақ мамықтай денесі.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр?<br>– Дұрыс, [а] дыбысы.<br>– [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта.<br>– Дауысты дыбыс.<br>– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Қызыл түспен.<br>Педагог тақпақ оқиды.<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>– [Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта.<br>– Дауысты дыбыс.<br>– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Қызыл түспен.<br>Га-га-га қыста тоңбайды,<br>Га-га-га талға қонбайды.<br>– [Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер.<br>– Дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Қарға-қарға қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [К] дыбысының Қай дыбысқа жататынын | күні?Екіншікүні?т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**Дыбыстықжаттығу (айнаменорындалады).<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә-сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ-жұұ-ма<br>Сөйлемдерді тыңда.<br>Балалар әр апта күнінде не істеді?Суреттен көрсет.Балалардүйсенбідед опойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбідесуретсалды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмадажидектерді.<br>Сенбідекинокөрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балаларосылайбіраптаныөт кізді.<br>Педагогсөйлемдердіоқиды, мазмұнынтүсіндіреді.<br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі,жұма,сенбі, жексенбі.*<br>**Сергітусәті:**<br>Таңертең тұрамын,Қолымды жуамын.<br>Тісімді тазалап,<br>Бетімдіжуамын.<br>Шашымды тараймын,Киімімді киемін,<br>Бақшамабарамын. | Жауап: «Сусыз өімдік өспейді. Өсімдік су арқылы топырақтағы қоректік заттардың бойына сіңіреді».<br>**Түсіну деңгейі:** Балаларға екіге бөлінген алма мен алмұрт ұсынылады. Олардың қандай ұқсастығы мен айырмашылығын табады. Олардың пішіндері, дәмі, түсі, иісі әртүрлі. Олардың ұқсастығы: екеуі де жеміс, ортасында тұқымы бар, қатты жеміске жатады.<br>– Егер осы бөліктерді қағаз сүрткішке қойсақ не болады?<br>– Қағазда судың ізі қалады.<br>Қандай қорытынды жасауға болады?<br>– Екеуі де шырынды жеміске жатады. (Көгөністердің тұқымын бақылау ұсынылады).<br>– Олардың тұқымы қандай?<br>– Тұқымдары әртүрлі. Бірінің сырты қатты қабықтан тұрады, енді бірі жұмсақ.<br>– Біз тамаққа қандай бөлігін пайдаланамыз?<br>– Тұқымынан тазартып, жұмсақ бөлігін пайдаланамыз. (Тұқымды лупамен қарау ұсынылады).<br>– Тұқымдар әртүрлі.<br>Барлық тұқым бірдей ме? Тұқымдарды ортасынан бөліп көріңдер.<br>– Кейбір тұқымдар ортасынан жарылады. Ал қызанақтың тұқымы бөлуге келмейді. Ол ұсақ және жұмсақ. Сыртқы қабығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | екішідомалақпішіндержасаймыз.<br>Саңырауқұлақтыңқалпағынаяғынаорналастырамыз.<br>Актүстіермексаздармерсаңырауқұлақтыңқалпағынбезендіреміз.<br>Енді қиярды мүсіндеуге кірісейік. Ол үшін жасыл түсті ермексаздыалып жұмсартып, есу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Шымшу арқылыбүршіктерін жасаймыз. Тағы бір кішкене бөлігіналып есіп, қиярдыңсабағынорналастырамыз.<br>**Сергітусәті:**<br>Көгөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді.<br>Әуен ырғағымен балалар билейді,айналады, музыка тоқтағандаоларбірігіп,**«салат»**болады. | анықта. Жасалу жолына мән бер.<br>– Дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Кекілік-ау, кекілік,<br>Кетіп қалма секіріп.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>[К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер.<br>– Дауыссыз дыбыс.<br>– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Көк түспен.<br>Ителгі алмас күшті аңды,<br>Ителгі аулар тышқанды.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [И] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер.<br>– Дауысты дыбыс.<br>– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>– Қызыл түспен.<br>Сауысқан-ау, сауысқан,<br>Сақтанасың дауыстан.<br>– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [С] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер.<br>– Дауыссыз дыбыс.<br>Тырау, тырау, тырналар,<br>Тамаша әнін тыңдап ал.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>– [Т] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу | | ішіндегі тұқымды кеуіп кетуден сақтайды. Тұқым өсіп-өну үшін қандай жағдай керек?<br>– Алдымен оларға жұмсақ, құнарлы топырақ керек. Содан соң жарық, жылу, ауа, су керек. Ал сендер қалай күтулерің керек?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>– Өнген өсімдікті су құйып, топырағын қопсытып, арам шөптерден тазартып отыру керек. Өсімдік әрі қарай қалай дамиды?<br>– Өсімдікте гүл пайда болады. Гүлдің ортасындағы түйіннен жеміс пайда болады.<br>Педагог әңгіме оқып береді.<br>– Маржан апасына бақшаға көкөністер көшеттерін отырғызуға көмектеспекші болды. Апасы жерге дәндер септі, бетін топырақпен жапты, Маржан оларды суқұйғышпен суарды. Ал бір өсімдікті тамырымен жерге екті. Апасы Маржанға бұл өсімдік тәтті болып өсетінін айтты. Маржан көз алдына елестетті, иісі аңқыған, өзі тәтті, қып-қызыл. Ол қандай өсімдік?<br>– Құлпынай.<br>«Өздерің табыңдар» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Балалар, Асан мен Үсен неге айтысты? (Балалардың жауаптары).<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Өсімдік қайда жасырынды?»** ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жолына мән бер.<br>– Дауыссыз дыбыс.<br>Шаңқ, шаңқ етіп шағала,<br>Шабақ ілер жағада.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[Ш] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. (Қатаң дауыссыз дыбыс).<br>Лашын көкте самғайды,<br>Лашын көкті шарлайды.<br>– Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта. Жасалу жолына мән бер. (Дауыссыз дыбыс) **Саусақ жаттығуы**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. | | (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу)<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Көлтауысардың пайымдауы: Өсімдіктер тамыр, тұқым және табиғи тәсілдер арқылы көбейеді.<br>1. Суретте қандай өсімдік бейнеленген? Сурет бойынша өсімдіктің өсу ретін цифрмен белгілеп көрсет. Көлтауысарға түсіндір.<br>2. Өсімдік өсу үшін не қажет? Сызықпен қос. Әңгімеле. |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**
**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**
***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**
**Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.**
**Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.**
**Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»**
**Басты міндеттері:Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.**



**Аз қимылды ойын:«Күн мен жаңбыр»**
**Ойын міндеттері:** Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
**Дағды:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.
**Әдістемелік нұсқау:**
**Ойын шарты:**Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.
**Ойынның педагогикалық маңызы.**
**Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын.**<br>**Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 6 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жиынтық**<br>**Жұптаорындалатынжаттығулар**<br>1.«Қолдыкөтеру» Б.қ.–негізгітұрыс,бір-бірінеқарап,қолұстасыптұру; 1–қолдардыекіжаққасозу; 2–қолдардыкөтеру;3–қолдардыекіжаққасозу;4–қайтаданбастапқықалыпқакелу(8рет).<br>2.«Отырып-тұру» Б.қ.–негізгітұрыс,бір-бірінеқарап,қолұстасыптұру; 1-2–серігініңқолынжіберместенкезек-кезекотырып-тұру;3-4 – қайтадан бастапқықалыпқакелу(8 рет). | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын.**<br>**Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 7 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>**Құрсауменорындалатын жаттығулар**<br>1.Б.қ.:қолдарын жанына салбыратып, құрсаудыңішіне тұру. 1–отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнынақою.4 – қайтаданбастапқықалыпқа келу(7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2 – денені оңға бұру; 3-4 – | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын.**<br>**Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 8 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық***<br>**Құрсауменорындалатынжаттығулар**<br>1.Б.қ.:қолдарын жанына салбыратып, құрсаудыңішіне тұру. 1–отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнынақою.4 – қайтаданбастапқықалыпқакелу(7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2–денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын.**<br>**Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық***<br>**Құрсауменорындалатынжаттығулар**<br>1.«Өкшеге». Б.қ.:негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында.1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оғанқарау, оң(сол) аяғынжанына шығарып, ұшыменқою; 3-4– қайтаданбастапқы қалыпқакелу.5 рет қайталау. (Басынтөментүсірмеу)<br>2.Б.қ.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау; 1-2– оңға (солға) бұрылу,құрсаудыжоғарыкөтеру;3-4 – қайтаданбастапқықалыпқак | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын.**<br>**Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№10 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық***<br>**«Құрсаудыжоғарыкөтеру»**<br>1.Б.қ.–тұру,аяқтарынтабаненіндеашыпқою,құрсаудыиыққаілу;1–құрсаудыжоғарыкөтеріп,оған қарау;2–қайтадан бастапқықалыпқакелу,қайталау(8рет).<br>2.«Құрсаудыкөтеру» Б.қ.:қолдарын жанына салбыратып, құрсаудыңішіне тұру. 1–отырып барып, құрсауды екіжанынан ұстау; 2–денені түзеу, құрсаубел тұсынакеледі; 3 – отырып,қайтаорнынақою. 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.«Бұрылу»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,бір-бірінеқарап,қолдарынайқастырып,аяғыныиықеніденгейіндеқойыптұру;1–дененіоңға(солға)бұру;2–қайтадан бастапқықалыпқакелу(8рет).<br>4.«Құрсақтығыршығынқатайту»<br>Б.қ.–бірініңаяғынекіншіаяғыменқысып,қолдарынжелкесінеқойып,шалқалапжату,1-2 –кезек-кезекденесін көтеріп,отырады;3-4–қайтадан бастапқықалыпқакелу(8рет).<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ.–аяғыныиықдеңгейіндеетіпқойып,қолдарынтөмендеұстаптұрады.1–оңғабұрылады, оң қолы төменде қалады да, сол қолы жоғары көтеріледі. 2 – қайтадан бастапқықалыпқакелу (8 рет).<br>6.«Секіру»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,бір-бірінеқарап,қолұстасыптұру; 1-2–орнындатұрыпсекіру–8рет. | қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдардықайталау(7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқасозу.3-4 – қайтаданбастапқықалыпқа келу.Солаяқпенқайталау.(7 рет)<br>4.Б.қ.:аяқтарынтабаненіндейашып,құрсаудыбүгілген қолдарымен ұстаптұру.1-2–құрсаудыалдығашығарып, отыру;қайтадан бастапқықалыпқакелу,қайталау(7-8рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау.1 – оң аяғынтізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосықимылдардыорындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.:құрсаудыңішіндетұру.<br>Қолдарыбелде.Бірқұрсаудан екіншігеқосаяқтап секіру. | қимылдардықайталау(7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқасозу.3-4 – қайтаданбастапқықалыпқакелу.Сол аяқпенқайталау.(7рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2–құрсаудыалдығашығарып,отыру;қайтадан бастапқықалыпқакелу,қайталау(7-8рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау.1–оң аяғынтізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосықимылдардыорындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.:құрсаудыңішіндетұру.<br>Қолдарыбелде.Бірқұрсаудан екіншігеқосаяқтап секіру. | елу, қайталау(6 рет).<br>«Аяғы құрсауда». Б.қ.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау. 1-2– құрсауды тік қою,аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу,қайталау(4-6 рет).<br>«Құрсауға жеткіз». Б.қ.:құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарынжоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру.Аяқтарын бүкпей,басынкеру. Қайталау (6-8 рет).<br>5 «Құрсау арқада».Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген;1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу,қайталау(4 рет).<br>6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою.Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу.Бағытын өзгертіп, 4 ретжайжүріспен алмастырып, қайталау. | қайтаданбастапқықалыпқакелу(8рет).<br>3.«Бұрыш».Б.қ. – құрсаудыңішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдейтүзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою;<br>3 –аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру;<br>4 – қайтадан бастапқы қалыпқакелу,қайталау(8 рет).<br>4.«Құлау».Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудыңортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдардықайталау(8 рет).<br>5.«Айналдыру».Б.қ.–тұру,құрсаудыеденгеқою;құрсаудыбірқолменайналдыру (3рет).<br>6.«Массаж».Б.қ.–тұру,құрсаудыеденгеқою;оныоңаяқтыңбармақтарыменкөтеру.Солаяқпенқимылдардықайталау (3 рет).<br>7.«Табандысергіту»<br>Б.қ.–құрсаудыңішіндетұру.Құрсауменөкшелепжүру,бармақтарыменжүру;(2айналу)<br>8.«Секіру».Б.қ. – құрсауға қарап тұру, аяқтары аздап алшақтатылған, қолдары жанында; екі аяқтапқұрсаудысекіріп,бағ |

| | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ытынкезекөзгертеотырып,а здағанүзілісжасап,айналу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 12.00 14.10<br>12.00-12.25<br>12.35-13.00<br>13.10-13.35<br>13.45-14.10 | **Дүйсенбі 09.09.24** | **Сейсенбі 10.09.24** | **Сәрсенбі 11.09.24** | **Бейсенбі 12.09.24** | **Жұма 13.09.24** |
| | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біреу – көп.<br>**ҰІӘ міндеті:** «бір»сөзініңмағынасыментаныстыру.«Бір»деген ұғым–бірғаназаттыңсанынғанаемес,соныменқатарбүтінбір топтыңжиынтығындабілдіретіндігінұғындыру,«біреу»және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті»терминдерін енгізу;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды**:заттар жиынынан «бір-бірден» және «көп», («бірнеше») берілген заттарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**шыдамдылыққа тәрбиелеу. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Сөз.Сөздің мағынасы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету;<br>сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту;<br>ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Қағылезділікке, бастаған істі аяқтай білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы арқылы сөздік қорларын молайту. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқабіріктіру.Заттардың қасиеті.<br>**ҰІӘ міндеті:**заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бірқасиеті бойынша топқа біріктіру;<br>-жиындысапасыбойыншаәртүрліэлементтерден(түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** белсендік пен дербестікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттарды бір қасиет (белгі) бойынша топтарға біріктіруге болатынын | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқабіріктіру.Заттардың қасиеті.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіруге және сәйкестендіруге, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, арттық затты табуды үйрету;<br>логикалық байланыстар мен заңдылықтардыорнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** шыдамдылыққатәрбиелеу. | **1. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету;<br>дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Мемлекеттік тілді меңгерту<br>**Күтілетін нәтиже**:суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтижелер:** «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:«Қай жерде тұрғанын атау» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог үстелінде қиялдағы шаршы алаңының бұрыштарында және оның ортасында бірнеше ойыншықтар орналасқан. Педагог қоянның артында және қуыршақтың алдында қандай зат тұрғанын және т.б. атауды ұсынады.<br>Педагог өлең оқиды.<br>*Ойыншықтарым көп менің,*<br>*Бәрін жақсы көремін.*<br>*Кешке дейін жалықпай,*<br>*Бірге ойнап жүремін.*<br>*Ойыншығым қуыршақ, Не берсем де жемейді. Еркелігі соншама, Көтермесем жүрмейді.*<br>*Досым маған ойыншық, Мәшинесін сыйлады. Бірақ оның ішіне, Саусағым да сыймады.*<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін ата.<br>– Дүкенде неше ойыншық бар? (Ойыншықтар көп.)<br>– Қандай ойыншықтар туралы «көп» деп айтуға болады?<br>– Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады?<br>– Қандай ойыншықтар бірнешеу?<br>– Ал бір түрінен ойыншық қанша? Көп пе? | **Күтілетін нәтиже**: саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар төмендегі өлеңді бірге айтады.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз.<br>Өткен тақырыптарды пысықтау.<br>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.<br>**Ғажайып сәт.** Педагог: Қараңдаршы бізге кім қонаққа келді? (Т*ақтаға сурет іледі).* Бұл – жұмбақ жасыратын Жұмбақбай ата. Ол маған мына хатқалтаны беріп, жұмбақтарын шешуді сұрады.<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса – жасыл,<br>Түссе – сары. *(Жапырақ)*<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? *(Күз)*<br>Балалар Жұмбақбай атаның жұмбақтарын шешеді. | игереді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз».** Педагог үстел үстіне түрлі заттар мен бұйымдардың суреті салынған қатырма қағаздарын жайып қояды, мысалы: көгөністер, жемістер, ойыншықтар, киім-кешек бұйымдары. Қатырма қағаздарын топтарға бөлу керектігін айтады. **Дәптермен жұмыс 1-тапсырма.** Суретте қандай заттар бейнеленгенін ата. Осы заттарды сатып алуға болатын дүкенге сызып қос.<br>Берілген тапсырмада педагог киім-кешек және құрылыс дүкені тұрғанына назар аудару қажет. Сатып алуға болатын заттарды сәйкес дүкенмен сызып қосу керек.<br>**2-тапсырма.**<br>Карточкаларда қандай түсті заттардың бейнеленгенін ата. Оларды сондай түстегі шаршымен сызып қос.<br>Әртүрлі түстегі заттар қанша? Сана.<br>Балалар заттардың атауын атап, оларды түсіне қарай топтастырады.<br>Педагог қызыл түсті заттарды атауға және оларды қызыл шаршымен біріктіруге ұсынады, көк заттарды – көкпен және т.б.<br>**Түсіну деңгейі:** | **Күтілетін нәтижелер:**заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз!»** Алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі ойынға ұқсас, балалар карточкаларды нақты белгілеріне қарай орналастырады. Топтық жұмыстар үшін қолда бар материалды ұсынуға болады (әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтар). Педагог әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтарды орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады.<br>**Дәптермен жұмыс 1-тапсырма.**<br>Карточкаларда не бейнеленгенін ата.<br>Заттарды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қос.<br>Балалар гүлдер және кондитер дүкенінің жанына келді. Заттардың атауын атап және оларды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қосу керек.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма.** Дөңгелек үлкен сары печеньенің | тауып айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Шаттық шеңберіне балаларды тұрғызу.<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы –<br>Достығымыз жарасқан.<br>Өткен тақырыптарды пысықтау.<br>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.<br>– Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады.<br>Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады.<br>Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды.<br>Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды.<br>Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойыншықтар бар ма? Балалар суретті қарап, жеке тұрған ойыншықтарды табады: бір зымыран, бір гитара және т.б. қуыршақтар, текшелер көп. Балалар сөйлеуде «бір», «көп» және «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырыңдар: қуыршақтар көп, ал барабан біреу және т.б.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Кәне қанат жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық,*<br>*Білімде алда болайық.*<br>**2-тапсырма.** Бастырып сыз. Бір сыйлықты банттың түсіндей етіп боя. Боялмаған қанша сыйлық қалды? Суреттегі бант (лента) қандай түспен боялған? (қызыл). Сыйлықтардың бірін таңдап, оны бант (лента) түсіндей етіп боя.<br>– Қанша сыйлық боялмай қалды?<br>– Қораптарда не болуы мүмкін? Сыйлық ретінде қандай ойыншық алғың келеді?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Ойындық жаттығулар.**<br>Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар. Педагог бөлмедегі саны көп заттарды (үстелдер, орындықтар, қарындаштар, кітаптар) және саны біреу болатын заттарды (экран, есік және т.б.) атауды сұрайды, | Жұмбақбай ата бізге қандай қызықты жұмбақтар жасырды. Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? *(Балалардың жауабы тыңдалады).*<br>Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: *алма, алмұрт, лимон* – жемістердің аты; *қызанақ, қияр, пияз* – көгөністердің аты; *құлпынай, бүлдірген, таңқурай* – жидектердің аты; *үстел, керует, орындық* – жиһаздардың аты; *тәрелке, кесе, қазан* – ыдыстардың аты*; көйлек, жейде, шалбар* – киімдердің аты*; қоңыз, шыбын, көбелек* – жәндіктердің аты*; сазан, мөңке, бекіре* – балықтардың аты; *қарға, кептер, қарлығаш* – құстардың аты; *райхан, қызғалдақ, раушан* – гүлдердің аты; *сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы* – жануарлардың аты; *автобус, ұшақ, троллейбус* – көліктердің аты; *нан, шұжық, сүт, май, ет* – тағамдардың аты; *жүгіру, секіру, жүру, тұру* – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; *қызыл,* | **Сергіту сәті.**<br>**Саусақ жаттығуы**<br><br>**1 2 3**<br>Балаларға келесі жаттығуды орындауға ұсынады.<br>**«Көжек»** – саусақтарға арналған жаттығулар.<br>1) «Көжек» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.<br>2) «Сақина» – бала жұдырығын түйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.<br>3) «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды. Саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды.<br>**3-тапсырма.** Жемістің әр түрінен бір үлкенін қызыл қарындашпен, ал қалғандарын сары түспен қоршап сыз.<br>– Суретте не бейнеленген? Ата.<br>– Жемістердің көлемі бірдей ме?<br>Педагог суреттен көлемі үлкен жемістерді бір-бірден қызыл қарындашпен қоршап сызуды ұсынады. Қалғандарын сары түсті | суретін сал. Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньенің суретін сал. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады. Әрі қарай балалар тапсырманы орындайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Кәне қанат жазайық,*<br>*Қарлығашқа ұқсайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық,*<br>*Орнымызға қонайық,*<br>*Білімде алда болайық.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Суретке қара. Артық затты қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>– Суретте не бейнеленгенін ата. Қай затты артық деп санауға болады және неге? Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды, мысалы, қияр артық, өйткені ол көгөніс, ал басқа заттар – жеміс-жидектер.<br>**4-тапсырма.** Барлық үлкен заттарды жасыл, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз. Заттарды тағы қандай топтарға бөлуге болады? Осы топтарды ата. Тапсырманы түсіндіріп орындауды ұсынуға болады. Бала тапсырманы орындайды және өз | **Түсіну деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***Дидактикалық жаттығуы***<br>***«Әндетіп көр»***<br>– Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.<br>Әнді алдымен тыңдайды.<br>Нұрын төккен маған<br>Шаттандырған мені,<br>Шуағымсың сен!<br>Жұбанышым сен!<br>Айналайын мама,<br>Құттықтаймын сені<br>Қуанышыңмен! Туған күніңмен!<br>– Осы әуенді *е, а* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік.<br>Балалар бірге әндетіп айтады.<br>Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді.<br>***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.<br>**Қолдану деңгейі:Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.**<br>– Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен).<br><br>Педагог «алма» сөзін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Біреу – көп» дидактикалық ойыны** (*санның қозғалыстармен байланысы, зейінді дамыту).*<br>Егер зат біреу болса – бір рет қол шапалақта. Егер заттар саны көп болса – көп рет қол шапалақта.<br>– Адамда қанша бас бар?<br>– Теңізде қанша балық бар?<br>– Итте қанша құйрық бар?<br>– Өзен түбінде қанша құм бар?<br>– Аспандағы жұлдыз саны қанша?<br>– Ағашта қанша жапырақ бар?<br>– Гүлдің қанша сабағы бар?<br>**3-тапсырма.** Бір ғана кітап тұрған суреттерді белгіле. Олардың қайда орналасқанын айт.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Алаңдама» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: Мен сөйлемді бастаймын, сендер оны жалғастырып, аяқтауларың керек. Егер сөйлемде «бір (біреу)» деп айту керек болса, қол шапалақтап «бір» сөзін айтасыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтасыңдар.<br>– Аспанда жұлдыздар … (көп).<br>– Аспанда ай … (бір/біреу).<br>– Адамда ана …. (бір/біреу).<br>– Теңізде балықтар… (көп).<br>– Егінде бидай … (көп).<br>– Аспанда күн … (бір/біреу).<br>Педагог ойыншықтар | *жасыл, төмен, жоғары, қышқыл* – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; *жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран* – табиғат құбылыстарының аты.<br>**Түсіну деңгейі:**«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы<br>Жақсы, балалар, енді *«Сөз жарысын»* ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Ыдыс.<br>Кесе, тәрелке т.б.<br>«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: *жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға созу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.*<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата.<br>2.Суреттерге қара. Әр | қарындашпен қоршап сызу керек.<br>Тапсырманы жеке орындап шығуға уақыт береді.<br>Сұрақ қояды:<br>– Әр топта қанша алма бар<br>– қанша үлкен алма және қанша кішкентай алма?<br>Педагог сөйлеу кезінде «бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерінің қолданылуын құптайды.<br>Балалар тапсырманы орындайды: «Кішкентай алмалар және бір үлкен алма», «Кішкентай алмұрттар және бір үлкен» деп атайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>алған заттарды қоңыр қарындашпен қоршап сыз. Киімдерді ата.<br>Педагог заттарды әртүрлі белгілеріне қарап топтастырып жиынтық жасау қабілетін қалыптастырады.<br>– Жеуге болатын заттарды атаңдар. Тағы қандай заттар жиынтығын белгілеп көрсетуге болады? Қызыл түсті заттарды атаңдар. Оның ішінде жеуге болмайтын заттар бар ма? Қызыл түсті заттардың ішінде киім-кешек бұйымдары бар ма? Барлық киім-кешек бұйымдарын ата.<br>– Қандай заттар ағаштан жасалған? Одан әрі балалар тапсырма бойынша заттарды сызықпен қосып біріктіреді.<br>Педагог балалардың | әрекетін түсіндіріп айтады: суретте үлкен алмұрт бейнеленген, оны жасыл түсті қарындашпен қоршап сызамын. Сонымен бірге үлкен алма, баялды, қызылша. Кішкентай заттар – кәмпиттер. Оларды қызыл қарындашпен қоршап сызамын.<br>– Заттарды тағы қандай топтарға жинақтауға болады? Ол топтарды ата. Көгөністер: баялды, қызылша; жемістер: алма, алмұрт; тәттілер.<br>Педагог балалардың заттарды түрлі белгілеріне қарап, топтастырып заттар жиынтығын құра алу қабілетіне баса назар аударады.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос.<br>2-тапсырмада балалар **ана** сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды.<br>**Сергіту сәті**<br>«Сау болсын» деп деніміз,<br>Шынығамыз бәріміз.<br>Ерте оян, ерте тұр,<br>Алға қадам жасаймыз.<br>Жаттығуды бастаймыз,<br>Денсаулықты шынықтыр.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)*<br>4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**Тыңда, орында.**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дүкенінде қандай әдеп сақталу керектігі және сатып алынған ойыншықтармен үйде және балабақшада қалай қолдану керектігі жөнінде тәрбиелік әңгіме жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | топтағы заттарды бір сөзбен ата.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады.<br>Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тікірейіп құлағы<br>Бойын жазып керіліп,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Беті-қолын жуады.<br>Оң қолымда білезік,<br>1, 2, 3 – бір, екі, үш,<br>Сол қолымда білезік,<br>Сыңғыр, сыңғыр сырғалар<br>Санап көрші, кәнеки,<br>Құлағымда сыңғырлар.<br>(Балалар білектерін ары-бері айналдырады).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Партадағы саусақтар<br>Ортанғы мен сұқ саусақАдымдайды, жүреді.<br>Түйеқұсты салады.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Төңкеріліп аспанға.<br>Сурет сала біледі.<br>Қоян да бола қалады.<br>Педагог жазу ережесін балалардың есіне салып өтеді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш | заттарды түрлі белгілеріне қарап, топтастырып заттар жиынтығын құра алу қабілетіне баса назар аударады.<br>Педагог қортытынды жасайды Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | | жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?<br>– Несімен ұнады? Ең қызықты сәтті есіңе түсіріп көр.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстайды. Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады.<br>Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).<br>Педагог балаларға қарындаш пен ауада жазып көрсетеді. Балалар педагог көрсеткендерді ауада қайталайды. Балалар дәптердегі графикалық тапсырмаларды орындайды.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>**Қазақтың ұлттық ойыны:«Арқан тартыс»**<br>**Басты міндеттері:Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.** | | | | | |
|   | | | **Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»**<br>**Ойын міндеттері:**Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.<br>**Дағды:**<br>Оқушыларды шыдамдылыққа, ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.<br>**Ойынның ережесі :**тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін | | |



қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.
**Әдістемелік нұсқаулар.**
**Арқан тартыс** ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.
Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шыгады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.
Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі.
**Ойынның педагогикалық маңызы.**
Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –біріне қарама –қарсы тұрғызу.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.35 – 13.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту**-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің сүйікті ойыншығым.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ойыншықтардың суретінеқарап,әңгімеқұрай білугеүйрету;<br>-сұрақтарға толық жауап беругедағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулеріндамыту;<br>-ойыншықтардыбөлісіп,ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**:«д»–«т»дыбыстарын дұрысайтуды,дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже**:ойыншықтарды | **2.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Нан дастарқанға қалай келеді?<br>**ҰІӘ міндеттері:** жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қарапайым еңбекті | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күз жомарт.(Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру; сөздік қорын байыту; табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Баланың ұлттық және азаматтық құндылықтарға,ана тілін және мемлекеттік тілді, мәдениетін құрметтеугі бағдарлау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Өлең мазмұнын түсінеді.<br>Әдеби жанрды ажыратады. | **2.Сөйлеуді дамыту**-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзбояуы.(Қ.Баянбаев.)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу;<br>өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,<br>мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын түсіне білу.<br>**Күтілетін нәтиже**:өлең | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ас атасы-нан.<br>(Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту;<br>сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету;<br>нанды қастерлеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен карауға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>нанның дастарханға келу жолы,құрметтеугі бағдарлау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Әңгіме мазмұнын түсінеді.<br>Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттеп әңгіме құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Ой қозғау»әдісі:** Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз "бұрышы, «Денсаулық»бұрышымынау ақ халат, жедел жәрдем,дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – депбалалардан сұрайды.Алыдыстар,жапқы штартұрғанбұрышқалай аталады? Көліктер,жолбелгілері,бағдаршамтұрғанбұрышқалайаталады?<br>Міне,сендеройынбұрышындағытүрліойыншықтарментанystыңдар.<br>Ойын бұрышында көрген доп"Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағытарақтар"Т" дыбысынанбасталыптұр. «Д»және«Т»дыбыстары–бір-біріне ұқсасдыбыстар.<br>**Түсіну деңгейі:** осыдыбыстардыайнағақарап айтқызады.(Үшдауыстаайтқызады).<br>Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.Дыбыстардыңдұрысайтылуартикуляциясы.<br>«Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысынайтқандатілімізүстіңгітістіңтүбінетиеді.<br>«Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады.<br>Да– да– дала.<br>До – до – доп. | күнделікті өмірде пайдалана білугедағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: жақсы өнім диқандардың еңбегінің жемісі екенін түсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Ә. Қалдыбаевтың өлеңінен үзінді оқиды.<br>Нан – ардақты, асыл ас,<br>Ақ дастарқан үстінде<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>– «Ардақты, адал ас» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>– Нанды бидайдан алады. Бидайдан бірден нан жасай алмаймыз. Оған адам көп етеді.<br>– Нанды қалай қастерлейді?<br>– Нанды баспайды, жерге тастамайды, қолын жумай ұстамайды.<br>– Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер ме?<br>– Ас атасы – нан, нан атасы – дән.<br>– Нанды бір қолмен үзбе. Нан қоқымын басуға болмайды. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Қуантып біздерді,<br>Берекелі күз келді.<br>Көп жемісті алтын күз,<br>Кемелдендсін халқымыз.<br>Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі туралы әңгіме құрайды.<br>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Күзде далада қандай өзгерістер болады?<br>– Бүгін күн ашық па, бұлтты ма?<br>– Күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгөністер піседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды.<br>– Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз – жомарт» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен шағын шығарма екенін естеріне түсіреміз.<br>Педагог «Күз – жомарт» өлеңін мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– Күзде ауа райында көп өзгеріс болады. Адамдар қалың киіне бастайды. Көгөністер мен жемістерді жаздай күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. Еңбектің арқасында жақсылық та, қуаныш та, байлық та болады. | жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтарсаудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер,табиғаттың өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар.Демонстрациялықматериалмен жұмыс.<br>Мына суреткеназар аударып, әңгіме құраңдаршы.Міне,күзмезгіліндегітабиғаттыңсұлулығы,ерекшелігі.<br>Жалпыкүз мезгілін – сарыкүз,алтын күз,күреңкүз деп үшкебөліпайтамыз.<br>Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатынмезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдапсатып алып жеп, көңілдің бір марқайатынмезгілі.<br>**Түсіну деңгейі:**Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің«Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар.<br>**Күз бояуы**<br>Самал қозғап қалғанда,Үзіледі сары алма,Шолып едім бақшаны,Қауын біткен сап-сары.Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған.Сары жапырақ төгілгенТоғайды да көрдім мен.Таза жездей | екінші бала жалғастыра алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**Балалар жарты шеңбер болып тұрады.<br>Қайырлы күн, табиғат,<br>Жайқалып өссін егініміз.<br>Жайнай берсін орманымыз,<br>Биік болсын тауларымыз,<br>Сәтті болсын әр күніміз!<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Бүгін ауа райы қандай? Күн ашық па, бұлтты ма?<br>– Адамдар күзде нені жинайды?<br>– Егінді, бидайды күз мезгілінде жинайды.<br>Бидайдың ұнынан нан дайындайды.<br>– Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Ас атасы – нан» әңгімесін оқимыз.<br>Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді.<br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Балалармен бірге қайталап оқу. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталату.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*дән* – астықты дақыл<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгімеде не туралы айтылған?<br>– Әжесі мен Науан қайда келді?<br>– Науан бидайды көргенде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Та–та–тарақ.<br>Енді ойыншықтар арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап,суреттеп беріңдер.<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалықойын: «Жасырынғанойыншықтытап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайдақолданылатынынтүсін айтыпбереді.<br>**Дыбыстардыңдұрысайтылуартикуляциясына арналған тілдік жұмыс: Жаңылтпашқайталату.**<br>Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр,<br>топтала.Зымырап допты ала,<br>Қуадыкөпбала.<br>*(Е.Өтетілеуұлы)* | **Түсіну деңгейі:**<br>«Нанды қадірлейік» әңгімесінен үзінді оқиды. Нан еңбекпен дастарқанға еңбектің арқасында келеді. Диқандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер астықты мәшинемен астық қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адам еңбегі, сондықтан оны қадірлеуіміз керек.<br>Интербелсенді тақтадан желаяқтың бейнесі шығады:.<br>– Балалар, бізге Желаяқ сұрақтар қойғысы келіп тұр.<br>– Бидай неден өсіп шығады?<br>– Бидай тұқымнан өсіп шығады.<br>– Күзде дайын болған өнімді қалай атайды?<br>– Астық.<br>– Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар.<br>– Тракторшы, диқан, диірменші, комбайншы.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Суретпен жұмыс<br>Балалар суреттерде бейнеленгендері атайды (егіс даласында астық жинап жатқан комбайн, элеватордағы құйылып жатқан астық, нан илейтін мәшине, дастарқанға | **Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*тоңазып* – салқын, суық<br>*саудырап* – сарғайған жапырақтардың жерге көптеп түсуі<br>***Тіл ұстарту жаттығуы***<br>Ақ-ақ-ақ – сарғайды күзде жапырақ<br>Үз-үз-үз – келді жаңбырлы күз<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Күзде бау-бақшада не піседі? Қандай жеміс түрлерін білесіңдер?<br>– Жапырақтар қандай түске енеді?<br>– Неліктен «Күз – жомарт» деп айтамыз?<br>**Сергіту сәті**<br>Дала қандай керемет,<br>Сары түске боялды.<br>Күзде жаңбыр жауады,<br>Қатты жел де тұрады.<br>**Қолдану деңгейі:*Дидактикалық ойын: «Лото»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: көгөністерді бақшаға, жемістерді баққа орналастыру.<br>Педагог «Күз – жомарт» өлеңін қайталап оқиды.<br>Балалар бірге қайталап, жаттайды.<br>3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызу.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте жылдың қай | жинаған,Сарыбояу айналам.<br>**Қолдану деңгейі:**Дидактикалықойын: «Кімденебар?»<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалғанбалалартабу керек. | неге таңғалды?<br>– Әжесі бидай туралы Науанға не айтты? Нан қандай дәннен дайындалады?<br>– Нанның қандай түрлерін білесің?<br>**Сергіту сәті**<br>Нан болса, ойнап-күлеміз,<br>Нан барда еркін жүреміз.<br>Тіршілік көзі нан ғана,<br>Нан қадірін білеміз.<br>Педагог әңгімені қайталап оқиды.<br>Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады.<br>2-3 бала педагогтің жетелеуімен әңгіме мазмұнын айтады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Егіс даласына кімдер келді? Бидайдан не жасалады?<br>2. Нанның түрлерін ата.<br>3. Нан түрлері қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос.<br>4. Үзік сызықтарды қос.<br>Мақалмен жұмыс жүргізу.<br>Ас атасы – нан,<br>Нан атасы – дән.<br>Балалар педагогтің жетелеуімен нанның қасиетін түсіндіреді.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақ қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Нан неден жасалады?<br>Нанның түрлерін ата.<br>– Нанды аяқ астына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қойылған нан түрлері).<br>– Дәнді дақылдардың қай түрінен ұн тартылып, нан пісіріледі?<br>– Бидай, қарабидай.<br>– Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен қара бидайды нан пісіруге көп қолданады. Қазір арпа, күріш, жүгері ұнынан тәтті нан түрлерін, шелпектер пісіреді (мүмкін болса сұлының печеньесін, жүгері шелпегін көрсету). Сендер тағы қандай дәндер түрлерін білесіңдер? Олардан не пісіріледі?<br>– Арпа, жүгері, күріш, бидай, қарабидай, тары, сұлы. Олардан әртүрлі ботқа, көже тағы да басқа тағамдар дайындалады.<br>– Бұларды бір сөзбен қалай атайды?<br>– Дәнді дақылдар.<br>– Үйде аналарың үйлеріңде ұннан тағы не пісіреді?<br>Балалар аналары пісіретін нан түрлерін атайды.<br>Педагог балалардың назарын келесі суретке аударады. Суретте элеватор бейнеленген. Элеватор – бидайды қабылдауға, тазалауға, кептіруге және артуға арналған қамба, диірмен.<br>Педагог сурет арқылы бұрынғы уақытта ұнды қандай жолмен алғанын көрсетеді. Дайын болған ұнды наубайхана әкелетінін және ол жерде | мезгілі бейнеленген?<br>Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Қандай жемістер мен көгөністерді білесің?<br>Олардың пайдасы туралы не айтар едің?<br>2. Көгөністер мен жемістерді бөліп, себеттерге сызып қос.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>*(Жапырақ)*<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? Күз мезгілінің ерекшелігі неде?<br>– Жапырақтың түстері қандай болады? Адамдар қалай киінеді?<br>Балаларды мадақтайды. | | тастауға бола ма?<br>Балаларды мадақтау. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>нан пісіретінін айтады.<br>Тыйым сөздермен таныстырады.<br>Нанды жерге тастамайды.<br>Нанның үстінен аттамайды.<br>Нанның үстіне ешбір зат коймайды.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>1. Желаякқа бидайдан дайындалатын өнімдерді тауып белгілеуге көмектес. Нан өнімдерінің түрлерін ата.<br>2. Нанның дастарқанға келетін ретін цифрмен көрсет.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="3">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>13:00-13:10</td><td colspan="5">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»</td></tr>
<tr><td>Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру<br>Бата беру:<br>Асқа байлық-денге саулық берсін</td><td>Өіне-өзі қызмет етуге үйрету<br>Бата беру:<br>Дастарханымыз тоқ болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын</td><td>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту<br>Бата беру:<br>Бақ-даулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа.</td><td>Өіне-өзі қызмет етуге үйрету<br>Бата беру:<br>Иманның бйлығын берсін, Құт-берекенің бәрі келсін.</td><td>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту<br>Бата беру:<br>Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа .</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 13:00 – 13:10</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Ұлттық құндылықты қалыптастыру<br>Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында</td></tr>
<tr><td colspan="6">БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Үз-Үз-Үз — Алтын күз<br>Ақ-Ақ-Ақ – Түсті жапырақ</td></tr>
</table>

| **Ән-Ән-Ән** – Пісті дән | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35** | | | | | |
| | **Дағды**:Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту. құстарды басқа жан-жануарлардан ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту. Сөздік қорын байытумен бірге еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру, грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге , берілген сұраққа жауап беруге үйрету. Әсемдікке, сүйіспеншілікке, қамқорлық, еңбекшіл болуға тәрбиелеу.<br>Өз қаласына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>еліміздің басты қалаларымен танысады;<br>еліміздің басты қалаларының маңызы;<br>қалаларды басты белгілеріне қарап ажыратуды түсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Балаларға Алматы қаласының суретін көрсетемін.<br>-Бұл қай қала?<br>-Ал мынау қай қала?<br>-Бүгін еліміздің ірі қалалары туралы болмақ.<br>Қазақстан картасын көрсету.<br>-Біз бүгін Қазақстан қалаларына саяхатқа шығамыз.Саяхатқа немен шығуға болады?<br>-Сендер өздеріңді автобуста отырмыз деп ойлаңдар. | қоршап тұрғанына көздерін жеткізу;<br>-ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру;<br>-қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Ауаны таза ұстау, өздігінен тәжірибе жасап, нәтижесін шығару, өз ойларын ортаға салу дағдылары дамиды.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балалар ауаның қасиеттерін, тәжірибе жүргізу арқылы ауаның бар екенін, тірі табиғатқа ауаның қажет екенін және қоршаған ортаны қалай таза ұстау керек екенін, туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>ауаның қасиеттері туралы (көрінбейтін, жеңіл, иіссіз);<br>ауаны ұқыпты ұстауға деген ұмтылыс;<br>тәжірибелерді өз бетінше жүргізіп, қорытынды жасау.<br>Экологиялық тәрбие беру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Педагог жұмбақ жасырады:<br>Мұрныннан кеудеге өтеді,<br>Өзі көзге көрінбейді,<br>Одан кері кетеді,<br>Онсыз өмір сүрілмейді.<br>Жауабы: ауа.<br>– Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? | **Дағды**:Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. Ертегіні рөлдерге бөліп ойнату.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балаларға ертегі туралы түсінік беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды –жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу, ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>өлең тыңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын жағдаяты<br>– Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, ертегілер әлеміне саяхат жасайықшы. Қиялдап, көз алдымызға елестетейік. Енді көздеріңді ашыңдар.<br>– Қандай ертегілерді көз алдымызға елестеттік?<br>Слайдтан ертегілердің суреттері көрсетіледі.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Жол бойында жортқан,<br>Сыбызғысын тартқан.<br>(Қасқыр)<br>– Қасқыр қандай аң?<br>Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>– Балалар, бүгін біз «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз.<br>Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы | сақтау қабілетіндамыту.<br>**Дағды**: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзара татулық сезімдерін дамыту;<br>балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Әңгімелесу**<br>Тәрбиеші: Келген қонақты қалай күтіп аласыңдар?<br>Балалар: Қонақтармен амандасамыз. Үйге кіргіземіз. Төрге шығару. Дастархан жайып, қонақты күту.<br>Тәрбиеші:<br>Қонақжайлылықты қалай түсінесіңдер?<br>Балалар: Қонақ келсе жылы жүзбен қарсы алу керек. Қонақ келсе берекесі мен ырысы мен келеді.<br>Әңгімелеу<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін әңгімелеп береді.<br>Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар осы ертегіде түлкі мен тырна бір-біріне қандай қонақжайлылық көрсетті.?<br>Балалар: Түлкі мен тырна қонақжайлылық көрсете білген жоқ. | тәрбиелеу.<br>**Дағды**: балалардың танымдық қабілетін арттыру,ойлау, зейін шоғырландыру, алмасу қабілетін дамыту, ой – өрісін кеңейту, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру;<br>еңбектенуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балаларды сыйластыққа, ортада өзін дұрыс ұстауға баулу;<br>жақсы эмоционалды көңіл-күй сыйлау, әр түрлі ойын тәсілдері арқылы сабаққа қызығушылығын ояту.<br>Жұмбақ шешімін оқу арқылы, конструтивті праксисті дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>қарапайым сұрақтарға жауап бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>– Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қол ұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік.<br>Төмендегі өлең жолдарын бірге қайталайды.<br>Достығымыз берік боп,<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберде,<br>Қандай жақсы қол берген.<br>«Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны<br>Интеллектуалдық ойын барысында берілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жүргізушінің» кім болатының анықтап алайық.Жүргізуші автобустың қай жерінде отырады?<br>-Балалар,біз бір қалаға келдік.<br>Қай қала екенін айта аласыңдар ма?<br>(суреті көрсетіледі)<br>-Мынау не?<br>-Мұнараны неге ұқсатуға болады?<br>-Мұнарада тағы не бар?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>-Қалай ойлайсыңдар,айтқан тілектер орындала ма?<br>-Сендер көз алдарына сол тілек елестетіп,жақсы тілектерінді айтындар.<br>Балалар картадан Астана қаласын белгілейді.<br>Тақтадағы суреттер өзгертіледі.<br>-Біз қай қалаға келдік деп ойлайсыңдар?<br>-Оны қайдан білдіңдер?<br>-Балалар біздің жүрген жолымызды мен картадан белгілеп қояйық.<br>-Тағы бір үлкен қалаға келдік.Бұл қала еліміздің шахтерлер қаласы деп аталады.Ол қай қала?<br>Балаларға Қарағанды қаласының көрікті жерлерін суреттен көрсетемін,қала туралы әңгімелеймін.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Әліппе дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма:**Алматы қаласының аты қай жеміске байланысты қойылған?Белгіле.<br>**2-тапсырма:** | (Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>– Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді.<br>- Дұрыс! Қазақ тіліндегі ауа болады**.**<br>*Тәжірибе 1.*<br>- Бізге ауа не үшін қажет?<br>- Балалар, мұрынды қысыңыз, саған не жетіспейді?<br>- Дұрыс! Бізге ауа жетіспейді. Тыныс алуымыз үшін ауа қажет. Және біз таза, таза ауамен тыныс алуымыз керек.Өсімдіктер әлемі бізге ауаны тазартуға көмектеседі. Демек, ең таза ауа – ормандар мен бақтарда**,** өйткені онда өсімдіктер көп. Ал қалада нені ластайды ауа? Сондықтан балалар, орманда немесе саябақта жиі болуға тырысу керек. Көлік көп жүретін жолдардан да алыс болу керек.<br>- Мұрын арқылы терең тыныс алып, ауыз арқылы түтік арқылы губкаларды шығарып дем шығарыңыз.Тағы да алақаныңызды аузыңызға қойыңыз. Сезінесіз бе? Жылу. Бұл ауа алақаныңызға тамшылап тіреледі.Демек, біздің ішімізде ауа бар. Біз ауаны жұтамыз және шығарамыз. Егер адам сусыз 5 күн өмір сүре алса, онда біз ауасыз бес | қосымшадан қараңыз).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Сөздік жұмысы:<br>өріс – мал жайылатын шөбі қалың жер<br>ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Қасқыр жайылып жүрген нені көрді?<br>– Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды?<br>– Қасқырға тағы не жолығады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br>– Қой қандай жануар? Ал қасқыр қандай аң?<br>– Ертегі кейіпкерін сипаттайық. Ертегі қалай аяқталды?<br>Тіл ұстарту жаттығуы: Ыр-ыр-ыр – ырылдайды қасқыр.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамаса бола ма?<br>Қасқыр қақпан құрайық,<br>Біздің қақпан болаттай.<br>Педагог ертегіні қайталап оқып береді. Әр жолын балаларға сұрақтар қоя отырып қайталатады.<br>Педагогтің жетелеуімен 2-3 бала ертегіні жалғастырып айтады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегінің жүйесін сурет бойынша айтып бер.<br>Үй жануарларын ата. Үй | Тәрбиеші: Балалар осы ертегіні өздерің басқаша қалай аяқтар едіңдер.<br>Балалар: Дастарханды түрлі - тағамдардан толтырып қояр едім. Қуана қарсы алып, қонақжайлығымды көрсетер едім.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Ойын. «Қонақ күтеміз»<br>Тәрбиеші: балаларды екі топқа бөліп, Бірінші топ - «Қонақтар». Екінші топ - «Үй иелері. Қонақты қалай күту керек екенін көрсетеміз.<br>- қонақпен амандасамыз.<br>- үйге кіргізу.<br>- төрге шығару<br>- дастархан жайып, қонақ күту.<br>**Әліппе дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма:**<br>Суретке қарап қонақ келетін кезде анаңа қандай көмек көрсетесің?<br>**Сергіту сәті:**<br>(Қимыл - қозғалыспен көрсету.)<br>Біз қандаймыз, қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Ренжісуді білмейміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**2-тапсырма:**<br>Қонақ келгенде анаң қандай тағам дайындайды?Белгіле.<br>-Балалар біз бүгін қонақжайлық туралы әңгімелестік. Қазақ халқы – қонақжай халық. Қонақ келген кезде ең әуелі амандасамыз. Үйге кіргізіп төрімізді ұсынамыз.<br>Дастарқан жаямыз. | сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысу. Екі топқа бөліну. Оң қанаттағылар **«Алғырлар» тобы**, сол қанаттағылар **«Тапқырлар» тобы** болады. Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады.<br>Ойын бес бөлімнен тұрады:<br>1. Кім білгір?<br>2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта.<br>3. Ойлан, тап.<br>4. Өнерлі бала өрге жүзер.<br>5. Көңілді сәт.<br>**Бірінші:** «Кім білгір?» жарысында сұрақтарға жауап беру.<br>**Екінші:** Мақалды аяқта – өткен іс-әрекетіміздегі мақалдарды есімізге түсіріп,<br>жауап беру.<br>**Үшінші:** «Ойлан, тап» ойынында суреттің жалғасын тауып, атын атау.<br>**Төртінші:** «Өнерлі бала өрге жүзер» – суретте берілген ертегіден үзінді көру.<br>**Бесінші:** «Көңілді сәт» – әр топ өздері өнер көрсету.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>алғыр – үнемі жарыста алда жүру<br>тапқыр – кез келген нәрсенің тез шешімін табу<br>Екі топ сәлемдесіп алайық.<br>«Алғырлар» тобы:<br>Алғырлар, алға,<br>Батылдыққа баста,<br>Ойыннан қашпа!<br>«Тапқырлар» тобы:<br>Біз тапқыр баламыз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ол жеміс туралы не білесің?Сипатта.<br>Алматы қаласында керемет көрікті жерлер өте көп.<br>Алматы – әсем қала! Ол Іле Алатауының баурайында орналасқан.<br>Алматы апорт алмасымен әлемге танылған. Қып – қызыл апорт алмалары дәмді, әрі ірі. Қалада саябақтар, демалыс орындары бар. Биік- биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді. Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған. Алматыда оқу орындары, мәдени орындары өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Көктөбе, трамплин спорттық ойындар алаңы, Шымбұлақ демалыс орындары, М.Әуезов театры, А.Құнанбаев атындағы театр.<br>Алматыдағы ең биік үй – «Қазақстан» қонақ үйі.<br>Алматы Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі.<br>**С.Оспанов өлеңін оқып түсіндіру.**<br>**Жап – жасыл ағашы,**<br>(ағаш-таза ауа, көлеңке)<br>**Қып – қызыл алмасы.**<br>(Алма-жеміс дәрумен)<br>**Ақ басты тауы бар,**<br>(Тау демалыс шынығу)<br>**Алматы қаласы.**<br>(Алматы үлкен, көркем, әсем)<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>(Бейнебаян ютуб желісінен)<br>**Ойын: Кім жылдам?**<br>**Ойын шарты:** Сөзден сөйлем құрау. Мен | минуттан артық өмір сүре алмаймыз.<br>- Балалар, ауа тағы кімге керек?<br>Егер біздің планетамызда ауа болмаса, онда біздің планетамыз жансыз планета болар еді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>– Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе?<br>(Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>– Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді.<br>– Өсімдіктер де тыныс алады, оны біз сезбейміз.<br>Таза ауа – біздің денсаулығымыздың басты кепілі. Өкінішке орай, көліктердің, зауыт, фабрикалардың ауаға шығаратын түтіндері ауаны ластап, табиғатқа, адамзатқа зиян тигізуде.<br>Лас ауа жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті.<br>Барлық зауыт, фабрикаларға зиянды қалдықтарды жинап, ұстап қалатын, ауаға жібермейтін арнайы қондырғылар орнату қажет. Таза ауаны сақтау – өте маңызды мәселе.<br>**Топпен жұмыс**.<br>*1-экспериментке арналған тапсырмалар:*<br>- Балалар, айналаңа қараңдаршы, ауаны көресіңдер ме?<br>- Ал біз ауаны неге көрмейміз?<br>- Дұрыс, ауаның түсі | жануарлары туралы не білесің?<br>Қой қасқырды қалай алдады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br>2. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айт.<br>Педагог балаларға қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айтқызып, қайталатады.<br>3. Ұйқасын тап:<br>Моп-момақан өзі,<br>Сүп-сүйкімді ... . (қозы)<br>Педагог ұйқасын табуға балаларға көмектеседі, жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жануардың дыбысын сал»<br>Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.<br>Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.<br>Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.<br>Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.<br>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді.<br>Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін қандай ертегі | Дастарханға ең әуелі нан қойылады. Қой сойылып, ет асып, қазы – карта жал - жая дастарқанға қойылады. Бас тартылады. Ауылдың ақсақалы бата береді.<br>**Жүректен - жүрекке.**<br>Біз балдырған тең басқан<br>Дос құшағын елге ашқан<br>Тілегіміз тыныштық<br>Ашық болсын кең аспан<br>Мықты болсын іргеміз.<br>Бәрімізде біргеміз. | Ойланамыз, табамыз,<br>Жеңіске біз барамыз!<br>1. Кім білгір?<br>Қазақстанның бас қаласын ата.<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Неліктен күзді жомарт дейміз?<br>Астықты қай кезде жинайды?<br>Бір аптада неше күн бар?<br>Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>Қандай ертегілерді білесің?<br>2. Ұшқыр ой.<br>Мақалды аяқта.<br>Дос болсаң ... . (берік бол)<br>Еңбектің наны ... . (тәтті)<br>Отан көркі ... . (жерімен)<br>Жері байдың ... . (елі бай)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сергіту сәті:<br>Келісіп бәрімен,<br>Татулық табамыз.<br>Бәріміз бір болсақ,<br>Бәрін де жеңеміз!<br>3. Ойлан, тап. Суреттің атын тауып, жалғастырып сал, боя.<br>4. Өнерлі бала өрге жүзер.<br>Педагогтің жетелеуімен орындайды.<br>«Алғырлар» тобы:<br>«Мақтақыз бен мысық» ертегісінен үзінді сахналау.<br>«Тапқырлар» тобы:<br>«Арыстан мен тышқан» ертегісінен үзінді сахналау.<br>5. Көңілді сәт. Әр топ өз өнерін көрсетеді.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>1. Сөйлемдердің жалғасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастаймын сендер жалғастырасыңдар.<br>**1.Қаламыз……**<br>**гүлдене берсін.**<br>**2.Еліміз……аман болсын.**<br>**3.Күніміз…жақсы өтсін.**<br>**4.Деніміз……сау болсын.**<br>**5.Күніміз…ашық болсын.**<br>**6.Тыныштық……**<br>**заман болсын.**<br>**7.Ауамыз………………**<br>**таза болсын**<br>**8.Суымыз……….**<br>**мөлдір босын.**<br>**9.Аман………**<br>**сау болайық.**<br>**10.Досымыз……**<br>**көп болсын.**<br>**11.Қаламыз ………**<br>**көркейе берсін.** | болмайды. Бірақ қазір зұлым Сиқыршыны женеміз. Түтік пен су құйылған шыныаяқтардың көмегімен біз ауаны көреміз.<br>*Тәжірибе 1.*<br>Тәрбиеші: Бір стакан суды өзіңізге қарай жылжытыңыз, түтіктің бір ұшын суға батырыңыз да, екінші ұшын үрлеңіз *(Көрсетеді)*<br>- Сіз не көрдіңіз?<br>- Шыныаяққа қаттырақ үрлеп, көпіршіктерді бақылаңыз, енді әлсіреп, қайтадан қараңыз.<br>- Екі жағдайда да көпіршіктердің саны бірдей болды ма? Неліктен?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балаларға мұрнымен ауаны ішке тарту ұсынылады.<br>– Балалар, мұрын арқылы ауа біздің өкпемізге өтеді. Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа қайтадан ауыз немесе мұрын арқылы сыртқа шығады.<br>Ойын: «Ауа зертханасы».<br>Ойынға Сергіту сәті: «Шар үрлеу» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>«Шар әуеге ішіне ауа толтырылғандықтан ұшады».<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>1. Көрсетілген тәжірибелерді Қырағымен бірге орында және | қойылымын тамашаладық? Балаларды мадақтау.<br>**Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)**<br>Өрісте жайылып жүрген көп қойдың ішінен бір арық саулық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.<br>Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп:<br>– Е, жерік асым, қайдан жүрсің? Іздегенде мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін,– дейді.<br>Қой:<br>– Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой. Қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында бір тісі, іліп алар еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің? Мені босат, қоралы қойға қайтайын, қозымды саған әкеліп тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде кім жейді? – дейді.<br>«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді. Қасқыр жұтынып, қойдың бағланын күтеді. Қой да жоқ, бағлан да жоқ.<br>Қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін», – деп жорта жөнеледі.<br>Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт | | анықта.<br>2. Суретті ата.<br>Жалғастырып салып, боя.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Жұлдыздарымызды санайық.<br>Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қорытынды жаса.<br>2. Мына заттардың қайсысында үрленген ауа бар? Қорша.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Қорытынды:** Біз ауаны көп шығарғанда көпіршіктер көп, ал азырақ көпіршіктер аз болады. Контейнер мен түтіктің көмегімен ауаны көрдік.<br>- Ал суда да ауа бар. Бұл еріген оттегі.<br>- Өйткені, балықтар да суда ауамен тыныс алады. Балықтардың тыныс алуы желбезектердің көмегімен жүзеге асады: еріген оттегі бар су тұқымдас арқылы желбезектерге өтеді, онда оттегі сіңеді.<br>Тағы бір тәжірибе жасайық. Газдалған суы бар ыдысты алып, пластилин кесектерін түсірейік. Сіз не байқадыңыз?<br>Ауа көпіршіктері пластилинге жабысып, оны жеңілдетіп жіберді, ол қалқып шықты.<br>**Қорытынды: ауа судан жеңіл. 3-тәжірибе**<br>**Ауаны қалай ұстауға болады?**<br>-Үстелден целлофан пакеттерді алып, ауаны ұстауға тырысыңыз.<br>Пакеттерді бұраңыз<br>Пакеттерге не болды? Оларда не бар? Ол | шайнап бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста. «Іздегенім сен едің!» – деп қасқыр ешкіні бассалады. Ешкі оны алдауға тырысады:<br>– Атаң да, анаң да жақсы еді. Қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін. Тойда билеп, торқа киген ешкімін, – деп судыратады.<br>– Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса, көрсет, – дейді қасқыр. – Ендеше, көз аудармай, аяғыма қара да тұр. Мен бір билеп берейін, – дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді.<br>Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қандай? Сіз оны көріп тұрсыз ба?<br>Қайырмасы! Тексеріп көрейік. Өткір таяқшаны алып, дорбаны ақырын тесейік. Оны бетіңізге жақындатып, қолыңызбен басыңыз. Сіз не сезінесіз?<br>Қорытынды: Ауаны көру мүмкін емес, бірақ сезуге болады.<br>***Дидактикалық ойын: "Ғажайып дорба".***<br>- Әрқайсыңызға хош иістерді жабық көзбен сезінуді ұсынамын *(апельсин, сарымсақ).*<br>- Оның иісі қандай?<br>- Ал енді оның иісі қандай?<br>Ауаның өзі ештеңенің иісін сезбейді, бірақ иістерді оңай тасымалдай алады деген қорытынды жасауға болады. Ауа қозғалады және оларды біздің мұрнымызға жеткізеді. Ас үйден шыққан иіс арқылы біз онда қандай тағам дайындалғанын болжаймыз.<br>**Және соңғы сынақ:**<br>- Балалар, тақтада түтіндеген қала мен жасыл қала бейнеленген екі сурет.<br>- Түтіндеген қалада не көріп тұрсың?<br>- Дұрыс! Ауамызды ластайтын зауыттар, көліктер, қоқыстар көп. Ауаны осылай ластауға бола ма? | | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td colspan="2">- Ал жасыл қалада не көріп тұрсың?<br>- Дұрыс! Ол таза, ағаштар, өсімдіктер мен гүлдер көп.<br>- Ендеше таза ауамызды қалай сақтауымыз керек?<br>- Дұрыс, көп ағаш отырғыз, артыңнан қоқыс таста.<br>Сіз қай қалада тұрғыңыз келеді және неге?<br>- Дұрыс! Біз бәріміз ауасы таза жасыл қалада тұрғымыз келеді. Біз өзіміздің таза ауамызды қорғауымыз керек.<br>Мынадай мақал бар:<br>« Дәрі ішкеннен гөрі таза ауамен тыныстаған жақсы".<br>Таза ауа адам денсаулығына пайдалы.<br>- Жарайсыңдар балалар!</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="4">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>13:00-13:10</td><td colspan="6">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»</td></tr>
<tr><td colspan="6">- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.<br>- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.<br>- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.<br>- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.</td></tr>
<tr><td>«Тамақ ішу әдебі»<br>ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...<br>«Астарың дәмді болсын!»<br>Асты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру.</td><td>«Тамақ ішу әдебі»<br>ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...<br>«Астарың дәмді болсын!»<br>«Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td><td>«Тамақ ішу әдебі»<br>ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...<br>«Астарың дәмді болсын!»<br>Ас адамның арқауы.</td><td colspan="2">«Тамақ ішу әдебі»<br>ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...<br>«Астарың дәмді болсын!»<br>Ас атасы - нан.<br>Нан— тамақтың атасы<br>Ынтымақ — көптің батасы</td><td>«Тамақ ішу әдебі»<br>ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...<br>«Астарың дәмді болсын!»<br>Дәнді шашпа, нанды баспа.</td></tr>
<tr><td colspan="7">2 үзіліс – 13:00 – 13:10</td></tr>
<tr><td colspan="7">Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек,</td></tr>
</table>

**балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында**

**Психологиялық ойын: «Жунглидағы жаңбыр»**

**Басты міндеттері:Балалардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту.**

**Дыбыстық жаттығу.(қайталау жұмыстары)**

**Мақсаты:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тыныгуы.

*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.

*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:

*«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;

*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;

*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;

*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;

*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;

*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.





**Психологиялық ойын:**

**Ойын:«Жунглидағы жаңбыр»**

жаттығуы.

**Мақсаты:**Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту.(иық, мойын, омыртқа бұлшық еттің жиырылуын жою, босаңсу).

**Әдістемелік нұсқаулар**

**Өту барысы**: тар шеңбер құрып, нұсқау бойынша жаттығуды орындаймыз.

**Ойын шарты:**

**Нұсқау:** - Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)

Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)

Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).

Тағы да нөсер жауын жауды.

Ұсақ жаңбыр сіркіреді.

Дауыл соқты.

Жел соқты.

Жел басылып келеді.

**Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**





**Құрылымдалған ойын:**

**Тақырыбы:«Жәндікте неше аяқ бар»**

**Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

**Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.



**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35**

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің бөлмем.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>-сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Шағын мәтін құрастырабілудағдыларынжетілдіру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>берілген суреттер арқылы бөлмедегі заттарды және олардың не үшін қажеттігін, орналасуын біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Өздерінің бөлмелерінде не орналасқандығын айту арқылы ауызекі сөйлеу тілі жаттығады;<br>Қазақ тілінің төл дыбыстарын анық айтады;<br>Жаңа сөздерді есте сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын: «Қандай сөз артық?».Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай | **3.Мүсіндеу -** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі жапырақтар.<br>(бедерлі мүсіндеу)<br>Жаңғақ кемірген тиін.<br>**ҰІӘ міндеттері:-**<br>маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;<br>-<br>балалардыңқиялын,ойлаукабілетіндамыту;<br>-еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққатәрбиелеу.<br>**Дағды**: әртүрлі тәсілмен мүсіндей білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>әртүрлітәсілдердіпайдалан аотырыпмүсіндеуді;<br>күз мезгілінің басқа мезгілдерден ерекшелігін;өзінежәнеөзге нінеңбегінебағаберуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк...Алуан-алуанжапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.<br>Күншуақтамаужырап,Жатырендіатырап.<br>Ағаштардан жамырап, Ұшты кенет | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау. **[о]**<br>**ҰІӘ міндеттері:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.<br>Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.<br>Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.<br>**Дағды:** сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Балабақша – базарлы үй,<br>Ауылдағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты үй,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>(*Ә. Қонарбаев*)<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>1) Дыбыстар деген не? | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>МеніңОтаным.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақ үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы, өздері тұратын қалалары туралы әңгімелеп беруге,Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білімді;<br>үлкен, кіші қалаларда тұратын бірнеше ұлт өкілдері туралы білімді игеру арқылы нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Қазақстанда өсетін өсімдіктер.<br>**ҰІӘ міндеттері: -** өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, баубақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру.<br>Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру;<br>-аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту;<br>-өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;<br>өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.<br>**Дағды**: Өсімдіктердің тіршілік ортасы , адам өмірі мен жануарлар тіршілігіндегі маңыздылығы , өсімдіктерді қорғаудағы адам әрекеті туралы біліп, нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Табиғатты қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Балалар өсімдіктермен танысады. Гүлді горшокқа отырғызады;<br>Өсімдіктердің адамға пайдасын және жәндіктер гүлдер мен қоректенетінін |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөзартықекенінтабады.Мысалы:кереует,үстел,нан,кілем.<br>Балаларәрдұрысжауапүшін фишкаданалады,ойынсоңындафишкаларсаналып,жеңімпазанықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Ойынжаттығуы:«Сенқайдатұрасың?».<br>Мнемокестеарқылыәрбалақайдатұратынынайтады.<br>Қайкөшеде,қандайүйдетұрасың?<br>Педагогбалалармен біргемнемокестедегісимволдарненібілдіретінінталқылайды.<br>Мен ...(көшенің аты)көшесінде,2қабатты(көп қабатты)үйдетұрамын.<br>Сеніңпәтеріңде(үйіңде)неше бөлме?<br>Сеніңпәтеріңде(үйіңде)қандайбөлмебар?<br>Суретпенжұмыс.<br>Мынау–балаларбөлмесі.Мынауқандайбөлме?<br>Мынау–балаларбөлмесі.<br>Бірнешебалажауап береді.<br>Бөлмеде нелер бар?<br>Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует,үстел,орындықбар.<br>Бөлмедеойыншықтар бар.<br>Бөлмеқандай?(әдемі,жарық)<br>Терезедепердебар.<br>Пердеәдемі.<br>Мынауне?(Пердесөзінжеке,хорменқайталайды).<br>Бөлмедешамбар.<br>Мынаушам.<br>Шамүстелдіңүстіндетұр.<br>Шамқайдатұр?<br>Бөлмедекітаптарбар. | жапырақ.Ой,алақай, тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.Бақтың іші алаша,<br>Аунармаеді,жатыпап!<br>(Қ.Шаңғыбаев)<br>**Түсіну деңгейі:**Алқазірсолжапырақтардымүсіндейміз:<br>Біркесекермексаздыалып,алақанымызғасалыпдомалақтаймыз.<br>Домалақ ермексазды алақанымызға салып басу тәсілі арқылыжалпақтаймыз.Ермексаздықаттықағаздыңүстінекойып,үлгіқалыптыңшетінкескішпенбастырып,кесеміз.<br>Алендіжапыраққаұқсадыма?<br>**Қолдану деңгейі:***«Даусынантаны» ойыны.*<br>DVD дисктен аңдардың даусы,ағаштың,шөптіңсыбдырлағаны,құстардың сайрағаны,тиіннің ағаштан ағашқа секіргені,жыланныңысылы естіледі.<br>– Балалар, кәне, құлағымызды тосып,бірге естік.Ана ағаштыңбасынанбіркішкенеактиінқолындажаңғағыбар,секіріптүсіпқашыпкетті.<br>Құйрығыұзын,құлағыкішкентайекен.Олнебалалар?<br>Өтежақсы, балалар.Мына өлеңді бірге қайталап айтайық.Ментиінмін,тиінмін, | 2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>3) Қандай-қандай болып бөлінеді?<br>4) Олар қалай аталады?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»***<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау жолдары.**<br>**«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>**«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>***Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»***<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.* Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>- дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы | қызығушылықтарын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>жаңа сөздерді, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, тақпақ, мәтін қайталайды;<br>жаңа сөздер және қарапайым сұрақтарды түсінеді;<br>сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Өткен тақырыпты қайталайды. Ойын «Кім көп біледі?» қойылған сұраққа толық жауап беру.Сенің бөлмеңде не бар?Мысалы, Менің бөлмемде ойыншықтар, ертегі кітап, кереует, үстел,орындық бар.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкаларсаналып,жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:Жаңа сөздермен таныстыру**: менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет.Менің Отаным-ме-ніңО-та-ным.<br>Тәуелсіз - ә-ә -ә – тә-уел-сіз – тәуелсізМемлекет–мем-ле-кет, мемлекет.<br>*БіздіңОтанымыз – Қазақстан.Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан мемлекетініңПрезиденті бар. ҚР Президенті –* | түсінеді;<br>Гүлдер тірі және өлі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын «Өсімдік қайда жасырынды?» Ойын «Өсімдікті жина». (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу)<br>– Балалар, орман деген не? Онда не өседі?<br>(Интербелсенді тақтадан шыққан суреттерді Көлтауысармен бірге талқылау ұсынылады).<br>1-слайд. Орман – өте көп ағаш, бұта , шөп, гүл, саңырауқұлақ, жеміс-жидектер өсетін әрі үлкен алқапты жер. Орман – аң мен құстардың қолайлы тіршілік ортасы. Қазақстан ормандары Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында орналасқан.<br>– Ормандарда өсетін өсімдіктерді атаңдар.<br>– Көкжидек, бүлдірген, шетен ағашы жемістері, саңырауқұлақтар.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>2-слайд. Қазақстан өсімдіктерінің алуан түрлілігін көрсететін суреттер көрсетіліп, әңгіме жүргізіледі.<br>Балалар әңгіме барысында Қазақстан жерінде өсімдіктердің түрі өте көп өсетінін түсінеді.<br>3-слайд. Шетен Қазақстанның орманды жерлерінде өседі. Моншақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кі-тап-тар.<br>Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: *Менің бөлмем үлкен, жарық, таза. Бөлмемде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлмемде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын.* Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық. | Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Ішім жылы үйімнің.<br>Педагог тиіннің суретін көрсетеді.<br>Тиіннің түсі қандай?<br>Құйрығы қандай?<br>Қанша аяғы бар екен?<br>Құлағы, көзі қанша?<br>Енді, осы тиіннің мүсінін жасайық. Мен жасап көрсетейін, бәрің мұқият көріп отырыңдар.<br>Тиінді жасау жолы:<br>Ең алдымен ермексаздың бір бөлшегін алақанға салып, жұмсартып сопақша пішін жасаймыз. Бұл – денесі болады.<br>Кішкене бөлшекті алып, домалақтап басын орналастырамыз. Шымшу арқылы екі құлағын, мұрнын шығарамыз.<br>Төрт кішкене бөлшекті есіп, аяқ-қолын жасаймыз. Оны тиіннің денесіне біріктіреміз.<br>Құйрығын жасау үшін бір бөлшек ермексазды есіп, денесінің артқы жағына орналастырамыз.<br>Мұрны мен көзінің орнына ұсақ қара моншақтарды орналастырамыз. Енді, тиінге жаңғақ сыйлайық. Тиіннің қолына қарағайдың бүрін қыстырып қоямыз. | ажыратады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы***<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>***«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны***<br>– Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ...(арық), домалақ ... ( өрік), жасыл ... (алма), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), дәмді ...(құймақ) т.б.*<br>***«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны***<br>Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады.<br>Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп. | *Қ.К.Тоқаев*<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалық ойын:«Аудармашы».**<br>Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина– Менің Отаным.<br>Независимый – тәуелсіз. Государство – мемлекет. **Тақпақ жаттау.**<br>Отан– сенің ата-анаң,<br>Отан – досың, бауырың, Отан – өлкең, астанаң, Отан – аудан, ауылың.<br>Е.Өтетілеуұлы<br>Педагог тақпақты 2-3 рет қайталап айтады. Балалар жаттайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Керегені жазайық,<br>Шаңырақты құрайық.<br>Уық болып, иіліп,<br>Киіз үйдей болайық.<br>***Сөздік ойын:***<br>**«Сұрақ-жауап»**<br>-Балалар, ал біз тұратын мемлекет қалай аталады?<br>-Дұрыс айтасыңдар, біз Қазақстан елінде тұрамыз! Барлығымыз да Қазақстан картасына назар аударайық. Мынау біздің байтақ жеріміз (Қазақстанның жерін картадан көрсетеді)<br>Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең, байтақ. Оны білу немесе түсіну үшін картаны пайдалану қажет. Сонда қай жерде қала, әдемі ормандар, биік таулар, теңіз, көл, қазына | тәрізді, қызыл түсті жемісі қыркүйек айында піседі.<br>4-слайд. Қызғалдақ – шөптесін өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі, 32 түрі бар, оның 11 түрі Қазақстаннан шыққан. Адамдар жұлып, таптап, түрлері құрып барады, сондықтан ол Қызыл кітапқа енгізілген.<br>5-слайд. Көкжидек – суық тау белдеулеріндегі орманда<br>**Қолдану деңгейі:**<br>6-слайд. Жусан Қазақстанда көп өседі. Оның таулы, шөлді жерде өсетін түрлері көп. Ұсақ гүлдері бар. Жусан – құнарлы мал азығы. Бір, екі жыл тіршілік етеді. Ол – дәрілік өсімдік. Ата-бабаларымыз жусанның қасиетін ертеден білген.<br>7-слайд. Бетеге далалық, шалғындық жерлерде, тау бөктерінде өседі. Сабағында жапырағы сирек орналасқан. Жапырақтары жіңішке болады. Оны жылқы, қой, ешкі сүйсініп жейді. Суыққа, қуаңшылыққа төзімді.<br>Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>1. Суреттегі өсімдіктерді есіңде сақта. Орманда өсетін өсімдіктерді қызыл қарындашпен, далада өсетін өсімдіктерді жасыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қолдану деңгейі:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс.** 2. **О** дыбысы бар сөздерді белгіле. 3. Заттардың атын буынға бөл. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. 4. Дыбыстық талдау жаса. Балаларға үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жалғастыратынын айтып жер, бес сөздерінің сызбасын тақтаға іледі. Балаларға жұмыс дәптерлерін ашқызып, өз беттерінше дыбыстық талдау жасатады. Тексеру үшін «жер», «бес» сөздеріне дыбыстық талдау жасауға балаларды тақтаға шығарады. Балалар жұмыстарының дұрыс, бұрыстығын тақтадағы жұмыспен салыстырады. Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі. **«Бор»** сөзінің дыбыстық талдауы «Бор» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **Б** –дауысты дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді. **О** –дауысты дыбыс, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады, қызыл түсті домалақ қоямыз. **Р** –дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **Сергіту сәті** | байлықтары бар екендігін картадан білеміз. Осы картадан еліміздің басты қалаларын кім көрсетеді? (Балалар жеке-жеке картадан көрсетіп қысқаша мағұлмат береді) Біз картаға қарап байтақ жерімізбен таныстық. Ендеше осы Отанымыз Қазақстан туралы тақпақтарды айтып еске түсірейік. СеніңОтаныңқалайаталады ? МеніңОтаным–Қазақстан. Қайқалада(ауылда)тұрасың ?(Қаласының,ауылыныңат ынайтады). Отанымыздыңбасқаласына та? Отанымыздыңбасқаласы–Астана. Қазақстанқандаймемлекет? Қазақстан–тәуелсізмемлекет. **Мақал-мәтелді жатта.** Мағынасын түсіндір. Отан –оттан дыстық. | қарындашпен белгіле. 2. Сызба бойынша Айсұлуды селеу өсіп тұрған жерге жеткіз. Тағы қандай өсімдіктер өсіп тұр? Ата. 3. Көлтауысарды суреттегі өсімдіктермен таныстыр. Өсімдіктерді ата. Әр қатардағы артық суретті қорша. Жауабыңды түсіндір. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым<br>Алға қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** (графикалық жұмыс)<br>6. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Тыңда, орында.<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай!<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.**

**Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.**

**Аз қимылды ойын: «Кімде доп бар?»**

**Басты міндеттері:Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.**





**Аз қимылды ойын:«Кімде доп бар?»**

**Ойынның міндеттері:** Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.

**Дағды:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.

**Материал:** доп

**Ойынға дайындық:**Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).

**Ойынның ережесі :**

Ойыншыларшеңбержасаптұрады.Ойынбастаушытағайындалады.Олшеңбердіңортасында тұрады, қолдарын арқасына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады. Тәрбиешідопты(диаметрі15см-денаспайтын)кімгеболсадабіреуінебереді,балалароныарттарыменшеңбержасайбір-біріне береді.Бастаушыдоптыңкімдеекенінтабуғатырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып,жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер басқарушыдобы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойындыбасқарабастайды.Ойынғабалалардың ықыласыболмағанғадейін ойын қайталанабереді.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

**Ұсыныс:**

Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылғ** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ан іс-әрекет)** | Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын  жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл  лақтыра алуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінінжақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерінкомандасымен үйлестіруге,қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>**к**үш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін;ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пентәртіптілікнормаларын.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп жүруді;<br>кедергілер алабынан қалай өту керектігін, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруді, шектеулі жазық бетімен жүргенде тепе-теңдік сақтауды;<br>екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біздің рәміздер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-<br>қазақтыңұлттықаспабының дыбысталуыментаныстыру.<br>**Дағды**: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғырегистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>ән айту дағдыларын; дауысын дұрыс келтіріп орындайды;<br>кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау;<br>халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды,қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-*** | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Мерген болғым келеді.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекеттіақылға салып,талдап шешебілу машықтарын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; 30 см биік орындықтан секіруді; екіминут баяу қарқынмен жүгіруді; еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынғанқапшықпенқолдыекі жаққасозыпжүруді;<br>еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екіжаққасозып, тепе-теңдік сақтапқалайжүрукеректігін;<br>күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біздің рәміздер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру;<br>-қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Дағды**: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғырегистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға  дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>ән айту дағдыларын; дауысын дұрыс келтіріп орындайды;<br>кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау;<br>халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды,қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-ырғақтық қимылдар*:**«Көңілді | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Әкем, анам және мен!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>- қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру.<br>-допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.<br>**Дағды**: Өзінің денсаулығына жәнеотбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру;Ептілік,шапшаңдық секілді дене сапа даму дағдысын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>отбасымүшелеріменбіргеса лауаттыөмірсалтын қолданады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Саусақгимнастикасы:**«От басы»<br>Бас бармағым – атам,Балалы үйрек – әжем,Ортан терек – әкем,Шылдыр шүмек – анам,Кішкенебөбек – мен. Міне–менің спортсүйеротбасым. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 31 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Секіртпеменорындалатын жаттығулар**<br>**№ 2жаттығуларкешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққасалбыратыпұстап, шеңберге қарап тұру;1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою; 2– б.қ.қ.Сол аяқпенқайталау (8 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпеніжоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу;3– денені түзулеп, секіртпеніжоғарыкөтеру; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 32 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гантельдерменжаттығуларорындау**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген.1 – басыналдығаию;2 –б.қ.;3– басынартқашалқайту;4– б.қ.–6рет.<br>2.«Гантельжоғарыда»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген,қолдарындагантельдерұсталған,<br>1– қолдарынекіжанынатүзеп, айналдырып,жоғарыкөтеру;2–б.қ.–6рет.<br>3.«Гантельдериықта»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарындағыгантельдерекіжанынатөм | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 33 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатикаэлементтерібаржаттығулар.**<br>**№1жаттығуларкешені**<br>1.«Алдығақадаматтау,қолдарынекіжаққасозу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау,қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. –артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп,ұстап тұру(8-гедейінсанағанша);бастапқықалыпқакелу(5рет қайталау).<br>3.«Қолдарыналдынакеудетұсынаұстау» | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 34 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатикаэлементтерібаржаттығулар.**<br>**№ 2жаттығуларкешені**<br>1.«Қолдарыжоғары»<br>Б.қ.–қолдарынбелінеқою.1–қолдарынжелкесінеқою,оң(сол)аяқтарынартқааяқбасымен басыптұру; 2– бастапқықалыпқакелу (8рет).<br>2.«Еңкею»<br>Б.қ.– аяқтарыниықтарыныңеніне, қолдарынбелінеқояды.1– қолдарынекіжаққасозады; –оң (сол)аяқтарына қарай кезекеңкею;3– дененіқайтатүзеп,қолдарын екіжаққасозу; 4–б.қ.(8рет).<br>3.«Бұрылу»<br>Б.қ.– аяқтарыниықтарыныңеніне, қолдарынжелкесінеқояды.1 | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 35 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Аэробика жаттығуларынорындау**<br>1.Б.қ.: тұру.Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады.Қолдарын төментүсіреді.<br>2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап,серпу.7-8 рет<br>3.Б.қ.:тұру.Алдығаеңкею.Қолдарымен аяқтарыныңартынанша палақұру–7-8рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып,секіртпеніалғасозу. 3-4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төментүсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу; 2– б.қ.қ.Сол жаққақайталау(8 рет).<br>5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; 1-секіртпені жоғары-алдығашығару; 2– б.қ.қ.<br>6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғынбүгіп,секіртпенітізесін еқою;2–б.қ.қ.Солаяқпен сол қимылдардықайталау.(8 рет)<br>7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындапсекіру.Секіруді жайжүріспен кезектестіріпорындау.<br>(2-3рет) | ентүсірілген;1–қолдарыншынтақтан бүгу,гантельдердіиықтары наәкелу;2–б.қ.–6рет.<br>4.«Еңкею»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген;1–алдығаеңкейіп,гантельдердіеденгеқою;2– б.қ.;3–еңкейіп,гантельдердіалу; 4–б.қ.– 6рет.<br>5.«Секіру»<br>Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген;1–8бірояқпенсекіру. | Б.қ.–негізгітұрыс,қолдарыекіжанынатөментүсірілген,аяқтарыиықеніндейқойылған.<br>1–қолдарынкеудесіндебүгіпұстау;2–оңғабұрылу,қолдарын екіжаққажазу;3–қолдарынкеудесіндеұстау;4–<br>б.қ.Солжағынаосықимылдардықайталау(8рет)<br>4.«Қолдарытізеде»<br>Б.қ.–аяқтарыпараллель,қолдары денебойыментөментүскен.1–қолдарынекіжаққажазу; 2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққажазу.Солаяғымен сол қимылдардықайталау(9рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ.–еденгеетпетіненжатып,1–4–аяқтарынжоғарыбасынатигеншекөтеру–6рет<br>«Көпір»<br>Б.қ.—жердежату,қолдарыменбасынанасырып,еденгетірелу.Қол-аяғынатіреліп,денесінжерден көтеру– 5 рет. | –оңға(солға)бұрылу;2–б.қ.(8рет).<br>4.«Отыру»<br>Б.қ.–тізерлептұру,қолдарынденесініңбойыменекіжаққаұстау.1-2–оңға(солға)отырып-тұру,қолдарынжоғарыкөтеру; б.қ.(6рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ.–тұру.1–4–оңаяғыментұру,дененіалдығаеңкею,оңаяғынтүзепжоғарыкөтеру(8рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ.–еденгеетпетіненжатып,1–4–аяқтарынжоғарыбасынатигеншекөтеру–6рет | түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Солаяғымен сонықайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып,басынанасырып,жерге тигізу.Аяқтарын қайтатөмен түсіріп,б.қ.қайту.7-8рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екіжаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8рет.<br>7.Б.қ.:аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып бір орында секіру. Секірудіжүрумен алмастыру. 2-3 рет. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |

| ҮІӘ уақыты: 12.00 14.10 | 12.00-12.25<br>12.35-13.00<br>13.10-13.35<br>13.45-14.10 | Дүйсенбі 14.10.24 | Сейсенбі 15.10.24 | Сәрсенбі 16.10.24 | Бейсенбі 17.10.24 | Жұма 18.10.24 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жапсыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>9 саныжәне цифры.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>-9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>9 сандарын айтуды;<br>заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>заттарды топқа бөлуді, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.<br>-суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br>-бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады;<br>сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Жалпы атауын айт» ойынымен бастайды.<br>– Балалар, мен сөздер айтамын, сендер | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>9саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>-1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге,тізбектердіорнатуға үйрету,санаудағдыларынжетілдіру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтардыорнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>-табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>9 сандарын айтуды;<br>заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>заттарды топқа бөлуді,<br>9сандарын тануды.<br>8 санына дейін санау, берілген заттар санына | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>0 саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Оқушылардың ой – қиялын, математикалық тілін, дүниетанымын дамыту. Логикалық ойын ұштау. Саусақтың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>0 саны жәнецифрын (бос жиын көрсеткіші туралы түсінік);<br>0 цифрын жазу туралы түсінікті;<br>0 цифрын тану, бос | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>Ойнай отырып оқимыз.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**ұқыпты лыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды;<br>бір буында бір дауысты дыбыс болатынын;<br>сөздерді буынға бөлу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 9сандарын тануды.<br>8 санына  дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Сан мен цифрды байланыстыр» ойын-жаттығуы.**<br>Педагог 7, 8 цифрын көрсетеді. Заттардың қажетті санын көрсететін суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен байланыстыруды үйренеді. Үлестірмелі материалдың № 2,3 парақтарын пайдаланады.<br>Киімнің суреті бар карточкалар көрсетіледі. Киімді сөреге (7, 8 зат) бүктеп салып, оларды санауды ұсынады. Одан соң балалар санды тоғызға дейін толықтырады. Тоғыз саны қалай шыққанын айтып түсіндіреді.<br>(9 бұл – 8 тағы 1).<br>Педагог 7, 8, 9 сандары туралы өлең оқиды.<br>*Жалғыз аяқ көсеуде,*<br>*Ұқсас екен жетеуге.*<br>*Мынау жатқан қайшы,*<br>*Ал «Сегіз» сан қайсы?*<br>*Оның екі көзі,*<br>*«Сегізіңнің» өзі.*<br>*Акробат қыз мықты,*<br>*Сахнаға шықты.*<br>*Бүктеліп белі қайысты,*<br>*«Тоғыз» болып майысты.*<br>Елубай Отарұлы<br>– Бүгін біз қандай жаңа сан туралы білетін боламыз? (9)<br>**Түсіну деңгейі:** | мүдірместен және тез жалпы атауын атауларың керек.<br>1.Үтік, ... *(тұрмыстық құралдар)*<br>2. Анар, Жанар, Фарида – ... *(адам есімдері)*<br>3. Тақия, орамал, тымақ – ... *(баскиім)*<br>4. Етік, бәтеңке, кроссовки – ... *(аяқкиім)*<br>5. Дәптер, өшіргіш, сызғыш – ... *(мектеп құралдары)*<br>Балаларды мақтап, мадақтау.<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>– Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буыннан тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөлдіреді.<br>– Сыз-ғыш – екі буын.<br>– Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінімізді білесіңдер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын | қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Цифрларды тауып, ретімен қой».** Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына 1-ден 9-ға дейінгі цифры бар карточкаларды орналастырады. Балалар барлық цифрларды тауып, оларды дұрыс ретпен орналастырып, үстелге қою керек. (2-3 рет).<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.** Ол пазлдары бар №8, №9 парақ беттеріндегі карточкаларды таратады, жұбын табуды – сан және цифрдан жұп жасауды сұрайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**. (№ 20, 21 парақ)<br>Педагог 9 баланы сырғанаққа кезекке тұрғызады. Балалар ретімен санап, сырғанаулары керек: бірінші, екінші,.. тоғызыншы.<br>– Балалар сырғанақта ойнап, қарындары ашты. Дүкенге барайық.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Себеттегі көгөністерді сана. Сонша дөңгелек пен пирамиданың сақиналарын боя. Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя.<br>Себеттегі көгөністерді санауды, көгөніс санына | жиынтықты сол цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Сандық саусақтар» ойын жаттығуы.** Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі сандар болуы керек. Баладан қолындағы саусақтарын көрсетуін сұрап, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы санды көрсетуді сұрау керек. Алдыңғы, кейінгі санды атауды сұрау керек.<br>Педагог бұтақтағы жапырақтарды санауды ұсынады.<br>– Қанша жапырақ? (5).<br>Педагог цифры бар карточканы алып, оны тақтаға қояды. Жел соғып, бір жапырақ жерге түсті. Ағаш бұтағында жапырақтардың саны қазір қанша? (4). Мұндай карточканы цифрмен тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Содан кейін жел одан да қатты соғып, тағы 1 жапырақ жерге түсті. Қанша жапырақ қалды? (3). 3 цифры бар осындай карточканы тауып, оны тақтаға ілу сұралады. Жағдайды сипаттау жалғастырылады.<br>– Бұтақта бір жапырақ бар. Жел соғып, ол ұшып кетті. Қазір қанша жапырақ бар? Балалар, кім біледі? | түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік.<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>– Балалар, **«Болады, болмайды»** дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын оқимын. Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар.<br>Күйші болуға ... *(болады),*<br>Биші болуға ... *(болады),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәптермен жұмыс.<br>**1-тапсырма.**Қанша түсті футболка бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя. Қанша шалбар бар? Шалбарларды футболкалармен жұптастырып, сызып қос. Қайсысы көп?<br>Суреттегі киім-кешекті санауға ұсынады.<br>– Қанша футболка бар? Сана, сонша дөңгелекті боя. Тағы бір футболканы боя. Саны қанша болды? Тағы бір дөңгелекті боя.<br>Балалар дөңгелектерді бояйды.<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br>Цифрлардың кескінін есте сақтай отырып, тапсырманы орындамас бұрын, QR код арқылы жүктелген анимацияны көрсетуге болады, онда цифрды таңбалаудың тәртібі туралы бейне көрсетілген.<br>Цифрлардың суреттерімен және олардың таңбалануымен танысу керек. Балалар цифрды саусақпен сурет бетінде жүргізіп, содан кейін ауада саусақпен салып үйренеді. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады.<br>Ермексаздан мүсін жасап және ол жұмыстардың көрмесін ұйымдастыруға болады.<br>Қолдың ұсақ моторикасын | іледі): сыз-ғыш.<br>Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөлдіреді.<br>ө-шір-гіш<br>кі-тап<br>Тіктөртбұрыш сөзді білдіреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз.<br>**Түсіну деңгейі:*Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».***<br>**Ойын шарты:** балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.<br>– Өзімнің үлкен бауырым ... *(а-ға)*<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...*(сыр-ға)*<br>– Ат тұяғындағы темір ... *(та-ға)*<br>– Қап-қара құс ... (*қар-ға)*<br>– Шегені қағатын ... (*бал-ға*)<br>– Ең үздік баға ...*(бес)*<br>– Білім алатын құрал ... (*кі-тап)*<br>– Дәптерге жазатын ... (*қа-лам-сап).*<br>Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік.<br>Балалар тақтада жұмыс жасайды.<br>**Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1. Сөздерді буынға бөліп айт. | байланысты дөңгелектер мен пирамида сақиналарын бояуды ұсынады.<br>– Себетке тағы бір көгөністің суретін сал. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 9 цифрын қалай шығарғаныңды айт.<br>**2-тапсырма.** Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балаларға цифрмен жолақтың үстінен «жүріп өту» керек. Педагог алдыңғы іс-әрекетінде мүсінделген цифрларды (немесе карточканың үлестірмелі материалынан сандарды) көрсетеді және оларды ретпен 1 ден 9 қоюды сұрайды. Кері тәртіппен айту керек.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагог балаларға нұсқау береді:<br>8 рет секір, 9 рет шапалақта, әр аяқпен 7 рет бір орында тұрып қадам бас, қасындағы досыңмен 6 рет алақан соқ.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.**<br>Фигуралардың тізбегін боя. Педагог фигуралардың атауларын алдын ала қайталайды. Үшбұрыш, шаршы, шеңбер. Ол фигуралар қатарынан заңдылық үлгісін табуды сұрайды. Балалар фигураларды бояуды жалғастырады. Педагог фигураларды таратады (3 данадан дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) және өз заңдылық үлгісімен тізбек | – Нөл дейді. Бұл сан нөл деп аталады. Ол – 0 цифрымен таңбаланады. 0 саны бар карточканы көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суретке қара. Не болғанын айт. Не өзгерді? Тиісті цифрмен сызып қос.<br>Педагог суреттерді қарастыруды ұсынады.<br>– Алдымен не болғанын айт.<br>– Суреттердің әрқайсысында не өзгерді?<br>– Қажетті цифрмен қос.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс** (№8, №9 парақ беттеріндегі үлестірмелі материалдарды пайдаланады). Цифрды заттардың санымен сәйкестендіру.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**2-тапсырма**. Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Балалар цифрды саусақпен сурет бетімен жүргізіп сызады. Ауада 0 санын «жаз»: сопақша таңбалайды. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады. Педагог балалардың отыру қалпына назар аударады. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.<br>**3-тапсырма.**<br>0 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя.<br>**«Цифрды есте сақта» ойын жаттығуы.**<br>Балаларды бірнеше секунд | Ерке болуға ... (*болмайды).*<br>Серке болуға ... *(болмайды),*<br>Пысық болуға ... (*болады).*<br>Кішік болуға ... (*болады)*,<br>Әкім болуға ... (*болады).*<br>Ақын болуға ... (*болады)*,<br>Маман болуға ... (*болады).*<br>Жаман болуға ... *(болмайды),*<br>Айтпақшы,<br>Жаман болуға ... *(болмайды).*<br>*(*Қадыр Мырза Әли)<br>– Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы***<br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.<br>Буынға бөлуге болатын сөздер: *күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.*<br>**Ғажайып сәт.**<br>Педагог топқа қоржын алып кіреді.<br>– Балалар, бізге Жұмбақбай ата бір қоржын жұмбақтар беріп жіберіпті.<br>Жұмбақбай атаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту үшін «Жолдармен жүр» жаттығуы қолданылады (№4-парақ).<br>**Сергіту сәті.**<br>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: тоғыз бала 1-ден 9-ға дейінгі цифрды таңдап алады. Әрқайсысы бір-бірден алуы тиіс. «Тірі» шартты дабыл белгісі бойынша цифрлар бөлмеде жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылы бойынша барлық цифрлар солдан оңға қарай бірден тоғызға дейін сапқа тұрады. Содан кейін әр санға жеке тапсырма беріледі: оның цифр көрсеткішіне қарай, сонша рет алға қадам жасау және т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Суреттен 9 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя.<br>Ойын жаттығуы «Цифрларды жина».<br>Үлестірмелі материалдардағы 5, 6, 7 парақ беттері. Тапсырма-жұптық жарыс: цифр-пазлдардан құрастырып жина.<br>**4-тапсырма.** Текшелерді ретімен қос. Қандай цифры бар текше басқаларынан өзгеше? Неліктен?<br>– Қай цифры бар текше басқалардан ерекшеленеді? Неліктен? (Өлшемі мен түсі басқа, 4 цифрының таңбалануымен.) | 2. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)*<br>4. Штрихта.<br>5. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.**<br>Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз.<br>Педагог ҰІӘ-ті қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>Ұйымдастырған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.<br>– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай | жасауды сұрайды.<br>**Ойын-сергіту сәті.**<br>**«Сандық жүгірткі»** бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлардың суреті салынған карточкалар қажет. Карточкаларды еденге кездейсоқ ретпен орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, цифрларды өсу ретімен атауын сұра. Егер бала қателессе, онда кері оралып, қайтадан бастайды.<br>**4-тапсырма.** Кірпіге алмаағашқа 9 цифры және 9 нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес.<br>Торкөздерді боя.<br>– Балалар, кірпіге алмаағашына жетуіне көмектесіңдер.<br>Лабиринттегі ұяшықтарды нүктелер саны 9 нүктесі және 9 цифры бар ұяшықтарды боя.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | ішінде карточкалардағы 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды қарау керек. Содан кейін карточкаларды жасырып, балалардан мүмкіндігінше көп цифрларды есіне түсіріп, атауын сұрау керек. Кім көбірек есте сақтап айтса, сол жеңгені.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | шарты бойынша жұмбақ жауаптарын буынға бөліп айтуымыз керек.<br>**Жұмбақтар**<br>Кір қоқысты сүймейді,<br>Сыртқа қуып сүйрейді.<br>(*Сы-пыр-ғыш*)<br>Жіп-жіңішке денесі,<br>Ортасында шегесі.<br>*(Қа-рын-даш*)<br>Екі аяқты бірізді,<br>Адам мініп жүргізді.<br>(*Ве-ло-си-пед*)<br>Екі басты айдаһар,<br>Бәрін қырып жояды.<br>Екі аяқпен жер тіреп,<br>Қағазды жеп қояды.<br>(*Қай-шы*)<br>Шайнасаң жағың талады,<br>Тісіңнің кірін алады.<br>*(Са-ғыз*)<br>Қабат-қабат қаттама,<br>Ақылың болса аттама.<br>(*Кі-тап*)<br>Балалар жұмбақтарды шешеді. Педагог суреттерін тақтаға іледі. Балалар сызба бойынша сөздерді буынға бөледі.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны***<br>***Шарты:*** педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады.<br>те-(*геш)*, те-(*рек)*, те-(*мір)*, те-(*тік).*<br>*ор-(та),* ор-*(ман),* о-(*рақ).* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлестірмелі материалмен жұмыс (№ 8, 9)<br>Цифрды заттардың санымен сәйкестендіру. Жұмысты топтық түрде ұйымдастыруға болады.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін педагог ұсақ заттармен жұмыс жасауды ұсынады (ұсақ заттарға: түймелер, текшелер, мозаика бөлшектері, ұсақ жапсырмалар) 9 санына А5 парағында басылған санның сұлбасы. Содан кейін сандар көрмесі ұйымдастырылады.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | тапсырмада?<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | | өр-(*мек)*, өр-(*кеш)*, өр-(*ле)*, өр-(*мек-ші)*<br>***«Буынды қос» дидактикалық ойыны***<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады.<br>Мысалы:( *ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла)*. Ойынды өзгертуге болады.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл.<br>2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді екі буынды сөзді үш буынды сөзді сәйкестендір.<br>**Сергіту сәті «Робот»**<br>Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз, Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз. Басымызды енді алдыға иеміз, Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)*<br>4. Штрихта<br>5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсіріп қайталайды.<br>Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.<br>Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>–Іс-әрекеттен не үйрендіңдер, не білдіңдер? |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**

***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны:«Тышқан мен қақпан»**

**Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.**




**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»**
**Ойынның міндеттері:**Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.
**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойынның ережесі :**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегібалаларбір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта

<table>
<tr><td colspan="3"> </td><td colspan="3">жүреді. Жүргізушінің белгісі бойыншаекішеңбердетоқтайды.Ішкішеңбердетұрғандарқолдарынжоғарыкөтереді–қақпақұрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесібелгінібереді,осыкездеішкішеңберойыншыларықолдарынлездетүсіреді.Шеңберішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады.Олар ішкі шеңбердетұрғандарғақосыладыда,ойыншыларқайтаданқолұстасады.Осыданкейінойынжалғасады.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріптұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріпшығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болыпсаналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтарорын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандарсаналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу,<br>жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.35 – 13.00</td></tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Кітап-білім бұлағы.<br>ҰІӘ міндеттері:әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгімеқұрауғаүйрету;<br>-дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту;<br>-еңбекқорлыққатәрбиелеу.<br>Дағды: Есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту.<br>Ұлттық құндылықтар:<br>Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.</td>
<td>2.Қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы:Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады?<br>ҰІӘ міндеттері:<br>- заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру;<br>-заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру.<br>Сурет бойынша және «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру;<br>-тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.</td>
<td>2.Көркем әдебиет-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Отан.(Мұқағали Мақатаевтың өлеңі)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>- өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету;<br>-сұраққа толық жауап беруге жетелеу;<br>Отанын сүюге, мақтан етуге тәрбиелеу.<br>Дағды: Өз ойларын толық жеткізе білугедағдыландыру.<br>Ұлттық құндылықтар:<br>Адамгершілікке, адалдыққа, елін, жерін сүюге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже:<br>сұраққа жауап беруді және еңбекшіл болуды үйренді.</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:Мен білімді баламын.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-әңгіме мазмұнын өз сөзіменжеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойыншаәңгімеқұрауғаүйрету;<br>-дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту;<br>-еңбекқорлыққатәрбиелеу.<br>Дағды: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.<br>Ұлттық құндылықтар:<br>Көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру;<br>Жолдастарын сөзін бөлмей</td>
<td>2.Көркем әдебиет-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:Түлкі мен қоян.(ертегі)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету;<br>-тілдік ойлау қабілетін дамыту;<br>-жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>Дағды: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>Ұлттық құндылықтар:<br>ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже**:<br>Балаларға кітаптан білім алатындығын, оны шығару үшін көп адам еңбек ететіндігі жайлы білімге ие.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>- Балалар, бүгін біз кітап, білім туралы көптеген мағлұмат аламыз. Қазақстан азаматтары білімді, мәдениетті, өнерлі болуы керек. Терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнеркәсібімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап қағаз – ағаштан жасалады. Ағаш – табиғат байлығы. Кітап жасау үшін көптеген мамандық иелері еңбек етеді.<br>1. Біздің елімізде бірде - бір бала мектептен тыс қалмайды. Жалпыға бірдей білім беру туралы мемлекеттік маңызы бар «Білім туралы» заң қабылданған.<br>2. Алғашқы кітап басып шығару ісі қолмен атқарылған. Адамдар кітап болатын, әріп теретін машиналар ойлап тапты. Қазіргі кезде кітап болып шығару ісі жолға қойылған.<br>3. Елімізде кітап шығаруға, оны безендіруге көп көңіл бөлінеді. Оған қыруар қаржы жұмсалады. Қазіргі кезде барлық мектеп оқушыларына оқулықтар тегін берілуде.<br>4. Оқулықты бүктеп, | **Дағды**:<br>Балаларды заттарға ұқыптылықпен қарауға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Оларды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>заттардың неден жасалғанын суретке қарап ажыратады;<br>қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын;<br>материалды тиімді пайдалану тәсілін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Төртіншісі артық» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>– Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Қазақстан – туған жерім,<br>Көп қой сенде өзен, көлің.<br>Нұрлана бер, гүлдене бер,<br>Пейілі кең дарқан елім!<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады? Біз қай елде тұрамыз?<br>– Біздің ұлтымыз қалай аталады? Біз қай тілде сөйлейміз?<br>– Біздің туған еліміз, Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасыңнан басталады. Сен алысқа кетсең, үйіңді сағынасың. Туған жердің топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерің есіңе түседі. Туған жерсіз адамның күні жоқ.<br>– Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы, қалалары – біздің мақтанышымыз.<br>25 қазан – Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн!<br>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.<br>– Бүгін ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз) | тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды.Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестері және сөйлемдер құрату арқылы сөйлеу тілін дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Педагог:<br>- Балалар, көңіл күйлерің қандай?<br>Өз көңіл күйлерін эмоциямен, ым-ишарамен, қимыл-қозғалыспен көрсетуді сұрайды.<br>Педагог:<br>- Менің де көңіл күйім өте жақсы.<br>Өйткені білімге құмар, талантты,<br>талапты балалармен бүгін тағы бірге<br>боламын.<br>- Балалар, білімді бала болу үшін не<br>істеу керек?<br>**Түсіну деңгейі:** Сендер өздеріңді білімді баламын деп<br>айта аласыңдар ма?<br>Тақтадағы суретке назар аударыңдар,<br>суретке қарап әңгіме құраңдар.<br>Балалар қайда жүр деп ойлайсыңдар?<br>Мектепте оқитын балаларды кім дейміз?<br>Өздеріңнің аға, әпкелерің бар ма?<br>Олар қайда оқиды? | ертегінің мазмұнын түсінеді,кейіпкерлерді ажыратады;<br>ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Ғажайып жағдаят***<br>– Балалар, бұл – сиқырлы қорапша. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік.<br>Педагог сиқырлы қорапшаның ішінен екі аңды алып көрсетеді.<br>– Бұларды қалай атаймыз? *(Түлкі, қоян)*<br>– Түлкі мен қоян туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>– Түлкі – қу, айлакер аң. Орманды, даланы кезіп жүреді.<br>– Түлкінің терісі жұмсақ, үлпілдек.<br>– Қоян керемет саққұлақ, сужүрек аң.<br>– Балалар, бүгін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.<br>Ертегіде кейіпкердің мінез-құлқын салыстыра сипаттайды.<br>Ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады.<br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жыртып бүлдіруге болмайды. Өйткені, әр кітап – Отан байлығы, аға - апаларымыз бен әже - аталарымыздың маңдай тері.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалардың жауабы?<br>-Балалар менің қолымда сендерге арналған кітап тұр. Сыртына, ішіне қараңдар, қаншама қызықты әңгімелер, ертегілер, жұмбақтар, мақал мәтелдер, әдемі суреттер бар. Біз осының оның бәрін бірге оқимыз. Біздің бөлмеде кітаптар тұр.<br>- Оның ішінде қандай кітап жақсы?<br>Балалардың жауабы.<br>-Сендерге үйде кім қандай кітаптар оқып береді?<br>-Балалар, ақын Мәриям Хакімжанованың жазған мына өлеңін мен сендерге оқып беремін мұқият тыңдаймыз.<br>Оқы, ойна!<br>Бөбектерім, оқы, ойна!<br>Оқу- білім саған пайда,<br>Кітабыңның шетін жыртып,<br>Сияменен бояп қойма.<br>Қолыңды жу, тырнағыңды ал,<br>Болсын таза бет орамал,<br>Мұнтаздай боп мектепке бар.<br>- Балалар, менің қолымдағы мына кітапқа қараңдаршы. Мынау қандай кітап?<br>- Сырты жаман, жыртылған , сызылған. Орнымыздан тұрып, мына кітап көрмесінің жанына келейік.<br>Жаңа кітаптарды көрсетіп: | Сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Бұл заттарды кімдер жасайды?<br>– Оларды ересек адамдар жасайды.<br>– Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады?<br>– Әрине, табиғаттан алады.<br>– Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады?<br>– Ағаштан, темірден жасалады.<br>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны**.** (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>– Суреттегі заттарды атаңдар, не үшін қолданатынын, неден жасалғанын айтыңдар. Балалар заттарды атап, неден жасалғанын және не үшін қолданатынын айтады. Мысалы, киім матадан тігіледі, адамның үстіне киюіне арналған заттар. Еңбек құралдары темір мен ағаштан, пластиктен жасалады, олар еңбек етуге арналған заттар. Ыдыс фарфор, әйнектен жасалады, ас ішуге арналған заттар. Жиһаз – күнделікті тұрмысқа қажет заттар, темір мен ағаштан, пластиктен жасалған.<br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>«Адамға күнделікті | **Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*Отан* – туып-өскен жеріміз<br>*тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік<br>*Сұрақ-жауап:*<br>– Өлең қалай аталады? Саған ұнады ма?<br>– Авторы кім? Өлең не туралы?<br>– Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>– Біз тұратын қала немесе ауыл қалай аталады?<br>– Сен қай елдің азаматысың? *Отан* сөзіне сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br>Қазақстан еліміз,<br>Елін сүйіп ер жетер<br>Біз болашақ гүліміз!<br>*Дидактикалық ойын: «Кім жалғастырады?»* (баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: педагог мақалдың басын айтады, балалар жалғастырады.<br>Отан – оттан да ... . *(ыстық)*<br>Туған жер – алтын ... . *(бесік)*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген?<br>Балаға ат қой. Ол бізге нені көрсетіп, мақтаныш етіп тұр?<br>3. Мақалдың мағынасын түсініп ал.<br>Отан көркі жерімен,<br>Елдің көркі ерімен. | Әліппе-дәптермен жұмыс:<br>*1-тапсырма.* Суреттегі балалардың іс-әрекетінің қайсысын жасай аласың, сол<br>суретті белгіле. Өзің белгілеген сурет<br>бойынша әңгімелеп бер.<br>Көптілділік:<br>*үйрету - учить - to teach*<br>**Тіл ұстарту: (л, р)**<br>Ла, -ла, -ла - ол білімді бала<br>Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала<br>Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала<br>Рет, -рет, -рет - бала салды сурет<br>Тер, -тер, -тер - алып келдім дәптер<br>Дар, -дар, -дар - келді біздің қыздар<br>Тыр, -тыр, -тыр - біздің Қайсар батыр<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Р»-ға тілің келе ме?<br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр», - деші,<br>Ал енді өзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қаламсапқа кәнекей<br>Өзімізді теңейік.<br>Ақ қағазға жүгіріп,<br>Жазу жазып көрейік.<br>Сөз соңына келгенде<br>Нүктені де қояйық.<br>Керек болса егерде<br>Суретті де бояйық.<br>Педагог балалардан оқу үшін қандай оқу құралдары қажет екенін сұрайды.<br>Балалардың жауабын | **Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қу* – зымиян, әккі<br>*айлакер* – амал, айла тапқыш<br>Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы?<br>– Ертегі қалай аталады? Түлкі қоянды көргенде не істеді?<br>– Қоян түлкіге не деді? Түлкі қоянға не туралы айтты?<br>– Ертегі қалай аяқталды? Қашанда қояндай сақ болайық.<br>***«Қандай жануар» ойыны*** (баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: ойынға хатқалта дайындалады. Хатқалтаның ортасы дөңгеленіп қиылған. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табу.<br>**Сергіту сәті**<br>***«Сиқырлы саусақтар» ойыны***<br>Таңғалу (екі қолдың басбармағын көтеру)<br>Өзіңді көрсету (бір саусақпен)<br>Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>Қорқыту (сұқ саусағын көрсету)<br>Жеңіс (екі қолды көтеру, шапалақтау)<br>Педагог ертегіні екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Сендерге қандай кітап ұнайды?<br>Балалардың жауабы<br>- Балалар, «кітабыңның шетін жыртып, сияменен бояп қойма» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Балалардың жауабы<br>Кітапты жыртсаң беті жоқ болады,сиямен боясаң оқи алмай қаласың. Оқуға қандай болып бару керек дейді?<br>- Қолды жуып, тырнақты алып бару керек.<br>- Балалар, «мұнтаздай» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Тап таза, ұқыпты.<br>- Дұрыс. Кітаптың беті таза болу үшін арасына қағаз немесе жіп салып қою керек.Балалар, енді сендерге ақын Нәсіпбек Айтовтың мына өлеңін оқып берейін.<br>Оқулық<br>Саған білім жемісін<br>Оқулығың береді.<br>Талай адам сол үшін<br>Маңдай терін төгеді.<br>Оқулықты құрметте,<br>Күтіп ұста, кірлетпе.<br>Кішілерге табыс ет,<br>Дақ түсірмей бір бетке.<br>- Балалар, «білім жемісі» дегенді қалай түсінуге болады? Мысалы шие, өрік, алма ағаштары көп жеміс салады. Оның бірнешеуін жеп тоямыз. Ал кітаптың бір бетін оқығаннан көп білеміз, неғұрлым көп оқысақ, соғұрлым көп білеміз. Ендеше білімнің жемісі көп оқу екен. Кітап шығару үшін кімдер еңбек етеді? | жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**Ғажайып сәт**. Педагог беті матамен жабылған затты алып шығып , балаларға не екенін табуды өтінеді. Балалар пікірлесіп, ойларын айтады. Бір баланы шақырып, матаны ашуды сұрайды, матаның астында әртүрлі заттар салынған бірнеше себет шығады. Балалар себеттерді қолдарымен ұстап көріп, неден жасалғанын айтады.<br>– Себетті әртүрлі шыбықтардан, кептірілген өсімдік сабақтарынан, пластиктен және ағаш қабықтарынан жасайды. Педагог заттарды себеттен шығарып, былғары, жүн, киіз, ағашты көрсетеді, балаларды ұлттық бұйымдар – торсық, астау, сандықша, тұскиіз, тостаған тұрған үстелге шақырып, себеттен шыққан заттармен қандай байланысы бар екенін анықтауды тапсырады. Балалар былғарыны қолымен ұстап көріп, сол материалдан жасалған затты табады. Ұлттық бұйымдар мен заттарды салыстыра отырып, не неден жасалғанына зерттеу жұмыстарын жүргізуге Ер Төстік қатысады.<br>**Қолдану деңгейі:** | 3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні қай уақытта шырқалады? Оны орындағанда қандай ережені сақтау керек?<br>4. Суреттегі үзік сызықтарды қос. Боя.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Әңгіме саған ұнады ма? Балаларды мадақтау. | тыңдағаннан кейін оқу құралдары туралы әңгіме айтып береді. | рет оқиды. Қайталап оқыған кезде бір бала бастап, әрі қарай екінші бала жалғастырып оқитын тәсілді қолданады. Балалардың әңгімелеуіне баға береді.<br>**Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр.<br>2. Жақсы көретін тағамдарымен сызып қос.<br>3. Ұйқасын тап.<br>Кезіп жүріп өзекті,<br>Ұстап алдым ... .<br>*(көжекті)*<br>4. Суретті аяқтап сал. Боя.<br>Педагог қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлге бөлініп, сахналайды. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жауабы<br>- «Маңдай терін төгеді» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Көп жұмыс істеп терлейді.<br>- Иә, балалар, сендерге қызықты кітап болып қолдарыңа жету үшін, оны жазады, теріп басады, суретшілер сурет салады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>- Балалар, сонымен біз не жайында білдік?<br>- Екі өлеңнің ұқсастығы неде?<br>- Екі өлең де кітап жайлы.<br>- Кітапты шығару үшін кімдер жұмыс істейді?<br>- Кітапты қалай ұстауымыз керек? Балалардың жауабы<br>- Кітапты оқып біткен соң кімге сыйлаймыз?<br>-Дұрыс. Сондықтан кітапты күтіп ұстауымыз керек. | *Торсық – қазақ халқының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. тығынды қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды.*<br>Балалар осылайша себеттен шыққан материалдарды ұстап, көру арқылы, бұйымдарды сипаттап, табады.<br>Шеберлер ағаштан жасалған күбі, астау, шара, тегене, тегеш, саптыаяқ, тостаған, ожау, шөміш, табақ сияқты ыдыстарды ұлттық ою өрнектермен әсемдеген.<br>Педагог балаларға жүн, киіз, тұскиізді салыстырып, бұл заттардың байланысын табуды ұсынады.<br>– Жүннен киіз жасалады, киізден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасалады. Интербелсенді тақтадан киіз басу бейнебаяны көрсетіледі.<br>https://youtu.be/Q0eBB_1ADIA Педагог бейнебаян дыбыс ұлғайтқышын өшіріп, балалардан қандай әрекеттер жасалып жатқанын өздері айтып отыруды ұсынады.<br>1. Жүнді жуады. 2. Жүнді | | | – Қуыршақ театрынан қандай әсер алдың?<br>Балаларды мадақтау. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>сабайды. 3. Ыстық сумен булайды. 4. Білекпен басады...<br>Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс<br>1. Арман заттарын шашып алыпты. Арманға заттарды ретімен жинап, өз орындарына орналастыруға көмектес. Сызықпен қос.<br>2. Қазақтың ұлттық бұйымдарын ата.<br>3. Олар неден жасалғанын Ер Төстікке айт. Оларды жасалған материалдарына қарай топтастыр. Сызып көрсет.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="4">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>13:00-13:10</td><td colspan="5">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»</td></tr>
<tr><td colspan="5">- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.<br>- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.<br>- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.<br>- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.</td></tr>
<tr><td>Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру<br>Бата беру:<br>Дастарханға береке берсін,<br>Бастарыңа мереке берсін.</td><td>Өіне-өзі қызмет етуге үйрету<br>Бата беру:<br>Астарыңа адалдық берсін,<br>Бастарыңа амандық берсін.</td><td>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту<br>Бата беру:<br>Дастарханның байлығын,<br>Деннің саулығын берсін!</td><td>Өіне-өзі қызмет етуге үйрету<br>Бата беру:<br>Дастарханың мол болсын,<br>Абыройың зор болсын.</td><td>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту<br>Бата беру:<br>Уайым - қайғы жоқ болсын.<br>Отырғандарың үлкен тақ болсын.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 13:00 – 13:10</td></tr>
</table>

| Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында** | | | | | |
| **Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**<br>**Дыбыстық есту арқылы ойын:**<br>**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>**Міндеттері:**<br>-балалардың сөздік қорын молайту;<br>-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;<br>-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;<br>-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;<br>-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды жәнетазадикцияны дамыту,сұрақтарғажауапберудағдыларын жетілдіру; | | | **Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**<br>**Артикуляциялық гимнастика**- логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулорартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>**1. «Сабын көпіршігін үрле».**Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br>**2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле»**(егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br>**3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді».**Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br>**4. «Көңілді маймыл».**Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br>**5. «Шарларды үрлеу».**Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br>**6. «Жылан қалай ысқырады».**Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). | | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Меніңотбасым.<br>**ҰІӘ міндеттері:** отбасы мүшелерінің атын қазақшаайтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ,мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдердітүсініп | **3.Жапсыру -** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі жапырақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>- қол,саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** жапырақтарды қатпарлап бүктеу;өзінің іс- | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Буынға бөлейік<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br>-сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.<br>-ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ғажайыпалаң.<br>**ҰІӘ міндеттері:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға,сөз тіркестеріндұрысқолдануға үйрету, диалогкеқатысуғаүйрету.Қазақтіліндегісөздерменсөйлемдерді түсініп және | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің туған өлкем.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәнекүнделіктіөмірдеқолдана білугеүйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрысайтуғажаттықтыру, байланыстырыпсөйлеуді дамыту.Тілдікжәнеартикуляциялықаппараттыдамыту.<br>**Дағды**: отбасы мүшелерінажыратып, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** үлкенгеқұрмет,кішігеізеткөрсетукеректігін түсінеді.<br>**Күтілетін нәтиже**:отбасы мүшелерінажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырыпсөйлейді,тақпақ жаттайды;<br>таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Сөздік ойын:**«Мен бастаймын, сен қошта».** Аптакүндері.<br>Апта деген атайдың Жетібірдейұлыбар.Біріншісі –дүйсенбі,Екіншісі – сейсенбі,Үшіншісі – сәрсенбі,Төртіншісі – бейсенбі,Бесіншісі – жұма,Алтыншысы – сенбі,Жетіншісі–жексенбі.<br>Бүгінаптанынқайкүні? Біріншісі қай күн?Жетіншісіқайкүн?<br>**Түсіну деңгейі: «Тосын сый»** бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған отбасы суреті).<br>Қандайкеремет,мынасуретте | әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:жапырақтарды қатпарлап бүктейді;<br>күзді неге «алтын күз», «жомарт күз» деп атайтынын;<br>жапырақтарды бүктеп қию тәсілін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Жұмбақ<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)<br>**Түсіну деңгейі:**Балаларға әртүрлі жапырақтарды таратып береді.Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағашжапырақтарының түрлерін әңгімелейді.<br>– Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Күзді неге «жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз?<br>**Қолдану деңгейі:**Балалардың назарын сюжетті суретке аудару. **Жұптық жұмыс** барысында емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Педагог бүктеп қию әдісін көрсетеді. Ол жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі, | **Дағды:**сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру<br>**Ұлттық құндылықтар:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады;<br>бір буында бір дауысты дыбыс барын;<br>сөздегі буынның екінші жартысын табады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Балабақша – базарлы үй,<br>Ауылдағы ажарлы үй.<br>Шаттығы бар шуақты үй,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>(*Ә. Қонарбаев*)<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат, «Саңырауқұлақ, «Алтыбақан»***<br>– Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті.<br>«Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр.<br>– Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. | күнделікті өмірде қолданабілугеүйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрысайтуғажаттықтыру,байланыстырыпсөйлеуді дамыту.<br>**Дағды**: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.<br>**Күтілетін нәтиже**:отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырыпсөйлейді; қарапайымсұрақтарқоюды жәнеоларғажайсөйлеммен жауапберуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Біріншітапсырма:**Санамақтыескетүсіру,отбасымүшелерін атау.<br>Атам, әжем,Әкем, шешем.Әпкем,сіңілім,<br>Ағам, інім және мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел,санайықекеуміз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Екіншітапсырма:**<br>Отбасытуралықандаймақал білесіңдер?<br>*Балалармақалдардыестері нетүсіреді.*<br>1.Отанотбасынанбасталады.<br>2.Баланыңбасұстазы– ата-ана.<br>3.Інісі бардың – тынысы | әңгімелеп айтуға үйрету;<br>-ертегі кейіпкері – Желаяқ арқылытуған өлкелерінің көрнекті жерлері, тарихи ескерткіштер жайлы әңгімелету, балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**:. табиғат нысандары мен құбылыстарын бақылау білігі мен дағдыларын қалптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Туған жерін, елін сүйюге, оның әрбір тіршілік иесін қорғай білуге, туған өлкесі туралы мақтанышпен айта білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Туған өлке, отан туралы;<br>Отанды сүюді, елін қорғауды, тілін сүюді;<br>Өзі тұратын қаласын, елді мекенін көркейтуге үлес қосуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ө. Тұрманжановтың өлеңін оқиды.<br>Көгінде күн нұрын төккен, Алтын дәнді даласы бар,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен, Ақ күмістей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кімбар?<br>Балаөз отбасымүшелерітуралыәңгі мелейді.<br>Жаңасөздерментаныстыру.<br>Аға–старшийбрат.<br>А-а–аға. Мынаукім?<br>Мынау–аға.<br>Әпке–старшаясестра.<br>Ә-ә–әпке.Мынаукім?<br>Мынау–әпке.<br>Іні–младшийбрат.<br>Мынаукім?<br>Мынау–іні.<br>Сіңлі–младшаясестра сестры.Мынаукім?<br>Сіңлі,сің-лі.<br>Қарындас–младшаясестрабрата.<br>Қарындас,қа-рын-дас.<br>Мынаукім?<br>Мынау–қарындас.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>балаларды **менің** есімдігімен таныстырады.Өзіайтады:**Меніңқарындасым.**<br>**Менің сіңлім.**<br>Қарындасыңбарма?<br>Сіңліңбарма?<br>Меніңсіңлім/қарындасымбар.<br>Сеніңағаң барма?<br>Меніңағамбар.<br>Сеніңәпкеңбарма?<br>Менің әпкембар.<br>Сеніңотбасыңданешеадамбар?<br>Балаларсөздерді,сөйлемдердіжекежәнехорменқайталайды.<br>**Дыбыстықжаттығу:**<br>(айнаменорындалады).<br>Ә-ә-ә–әже<br>Ә-ә-ә–әке | сондай-ақ сақтық шараларын еске салып, бірлесе жұмыс істеуде тату болуды ескертеді.<br>**Сергіту сәті:«Балалық»**<br>Балалық-ау, балалық!<br>Кел, бір ойнап тарайық!<br>Бірім, бірім, бірім деп,<br>Саусақты да санайық!<br>Көзді тас қып жұмайық,<br>Кім түрткенін табайық!<br>Кел, жарыса шабайық! | – Бірінші буынын кім айтады?<br>– Бірінші буыны – Ай.<br>– Екінші буыны – -сұ.<br>– Үшінші буыны – -лу.<br>– Дұрыс, үш буыннан тұрады.<br>– Себебі үш дауысты дыбыс бар.<br>Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді.<br>Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.<br>Мысалы: А-рай, А-сыл.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы***<br>***Мақсаты:*** басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.<br>***Ойын шарты:*** балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады.<br>Жылдам ойлап, келесі буынды табу.<br>Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>*Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).*<br>*Мысалы: үй-рек, бүр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та-бақ, ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай-шы, қа-лам, кі-тап.*<br>Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті | бар,Ағасыбардың–жағасы бар.<br>4.Ағаәдепті болса,ініәдепті, Апаәдептіболса,сіңліәдепті.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үшінші тапсырма:**<br>Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс.Балаларөздерінетаныссөздердіатайдыжәнесөздерденсөйлемқұрайды.<br>Мынау–менің отбасым.Мынау–ата.<br>Атамныңаты Атамтеледидаркөреді.<br>Мынау–менің әжем.Әжемніңаты Әжем әнайтады.<br>Мынау–менің әкем.Әкемнің аты Әкемойыншық берді.<br>Мынау–менің анам.Анамныңаты Анамтамақпісіреді.<br>Біз татутұрамыз.<br>Төртінші тапсырма: Диалог құру. Сұрақтарға жауап беру.Балаларбір-бірінесұрақтар қояды.<br>Сеніңағаңбарма?<br>Ағаңныңатыкім?<br>Сеніңәпкеңбарма?<br>Әпкеңніңаты кім?т.с.с<br>Бесінші тапсырма.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Тыңда, есте сақта, қайтала».**Сантіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек.<br>Мысалы:*менің 2 әжем, 1 атам, анам, 3 інімбар.* | қаласы бар,<br>Неткен сұлу, неткен көркем, Неткен сұлу, неткен көркем<br>Осы менің туған өлкем! Осы менің туған өлкем!<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашылады.<br>– Иә, балалар, өзіміздің туып-өскен жеріміз «туған өлке», «атамекен» деп аталады. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Туған өлкеміздің ауылы мен қалаларында өздерің секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді.<br>– Балалар, өздерің айтыңдаршы, біздің өлкеміздің табиғаты қандай?<br>– Қандай көрнекті жеріміз бар?<br>**Түсіну деңгейі:**Педагог осы үлгідегі сұрақтар қою арқылы өз өлкелерінің табиғаты мен көрнекті жерлері туралы сұрайды. Балалардың жауаптарын толықтырып отырады.<br>Интербелсенді тақтадан Қырағы көрсетіледі:<br>– Сәлеметсіңдер ме, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | І-і-і-іӊ-іӊ –сіӊ-лі.<br>**Тақпақ жаттау.***Отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап,жаттаудыұсынады.*<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз,Басбармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – анам,<br>Ортантерек –ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,Кішкентай бөбек – сен<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бірүйдебізбесеуміз.<br>**Мақал-мәтілдердіжаттапал.**<br>Отан отбасынан басталады.Баланыңбасұстазы– ата-ана. | | сызбамен қос.<br>2.Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Ұшты-ұшты құлын ұшты.<br>Ұшты-ұшты мұрын ұшты.<br>Ұшты-ұшты кептер ұшты.<br>Ұшты-ұшты дәптер ұшты.<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты.<br>Ұшты-ұшты арба ұшты.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)*<br>4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>5. Бастыр.<br>Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**Тыңда, орында.**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай!<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Іс-әрекеттен не үйрендіңдер, не білдіңдер?<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап | | балалар. Мен Ер Төстік досы Қырағымын, бәрін байқаймын. Мен сендерді «Туған өлкем қандай көркем!» тақырыбында тарихи-өлкетану музейіне саяхатқа шақырамын.<br>Үнтаспадан өлең оқылады:<br>Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой!<br>– Балалар, біз қай жерге саяхаттаймыз?<br>– Түркістан қаласына.<br>1-слайд. Түркістан – ежелгі Ұлы Жібек жолы тармақтарының бірінде орналасқан киелі қала. Бұл жерде халық арасында құрмет пен қадірге ие болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан.<br>Кесенеде Абылай ханның, Бөгенбай батырдың және тағы басқа көптеген қазақ билеушілері мен қолбасшыларының мәйіті жерленген.<br>Музейде алып «Тайқазан» бар, оны аңыз бойынша сол кездегі билеуші Әмір Темір жорыққа шыққан кезде, жауынгерлеріне тамақ пісіру үшін соқтырған, ішіне 40 тайдың еті сыяды екен.<br>Балаларға қазіргі Түркістан туралы туралы қысқаша айтып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | білу.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | береді. Үнтаспадан қобыз үні естіледі. Интербелсенді тақтадағы Қырағы балалардан ненің дауысын естігендерін сұрайды.<br>– Қобыздың дауысы.<br>– Мен сендерді Қорқыт ата кесенесіне саяхаттауға шақырамын!<br>**Қолдану деңгейі:** 2-слайд. Қорқыт ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады.<br>Қорқыт ата – ежелгі күйші, қобыз аспабын ойлап тапқан, жыршы. Қорқыт атаның күйлері бүгінгі күнге дейін жетті.<br>Интербелсенді тақтадан қазақ ұлттық музыка аспаптары көрсетіледі. Балалар аспаптарды атап, ішінен қобызды тауып, сипаттайды. Қобыз – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап. Қылқобыз – қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көнесі. Ішегі жылқының қылынан жасалады, сондықтан үні өте сарынды, ұлттық аспаптардың ішінде маңызы өте зор аспап.<br>Қырағы саяхатты қорытындылап, балалармен қоштасады.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Дидактикалық ойын: «Менің туған өлкем».<br>Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу)<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>1. Қырағыға өзіңнің туған өлкең туралы әңгімеле. Туған қалаңның (ауылыңның) көрікті жерлері мен ғимараттарының суреттерін сал.<br>2. Қырағыға суреттегі тарихи кешендер туралы әңгімеле. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қай жерде орналасқан? Кесененің ішінде нелер бар?<br>Қорқыт ата ескерткіші қандай аспапты бейнелейді? Әр затты өз орнына сызықпен қос. |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.**

**Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.**

**Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі»**

**Басты міндеттері:Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.**







**Аз қимылды ойын:«Не қай жерде өседі»экологиялық ойыны.**

**Ойын міндеттері:**Балаларды табиғатта болып жатқан процестерді түсінуге үйрету; көрсетужер бетіндегі барлық тіршіліктің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігі.

**Дағды:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:**

**Ойын шарты:**Мұғалім әртүрлі өсімдіктер мен бұталарды атайды, ал балалар таңдайдытек белгілі бір аймақта өсетіндер. Егер олар өссе – балалар қол шапалақтайды немесеолар бір жерге секіреді (кез келген қозғалысты таңдауға болады), егер жоқ болса – балалар үндемейді.

Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

**Тәрбиеші:«Тыйым салу белгілері»**

1. Табиғатты ластама, қоқысты өзіңмен бірге алып жүр.
2. Көбелектерді, инеліктерді және құстарды ұстамаңыз.
3. Табиғаттан артық нәрсені алмаңыз.
4. Құмырсқа илеулерін бұзбаңыз.
5. Ағаштар мен бұталардың бұтақтарын сындырмаңыз.
6. От жағуға болмайды.
7. Орманда шу шығармаңыз.
8. Орманда және шалғында гүлдерді жыртып алмаңыз.
9. Құстардың ұяларын бұзбаңыз.
10. Жабайы жануарлардың төлдерін үйге апармаңыз.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4.Дене шынықтыру** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Акробат болғым келеді.<br>**ҰІӘ міндеттері:**заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br>**Дағды**: Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі жаңбыр.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалықшығармаға өзінің қатынасын білдіру, оныңмазмұны мен | **4.Дене шынықтыру** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ақылдылар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру; | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі жаңбыр.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалықшығармаға өзінің қатынасын білдіру, оныңмазмұны мен сипаты | **4.Дене шынықтыру** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бізбен бірге және бізден артық орында.<br>**ҰІӘ міндеттері:**балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.<br>Салауаттыөмірсүругебаулу.<br>Өздерініңденсаулықтарынақ амқорлықпен қарауғадағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіруәдістерін,сондай-ақ ойын барысындақарлығаштыңұшу ын салған имитацияларын.<br>**Күтілетін нәтиже:** жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылғансаты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді;гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойыпжүруді;«Теңізжағасын да» релаксациясын.<br>әртүрлі жүру түрлерімен қалай жүру керектігін (аяқты айқастырып жүру, отырыпжәне жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр),ырғақпен қозғалу шеберліктерін(машықтарын) дамыту керектігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Тізбектебір-бірденжүру,кәдімгіжүрісжә неаяқтыайқастырыпжүру.**<br>Жартылайотырып,толықоты рыпжүру.<br>Теріскарап жүру: қолдысәйкесамлитудадаұста п,4метр жергедейін жүру. | сипаты туралы пікірін айтуға үйрету;<br>әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Дағды**:Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестергесәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін,музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерінорындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Жеңіл би» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды.<br>Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды | -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу.<br>**Дағды**: Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.<br>**Ұлттық құндылықтар:** сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұру; заттардың арасыменфитболдысаусақп ен жеңілқозғалтушеберліктері н(машықтарын)күнделіктіө мірде.<br>**Күтілетін нәтиже:** жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп,көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрғанзаттардыңарасынан фитболдыдомалатыпжүруді ;екіаяқпензаттарарасыменсе кіруді.<br>ұлдар мен қыздар арасындағы гендерлік айырмашылықты;көлбеу қойылған сатытепкішектерімен қалай еңбектеп жүру; қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін қалайжетілдіру;заттардың арасымен фитболдысаусақпен қалай жеңілқозғалтукеректігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | туралы пікірін айтуға үйрету;<br>әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Дағды**:Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Эстетикалық тәрбие беру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестергесәйкес қозғалыстарды өзгертеді; күй жанрының ерекшеліктерін,музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерінорындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Жеңіл би» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды.<br>Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды | жасауды үйрету.<br>Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.<br>**Дағды**: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және доптысаусақтарын ашқан күйде қағып алу(машықтарын)қалы птастыруға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** **к**үш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін;ұжы м болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пентәртіптілікнормала рын.<br>**Күтілетін нәтиже:** әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыралақтырып беруді; арқаннанбірбүйірменек і аяқпенсекіруді.<br>малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және доптысаусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен қалайсекіру керектігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төрттізбекетұру.<br>**Таспаменорындалатанжалпыдамытужаттығулары(№1)**<br>Сұлуденебітіміденсаулыққабайланыстыекенінтүсіндіру.<br>Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларындұрысорындайды. Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдығатурақарайды.<br>**Түсіну деңгейі:Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату ( 1-2 – топтық әдіс, 3 – толассыз әдіс):**Белгіленген жерге орындық үстінен секіреді (таспадан аса): табандарын белсенді қозғап,жергетүскендетепе-теңдіктерінқалай сақтаукеректігінтүсіндіру.<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 1-топ ( 1-2-тізбек) шұңқырғасекіреді, 2-топ (3-4-тізбек) көлбеу қойылған сатының тепкішектері арқылы төрттағандапеңбектейді.<br>Тепе-теңдік:(4рет).<br>Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойыпжүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Егер бастарын төмен түсірсе, қапшық жергеқұлап кетеді,сондықтан тепе-теңдік сақтап, табандарын сырық үстіне қояды.<br>Сырықтардызалғапериметр | да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:***<br>**«**Саржайлау»(Тәттімбет).<br>Күй өнері туралы түсінік беру.<br>Күй – халық музыкасы.<br>Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды.<br>Ұзын мойын, екі ішек.<br>Қатар-қатар тепкішек.<br>Басып қалсаң бір-бірлеп,<br>Күй шығады күмбірлеп.<br>*(Домбыра)*<br>Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады.<br>Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру.<br>Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау.<br>Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). | **Білу деңгейі:«Менөтежақсымын»**ойын-жаттығуы.<br>Алдымен «Мен» дегенді сыбырлап, одан кейін «өте» дегенді, одан кейін «жақсымын»дегендісыбырлапайтуқажет.Соңында«Менөтежақсымын!»сөйлемдітолықайтады.<br>**Түсіну деңгейі: «Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы.<br>Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.Сапқатұрудықыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағынақыздар,оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады.<br>Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауғатырысады.<br>Сызықалдынаекітізбеккетұрады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Саусақгимнастикасы.<br>Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-біріменайқастырады.<br>Шынашақтардосболады– шынашақтарын әрі-беріқозғайды.<br>1,2,3,4,5–қайтадан бастапсана.(Шынашақтан бастапәрбірсаусақтыбір-бірінетигізеді).<br>1,2,3,4,5–біз санап болдық(қолдарын төментүсіріп,білезіктерін сілкілейді). | да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:***<br>**«**Саржайлау»(Тәттімбет).<br>Күй өнері туралы түсінік беру.<br>Күй – халық музыкасы.<br>Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды.<br>Ұзын мойын, екі ішек.<br>Қатар-қатар тепкішек.<br>Басып қалсаң бір-бірлеп,<br>Күй шығады күмбірлеп.<br>*(Домбыра)*<br>Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады.<br>Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру.<br>Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау.<br>Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). | **Білу деңгейі:**<br>Тізбеккебір-бірдентұрғызып,кәдімгіжүрістүрін орындатады.<br>Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту.<br>Жеңіл, ырғақпен жүреді.<br>Денебітімдерін,бастарынтүзу ұстайды.<br>Терісқарап жүру: қолдысәйкесамлитудадаұстап,<br>3 метргедейін жүру.<br>**Түсіну деңгейі: Жұппен ЖДЖ«Жұп фигура» ойын-жаттығуы.** Педагогтің нұсқауларын дұрыс жәнежұбыекеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріпорындауғатырысады.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын:«Орындарындыауыстырыңдар».(6рет).**Залортасынаарқантөсейді,осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады.<br>«Қаш!» деген белгібойынша өзалаңдарынанқарама-қарсы алаңға шашырапжүгіреді.<br>Ойыншылары толықекіншіалаңғаөткенкомандажеңімпазатанады.<br>**«Мейірімділікдегенне?»ойын-тренингі**<br>Әрқайсысымыздыңжүр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойыншаорналастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалысойыны:**«Қарлығаш»**(5рет).**<br>Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады.Ойыншылар – «қарлығаштар».Оларзалішіндеқолдарын сермепжүгіріп жүреді.<br>«Қарлығаш,қарлығаш,қарлығаш–біздіңүйгеұшып кел!»деген бұйрықбойынша «ұяларынакеліп қонады».<br>«Теңізжағасында»релаксациясы.<br>Өздерін теңіз жағасында жатырмыз деп ойлап, кілем үстіне жатады. Үш рет терең демалады,демшығарады,сонан соңтып-тынышжатады. | Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Қандай ырғақ»<br>(К. Қуатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету. | | Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Қандай ырғақ»<br>(К. Қуатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету. | егімізмейірімгетолы.Бір-бірімізгеқарап,жылысөздерайтайық.<br>Мен бәріңе денсаулық тілеймін!<br>Мен бәріңемейірімтілеймін!<br>Менбәріңешуақтыкүнтілеймін! |
| **Серуенге дайындық 14:10-14.15** | **Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»**<br>**Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.** | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**«Біз табиғат қорғаушыларымыз!»  Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 14:15 – 14:40** | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №10**<br>**Қазан айының 3-ші аптасындағы белгілерін бақылау**<br>*Міндет:*<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «КҮЗ»*<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>Қазан айының 3-ші аптасындағы күндері суық,жаңбырлы болады. Ағаштарда сары түске айналып жапырақтар толық түсе бастайды. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>♦ Адамдар күзде не істейді? | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №11**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>*Міндет:*<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>*Күзгі жапырақтар.*<br>*Қ. Шаңғытбаев*<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №12**<br>**Қазан айының3-ші аптасындағы жылы жаққа ұшып кететін құстарды бақылау**<br>*Міндет: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту*;<br>құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап коштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды) | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №13**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>*Міндет: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс:<br>Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек!<br>Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл!<br>Жасыл түс-жол ашық.<br>Жолдан еркін өте бер!<br>Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті!<br>Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек.<br>Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. | **Қазан**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №14**<br>**Аспанға бақылау жасау.**<br>**Міндет:**Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. Аспанға назар аударуларын талап ету; күз мезгіліндегі өзгерістер;аспанның жазда қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (жазда аспан- ақ және күннің көзі ашық,ал қазір – көкшіл,жаңбырлы күнде сұр,қара бұлтты)<br>**Бақылау барысы.**<br>Балаларға сұрақтар.<br>*Аспаның өзгеруі туралы қандай қасиеттерін білесіңдер?<br>**Еңбек:** Ауладағы жерге түскен жапырақтарды жинау.<br>Міндет: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аспанға ұшар бу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>*Міндет:*<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын:<br>«Қуып жет».<br>*Міндет: Т*ез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары:Бөрене үстімен жүру**<br>***Міндет:* Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.**<br>***Мақал:***<br>***Күз байлыы-ел ырысы.*** | жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек:**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>Қ/О: «Түлкі мен қояндар».<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>Жаттығу ойындары:<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | *Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндіктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>*Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*<br>Қ/О: «Торғай-қарға».<br>*Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту*<br>Жаттығу ойындары:<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>*Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту.* | ♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>Еңбек:<br>Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;<br>Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.<br>*Міндет: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.*<br>Қ/О: «Бағдаршам».<br>*Міндет:*<br>*бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту<br>**ептіліктерін дамыту.*<br>Жаттығу ойындары<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Міндет: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.* | болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>Міндет:<br>Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Тәжірибе мен сараптама:**<br>**«Бұлт неге ұқсайды?»**<br>Міндет:Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Балалардың бірлескен нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау.<br>**Қимылдық ойын:«Кілттер»**<br>Міндет:Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. |

| Серуненнен оралу 14:40-14:45 | **Еңбегі адал жас өрен:**«Мен ұқыпты баламын»<br>**Мақсаты:**Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дағды:** Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Орынбеков Абылхайыр<br>Тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін;олардыңатқарату н қызметін білуге үйрету.<br>**Міндет:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Орынбеков Абылхайыр<br>Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жұмагелдыева Аружан<br>Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуғасұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жұмагелдыева Аружан<br>Үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтып беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуник а-тивтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Толекбаев Исатай<br>Сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыраалуға, жұмбақтың шешімін логикалық ойлау арқылы таба білуге үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Мемлекеттік тілді меңгерту**<br>**Дербес ойын:**<br>«Санамақ баспалдақ»<br>**Міндет**: 1-10 дейін тура және кері санау түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды:**тура және кері санауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкаларсаналып,жеңімпаз анықталады. | **Мемлекеттік тілді меңгерту**<br>**Танымдық-қимылды ойын: «Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**<br>**Міндет:**Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атауға дағдыландыру.<br>**Ережесі:** Балалар тапсырманы орындайды, суреттен дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табады. Сәйкес пішіндермен сызып қосады. | **Мемлекеттік тілді меңгерту**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«ОрындарыңдыаУ ыстырыңдар»**<br>**Міндет:**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Дағды:** Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Залортасынаарқантөсейді,о сылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгібойынша өзалаңдарынанқарама- | **Мемлекеттік тілді меңгерту**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«Үшіншісі артық» дидактикалық ойын:**<br>**Міндеттері:** балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту.<br>**Дағды:**үйлесімдіқозғалуқа білеттеріжәнежалпышыдам дылық секілді денесапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). | **Мемлекеттік тілді меңгерту**<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдапалда,атын айт».**<br>**Міндеті:**<br>сөздікқорларындамыту ;<br>хайуанаттардыжақсык өругетәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтадыжәнеоныңжүрісі нсалыпбереді. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>қарсы алаңға шашырапжүгіреді. Ойыншылары толықекіншіалаңғаөткенко мандаженімпазатанады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 14.45 – 14.55</td></tr>
<tr><td rowspan="2">«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.<br>14:45-14:55</td><td colspan="5">Өнегелі-15 минут:Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге карауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді карауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды коректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.</td></tr>
<tr><td>Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу:«Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»</td><td>Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу.<br>«Егер сау болғың келсе» («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)<br>-Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет?<br>-Танертең тұрғанда не істейміз?<br>-Омыртқаның қисаюы деген не?<br>-Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек?<br>-Жалпақтабан деген не?<br>-Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылық-тан қандай жаттығу көмектеседі?<br>-Таңертең тұрған кезде не істейміз?<br>Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады.<br>- Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды,сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек.<br>Тазалық ережелерін сақтау керек.Уақытында тамақтану қажет.<br>Денсаулықты сақтау үшін</td><td>Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?</td><td>Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: «Тұмаудан сақтау жолдары»<br>үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</td><td>Ата –аналарға кеңес: Әңгімелесу: «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау»<br>үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.<br>-Қайшымен ойнауға, ауызға салуға юолмайды.<br>-Қайшының үшкір жағымен ұсыну-әдепсіздік деп саналады.<br>-Қолыңа сіріңке алма, өрт шығуы мүмкін.<br>-Үшкір заттарды мұрныңа, құлағыңа салуға болмайды.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күн тәртібін орындау қажет. | | | |

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі:** Бекишева К.С.

**Шаруа мен аю**
(орыс халық ертегісі)
Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю
жолыға кетеді.
– Ей, шаруа, мен сені құртамын! – дейді аю.
– Мені құрта көрмеші, аюжан, одан да бірігіп шалқан егейік. Шыққан егіннің сабағын түгелдей сен ал. Маған түбірін берсең де болады, – дейді шаруа.
– Жарайды, келістік. Бірақ осыдан алдап кететін болсаң, сені орманның маңына жолатпаймын, – деп ескертеді де аю орманға кіріп кетеді.
Шалқан кереметтей ірі болып жетіледі. Күз түсе шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю орманнан шыға келеді.
– Кәне, шалқанды бөліске салайық, менің үлесімді бер, – дейді.
Шаруа қарсылық көрсетпейді:
– Мақұл, аюжан, бөлсек, бөлейік; сабағын сен ал, маған түбірі де болады, – дейді.
Сөйтіп, шаруа жапырақ, сабақтарының бәрін аюға жинап береді.
Шаруа өзіне тиесілі шалқандарды арбаға тиеп, қалаға сатуға алып келе жатады.
Осы кезде аю жолығып:
– Қайта кетіп барасың? – деп сұрайды.
– Түбірлерімді сатайын деп қалаға кетіп барамын, – дейді ол.
– Кәне, түбірдің дәмін татып көрейінші, – дейді аю.
Шаруа шалқан ұсынады. Аю оны апыл-ғұпыл жеп алып:
– А-а! Сен мені алдап соққан екенсің! Түбірдің тәтті екенін айтпадың. Енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маңына келсең, талқаныңды шығарам! – деп айғайды салады-ай кеп.
Келесі жылы шаруа дәл сол жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа оруға келсе, дер сәтін күткен аю оны тосып отыр екен.
– Ә-ә... енді алдауыңа көне қоймаспын, кәнеки, менің үлесімді бер, – дейді аю. – Енді басын сен аласың, түбін мен аламын.
Шаруа келіседі. Сабанын аюға беріп, өзі дәнін қаптап алады.
Тағы да өз ақымақтығынан алданғанын білген аю бұл маңайдан біржола кетіп қалыпты.

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**«№16 ЖББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «Б»
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16.09.- 20.09.2024-2025 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.09.24 | Сейсенбі 17.09.24 | Сәрсенбі 18.09.24 | Бейсенбі 19.09.24 | Жұма 20.09.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 11:45-12:00 **Балаларды қабылдау** | **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында**<br>**«Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.**<br>**«Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары»туралы әңгімелесу** | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында**<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс. | | | | |
| | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша**<br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ұлттық үстел үсті ойындары:**«Ұтып алып,санап айт»(Модель ұлттық құндылықтар)<br>**Аннотация:**<br>«Ұтып алып,санап айт» дидактикалық ойыны баланың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, құрметтеуге тәрбиелеу. 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, ұлттық құндылықтарды | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Қауіпсіздікті сақтаймыз**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен істей аламын немесе істей алмаймын»<br>**Міндет:** балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру;<br>балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**«Сен білесің бе?»<br>**Аннотация:**<br>«Сен білесің бе?» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен адамның сезім мүшелері туралы толық түсінеді. | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Қаржылық сауаттылық бойынша**<br>**Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «Дұрыс па,бұрыс па?» (Мамандық иесі туралы)**<br>**Міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру;<br>-Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру;<br>-Әр түрлі мамандық | **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>**Экологиялық тәрбие**<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Өзендер мен теңіздердің тұрғындары»<br>**Міндеттері:** Балалардың өзендер мен теңіздердің балықтары, олардың құрылысы, тіршілік ету ортасының ерекшеліктері туралы білімдерін ашу. Тірі тіршілік иесінің құрылысын қоршаған ортамен және өмір сүру салтымен байланыстыра білу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдарын құрметтеуге,коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мейрамы туралы толық түсінеді. Суреттер арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді.Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>-Ұлттық құндылықтарарқылы заттарды таныта отырып, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту;<br>-елін сүюге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**<br>- түрлі заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылығын дамыту;<br>-<br>тақпактыжатқаайтуғадағдыландыру;<br>-сөздердібір-бірімен байланыстырып,сөйлемқұрайбілудағдыларынжетілдіру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**:суреттер, ойын құралдары.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** | байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірдедене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қосымша жабдықтар**:Адамның бет-пердесі,сіріңке қорабшасы (шырпы).<br>**Түсініктеме: Сіріңке** – бір жақ ұшына оңай жанатын қоспа жағылған жіңішке ағаш таяқша (шырпы).<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***Ойынға барлық балалар саны қатыса алады,сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға гимнастикалықдоп береді,сол баланың жұмысы тексеріледі. Үлестірмелі карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес сіріңке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның іс-қимыл** | Сезім мүшелері арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Балалар ұқыптылықты, гигиеналық тазалық ережелерін сақтауды, әдемілікті, әсемдікті сүюді біледі.Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>-сезім мүшелері арқылы заттарды таныта отырып, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды ұқыптылыққа, гигиеналық тазалық ережелерін сақтауға, әдемілікті, әсемдікті сүюге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**<br>- түрлі заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылығын дамыту;<br>-<br>тақпактыжатқаайтуғадағдыландыру; -сөздердібір-бірімен байланыстырып,сөйлемқұрайбілудағдыларынжетілдіру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: Адамның сезім мүшелері бар суреттер, ойын құралдары.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Жоспарланатын нәтижелер:**<br>**Пәндік нәтижелер:** көз, құлақ, мұрын, тіл, терінің | түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**:әр түрлі мамандықтар туралы пазылы суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***Үстел үстіне түрлі сурет қиындыларын құрастырып маман иелерін шығару.(шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, тәрбиеші, суретші, жол сақшысы,диқаншы,сатушы, тігінші)<br>**Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.<br>- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді.<br>**Ойынның нұсқаулары:**Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын | Балалардың ойлау қабілеттерін,қиялы мен шығармашылығын дамыту. Еңбекке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Табиғат әлеміне деген қызығушылықты ояту,ерекшеліктерін игеруге,ұқыпты жұмыс жасауды,сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Талапты болуы:** Балықтардың түсі оларға өзендер мен теңіздердің басқа тұрғындарынан жасыруға немесе қорғануға қалай көмектесетінін білу дағдылары болуы керек.<br>**Қолынан келуі керек:** Аквариум техникалық құралдармен де жабдықталған. Онда суды арнайы жылытатын,ауа жіберетін,жарық түсіретін құралдар бар.Аквариумдағы балықтар үнемі адамдардың қамқорлығында болады. Аквариумдағы балықтар күніне таңертең кешке екі шымшымнан ғана ас жей алады, одан артық беруге болмайды.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Өтетін орны:** Сыныпта,ойын бөлмесі.<br>**Қосымша жабдықтар**: Теңіз бен өзенді бейнелейтін дидактикалық картиналар, өзен мен теңіз тұрғындарының ойылған бейнелері,әртүрлі дамытушы үлестірмелі суреттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ойынның шарты:***Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне басты суреттер ал, екіншісіне асық суреттер қойылады. Асықты текшені иіріп лақтыру арқылы суреттерді атап,екінші үстелде тұрған асықты еншілеп алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Ең маңыздысын тауып, дәлелдеу.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы.<br>**Жоспарланатын нәтижелер:**<br>**Пәндік нәтижелер:**<br>- Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтары;<br>- Қазақтың ұлттық ер адамның, қыз баланың киімдері;<br>- Ұлттық қазақ қыз баланың әшекей бұйымдары.<br>- Ұлттық аспаптар;<br>- Ұлттық ыдыс аяқ түрлері;<br>- Сүт тағамдары т.б. маңызы мен қызметін білу.<br>**Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік, жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет.<br>**Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен | **арқылы жасау нұсқаулары:** Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ».<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені**<br>**Жұптаорындалатынжаттығулар**<br>**Диаметрікішкентайдоппенорындалатынжаттығулар**<br>**№1жаттығуларкешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ.(8рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иықеніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденгеұрып, қайтаекі қолменқағыпалу; 3-4 –б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иықеніндей ашып, оң | маңызы мен қызметін білу; денсаулыққа пайдалы қызметті және зиянды әдеттерден сақтануды білу;<br>**Тұлғалық нәтижелер:** салауатты өмір салтын сақтауынан, өз - өзіне қызмет етуінен, өз организмін күтуінен;<br>**Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік, жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет.<br>**Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен жұмыс.<br>***Ойынның шарты:***Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне басты суреттер ал, екіншісіне ұқсас заттық суреттер қойылады. Үстелдегі заттар арасынан бір-бірімен байланысқан заттарды тап.<br>Сезім мүшелерін дұрыс тауып жабыстыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Сендердің қолдарыңда айна бар. Айнаға қарап айтыңдаршы, не көріп тұрсыңдар? -Көз, құлақ, мұрын, тіл, тері.Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Сезім мүшелері.<br>Осы сезім мүшелерінің ең маңыздысын тауып, дәлелдеу.<br>Ойынның | құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Сын тұрғысынан сұрақтар:<br>1.Мамандық адамға керек пе? (иә)<br>2.Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә)<br>3.Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)<br>4.Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)<br>5. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды)<br>6.Аспаз тамақ даярламайды? (жоқ, даярлайды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Абыройыңды асырған.<br>Бірақ өзі көрінбей,<br>Бізден бойын жасырған.<br>(Мамандық)<br>**Жұмбақтар:**<br>1) Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>2) Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(Дәрігер)<br>3) Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(Тігінші)<br>4) Зымыранды ерттеген,<br>Ай – жұлдызды зерттеген.<br>(Ғарышкер)<br>5) Тыныштығын Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(Шекарашы)<br>6) Тәртіп, заңды сақтайды,<br>Ел сенімін ақтайды.<br>(Полиция)<br>**Қосымша жабдықтар**: | **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>мазмұны мен жанры бойынша ерекшеленетін репродукцияларды пайдаланып көрмені құрастыруды тапсырады. Олар жұмыс істеп жатқанда, қалған балалар экскурсия жүргізуші ретінде әрекет етеді - олар келесі жоспар бойынша әңгіме құрастырады: «Үздік дизайнер» төсбелгісі картиналарды ең сәтті орналастырған, тақырыптарына, жанрына және түс үйлесіміне қарай таңдаған адамға беріледі.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады. Балаларға теңіз және өзен бейнелері бар карточкалар таратылады.<br>Педагог (жетекші) алдына өзен мен теңіз тұрғындарының бейнелері салынған кесілген карточкаларды қояды. Әрі қарай мұғалім (жүргізуші) кездейсоқ түрде картаны алып, нысанды атайды. Карточкада аты аталған элементі бар ойыншы картаны алып, оны бос төртбұрышқа орналастырады.<br>Барлық төртбұрыштарды бірінші жапқан қатысушы жеңеді.<br>II нұсқа берілген нүктелі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс.<br>**Сауықтыру сәті.**<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>*Ақырын толық дем тарту. Алақанның жас-тықтарымен (шынашақ пен үлкен саусақ астындағы саусақ буыны үстіндегі орын) секундына 1 рет қимылдау желісімен дем тарту барысында оң жақтан және қайтып қабақтардан өткізу. Қолды алақандармен қабыстыру (жуынғанда сияқты) және бетке салу, көзді, ауызды және мұрынды жабу (көздер жұмылған).<br>Бұл жағдайында демді максималды ұстау (шығуда), көзді ашу (жарық көзге түспеу керек) және алақанды алып тастамай, дем тарту. Алақанды жан-жаққа бір уақытта ақырындап жібере отырып, дем тарту.<br>Жаттығу көз шаршаған кезде бір рет қана жасалады.<br>**Артикуляциялық жаттығу:**<br>**Қазы-қарта тураймыз.** Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. | қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынансол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға доптыауыстыру.(8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2–отырып, доптыеденгеұрып, қайтақағыпалу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру.Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу;1-4–оңға иілу; допты оңғақарай сыртқадомалату;5-8– б.қ.: сол жаққақайталау (8рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иықеніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Доптыайналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | нұсқаулары:Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы.Біз көреміз, естиміз, әр түрлі иістерді, дәмді, ыстық пен суықты сезе аламыз. Осы бір ғажайып қабілеттер бізге 5сезім мүшесі арқылы беріледі.<br>**Сауықтыру сәті.**<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>· Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br>· Көз қарашығын көкке одан төменге қарату;<br>· Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;<br>· Тез арада көзді ашып – жұму;<br>**Зерттеу жұмыс:** (иіс су) шашырату, иісін сездіру. Мұрын – иіс сезу мүшесі. Адам әр түрлі иісті мұрынымен сезіп, ажыратады. Сонымен қатар мұрын «тыныс алу» қызметін атқарады.<br>**Тыныс алу жұмыс:**<br>1.Мұрынымызбен терең дем алып,дем шығарғанда екі шетін сұқ саусақпен сипалау керек.<br>2.Сұқ саусақпен сол жақ мұрынымыздың тесігін басып деміміз шығарған кезде екінші тесікті ұру.<br>3.Мұрынды кезекпен басып 8-10 рет терең дем алу алмастыру.<br>**Дыбыстықжаттығу(айна менорындалады).**<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із- тазалықты сүйеміз. |  | сызықтарды қосу арқылы жұмыстану.Әр суреттің нақыштарына келтіре отырып бояу немесе орналастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>**Тыныс алу жаттығуы:** (жағаға соққан теңіз толқындарының дауысы естіледі.)<br>-Балалар тыңдаңдаршы ненің дауысы естіліп тұр?<br>-Теңіз суларының дауысы естіліп тұр<br>-Дұрыс балалар! Бұл кім екен?<br>-Теңіз патшайымы!<br>**Бой сергіту:**<br>Балық суда жүзеді,<br>Өте таза жылы су.<br>Бірде жазылады,<br>Бірде жиырылады,<br>Сөйтіп інге тығылады.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Жұмысқа кіріспей тұрып, саусағымызды жаттықтырып алайық.<br>Біз жүземіз оң жаққа<br>Біз жүземіз сол жаққа<br>Шоршимыз көл астында<br>Ыршимыз көл үстінде<br>Тұңғиыққа батамыз<br>Тәтті ұйқыға жатамыз.<br>**Баланың еңбегін бағалау:**<br><br>**Қосымша жабдықтар**: |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу<br>«Қара жорға» жаттығуы<br>1-қимыл. Қол қимылы. «Толқын».2-қимыл. «Самал жел»  Қолды жоғары көтеріп екі жаққа теңселте, тербелте қозғалту.<br>3-қимыл. Екі иықты ырғалта қозғау.<br>4-қимыл. Қолды алға созып, «Тізгін тарту» қимлын жасау<br>5-қимыл. «Ат шабыс» қимылын істеу.<br><br>Поэзия сәт:<br>Саспа, таста, балақай,<br>Асық озды қара, қай.<br>Шиыр енді сақанды –<br>АЛШЫ ТҮСТІ, АЛАҚАЙ<br>Қосымша жабдықтар:<br></td>
<td><br></td>
<td>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі-сүлгі.<br>Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу<br>«Көпір» жаттығуы<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Көлде жүзген аққуларды көреміз<br>Қақпамызды ашамыз,<br>Үйге көзді саламыз.<br>Әдеби сәт:<br>Неүшін?<br>Екікөзіңнеүшін керек?<br>Жақсылардыкөруүшін.<br>Екіқолыңнеүшін керек?<br>Елгекөмекберуүшін.<br>Құлақдегеннеүшін керек?<br>Ақыл-кеңестындауүшін.<br>(ҚадырМырзаӘли)<br>Қосымша жабдықтар:<br><br><br></td>
<td></td>
<td><br><br><br></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  |  |  |  |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | <br><br> |
| **Таңертеңгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;** № 11 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №5 жиынтық (Құрсауменжұптаорындалатын жаттығулар)** 1.Б.қ. – құрсаудыңортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2–құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқакелу,қайталау (6–8 рет). 2.Б.қ. – құрсаудыңортасына арқаларын түйістіріп тұру. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;** № 12 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 6 *жиынтық* (Құрсауменжұптаорындалатын жаттығулар)** 1.Б.қ.:құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4–қолдарын артқа, екі жаққа,оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудыңсыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтаданбастапқықалыпқа келу– | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;** № 13 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1*жиынтық* Гимнастикалықтаяқшаменорындалатынжаттығулар** 1.«Біз–зілтеміршіміз».Б.қ.:аяқтары наздапалшақтатыпқойып,тұру;1–таяқшаныкеудесінеқояды;2 – кеудесін жоғарыкөтереді; 3– кеудесіне; 4– б.қ.8рет қайталау. 2.«Ескекшілер».Б.қ.:аяқтарыныиықеніндеқою,таяқшаны ортасынатаманкөлденеңұст | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;** № 14 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық*** 1.Б.қ.:тұру.14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төментүсіру,демінсыртқашығару. 8 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде ортасына қарайұстау.1-2–оңғабұрылу,таяқшаныоңғақарайоңқолыменапару(таяқшаеденгепараллель);баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Солжағына5 рет қайталау. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;** №15 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық*** 1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру.Таяқшаныиықеніндей шетіненұстаптөменгеқою. 1 – таяқшаныжоғары көтеріпсозылу;2қолдарынбүгіп,таяқшаныжауырынына қояды;3– таяқшаныжоғарыкөтереді;4 – таяқшанытөмен түсіреді,б.қ.(8рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тәртіптендіреді. | 1-2 – құрсауды жоғары көтеріп,оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6рет).<br>3.Б.қ.– балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісіқұрсауға еш жерін тигізбей,оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнынақайтуыкерек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтаданбастайды.<br>4.Б.қ.:құрсаудыбармақтары жәнеөкшелерімен басыптұру.<br>1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8–10рет қайталау.<br>«Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде,екіншімен құрсауды ұстау;аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, дененітүзеу,бағыттыөзгертіп , қайталау (3-4 рет).<br>5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғарыкөтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау(3-4рет). | демінсыртқашығару,қайталау (8–10 рет).<br>2.Б.қ.:бір-бірінеқарама-қарсыөкшесіменотыру,құрсауекеуініңортасында.Біреуіеңкейіп,құрсаудыитереді ,ал екіншісіқұрсаудыөзінетартады. Қайталау (4-5рет).<br>3.Б.қ.: құрсаудыңішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады.1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10рет).<br>4.Б.қ.: арқасынашалқалап, өкшелерін құрсауғақойыпжату.1-4– аяқтарынжоғары көтеру; 5–8–аяқбастарын құрсауғабаяутарту.Қайталау (8рет).<br>5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру;екіншісіқұрсауға қырындап тұрады; құрсаудыңастына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау.Балалорорындарынауыстырады.<br>6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққаайналу.Қайталау (4-5 рет)<br>7.Б.қ.:қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу;тоқтау.Бағыттыөзг | ау;оңға,солғабұрылып, ескекті келтіріпқозғалту.6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруғатырыс».Б.қ.:шалқалапжату, таяқшанытөментүсірілгенқолдарындаұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару,тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара».Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаныалдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 ретқайталау.<br>5.«Таяқшанытізесінеқою».Б.қ.:шалқасынанжату,таяқшасанында,1– таяқшаныжоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғарыкөтеру;4– б.қ.Басымен иықтарын жерденалмай,аяғының басын созады.6ретқайталау.<br>6.«Аяғыңныңбасынажеткіз».Б.қ.:отыру,аяқтарынашу,таяқшаныкеудетұсындаұстау; 1–3– алдығаеңкею,таяқшаменаяқтарының басынадейін жету;4–б.қ.6ретқайталау.<br>7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғарыкөтеріп жүгіру. 3рет 20 секундтан жүруменалмастырып, | 3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Солаяқпен осықимылдардықайталау.<br>1.Б.қ.:тұру. Таяқты үстіңгішетіненұстап, тігіненаяқтарыныңортасын аорналастыру,демініішінетарту.1-2– еңкею(тікбұрышжасап),қолдарынтаяқтыжылжытаалғасозу,басытүзу, демінсыртқашығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарынбүкпей 6–8 ретқайталау.<br>2.Б.қ.: етбеттеп жату. Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесінжоғарыкөтеру; 3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен отырып-тұру;тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару.8–10рет қайталау.<br>4.Б.қ.: тұру.Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту;4 қадаморынындатұрыпату.<br>4–6 рет қайталау. | 2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау.1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқажіберу,аяқтың басымен тұрып,созылу;4– б.қ.8ретқайталау.<br>3.«Отырып-тұру» Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иықеніндейшетіненұстаптөменгеқою.1– отыру,таяқшаныалғашығару;2–б.қ.(8рет).<br>4.«Еңкею»Б.қ.:– аяқтарыналшаққою,таяқшанытөменұстау;1-2– алдығаеңкею,таяқшаныжоғарыкөтеру, керілу;3-4 –б.қ.(8рет)<br>5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басыныңартынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ.Солжаққақайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету(бармақтарынанбастап,өкшесінедейін).Солаяғыменосықимылдардықайталау.8рет.<br>7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басыныңартынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағынүзілісжасап, қайта8рет қайталау. |

| | | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ерту,жайжүріспен алмастырып, қайталау(2-3 рет). | қайталау. | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:**<br>12.00<br>14.10 | 12.00-12.25<br>12.35-13.00<br>13.10-13.35<br>13.45-14.10 | **Дүйсенбі<br>16.09.24** | **Сейсенбі<br>17.09.24** | **Сәрсенбі<br>18.09.24** | **Бейсенбі<br>19.09.24** | **Жұма<br>20.09.24** |
| | | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Жапсыру<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>1 саныжәне цифры.<br>**ҮІӘ міндеті:**1 саны және цифрымен таныстыру;<br>«Көп», «бір» ұғымдарынбекіту;заттардыжіктеу,заттартобынан1-3белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу;<br>сөйлеу, логикалықойлау,зейін,естесақтау,қимылдарынүйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>**Дағды**: сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 цифрын тануды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>Жуан дауысты дыбыстар.<br>**ҮІӘ міндеттері:**дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру;<br>жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту;<br>-жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы арқылы сөздік | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>2 саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ міндеті:** 2 саны және цифрымен таныстыру;<br>сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін«артық»заттыбөліпалу,заттардыжіктеугеүйрету.1 саны мен цифры туралы білімін бекіту;<br>танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>**Дағды**: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін түсіне отырып,қолдана алуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>3 саныжәне цифры.<br>**ҮІӘ міндеттері:**3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету;<br>заттарды санау, заттар тобынан 1-3белгілерібойыншасәйкескелмейтін«артық»заттыбөліпалу дағдыларын жетілдіру;<br>-сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды | **1. Сауат ашу негіздері-**тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:**Дауысты дыбыстарды бекіту.<br>**ҮІӘ міндеттері:**сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту;<br>дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту;<br>ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажырату арқылы сөздік қорларын молайту.<br>**Күтілетін нәтиже**: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдану.<br>**Білу деңгейі:«Сиқырлы паровоз». Үлестірмелі материалмен жұмыс** (№16 парақ).<br>– Суретте қанша паровоз бар? (Бір). Қанша вагон бар? (Бір). Саяхаттау үшін қанша машинист қажет болады? (Бір). Балалар көп ойыншықтың ішінен машинисті таңдайды.<br>Кейіпкерлер – көп, машинист – біреу (жалғыз).<br>**1 цифрымен таныстыру.**<br>Педагог түсіндіреді: машинист – біреу, бір санын 1 цифрмен белгілейміз.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Бір-бірден көрсетілген заттарды белгіле. Суретте қанша зат болса, ұяшыққа сонша нүкте сал.<br>Балалар суреттерді қарайды. Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілейді.<br>Суретте қанша зат болса, сонша нүкте салады.<br>Тапсырманың орындалуын түсіндіреді: шар біреу, оған белгі саламын.<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.<br>Одан әрі педагог 1 цифрының үстінен саусақтарымен жүргізуді ұсынады. Саусақпен төменнен жоғары оңға қарай, тоқтамай, одан әрі солға қарай төмен түседі.<br>1 цифрын ермексаздан жасайды.<br>№5 пазл қағазын | қорларын молайту.<br>**Күтілетін нәтиже**: суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Шаттық шеңберіне балаларды тұрғызу.<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы –<br>Достығымыз жарасқан.<br>Өткен тақырыптарды пысықтау.<br>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.<br>– Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады.<br>Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады.<br>Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>**Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) сиқырлы паровозбен саяхат жасауды жалғастыруға шақырады. Педагог паровоз бен екі вагонды шығарып қояды (№16 парақ).<br>– Суретте қанша вагон бар? *(Бір)*<br>– Терезе санына қарай вагонға ертегі кейіпкерлерін орналастырыңдар (суреттер алдын-ала педагогпен таңдалады).<br>Балалар ойынға қатысады. Әр вагонда екі кейіпкер саяхаттауға шыға алатындығын анықтайды.<br>Педагог тақтаға паровозды және екі вагонды іледі. Балалар кейіпкерлерді таңдап, оларды вагонға отырғызады/орналастыра-ды.<br>Ізденіс тапсырмаларын ұйымдастырады.<br>– Қанша паровоз бар? – Паровозға біз қанша вагон жалғадық?<br>Балалармен бірге дауыстап санайды, әрбіреуін таяқшамен көрсетеді.<br>Вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, вагон терезелерін санайды. «Екі» сөзін дауыстап қайталайды.<br>Одан кейін педагог ұсыныс жасайды:<br>– Терезелерді санайық: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі | қалай сәйкестендіру керектігін,киелі сандар қатарымен түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>3 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Педагог вагондармен ойналатын ойындық жағдаяттар сериясын жалғастыруын ұсынады. Бұл тәсіл сандар қатарында келесі санның пайда болуын түсінуге ықпал жасайды.<br>Педагог паровоз және екі вагонды көрсетіп қояды. Оған үшіншісі қозғалып жақындайды. №16 парақ үлестірмелі материалын қолданады.<br>– Паровозда қанша вагон бар? (Екі). Оған тағы біреуін жалға! Вагондар саны қанша болды? (Балалар дауыстап санайды: бір, екі, үш.)<br>Педагог цифрларды көрсетіп, оларды вагондардың астына немесе үстіне қояды.<br>3 цифрмен танысу. 3 цифры бар карточканы көрсету.<br>3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде белгілейміз.<br>Педагог 3 цифры туралы өлең оқиды. | түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады:<br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>1) Дауысты дыбысты қалай белгілейді?<br>2) Дауысты дыбыстар қалай жасалады?<br>Дауысты дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар.<br>Қолымызға айнаны алып, дауысты дыбыстарды айтып көрейік, бұл дыбыстарды әндетіп, созып айтсақ та болады: *«ааа», «әәә», «ооо» «өөө» «еее», «ыыы», «ііі», «ұұұ», «үүү», «иии», «эээ», «ууу».*<br>**Түсіну деңгейі:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»***<br>***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді.<br>***«Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы***<br>– Балалар, сендер дауысты дыбыстарынан басталатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдаланады (үлестірмелі материал).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз санадық, біз шаршадық,<br>Орнымыздан тұрамыз.<br>Қол соғамыз: бір, екі.<br>Аяқпен топылдатамыз: бір, екі.<br>Педагог жаттығуларды орындауды ұсынады: 2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет, аяқпен топылдатамыз. 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** 1 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны боя.<br>Берілген тапсырма цифрдың визуалды бейнесін бекітуге бағытталған: тап және қорша, боя.<br>Балаларға **«Сан неге ұқсайды?»** ойынын ойнатуға болады, балалар қоршаған ортадағы заттардан 1 цифрына ұқсас заттарды табу керек.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу **«Жолмен жүріп келеміз».** (№ 4 парақ). Педагог әр балаға цифрмен «жүріп өтуді» ұсынады, ойын барысында қозғалыстың қай тұстан басталатына баса назар аударады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**4-тапсырма.** Суретке қара. Артық затты қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>Тапсырманы орындау алдында балаларға ненің | педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды.<br>Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды.<br>Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***Дидактикалық жаттығуы »Әндетіп көр»***<br>– Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.<br>Әнді алдымен тыңдайды.<br>Нұрын төккен маған<br>Шаттандырған мені,<br>Шуағымсың сен!<br>Жұбанышым сен!<br>Айналайын мама,<br>Құттықтаймын сені<br>Қуанышыңмен!<br>Туған күніңмен!<br>– Осы әуенді *е, а* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік.<br>Балалар бірге әндетіп айтады.<br>Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді.<br>***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті | және т.б. Әр вагонда 2 терезеден бар.<br>**Ойындық жаттығу. «Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».**<br>Педагог заттар жиынтығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды.<br>– Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар?<br>Екі ол – «жұп» деген түсінікпен таныстырады. Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталайды: «екі», «жұп».<br>– Бір затты қандай цифрмен белгілейміз? (1). Қос/екі затты? (2)<br>Педагог тақтадан 1 және 2 цифрын көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін ата. Бір-бірден тұрған заттарды боя. Суретте екі-екіден тұрған заттарды қоршап сыз.<br>Балалар суреттерді анықтап қарайды. Бір немесе екі-екіден тұрған заттарды таңдап, олардың атауын атайды. Педагог тапсырманы түсіндіріп отырады.<br>– Қай заттар туралы «бір» деп айтуға болады? Балалар бір себетті тауып, оны бояйды.<br>– Қандай заттар туралы «екі-екіден» деп айтуға болады?<br>– Екі мысық, екі тышқан, | Екі доға түйіскен,<br>Қара, аумай тұр ол<br>«Үштен».<br>Елубай Отарұлы<br>Үлестірмелі материалды пайдалану (№4, №5 парақтар) балалар пазлдарды құрастырып 3 цифрының бейнесін жасайды.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суретке қара. Қанша қыз және қанша ит екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал.<br>– Суретте не бейнелеген?<br>– Қыздар нешеу? Сана. Неше ит бар?<br>– Ұяшыққа сонша нүкте сал.<br>Балалар суреттегі заттарды санайды. Педагог ұяшыққа сонша нүкте салуды сұрайды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындар алдында QR код арқылы, цифрды таңбалау тәртібі туралы анимация көруге болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар цифрдың үстінен саусағымен сызып, одан кейін ауада сызып үйренеді. Ауада 3 цифрын «жаз»: кіші жарты сопақшаны солдан оңға жүргізіп, одан соң қолды үзіп үлкен жарты сопақшаны жүргіз. Ермексазбен немесе басқа материалдармен тәжірибелік жұмысты | сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында дауысты «а» дыбысы бар затты сары қарындашпен, дауысты дыбысы «е» бар затты қызыл қарындашпен қос.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, «а», «е» дауысты дыбыстары бар заттарды анықтайды.<br>2. Дауысты дыбыстан басталып, дауысты дыбыстан аяқталатын суреттерді қорша.<br>**Сергіту сәті**<br>Өкшемізді қосамыз,<br>Білекті біз түреміз,<br>Балпаң-балпаң басамыз.<br>Қатарласып жүреміз.<br>Асулардан асамыз,<br>Адаспаймыз білеміз<br>Біздер пингвин боламыз.<br>Пингвин болып жүреміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс (*графикалық жұмыс*)**<br>4. Нүктелерді бастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артық екенін іздеп табуға жаттықтырып алуға болады.<br>Балалар не артық екенін тауып, оның артық болу себептерін белгілеріне қарай түсіндіріп береді.<br>Балалар «артық» заттарды бөліп алуға үйренеді, жасалған таңдау негізінде, оның белгілерін айтады.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Қандай санмен, қандай цифрмен таныстық? Ұйымдастырылған іс-әрекетінде сендерге не ұнады?<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | фишканы, көтереді.<br>**Қолдану деңгейі: Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.**<br>– Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен).<br>Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос.<br>2. Өлеңді тыңда. Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>Күлімдеген көзінен<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға<br>Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>2-тапсырмада балалар **ана** сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды.<br>**Сергіту сәті**<br>«Сау болсын» деп деніміз,<br>Шыныңамыз бәріміз.<br>Ерте оян, ерте тұр,<br>Алға қадам жасаймыз.<br>Жаттығуды бастаймыз, | екі табақ. (Оларды қоршап сызады).<br>Педагог үстел үстінде отыру ережесін қайталайды.<br>**Сергіту сәті.** Балалар мәтін мазмұны бойынша жаттығу жасайды.<br>Біз санадық, біз шаршадық,<br>Орнымыздан тұрамыз.<br>Қол соғамыз: бір, екі.<br>Аяқпен топылдатамыз: бір, екі.<br>Педагог жаттығуларды орындауды ұсынады: 2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет, аяқпен топылдатамыз, 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с.<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Цифрды жиектеп сызу тәртібін көрсетілген видеодан қарауға болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар суреттегі цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді, ауада жазады. 2 цифры: сызықты жоғары жүргізеді, оны дөңгелектейді, көлбеу сызықты төмен жүргізеді, одан кейін астыңғы сызықты жиектейді.<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады.<br>Ермексазбен тәжірибелік жұмыс. Егерде қандай да бір жағдайларға байланысты ермексазбен жұмыс істеу қолайсыз | жасау.<br>**Сергіту сәті.** Балалар мәтін мазмұны бойынша жаттығу орындайды.<br>*Біз санадық, біз шаршадық,*<br>*Орнымыздан тұрамыз.*<br>*Қол соғамыз: бір, екі, үш,*<br>*Аяқпен топылдатамыз: бір, екі, үш.*<br>Педагог жаттығуды орындауды ұсынады: 3 рет секіреміз, оң аяқпен 3 рет, сол аяқпен 3 рет секіреміз, аяқпен топылдатамыз. 3 рет қол соғамыз. Досымызбен 3 рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с.<br>**3-тапсырма.** 2 және 3 цифрларын тауып, қоршап сыз. Оларды боя.<br>Өткен сабақтардағыдай орындалады. Балалар 2 және 3 цифрларын тауып, қоршап сызады. Оларды бояйды.<br>**«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: үш бала 1-ден 3-ке дейінгі цифрларды таңдап алады. Әрқайсысы бір саннан алуы тиіс. «Тірілер» шартты дабыл белгісі бойынша балалар бөлме ішінде жүгіреді. Жүргізушінің екінші шартты дабыл белгісі бойынша барлық сандар/цифрлар рет бойынша 1-ден 3-ке дейін солдан оңға қарай тізіліп тұрады. Одан соң әр санға жеке-жеке тапсырма беріледі: өзіндегі цифр көрсететін санға сәйкес қол | Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Денсаулықты шынықтыр.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)*<br>4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>**Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?<br>– Несімен ұнады? Ең қызықты сәтті есіңе түсіріп көр. | болса, оны жіптермен, бұршақ дәнімен, түймелермен немесе цифрды бейнелеуге арналған басқа да материалдармен алмастыруға болады. Балалар ермексаздан цифрды мүсіндейді. Мүсіндеген цифрларын көрсетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Заттарды сана. Көрсетілген түспен боя.<br>Тапсырманы орындау алдында әңгімелесу жүргізіледі.<br>– Әр жиынтық топта қанша зат бар? Оларды қандай түске бояу керектігін ойланып, тап.<br>Балалар берілген заттарды осы заттардың санына сәйкес 1 және 2 цифрларының түсіне бояу керектігін ойлап тауып шешеді. Одан соң балалар тексеру тапсырмасын өз бетімен жеке орындайды.<br>**4-тапсырма.** Суретке қара. Артық жануарды тауып, қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>Суретке қарап артық жануарды тауып қоршайды. Өз таңдауларын түсіндіреді.<br>Балалардан танысқан цифр бейнеленген карточкаларды көрсетуді сұрайды. 2 цифры неге ұқсайтынын айтады.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды | шапалақтау, алға қарай сонша қадам жасау және т.б. «Тірі» цифр тапсырманы орындайды және топтың басқа баласына кезек береді. Ойыншылар ауысқан соң, ойын кері басынан басталады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**4-тапсырма.** Жолақты бастырып сыз.<br>Педагог жолақты мұқият бастырып сызуды ұсынады.<br>**5-тапсырма.** Музыкалық дүкенде сатылатын заттарды қоршап сыз. Сана. Олардың саны қанша?<br>Педагог **«**Музыкалық дүкен» ойындық жағдайын тудырады.<br>– Музыкалық дүкенде не сатылуы мүмкін? (Музыкалық аспаптар, ноталар.)<br>– Музыкалық дүкенде сатылатын заттарды қоршап сызу керек. Оларды санап, нешеу екенін айтады.<br>Одан соң балалар тексеру тапсырмасын өз бетімен орындайды.<br>Балалардан өздеріне таныс цифр бейнеленген карточкаларды көрсетуді сұрайды. 3 цифры неге ұқсайтынын айтуды сұрайды. Үлестірмелі материалдың ішінен санына қарай алманың суретін табуды ұсынады және санға сәйкес цифрды таңдау сұралады<br>(№2 парақ). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | |

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**

***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны:«Тымақ ұру»**

**Басты міндеттері:Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**



**Аз қимылды ойын.**

**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар:«Тымақ ұру»**

**Ойын міндеттері:**Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Дағды:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:**«Тымақ ұру» ойыны үшін газеттен жасалған "тымақ" та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.

**Ойын шарты:**

Ойын жазық кең алаңда ойналады. Ойынға қатынасушылар екі жарым метрдей таяқты жерге қадайды да, оның басына тымақ, не малақайды іліп қояды.

Ортаға бір ойыншы шығады. Оған таяқтың басында ілулі тұрған тымақты (не малақайды) көрсетеді де орамалмен көзін көрмейтіндей етіп мықтап байлайды.

Ойын кезектесіп жүргізіле береді. Тымақты ұрып түсіре алмағандар айып тартады. Олар айыптарына ән, тақпақ орындап, аяғы ойын-сауыңқа айналады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.35 – 13.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту**-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің атам.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>ертегіні соңына дейін тыңдауғаүйрету; балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздіккорларын дамыту; баланыөжеттілікке,батырлы ққатәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>сәлемберуді,амандасуды құндылыққа,мәдениеттілік-ке баулу.отбасымүшелерін буынғабөледі.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>саусақты бүгу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды,берілген тақырыпқаәңгімеқұрайды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Ой қозғау»әдісі:**<br>Е.Өтетілеуұлының«Бессауса қ»өлеңінпедагогмәнерлепоқ иды.<br>Басбармағым – атам, үйдің данасы,<br>Балаңүйрек – әжем,ошақанасы.<br>Ортантерек– әкем,отаупанасы,<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары,<br>Титтей бөбек – мен,бәрініңбазары.<br>Е.Өтетілеуұлының«Бессауса қ»өлеңінпедагогмәнерлепоқ | **2.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Жанды және жансыз табиғат.<br>**ҰІӘ міндеттері:**жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды үйрету;<br>-табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле білу. Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:**жанды және жансыз табиғатты ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Берілген сұрақтардың | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тату доспыз бәріміз.<br>(Фариза Оңғарсынованың өлеңі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>достық туралы түсінігін кеңейту; өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; достарымен тату болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сурет бойынша достық, татулық туралы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге үйрету;достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Өзара татулық сезімдерін дамыту;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Балалар, достық туралы өлеңімізді есімізге түсірейік.<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>Әнімен айтып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>– Сен қандай әдемісің?<br>Өйткені...<br>– Сен менің досымсың!<br>Өйткені...<br>**Педагог мақалмен таныстырады.**<br>«Достық, татулық бәрінен де қымбат»Мәтіннің | **2.Сөйлеуді дамыту**-коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қорыққанға қоскөрінеді(ертегі)<br>**ҰІӘ міндеттері:** ертегіні соңына дейінтыңдауғаүйрету;балала рдың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланыөжеттілікке,батырлы ққатәрбиелеу.<br>**Дағды**: "г" "к" дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>өзойларыннан ертегігетақырыпқояды.<br>**Күтілетін нәтиже**:"г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, әр кейіпкерлердіңөзшелегінөзо рынынақояды; ертегімазмұнын түсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағыдыбыстар,бүгінгі жаңадан танысатындыбыстарың.<br>Балалар,«күн»сөзіқандайды быстанбасталады?<br>Бәріміз бірге«күн»деп айтайықшы.<br>«Гүл»сөзіқандайдыбыстан басталады?<br>«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшыастыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Кішкентай бағбан. (әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов<br>**ҰІӘ міндеттері:**әңгімелеу барысында бейнелеуішсөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күйменазмұндауға үйрету; әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>**Дағды**: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып,айтып беруге дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:Шығарма мағынасын түсінеді, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалай алу, олар жайлы айтуға, сипаттама бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз.<br>**Кішкентай бағбан.**<br>Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетіп, жер құрғағаннан кейін әкесі мен баласы бақта құмырсқаша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иды.<br>Басбармағым – атам, үйдің данасы,Баланүйрек – әжем,ошақанасы.<br>Ортантерек– әкем,отаупанасы,<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары,Титтей бөбек –мен,бәрініңбазары.<br>**Түсіну деңгейі:Дидактикалықойын:**<br>«Отбасымүшелерін ата»<br>Ойыншарты:жұмысдәптерін дегітапсырмаорындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.Педагогәрбуындабірд ауыстыдыбысболатынынбал алардыңестерінесалады.<br>**Қолдану деңгейі:**«Сәлем – сөздің анасы» демекші М. Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлеңжолдарын оқыпберейін.<br>Көршіатам<br>Күнде үйдің қасынан,<br>Көрші атамды көремін<br>Оған сәлемберемін.<br>Қолымды ол,Күліп кеп,<br>Иіліптұрыпалады.<br>Міне, нағыз жігіт, –<br>деп,Сүйсініп бірқалады. | нақты жауап тауып, айта біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Педагог табиғат туралы өлең оқиды (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар өлеңнің табиғат туралы екенін айтады. Слайдтармен жұмыс жүргізіледі. Әр слайдта көрсетілген сурет бойынша жұмыс «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жүреді.<br>**1-слайд.** Бізді қоршаған табиғатта өсімдіктер өседі, жануарлар тіршілік етеді. Бұлар – жанды табиғат. Олар өмірге келеді, өседі, жетіледі , көбейеді, тіршілігін тоқтатады. Жанды табиғатқа жататын да ауамен дем алады.<br>**2-слайд.** Жансыз табиғатта бұл қасиеттер жоқ. (Балалар суреттегі жансыз табиғатқа жататын заттарды атайды, неге «жансыз» деп аталатынын пайымдайды: «Күн, тас, тау, топырақ, құм, су жансыз, өйткені олар тыныс алмайды, қоректенбейді, өспейді, көбеймейді»). Адам қолымен жасаған заттар да жансыз табиғатқа жатады, өйткені оларды жасау үшін адам табиғи заттарды пайдаланады. Балалардың пайымдауы: «Жиһаз, киім, үй – бәрі жансыз табиғатқа жатады, өйткені үй | достық, татулық туралы болатынын болжамдайды. «Дос» деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қолындағысымен бөлісетін, үнемі бірге жүріп, қуаныштарын бөлісіп, қиналғанда бір-бірінің жанынан табылатын адамдарды айтамыз.<br>**Түсіну деңгейі:**Суретте не болып жатыр?<br>– Суретке тақырып ойлап тап.<br>– Суретте ұлдар мен қыздар не істеп жүр?<br>– Олар бір-бірімен қалай ойнап жатыр?<br>– Балалардың қолдарында қандай ойыншықтар бар?<br>– Олардың көңіл күйлері қандай?<br>– Сендер достарыңмен қалай ойнайсыңдар?<br>Педагог Фариза Оңғарсынованың «Тату доспыз бәріміз» өлеңін ұсынады.<br>Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар.<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма?<br>– Сендер достарыңның қандай болғанын қалайсыңдар?<br>– Сендер «тату достар» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Татулық – достар | жағы таңдайға тиеді. Дем жоғары көтеріліп, тілмен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығыныңдірілінен «Г» дыбысыестіледі. Бұлекі дыбыста– дауыссыз дыбыстар.<br>Қолайналарыңдыалып,«Г»,«К»депайтып көріңдер.<br>Бұлекідыбысбір-бірінеұқсасағайындыдыбыстар.<br>«Г»,«К»дыбыстарынанбасталатынсөздердіайтыңдаршы?<br>Иә,сендеросыекідыбыстанбасталатын біразсөз біледіекенсіңдер.<br>**Түсіну деңгейі:**Балалар, мынасөздерде "г" "к" дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтыңдар:<br>Гү-лім,кө-гім.<br>Гү-ріл,жү-гір.<br>Кө-лік, кө-лең-ке.<br>Ке-се,кес-те.<br>**Қолдану деңгейі:**Қорыққанғақоскөрінеді<br>Баяғыда қартайған әже, күлегеш немере, қыт-қыттай беретін Тауық және пештің астынмекендейтін Тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкеншелек, немересінің қолында кішірек шелек, Тауықта қиярдың үлкендігіндей, Тышқандаоймақтай шелек бар. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, Тауық шалшықтан,Тышқан | қыбырлап еңбек етеді.<br>Бір күні Қалел жүгіріп келіп:<br>Кеттік, Садық, ойынға, – деді. Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған.<br>Жұмыс деген немене, тәйірі. Әкең бәрін істейді ғой. Ойнаған қызық емес пе? Садықтың ойнағысы келіп кетсе де, өзін-өзі басып, жұмысын жалғастыра берді. Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі өсіп-жетілді.<br>Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады. Қалел тойып алып:Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді. Қалады, – деп жауап берді Садық. – Әкем: «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.<br>**Түсіну деңгейі:Сөздік жұмыс:**<br>*Көп қимылдайтын адам* – ерінбей еңбек ететін адам.<br>*Бағбан* –бау-бақшада жемістерді күтіп-баптайтын адам.<br>**Қайталайық:** «Ойынға елікпей, көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер ол адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді».<br>***Есіңе сақта:***<br>«Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның».<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Д/ ойын: «Жеміс терейік». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрылысына жансыз табиғи заттар – құм, тас, ағаш т.с.с. заттарды пайдаланады. Адам жанды табиғатқа жатады, табиғаттың бір бөлігі». **Түсіну деңгейі:**Педагог қысқаша қорытынды жасайды: «Табиғат – адамның қатысуынсыз пайда болған және барлық жанды табиғат бөліктері өмір сүре алатын жаратылыс». Үнтаспадан көлдегі толқынның дыбысын тыңдайды, осы кезде есіктен жүгіріп Көлтауысар кіреді (маңдай терін сүртіп): – Ер Төстіктің досы Көлтауысар мен боламын, көлдің суын тауысқан көлдің иесімін. Көл туралы кім біледі? Балалар, көлдің суы қандай табиғатқа жатады? Судың қандай пайдасы бар? (Балалардың жауабы тыңдалады). Педагог Көлтауысар мен балаларға жанды, жансыз заттарды салыстыруды, адам қолымен жасалған заттардан ажыратуды ұсынады. Балалар гүл, жапырақ, бұта, ыдыстағы алма, жүзім, алмұрт жанды табиғатқа жататыны, ал гүл отырғызылған ыдыс, топырақ, тастар, суқұйғыш, күрекше, алжапқыш, сөрелер жансыз табиғатқа жататынын анықтайды. Педагог балаларға жансыз | арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды. Ойыншықтарымен, кітаптарымен т.б. бөліседі.Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды. Өлеңді бірге жаттайық. **Сергіту сәті:** Достар тату-тәттіміз, Болса қолда тәттіміз Біз бөлісіп жатамыз, Бәріміз дәм татамыз. Педагог өлеңді екінші қайтара оқиды.Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. **Әліппе-дәптермен жұмыс:** Досыңа не сыйлайсың? Суретін салу. Балалар педагогпен бірге **«Достық ережесін»** құрастырады. Жолдастарыңа көмектес. Егер қолыңнан бір нәрсе келсе, оларға да үйрет.Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.Егер жолдасың жаман қылық жасаса, тоқтатып, дұрыс еместігін түсіндір.Жанжал дасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату ойна, мақтанып кетпе.Жолдасыңның жетістігіне қуан. **Қолдану деңгейі:** **Ойын: «Менің досым»** «Сенің досың қандай?» | Торайдың тұяғы кірген жерден алады екен. Олар кейін қайтқанда су шолп-шолпетеді екен. Жол бойындағы бақшада самсап алмаағашы өсіп тұратын. Бұтақтарындасамсаған алма болатын. Оның астында Қоян отыратын. Бір жолы суға барып қайтып кележатқандажелсоғып,алма ағашының бұтағынан біралматүсіп,коянның басынатиеді. Қоян атқып жөнеліп, су әкеле жатқандардың аяғына оралды. Сушылар үрейлері ұшып,үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге құлай кетеді, немересі әжесіне тығылады, Тауық пештіңүстіне қонақтайды, Тышқан пеш астындағы інге тығылады. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдыңменітаптапкетежазда ғаны-ай!»– депсарнайды. Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!» – деп жылайды.Тауық:«Қыт-қыт-қыт!Түлкіменіаңдып жүрекен,жепқояжаздады!»– дейді. Тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу Мысықтың үрейімді ұшырғаны, жаным шығып кетежаздады!»– дейді. Ал бұл кезде зытып орманға келген Қоян: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдейаңшы соңыма түсті, бәрінің де Иті бар, зорға қашып құтылып кеттім-ау!» – деп | **Ойынның ережесі:** интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады. **Ойынның шарты:** балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | табиғат заттарының ішінен адам қолымен жасалған заттарды бөліп алуды өтінеді, оның ішінде қай зат жанды, қай зат жансыз табиғатқа жататынын бірден айтуларын сұрайды. Мысалы: гүл отырғызылған ыдыс адам қолымен жасалған, оның ішіндегі топырақ – табиғат жаратқан жансыз табиғат бөлігі, ал гүл – жанды табиғат бөлігі. Осылайша балалар пайымдауларымен табиғат бұрышына орналасқан заттарды ажыратып, салыстырады. Педагог балаларға екі жансыз зат орналасқан бір затты табуды ұсынады, ол – суқұйғыш, ішіндегі су – жансыз табиғат, суқұйғыш – адам қолымен жасалған жансыз табиғат бөлігі.<br>– Балалар, жансыз табиғат екіге бөлінеді екен.<br>– Иә, адам қолымен жасалған және табиғат өзі жаратқан болып бөлінеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-слайд.** «Не артық?», «Күн шуағы нелерді оятты?» ойындары. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**4-слайд.** Күннің шығып келе жатқан шапағы және ормандағы құс, аңдардың суреті көрсетіледі. Балаларға Күннің жер бетіне тіршілік сыйлайтыны туралы бейнебаян көрсетіледі. Егер Күн Жерді өз | Мен бір балаға гүл беремін, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын, ол гүлді алып, толық сөйлеммен өз досының қандай екенін айтып, келесі балаға гүлді ұсынады. Мысалы: Менің досым батыр, өйткені...Менің досым әдемі, өйткені...Менің досым адал, өйткені. | ентігіпотырды.«Қорыққанға қоскөрінеді» дегеносы. Ертегі сендерге ұнады ма?Сөздік жұмысы: немере–внук,әже–бабушка,тауық–петух–шелек–ведро.<br>Оймақтай – кішкентай мағынада екенін айтып өтеді.<br>Ертегікейіпкерлерінатапбері ңдерші?<br>Оларкүнденетасиды?<br>Судынемен тасиды?<br>Судыоларқайдан тасиды?<br>Сушыларқайтардақай жолменжүреді?<br>Бақтааға штүбінденеотырады ?<br>Бірдеқоянның төбесіненетүсті?Қоянқорқы п<br>неістейді?Қорыққансушыла рнеістеді?<br>Сушыларғақоян қалайелестеді?Алқоянғаше?<br>Міне,балалар,"қорыққанғақо скөрінеді" деген осыекен.<br>Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған боларедіңдер,ойланыпкөрің дерші?<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».** Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлапайтады.Мысалы: «Әже»сөзіндегі«Ә»дыбысын а;<br>«Қыз»дегендегі«Қ»дыбысы на;<br>«Тауық» және «тышқан» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сәулелерімен нұрландырмаса, жылытпаса, онда біздің ғаламшар өлі мұзды шөлге айналар еді, онда мәңгілік түн орнар еді, өсімдіктер, тіршілік иелері болмайтын еді. Өйткені өсімдіктер өмір сүру үшін күн сәулесі мен жылуды қажет етеді. Өсімдіктерді өз кезегінде, адамдар мен жануарлар қорек етеді. Демек, Жерде Күннің арқасында өсімдіктер, жануарлар, адамдар бар екен! Ал жарық пен жылудың негізгі көзі – Күн. Бұл жұлдыз болмаса, Жер бетіндегі тіршілік болмас еді.<br>– Балалар, Күн қандай табиғатқа жатады?<br>– Жансыз табиғатқа.<br>– Ал Күн сәулесі біздің Жерге түспесе, онда тіршілік бола ма?<br>– Жер қараңғы болады, аяз болып, бәрі қатып қалады.<br>«Тау мен теңіз – тіршілік мекені» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс<br>1. Көлтауысарды жанды және жансыз табиғаттың бөліктерімен таныстыр. Жанды табиғатқа жататындарды жасыл, жансыз табиғатқа жататындарды көк түспен боя (дөңгелекті).<br>2. Бос торкөзге нені орналастырар едің? | | деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сызықпен қос. Дәлелдеп айт.<br>3. Күн шуағы нелерді оятты? Жанды және жансыз табиғат заттарын ата. Суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген? Күн қандай табиғатқа жатады? Әңгімелеп айт.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**13:00-13:10** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| | **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»** | | | | |
| | **Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Бата беру:**<br>*Асқа байлық-денге саулық берсін* | **Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханымыз тоқ болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Бақ-даулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа.* | **Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Иманның бйлығын берсін, Құт-берекенің бәрі келсін.* | **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа .* |

***2 үзіліс – 13:00 – 13:10***

**Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

## Ұлттық құндылықты қалыптастыру
## Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

| | | |
|---|---|---|
| **Артикуляциялық жаттығулар:**<br>***Ойын: «Күз туралы»***<br>***Міндеті:***Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. | **Күз туралы**<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз.<br>Рақ – рақ – рақ,<br>Саулайды жапырақ.<br>Ел – ел – ел,<br>Соғадыжел.<br>Іс – іс – іс,<br>Піседі жеміс.<br>Дай – дай – дай,<br>Жинаймызбидай. | **Демалу гимнастика жаттығулары.**(желдің үрлеу суреті)<br>**«Қатты жел».**<br>-Жел қалай соғады ? (Терең дем аламыз, шығарғанда үстел үстіндегі жапыраққа үрлейміз. Жапырақ арқарай ұшу керек).<br>-Орманда қатты жел соқты. Ағаштардың басы қозғалды.(балалар қолдарды жоғары көтеріп тербетеді: ш-ш-ш).<br>-Алдымен дұрыстап «Ш» дыбысын қайталайық. |

| | | |
|---|---|---|
| 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. | |  |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 13.10 – 13.35**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Мектеп қызметкерлері. (балабақша)<br>**ҰІӘ міндеттері:**мектептегіқызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жайсөйлеммен жауап беруге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлемқұрауғажаттықтыру,қазақ тілінетән дыбыстардыдұрыс айтуғажаттықтыру.<br>**Дағды**: Біздіңмектеп.(Біздің аула) шағын мәтіндер құрауғадағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**мектеп қызметкерлерімен қазақша амандасу, құрметтеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады. адамгершілікті,үлкенгеқұрмет,кішігеізеткөрсетудітүсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:***балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар* | **3.Жапсыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Көшедегі үйлер.Біздің үй.<br>**ҰІӘ міндеттері:** архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;<br>балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.<br>**Дағды**: геометриялық пішіндерді қиып жапсыруғадағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** екі топқа бөлініп жұмыс істеуді, архитектуралық бөлшектер туралы, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:көп қабатты және бір қабатты үйлерді;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Педагог балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Жіңішке дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру;<br>жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолдану, сөздік қорларын молайту.<br>**Күтілетін нәтиже**: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды; жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Алтынкүз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**күз мезгілінің ерекшеліктерінқазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер менсөйлемдердітүсінуді жәнеқолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.қарапайым сұрақтарға жайсөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;<br>қазақтілінетән дыбыстардыдұрысайтуғажаттықтыру.<br>**Дағды**: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** күзмезгілініңерекшелігін еске сақтау.Табиғатты аялау.<br>**Күтілетін нәтиже**:күзмезгілі,күзайларын,шағынмәтінді,жаңылтпаштықайталайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Демонстрациялықматериал | **3.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер.<br>**ҰІӘ міндеттері:** жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру;<br>жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру;<br>-жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып , оларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:жабайы жануарлардың қоректенетін азықтарын ажырата білуді; жабайы жануарлардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жасауды ұсынадыжәнесөздері қайталап, естерінесақтауды ескертеді.*<br>Мынау–тәрбиеші, і-і-і-ші–тәр-бие-ші.<br>Мынаукім?<br>Мынау–тәрбиеші.Тәрбиешікітап оқиды.Тәрбиешінеістейді?<br>Тәрбиешікітапоқиды.<br>Балабақшадаменгерушібар.<br>Мынау–меңгеруші,ң-ң-ң-ең-мең-ге-ру-ші<br>Мынаукім?<br>Мынау–меңгеруші.<br>Балабақшададәрігербар.<br>Мынау–дәрігер.<br>Мынаукім?<br>Мынау–дәрігер.<br>Дәрігеремдейді.<br>Дәрігернеістейді?<br>Дәрігеремдейді.<br>Мынау–мейірбике.І-і-і-ір–ме-йір-би-ке.<br>Мынаукім?<br>Мынау–мейірбике.<br>Мейірбикеемдейді.<br>Мейірбекенеістейді?<br>Мейірбикеемдейді.<br>Мынау–жаттықтырушы.Қ-қ-қ -ық–жат-тық-ты-ру-шы.<br>Мынаукім?<br>Мынау–жаттықтырушы.<br>Жаттықтырушыбалалардың денесіншынықтырады.<br>Жаттықтырушынеістейді?<br>Жаттықтырушыбалалардың денесіншынықтырады.<br>Мынау–музыкажетекшісі.<br>Мынаукім?<br>Мынау–музыкажетекшісі.<br>Музыкажетекшісібалаларды әнайтуға,билеугеүйретеді. | қысқаша сұрақ-жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді.<br>– Біз қай Республикада тұрамыз?<br>– Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады?<br>– Өздерің тұратын көшені атаңдар?<br>– Ал біздің балабақшамыз орналасқан көше қалай аталады?<br>№1 слайдтан көше және көп қабатты, бір қабатты үйлер көрсетіледі.<br>Көше (аты, орналасуы, нелер бар екені т.б. ) туралы сұрақтар қою.<br>**Көптілділік компонент:** үй – дом–house, көше – улица –street.<br>Психологиялық релаксация: педагог пен психолог «Біздің үй тақырыбына музыка әуенімен психологиялық жаттығу жасатады. Әдемі, үлкен үйдің макетін көрсете отырып педагог:<br>– Үй адамға не үшін керек? – сауалымен әңгіме жүргізеді.<br>Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді.<br>Бейнетаспадан сәулетті ғимараттарды, үйлерді көрсетіп және олардың құрылысы туралы әңгімелеп түсінік беру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>–Педагог: | түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:Сендер білесіңдер ме?**<br>Туғаннан соң адам боп,<br>Білімсізден жаман жоқ.<br>Ел дәстүрін білмесең,<br>Жұрт айтады «Надан» деп.<br>Өлең жолдарынан нені түсіндіңдер?<br>– Балалар, біз білімді, дәстүрді білетін, халқына қызмет ете алатын азаматтар немесе азаматшалар болуымыз керек.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>1) Дыбыс деген не?<br>2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау. (**Үйренгендері бойынша**)**<br>***«Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы***<br>– Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады.<br>– Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады.<br>– Ауыл.<br>– Иә, балалар, бұл – *ауыл.*<br>Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар.<br>– Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, | дарменжұмыс.<br>Педагог шағын мәтін құрайды. *Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды,түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күздеқұстарұшып кетеді. Күзайлары:қыргүйек, қазан, қараша.*<br>Қима материалдармен жұмыс.Мынау– жапырақ.<br>Мынауне?<br>Мынау–жапырақ.<br>Жапырақсары.<br>Жапыраққандай?<br>Жапырақсары.<br>Алтынкүз.<br>Қандай күз?<br>Алтынкүз.<br>Балалар сөздерді,мәтіндіқайталайды<br>**Түсіну деңгейі:**Дыбыстықжаттығу (айнаменорындалады).<br>Ү-ү-үз-үз– келді күз.<br>Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыргүйек<br>Қ-қ-қ-қа-қа-зан– қазан<br>Қ-қ-қ-қа-қа-ра-ша–қараша<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңылтпашпентанысу.<br>Күз, кез, кұз,Күш, кеш, көш,Күл, кел,көл,<br>Кілең қысқа сөз,Кім оқиды тез?<br>Балаларжаңылтпаштықайталайды:жай,жылдам.<br>**Сергітусәті.**Массаж:<br>Балаларбір-бірініңартынасөздердіқайталап,суретсалады.<br>Күн шықты,Сәулесін | орманда өмір сүретінін; үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Күздің басталуымен жапырақтардың сарғаятынын, күннің суытатынын, құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, суық жаңбыр жауып, күн қысқаратынын да айтады.<br>Педагог балаларға орманға саяхат жасауды ұсынады, интербелсенді тақтадан «Кәне, кімнің бойы ұзын, паровозы пойыздың» әні шырқалады.<br>1-аялдама: «Жұмбақтар аялдамасы». Ер Төстіктің жұмбақтарын шешеді.<br>Бұтақтан бұтаққа шапқылап<br>Мамық жүнді тоны бар,<br>Үлпа құйрық тұр қарап.<br>Ауыстырғанға ол құмар.<br>Кішкентай орман тұрғыны,<br>Қыста кисе ақ тонын,<br>Қызғылт сары, төсі ақ.<br>(Тиін) Жазда сұры табылар.<br>(Қоян)<br>Тал шыбықтай бұралып,<br>Ат қойсақ оған «Қорбаңбай»<br>Кербез, сұлу қу бикеш.<br>Ұнай ма саған, балақай?<br>Алдыңнан шықса қуланып,<br>Қойнында оның таңқурай,<br>Аңтарылып қалма еш.<br>(Түлкі)<br>Жинайды жидек жай тұрмай. (Аю)<br>Балалар жұмбақтарды шешіп, үстелде тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Музыкажетекшісі неістейді?<br>Музыкажетекшісібалаларды əнайтуға,билеугеүйретеді.<br>Мынау–аспаз.<br>Мынаукім?<br>Мынау–аспаз.<br>Аспаздəмдіаспісіреді.<br>Аспазнеістейді?<br>Аспаздəмдіаспісіреді.<br>Балаларсөйлемдердіқайталайды.<br>**Түсіну деңгейі:Тақпақоқу.***Педагог тақпақоқиды.Өздеріңетаныссөздердіайтыңдар.*<br>Мен бақшаға барамын,Ойнаймын, əн саламын.Тəрбиешіəпкелер, Досыбарлықбаланың.<br>**Қолдану деңгейі:**Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға балабақша қызметкерлерініңсуретін көрсету.<br>Бұлкім?<br>Бұл–тəрбиеші.<br>Атыкім?<br>ЛюбовьПетровна.<br>Дұрыс,сендердіңтəрбиешілерің–ТимЛюбовьПетровна.<br>Осылайша балабақшада жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы жəне аспаздыңаты-жөндеріайтады<br>**Сергітусəті:**<br>Бір-бірімен сыйласты,<br>Татужүрмізбəріміз.<br>Бал достықтың ұясы ,<br>Біздіңбалабақшамыз. | –Балалар, үйлерді кімдер салады?<br>Көше бейнесі бейнеленген екі ақ қағазды көрсетіп, көшелерге ат қойдырады. Балаларды екі топқа бөліп отырғызады.<br>– Қазір біз құрылысшы болып əдемі үйлер тұрғызамыз. Келісесіңдер ме?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>I топ көп қабатты үйлер бойынша, ал II топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасаулары тиіс.<br>1. Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы).<br>2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры).<br>3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі).<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі.<br>Үйлердің қиып алған бөліктерін үлестірмелі материалдың 2-бетіндегі үлгіге жапсырамыз.<br>Жұмыс толық аяқталғанда «Ұшқыштар» жəне «Батырлар» көшесі бойына өз үйлерін жапсыру тапсырылады.<br>Балалардың назарын 4-беттегі сюжетті суретке аудару. Педагог кейбір бір қабатты үйлерде қыста от жағатын пеш болатынын, ал ол пештің түтіні мұржадан шығатынын айтып түсіндіреді.<br>– Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған? | көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады.<br>Кешкілік бəрі жиналады, əңгімелеседі.<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>– Дұрыс айтасыңдар балалар, мен ***отбасы*** туралы айттым.<br>– Оны құрайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады.<br>Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді.<br>– Құпия сөз – ***ұя.***<br>– Ол темір, əйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Əсіресе ас үйде. Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді.<br>– Ыдыстар.<br>– Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдаланған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй құрғанда пайдаланады. Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп тұрады.<br>– Ол – ***уық.***<br>– Балалар, осы ***ауыл, отбасы, ұя, ыдыс, уық*** сөздері дауысты дыбыстан басталып тұр.<br>Тақтаға суреттерін іліп | шашты,Бұлтжапты,Жаңбыр жауды,<br>Кемпірқосақ шықты. | орман макетіне тиін, қоян, аю, түлкіні орналастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**2-аялдама: Жануарлар мен аңдардың қысқа дайындығы туралы əңгімелейді.<br>Бейнебаян: «Қаһарлы қысты қарсы алу үшін орман жануарлары күздің басында дайындық жұмыстарын бастайды. Өздері ін қазады, азық қорларын дайындайды. Тиіндер мен қояндар түлейді. Олар жазғы тондарын қысқы тондарға ауыстырады. Аю жаз бойы орманды аралап, піскен жидектерді, жаңғақтарды жейді, қысқа дайындалып, семіреді. Алғашқы қар жауғанда, апанына кіріп алып, ұйқыға кетеді. Қасқыр мен түлкі қыста ұйықтамайды, күзде қор дайындамайды, аң аулайды. Күздің аяғында орманда тыныштық орнайды. Неліктен? Құстардың дауыстары естілмейді, олар жылы жаққа ұшып кеткен. Отырықшы құстар ғана қалған. «Пошташы ашықхат əкелді» ойыны<br>3-аялдама: «Күз жəне қыстағы тиіннің тіршілігі» бейнебаян көрсетіледі.<br>Бұл жазда тиіннің түсі қызғылт сары болады, ал қысқа қарай сұрланып, ақ түске айналады. Тиін жыртқыштарға көрінбеу үшін түсін өзгертеді. Қыста тиін емен қуысына салған ұясын жылытып, ол ұя оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Бүгін біз осындай үйді геометриялық пішіндерден құрастырып жапсырамыз. Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі. Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді.<br>1. Үйдің геометриялық пішіндерден тұратын бөліктерін жеке-жеке қиып аламыз. | көрсету.<br>– Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді.<br>Айнаны қолымызға алып *а, о, ы, ұ, у.* дауысты дыбыстарды айтып көрейік бұл дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.<br>**Түсіну деңгейі:**Дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңестеніп кейін жиырылады.<br>Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата.<br>2. Суреттегілердің атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Күн ұйықтайды. Күн оянады. Бұлт шатырлады. Жел соқты. Күн ашылды | | қатты суықта және қолайсыз ауа райында қорғайды, жылы тонына қарамастан, тиін ұясынан мүлдем шықпайды. Суық мезгілде ол күніне 20–22 сағат ұйықтайды.<br>«Тиінді қысқа дайында» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>4-аялдама: «Күз бен қыстағы аю тіршілігі» бейнебаяны<br>Күзге қарай аю түлеуді аяқтайды, оның жүні қалың, тығыз болады. Қысқы жүні оны ең қатты аяздан қорғайды. Күз мезгілінде аю көп май жинайды, өйткені ол қыс бойы ұйқыда болады. Аю ауа райы суыта басталысымен орманда апанға қолайлы орын тауып, мүк пен ағаштардан түскен жапырақтарды жинайды. Алғашқы қар бүршіктері түскенде, аю апанында жатады. Сыртта уілдеп боран соғып тұр, ал апанда жылы, тыныш, аю табанын сорып, тәтті ұйқыға кетеді. Аюлар жыртқыш болғанымен, олар жеміс-жидектерді жақсы көреді. «Аюды оятайық» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Музыка ойналып, саяхат жалғасады.<br>5-аялдама: «Қыс пен күздегі қоян тіршілігі».<br>Қояндар шағын топтармен тіршілік етеді. Олар күні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жаңбыр жауды. Жел басылды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>*(графикалық жұмыс)*<br>4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.<br>5. Үзік сызықтарды бастыр.<br>**3. Саусақ жаттығуы:**<br>**Тыңда, орында.**<br>«Бәрінен де мен күшті», –<br>Екі қолдың күштерін,<br>Деп айтады оң қол. Кәне,<br>сынап көрейік.<br>«Неге сен? Ал мен ше!» –<br>Оңға, солға тартайық,<br>Деп келіспейді сол қол.<br>Достастырып қайтайық.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | бойы бұта түбінде тығылып жатып, түнде тамақ іздеп шығады. Жазда да, қыста да қоян азық жинамайды, қыста ағаштар мен бұталардың қабығымен қоректенеді. Қоян қыста аппақ түске айналады. Қарда ақ қоян байқалмайды. Қоян қасқыр, түлкі, бүркіт, үкі, әсіресе сілеусіннен қорқады. Қоянға жоғары қарай жүгіру ыңғайлырақ. Өйткені оның алдыңғы аяқтары қысқа, артқы аяқтары ұзын, жоғары қарай жақсы жүгіреді, төмен қарай домалап кетеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Ер Төстіктің пайымдауы:<br>Түлкі – тонының түсін өзгертпейді, қыста ін дайындамайды, азық қорын жасамайды.<br>1. Суретте жануарлардың бөліктері белгіленген. Қай жануар екенін анықтап, суреттерді сызықпен қос.<br>Ер Төстікке осы жануарлардың күзгі, қысқы тіршілігі туралы айт.<br>2. Жануарлар қыста қайда паналайды? Сызықпен қос.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. |
| **Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**<br>***3 үзіліс – 13:35 – 13:45*** | | | | | |

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын:«Күн мен түн»**

**Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**










**Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:**
**«Күн мен түн»**
**Ойын міндеті**: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Дағды:**Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.
**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла,тез қозғал.
**Ойын шарты**:"Күн" мен "Түн" деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.
**Ереже:**
1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 13.45 – 14.10**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Бадминтон, футбол.<br>**ҰІӘ міндеттері:** спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көңілді ырғақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі орманда.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту;азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>**Дағды**:Ептілік, көзбен | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көңілді ырғақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату; | **4.Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>**Дағды**: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделіктіқимыл-қозғалыстың қажеттігін қалыптастыру. Балаларды бадминтон ойыныментаныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыстұрудыүйрету, қимылтүзетуінкүшейту.<br>**Дағды**: алшақ аттап, қысқа қадамдар жасап жүгіру дағдылары, түзету жаттығуларын орындау,кеңістікті бағдарлау, доптыжеңіл соғабілуге зейіндерің шоғылдандырудырабілуді дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына,ұйымдасушылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>дыбыстарды дыбыстап тыныс алу жаттығулары, желбіршектің ұшуерекшеліктерін ашып, желбіршекті ракеткамен бірорында тұрып бірнеше рет жоғары қарай соғу (неғұрлым көп рет соғуға тырысу).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**Жаттығуларды алмастырып орындау. Ресурстар мен кеңістікті дұрыспайдалануынаназар аудару.<br>**Бадминтон** | ажырату;<br>музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>бидің*вальс,полька,халық би*сияқты жанрлары болатынын ұғыну.<br>**Күтілетін нәтиже**:қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады;ән орындайды; пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.<br>би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:*Музыка тыңдау:*** «Вальс» Қ.Шілдебаев, «Полька» М. Красев,«Қамажай» халық әуені(өңдеген | мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына,ұйымдасушылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалайжүрукеректігін,күзгіт абиғаттыңкереметтігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жалпыдамытужаттығулары норындау:(орманаланқайын да«жылынуға»жиналады) «Артымнанқайтала»жаттығу-ойыны.Тынысалугимнастикасы:«Жел».<br>Күннің көзі бұлт басып, қатты жел соғады.Кәне,бәрімізжелсиқтыдыбысшығарайық.<br>Ууу<br>– ууу<br>– ууу...<br>Солқаттыжелденағаштардың жапырақтары шулай бастайды.<br>Жапырақтаржелсоққандақандайдыбысшығарады?<br>Шшш – шшш – шшш.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Негізгіқимыл-қозғалыстар: Бөренеүстіндееңбектеубары | музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>бидің*вальс,полька,халық би*сияқты жанрлары болатынын ұғыну.<br>**Күтілетін нәтиже**:қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады;ән орындайды; пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.<br>би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:*Музыка тыңдау:*** «Вальс» Қ.Шілдебаев, «Полька» М. Красев,«Қамажай» халық әуені(өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы | көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды(тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыстәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан республикасындағы халықтар достығы туралымәліметті.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>көлбеу қойылған нысанаға асықты 2.5 метр қашықтықта тұрып лақтыруды, біраяқпен әртүрлі бағыттасекіруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Асық алу».** Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтіңбұйрығымен жерденасықтардыалады. Негізгіқимыл-қозғалыстардыорындайды.(5рет)<br>**«Асық лақтыру» –** дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтардылақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр). Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсаужанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көпасық тастағанбалажеңімпазатанады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Желбіршектіңұшуерекшеліктерінаныктауғаарналғанжаттығуларорындау.Бірорындатұрып,желбіршектіоңқолынан солқолына,керісіншелақтырады.Бірқолменжоғарылақтырып, екінші қолменқағыпалады.<br>Ракеткаменжаттығу.<br>Бірорындатұрып,желбіршектіракеткамен мейліншекөп ретсоғуғатырысу.<br>**Түсіну деңгейі:Қимыл-қозғалысойыны:«Аяғыжергетимей...»**<br>Жүргізушіні сайлайды. Қалғандары шашырап қашады. Жүргізушіден қашып, ойыншыларaяқтарын жерден тартып алады. Сол мақсатта олар бірнәрсеге шығып алады немесе аяғынкөтеріп отыра қалады. Аяқтары жерге тимесе, жүргізуші оларды ұстай алтайды, егер тиіпқойса,ұстапалады. Ұсталғанойыншыларойынназншығады.<br>**Қолдану деңгейі:**Дыбыстардыайтып, тынысалужаттығуларынорындау.«В»дыбысы.«в» дыбысын айту кезінде жүйке жүйесі мен ми, жұлынның жұмысы қалыпқа келеді.Еркін тұрады.Терең тыныс алып, демін сыртқа шығарғанда «ввввв» деп қатты созылыңқы дыбыстайды.Дыбыстымүмкіндігіншесозуғатырысады.<br>«Ч»дыбысы.«ч» дыбысын айту кезінде ұйқы | Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.<br>Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау.<br>Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу. ***Ойындар, хороводтар:*** «Ән салған кім? (А. Райымқұлова)Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың ойынға белсене қатысуларын қадағалау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» | сындақолмен аяқтарынүйлестіріп қозғауғаүйрету.<br>«Сілеусін»жаттығуы:бөрен едентүсу.<br>**Қолдану деңгейі:** Қимыл-қозғалысойыны:«Қасқырменлақтар»(4рет).<br>Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзептұрады.«Қасқыр» зал ортасындаорналасады.<br>*«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,Бөртелақтым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп,Байламасакөкем кеп».*<br>«Лақтар»залдың қарама-қарсыжағынажүгіреді,«қасқыр»олардықуыпұстайды. | мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.<br>Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау.<br>Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу. ***Ойындар, хороводтар:*** «Ән салған кім? (А. Райымқұлова)Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың ойынға белсене қатысуларын қадағалау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні(өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан | **Түсіну деңгейі:**«Ырғыпсекіру»(татархалқыныңойыны)**(5рет)**<br>Әртүрлібағыттабіраяқпенсекіру.Ойыншыларшеңбербойынатұрады.Жүргізушішеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам біраяқтарыменсекіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардыңбіреуінің орнынатұрыпалуғатырысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Тастар»(орысхалқыныңойыны)<br>«Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғарылақтыру. Өкшеменотырып,ұсақтастардыжоғарылақтырып,оныалақандарыменқағыпалады.Алкелесілақтырғандаалақандарын терісқойып,тастардықағыпалуғатырысады.<br>Қимылы аз ойын:**«Үндемес»ойыны (Тәжік халқының ойыны)** (4 рет)**.**Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында отырғанбалаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінің екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойыншарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру.Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпазатанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрысталып, жалпы ағзаның жұмысы қалыпқа келеді.Еркін тұрады. Терең тыныс алып, демін сыртқа шығарғанда «ччччч» деп қатты созылыңқы дыбыстайды.Дыбыстымүмкіндігіншесозуғатырысады. | қазақтың халық әні(өңдеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | | музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | |
| **Серуенге дайындық 14:10-14.15** | **Еңбегі адал жас өрен:«Мен дұрыс киіне аламын»** **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.** | | | | |
| **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру** **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!»Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 14:15 – 14:40** | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №11**<br>**Емдік шөптерді бақылау**<br>***Міндет:***<br>- Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>-Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы:***<br>Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №12**<br>**Күз көрністерін бақылау**<br>***Міндет:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Міндет:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №13**<br>**Тастарды бақылау**<br>***Міндет:*** Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>-Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №14**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Міндет:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта кілемдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт | **Қыркүйек**<br>**«Smart bala» жобасы**бойынша<br>**«Мен – зерттеушімін»**<br>**Серуен кешені №15**<br>**Желді бақылау**<br>***Міндет:*** *желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ:**<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады<br>(жел)<br>Сұрақтар:<br>♦Жел қайдан пайда болады? *(жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)*<br>♦Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?*(күшті және әлсіз)*<br>♦Күшті желдер қалай аталады? *(дауыл, құйын.)*<br>♦Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? *(компас* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шайқурайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.*<br>*Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:***<br>— Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>— Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;<br>— Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;<br>— Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.<br>**Зерттеу жұмысы:** Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. | **Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>*Міндет:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>**Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.** | сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>***Міндет:***<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О**«Ұшты-ұшты».<br>***Міндет:***<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру*<br>*Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу*<br>***«Күзгі табиғат»***<br>***Мақал-мәтел***<br>***Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.*** | сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | *көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)*<br>**Еңбек** Аланды тазалау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қ/О:** «Жел».<br>*Міндет:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту,* тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Доппен жаттығу<br>*Міндет: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау<br>Міндет: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Міндет:Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу<br>**Міндет:** ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу 14:40-14:45** | **Еңбегі адал жас өрен:**«Кім жылдам?» **Мақсаты:**Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Еркын Сезіммен жеке жұмыс. Жыл мезгілдеріне арналған суреттерге қарап,әңгімеқұрай білугеүйрету. | Сейсенұлы Бекзатпен жеке жұмыс. Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету. | Чакенова Айзеремен жеке жұмыс. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Мұхамеди Рахиммен жеке жұмыс. 1 және 2 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету. | Ғұмырбек Асылханмен жеке жұмыс. Шағын мәтіндер құрауға үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дербес ойын: «Менің көшем» /ҚАЙТАЛАУ/** **Міндет:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын ұалай пайдалану керектігін меңгеру. **Дағды:**өз мекен-жайларың айтып беруге,мектепке дейінгі жолды білуге дағдыландыру. | **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Танымдық-қимылды ойын:«Мейірімділік жібі» /ҚАЙТАЛАУ/** **Міндеті:**Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. **Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру. | **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Ойын:«Допты қуып жет» /ҚАЙТАЛАУ/** **Міндеті:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған себетті көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. | **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Саусақ ойыны: «Тасбақа» /ҚАЙТАЛАУ/** **Міндеті:**Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. **1.Тасбақа** Тасбақа, тасбақа, Тас астында тұрады. Басын баяу шығарып, Тиіссең кері тығады. | **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Суреттік боямалар: «Суреттерді аяқтайық»**жаттығуы. **/ҚАЙТАЛАУ/** **Міндеті:** Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту . **Ойын шарты:** Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді . |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 14.45 – 14.55** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** | **Өнегелі-15 минут:**Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару**. **14:45-14:55** | **Ата-анаға кеңес:** Әңгімелесу**: «Балаларды мектепке бейімдеу»** тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:** Сұхбаттасу. **«Менің сүйікті кітабым»** тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқуға болатыны жөнінде кеңес беру. Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:** Әңгімелесу**: «Менің отбасым»** тақырыбында кеңес беру. Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:** Қауіпсіздік кеңес: **«Тұмаудан сақтау жолдары»** үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:** Әңгімелесу: «**Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау**» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі:**Бекишева К.С.

**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№16 ЖББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «Б»
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 21.10.- 24.10.2024-2025 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

<table>
<tr><th>Күн тәртібінің үлгісі</th><th>Дүйсенбі<br>21.10.24</th><th>Сейсенбі<br>22.10.24</th><th>Сәрсенбі<br>23.10.24</th><th>Бейсенбі<br>24.10.24</th><th>Жұма<br>25.10.24<br>25 қазан – Республика күні</th></tr>
<tr><td>11:45-12:00<br>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">«Күй күмбірі»- балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу</td><td colspan="5">«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>«Күй күмбірі»- балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.<br>«Ұлттық ойындарды бала тәрбиесінде ұтымды пайдалана білу жолдары»туралы әңгімелесу</td></tr>
<tr><td colspan="6">4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»,«Егер сау болғың келсе»</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td colspan="5">Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс.</td></tr>
<tr><td>Ұлттық құндылықты қалыптастыру<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша<br>«Үнемді тұтыну»<br>Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту.<br>Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:<br>«Ойлан,тап!»<br>Түсіндірме жазба:<br>Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны</td><td>Ұлттық құндылықты қалыптастыру<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру<br>«Отаным – алтын бесігім!»<br>Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:<br>Сәйкестендіру ойыны:<br>«Суреттер сыр шертеді,Тәуелсіз ел - көкпары»<br>«Көлеңкесін тап?»<br>Түсіндірме жазба:</td><td>Ұлттық құндылықты қалыптастыру<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру<br>Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «Оюларды құрастыр»<br>Түсіндірме жазба:<br>«Оюларды құрастыр» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау қабілеттерін,зейіндерін,</td><td>Ұлттық құндылықты қалыптастыру<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру<br>«Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл»<br>«Денсаулық-зор байлық»<br>Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:<br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>Түсіндірме жазба:<br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» бұл ойын 5-6</td><td>25 қазан – Республика күні</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның ерекшелігі - заттармен ойын әрекеттері арқылы шешілетін ойын тапсырмасының болуы (*пәндік ойын),* сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Ойлан,тап!» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жануарлардың түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту.<br>**Міндеттері:** - балалардың жануарлар, құстар, балықтар және олардың мекендейтін жерлері туралы білімдерін бекіту;<br>- жабайы аңдар білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту, жұмбақтар шешу арқылы ой-өрісін дамыту, жылдам жауап беруге, шапшаңдыққа үйрету;<br>- оларды қорғауға, қамқор | «Көлеңкесін тап?» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Ол неге аталып өтіледі? Оның қандай рәміздері бар? Ол бізге неге ыстық? Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Міндет:** Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсін-діру.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.<br>Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** әр түрлі Геометриялық пішіндер бөліктеріне бөліп, қоса білуе дағдыландыру;ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Балаларды туған жерін, | сөйлеу мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою - өрнектері мен халықтың әдет - ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру.<br>Балаларға өз бетімен ою қиюғабаулу,ойлау қабілеттерін арттыру. Ою - өрнектерді дұрыс таңдап, ою - өрнек элементтерінің атауын бекіту, мақал – мәтелдер арқылы баланың бойына сіңіру, ұлттық тәрбие беру.<br>**Міндеттері:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру.Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.<br>**Дағды:** Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық** | жастағы балаларға арналған.Балалардың қимыл-қозғалыс әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;<br>- балалардың негізгі қимыл түрлерін және олардың атауларын орындау тәсілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндет:**<br>- балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру;<br>- балаларды доп қолданылатын спорт түрлерімен таныстыру;<br>- балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және жалпы ой-өрісін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**<br>- балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру;<br>- балаларды образға сүйене отырып, жалпы дамытушылық жаттығуларды өз бетінше орындауға дағдыландыру.<br>**Қосымша жабдықтар**: тақырыпқа сай бейнеленген карточкалар<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>2-5 адам ойнайды. Үстелде жануарлар,құстар бейнеленген карточкалар (бетін төмен қаратып) орналастырылған. Балалар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Балалардың жануарлардың бейнесін олардың мекендейтін ортасымен салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Коррекциялығы:** үй,жабайы,теңіз жануарларға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой - өрісін дамыту.Кейбір жабайы жануарлардан өзің қорғау,абайлауға бағыт бағдар беру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Ойыншылар саны:**толық сынып.<br>**Өтетін орны:**сыныпта,ойын бөлмесі.<br>**Қосымша жабдықтар**: суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті жануарлар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***2-5 адам ойнайды. Үстелде жануарлар,құстар бейнеленген карточкалар (бетін төмен қаратып) орналастырылған. Балалар кезекпен 2 карточканы аударады,астында тұрған суреттер бойынша спорттың қай түрі бейнеленгенін атайды. Егер карточкалардың суреттері сәйкес келсе, онда бала оларды өзі үшін алып, тағы бір қимыл жасайды. Егер | туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсін-діру.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:**Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру.<br>**Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**І нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша сәйкестендіру болса,**екінші бағытта** көкпар арқылы қазандыққа марка жинау.Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру.Егер дұрыс жауап болса қазандыққа марка салу арқылы ұпай есептеледі. | **құндылықтар:**Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою - өрнектері мен халықтың әдет - ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**: тақырыпқа сай пазылы суреттер.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**: Құрастыру үлгісін қарап, талдау жасайды; бірнеше бөлшектерден құралатын ою шығару.<br>**Проблемалық мәселе:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады.<br>**Зерттеу қызметі:** Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады. | кезекпен 2 карточканы аударады,астында тұрған суреттер бойынша спорттың қай түрі бейнеленгенін атайды. Егер карточкалардың суреттері сәйкес келсе, онда бала оларды өзі үшін алып, тағы бір қимыл жасайды. Егер карточкалар сәйкес келмесе, онда карточкалар бетін төмен қаратып, кезек келесі ойыншыға беріледі. Кімде көп жұп карточка болса, сол жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру:** карточкалардың санын көбейту, белгілі бір спорт түрімен айналысатын спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау.<br>**Ойынның нұсқаулары:Ережелер:**<br>1 нұсқа. Мұғалім ойыншыларға карточкаларды көрсетеді, ал ойыншылар оларда бейнеленген қимылды орындауы керек.<br>2 нұсқа. Әр ойыншыға карточка беріледі. Содан кейін ойыншылар шеңберге тұрып, кезек-кезек алған тапсырмаларын көрсетеді, ал басқалары қайталайды.<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені: Акробатикаэлементтеріба ржаттығулар. №1жаттығуларкешені**<br>1.«Алдығақадаматтау,қолда рынекіжаққасозу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкалар сәйкес келмесе, онда карточкалар бетін төмен қаратып, кезек келесі ойыншыға беріледі. Кімде көп жұп карточка болса, сол жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру:** карточкалардың санын көбейту, белгілі бір спорт түрімен айналысатын спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау.<br>**Ойынның нұсқаулары:**Ережелер: 1 нұсқа. Мұғалім ойыншыларға карточкаларды көрсетеді, ал ойыншылар оларда бейнеленген қимылды орындауы керек.<br>2 нұсқа. Әр ойыншыға карточка беріледі. Содан кейін ойыншылар шеңберге тұрып, кезек-кезек алған тапсырмаларын көрсетеді, ал басқалары қайталайды.<br>***Ойынның шарты:***Үй жануарлары деп неге атаған? Олардың пайдасы жайлы айтып өту.<br>**1 ойын нұсқасы**: Балалар үй және жабайы жануарлары бейнеленген суреттердің бірін таңдап, оның атын атап, төлін тауып, сәйкестендіріп қояды. Үй жануарлары мен төлдерінің корегі мен мекені туралы білгендерін айтады.<br>**2 ойын нұсқасы:** Барлық суреттер үстелге қойылған. Бала өзіне ұнаған кез келген суретті алып, сәйкес суреттермен | Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>**Тілдік гимнастика жаттығуы:**<br>**«Ат шауып келеді»** - ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру немесе таңдай қағу.<br>**«Таңдану» жаттығуы:**<br>**Саусақ жаттығуы:1.«Жұдырық – қабырға – алақан»** жаттығуы<br>1. Алақаныңызды үстелге қойыңыз.<br>2. Алақаныңызбен жұдырық жасаңыз.<br>3. Ашық алақаныңызды үстелдің үстіне қойыңыз. Бұл әдістерді 8-10 рет қайталаңыз, алдымен әр қолмен бөлек, содан кейін екі қолмен бірге жалғастырасыз.<br><br>**2.«Құшақтау»**жаттығуы<br>1. Суретте көрсетілгендей саусақтарыңызды біріктіріңіз.<br>2. Бас бармақтан кішкентай саусаққа кезекпен жылжытыңыз.<br>3. Енді қарама-қарсы бағытта орындаймыз. | Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз. «қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Осы ою-өрнектің қай түрін алсақ та, бәріне ортақ элемент-қошқар мүйіз. Мүйіз тектес оюлар- арқар, бұғы мүйіз. Марал мүйіз, сынар мүйіз. Текемет, сырмақ, тұскиіз секілді үй жиһаздарына жиі салынады,ұлттық нақышымыз десек те болады. Оюөрнектің тілін білетін адам,шебер оюды өз орнымен қолданады.<br>Олай болса өздерің ойдан ою құрастыруға болады.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Балалар берілген ою-өрнегі бар кеселерге түріне және түсіне ұқсас ою-өрнектерді табады.<br>Келесі ойынды біз үстелдің басында ойнаймыз.<br>Балалар суретке қарап немесе өз ойымен, кілемшені жартысын ою-өрнектермен безендіреді.<br>**Дайындық:**<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Оюшы дегеніміз-өз қиялынан ою туындататын суретші,ісмер адам.<br>**Мемлекеттік тілді** | қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына карай қадам аттау,қолдарын екі жаққа созу;<br>2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау<br>(8рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. –артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру;<br>1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп,ұстап тұру(8-гедейінсанағанша);бастапқ ықалыпқакелу(5рет қайталау).<br>3.«Қолдарыналдынакеудет ұсынаұстау»<br>Б.қ.– негізгітұрыс,қолдарыекіжа нынатөментүсірілген,аяқта рыиыкеніндейқойылған.<br>1 – қолдарынкеудесіндебүгіпұс тау;2– оңғабұрылу,қолдарын екіжаққажазу;3– қолдарынкеудесіндеұстау;4 – б.қ.Солжағынаосықимылда рдықайталау<br>(8рет)<br>4.«Қолдарытізеде»<br>Б.қ.– аяқтарыпараллель,қолдары денебойыментөментүскен.<br>1–қолдарынекіжаққажазу;<br>2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққажазу.Солаяғымен сол қимылдардықайталау<br>(9рет). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәйкестендіру.Жеке,жұп бойынша бала кезекпен суреттерді алып ойнай алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Үй жануарларының дыбыстарын салу және қалай шақыратынын келтіріп айту.<br>(Сиыр мөңірейді, аухау, аухау деп шақырады, қой маңырайды, пұшайт, пұшайт деп шақырады т.б.)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Та -та- та жібек жүнді бота<br>Зау-зау-зау мөңірейді бұзау,<br>Шақ-шақ-шақ құлдырайды құлыншақ,<br>Зы-зы-зы моп- момақан қозы<br>**Артикуляциялық жаттығулар:**<br>Қ-қ-қ-қ қозы, қозы.<br>Б-б-б-б бұзау,<br>бота.<br>С-с-с-с сиыр, сиыр.<br>Ұ-ұ-ұ құлын, құлын.<br>І-і-і ешкі, ешкі.<br>**«Шаршасақ, дем алайық»**<br>Бә - бә деген қошақан<br>Өзі сондай момақан,<br>Бө - бө еген әні бар,<br>Жібек жүнді ботақан.<br>Мө - мө деген әні бар,<br>Бұзауым менің тағы бар,<br>Ио - ио дейтін құлыным,<br>Желбірейді тұлымың.<br>Шөре - шөре лағым,<br>Тентек болма шырағым.<br>**Тыңдап ойларыңа сақтап жүр!**<br>«Ақты төкпе» яғни сүтті, айранды төгуге болмайды.<br>«Малды теппе» балалар малды тебуге болмайды. | <br>**Тіл ширату, әрі дүние таныту-Жаңылтпаш жатта.**<br>Күз, Кез, Көз,<br>Күш, Кеш, Көш,<br>Кір, Кер, Көр,<br>Күл, Кел, Көл,<br>Кілең қысқа сөз,<br>Кім оқиды тез?<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Сарқылмайтын қуатым,<br>Тірегімсің Қазақстан.<br>Мәңгі соғып тұратын.<br>Жүрегімсің Қазақстан.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> | **менгерту мақсатында**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Ою-өрнек сызайық.<br>«Қошқар мүйіз» «Ботагөз»<br>«Құс қанаты» «Гүл өрнек»<br>Ою-өрнек әлемі<br>Қолға ұстап қайшыны,<br>Жалғастырып дәстүрді,<br>Жапсырайық ояды.<br>**Мақал-мәтел жаттап ал.**<br>1. Ою ойғанның, ойы ұшқыр.<br>2.Ою ойған, сызу да сызады.<br>3. Оюды оя алмаған, ойланбаған.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** ойыншық құрылыс материалдарынан бәйтеректі құрастыра білуді үйренеді.<br>**Игереді:** ойыншық құрылыс материалдарынан бәйтерек, Хан Шатыр, ақ орданы суреттеріне қарай сәйкестендіре орналастыруға болатынын түсінеді.<br>**Меңгереді:** суретке сәйкес құрастыра білу дағдылары қалыптастырылады.<br> | 5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ.–еденгеетпетіненжатып,1–4–аяқтарынжоғарыбасынатигеншекөтеру–6рет<br>«Көпір»<br>Б.қ.—жердежату,қолдарыменбасынанасырып,еденгетірелу.<br>Қол-аяғынатіреліп,денесінжерден көтеру– 5 рет.<br>**Сымбаттылық әліппесі**:<br>«Денеңді тік ұста» - тыныс алу бұлшықеттерінің жұмысын жеңіл сезіну үшін дене қалпын дұрыс ұстай білуі қажет.<br>Орнымыздан тұрамыз, жауырын, иық бұлшықеттерін босаңсытамыз. Енді өз денемізді (иық, кеуде) көтеріп, оны артқа итереміз. Жауырынымыз мықты, тік, ал қолымыз, мойынымыз бен иығымызды жеңіл, бос жібереміз.<br>**Қосымша жабдықтар**: | |

**Қосымша жабдықтар**:



























**Ұсақ саусақ моторикасын дамытатын жаттығу:**
Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.





| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br> <br><br><br><br> |  |  <br> <br> <br>  | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 36 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Ұзынжіппенжаттығуларорындау**<br>1.Б.қ.:түзутұру,<br>1 –қолдарын жоғарыкөтеріп,таспаныбірқолынанекіншіқолынабереді.<br>2–қолдарын екіжаққаайналдыраотырып,төмен түсіреді(8рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады(8 рет).<br>3.Б.қ. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі(8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 37 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жолдорбаменжаттығуларорындау**<br>1.Б.қ.:түзутұру,<br>1–қолдарын жоғарыкөтеріп,таспаныбір қолынан екіншіқолынабереді.<br>2–қолдарын екіжаққаайналдыраотырып ,төмен түсіреді(8рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады(8 рет)<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру(8 рет).<br>4.Б.қ.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 38 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жалпақ табандылықтыңалдыналу №1жаттығуларкешені(доппен)**<br>1.Б.т.–отырып жердежатқан доптыекітабанмен біргеалдыға-артқажүргізу.<br>2.Б.т.–отырыпжердежатқандоптыекіаяқтыңтабандарыменбөлекбір-бірлепалдыға-артқажүргізу.<br>3.Б.т.–отырғанқалыпта.Аяқбүгілген,қолдарыартқыжағында,доптабанастында.Доптыекі табанменсолға-оңғаайналдыражүргізу.<br>4.Б.т.–арқаменжатқанқалыпта,доп аяқтабандарыныңортасында.<br>1-2–аяқтыкөтерген | **Мен салауатты өмір салтын таңдаймын. Тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;**<br>№ 39 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жалпақ табандылықтыңалдыналу №2жаттығуларкешені(жалпақтабандытүзетуүшін)**<br>1.Б.т. – арқамен жатқан қалпында, аяқты екі жаққа. Оң аяқ табанымен сол актысырғанап өту. Табанбетіменаяқтықамтып бармақтардыбүгу.<br>**2.«Балерина»**–б.т.–орындықтаотырып,аяқтыңбасынатұрыпжүру.<br>**3.«Көңілді секіру»** – б.т. – отырып, аяқтары тығыз бір-біріне басылған. Аяқтыкөтеріп,астындажатқанкесекті(15–20смбиіктігі)жергеқою.Аяқтыжердіңүстіненкөтеріп бастапқытұрысқаоралу.<br>**4.«Көтергіш»** – допты (сөмкені) екі аяқпен | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаныңқолдан-қолғаауыстырады. Аяқтарынқайтатүзейді.(8рет)<br>6.Б.қ. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді.(Екі қолына датаспаұстайды)(8 рет)<br>7.Б.қ.бірорындатұрып,бірaяқ пен секіреді(6рет). | қайтакеледі(8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаныңқолдан-қолғаауыстырады. Аяқтарынқайтатүзейді.(8рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді.(Екі қолына датаспаұстайды)(8 рет)<br>7.Б.қ.бірорындатұрып,біраякпен секіреді(6рет). | қалпындадоптыұстаптұру.<br>3-4–бастапқыденеқалпынаоралу.<br>5.Б.т.–арқаменжатқанқалыпта,доп аяқтабандарыныңортасында.<br>1-2–аяқтыкөтерген қалпындадоптыұстаптұру.<br>3-6– аяқ қимылдарымен допты оңға-солға жүргізу.7-8–б.т.<br>6.Б.т. – отырған тұрыста, аяқты екі жаққа, доп жерде оң аяқ табанының ішкіжағында.Аяқбасының озғалысымен доптыекінші аяқтың жанынаауыстыру.<br>*Ескертпе:*Пайдалануға ұсынылатынрезеңкедоп диаметрі–8–12см. | көтеріп, оңға қарай ауыстырып жергеқою.Допты(сөмкені)бастапқытұрғанорнынақайтарып,солғажылжытыпқайтаданорнынақою.<br>**5.«Шатыр»** – б.т. – тұрған қалыпта өкшелерді бірге ұста, аяқ басы екі жақта. Аяқбасына, кейін өкшеге көтерiлiп тұру, ауада дөңгелек сызу. Аяқтарды шатыр тәрізді қою.Бастапқытұрысқаоралу.<br>**6.«Лианамен серуен»** – балаларға гимнастикалық қабырғада рейканың орнындалианатұрғанынелестетукерек.*Лиана–маймылдарсекірiпжүретін арқандатәріздішырмауық өсімдік.* Маймылдардың орнына балалар болады, рейкаға табанның ортасыменбасуғатырысу керек.<br>**7.**Б.т.–жердеотыру.Табанменкішкенедоптардыұстап,ауадасол доппенелестеткен суретті салукерек. Мысалы: дөңгелек,үшбұрыш, тікбұрыш. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет) | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:** | 12.00-12.25<br>12.35-13.00 | **Дүйсенбі 21.10.24** | **Сейсенбі 22.10.24** | **Сәрсенбі 23.10.24** | **Бейсенбі 24.10.24** | **Жұма 25.10.24** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12.00<br>14.10 | 13.10-13.35<br>13.45-14.10 | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Құрастыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **25 қазан – Республика күні** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.00-12.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>10 саны<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>-10 санымен таныстыру.<br>0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтардыорнату біліктілігін бекіту.Сөйлеу,зейін,естесақтау,қолдыңұсақмоторикасын дамыту.<br>-топтажұмысістей білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту.<br>Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік карым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.<br>-дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту.<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру.<br>1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю)<br>2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>10саны<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>-0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Балалардың логикалық ойлауын, ой-өрісін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>10 санын, ретімен, тура және кері санауды.<br>Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды;<br>заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>10 заттан тұратын топтарды. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қанша?Реті бойынша нешінші?(сол жақтан оң жаққа қарай)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-<br>«Қанша?»,«Ретібойыншане шінші?»сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту;<br>-сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:<br>Нешінші,қанша сұрағына дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру.<br>Логикалық ойын ұштау.<br>Саусақтың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Оң жақ-сол жақ туралы ұғымдарды,мезгіл туралы ұғымдарды; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керектігін;<br>10 заттан тұратын топтарды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Теру парағымен жұмыс.**<br>– Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады.<br>Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Теру тақтасында (тақта) балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады.<br>Педагог жалғастырады:<br>– Міне, тағы бір бала келді.<br>– Оған қандай нөмір береміз?<br>Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді.<br>Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0.<br>– Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады.<br>Педагог цифрды көрсетеді.<br>– Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен?<br>Өлең оқиды.<br>Аспандағы Ай,<br>Цифрға ұқсас қай?<br>Толған кезде ол,<br>Аумай қалған «Нөл».<br>«0» дегенде өздерің,<br>Көріп тұр ғой көздерің.<br>Үйлеспесе айналмас,<br>0-сіз 1-ің 10 болмас.<br>Педагог нөлді бірліктің | сауысқан. (сауысқан)<br>3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық)<br>4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек)<br>5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық)<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>1) Дауысты дыбыстар деген не?<br>2) Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>– Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз.<br>Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді.<br>1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.<br>2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.<br>3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.<br>Педагог дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызыл дөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/ | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойындық сергіту.**<br>**«Сандық жүгірткі».** Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды.<br>Топтардағы практикалық жұмыс.<br>10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы шеңберлермен бейнелеуге болады.<br>10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз.<br><br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Суреттегі отбасы мүшелерін сана. Боялмаған адамды боя. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя.<br>10 саны қалай шықты? (10 бұл – 9 және 1.)<br>**2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы жүктелген анимацияны көруге болады, онда санның цифрмен таңбалану тәртібі туралы бейне | үлкен және кіші заттарды ажыратуды;<br>Дайын пішіндерді дұрыс ұяшықтарға орналастыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Сандық эстафета» ойын жаттығуы.**<br>**Топтық жұмыс.** Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Сол жақтан оң жаққа қарай саусақтарды және жануарларды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Орналасқан ретіне қарай сонша нүкте санын сал. Реті бойынша нешінші?<br>Педагог саусақтардағы суреттерді қарап, сол жақтан оңға қарай кім бейнеленгенін атауды сұрайды. «Нешінші?» қатарда сол жақтан оңға қарай, содан кейін оң жақтан солға қарай деген сұрақ қояды. Балалар саусақтарға қанша кейіпкер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанына қойып сұрайды:<br>– Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан).<br>10 санын көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма.** Әр бағандағы текшелерді сана. Цифрды қажетті карточкамен сызып қос.<br>Педагог тапсырмаға арналған баспалдаққа назар аударуды ұсынады.<br>– Қатарды, текшелерді, цифрмен және карточкамен сызып қос, онда нүктелер саны қанша болса, сонша текшелер болады.<br>**2-тапсырма.** Санақты бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле.<br>– Шеңберге қанша бала тұрды? Санауды бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле.<br>Ойыншыларды ретімен сызып қос.<br>Қатарда 10 бала тұрады. Балалар ойыншыларды рет-ретімен байланыстырады.<br>Педагог балалардың жейделеріндегі цифрды атауды сұрайды. Балаларды қатарға ретімен тұрғызу арқылы, топта цифры бар карточкалармен ұқсас жұмысты ұйымдастыруға болады.<br>**«Сана» ойын жаттығуы.**<br>Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері | **Түсіну деңгейі:**<br>– Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>Педагог тақтаға қыс сөзінің сызбасын іледі.<br>– Балалар, мен қыс сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.<br>– **Қыс** сөзінде неше буын бар?<br>– Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.<br>– Қыс сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>– Үш дыбыс екен.– Бірінші дыбысы қандай дыбыс?<br>– Бірінші дыбысы – «қ» дыбысы.<br>– «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>– «**Қ**» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>– Қандай түспен белгілейміз?<br>– Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап қыыыс сөзін оқиды.<br>– «**Ы**» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс.<br>– Дауысты дыбыс, өйткені [**ы**] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог «қыссс» сөзін | көрсетіледі.<br>Сандардың суреттерімен және олардың таңбаларымен танысу.<br>Балалар цифрларды саусақпен сурет бетінде, содан кейін ауада жазып таңбалайды.<br>Саусақпен цифрдың үстінен жүргізіп шығуды ұсынады. Ермексаздан жасау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Иығыңды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір.<br>Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен,<br>Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен секір.<br>Иықтарын көтереді,<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>3-тапсырма. Фигуралардың ішіндегі торкөздерді сана. Оларды торкөздердің санына сәйкес түспен боя.<br>Балалар тапсырма бойынша торкөздерді санына сәйкес бояйды.<br>**4-тапсырма.** Қажетті санға дейін толтыру үшін әр бағаннан бір дөңгелектен боя.<br>Тура және кері санауды дауыстап жүргізеді.<br>**«Реті бойынша сапқа тұр»** ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10 цифры бар карточкаларды | салынса, сонша нүктелерді салады.<br>**2-тапсырма.**<br>Тотықұстарды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Цифрды қоршап сыз.<br>Педагог тотықұстарды санауды, олардың түсін атауды ұсынады. Балаларға бір-біріне «Нешінші?» деген сұрақ қоюды ұсынады. Содан кейін төмендегі суреттегі тотықұс нөмірін таңдайды. Бұл жағдайда олар қандай реттік тәртіпте санағандарын атайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Әр балада қанша асықтан бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя.<br>Педагог әр балада қанша асық бар екенін есептеуді ұсынады.<br>Сонша дөңгелекті бояйды.<br>**Сергіту сәті: «Сандармен секір».** 1-ден 10-ға дейінгі үлкен цифры бар кілемшелерді жай.<br>Балаларға кілемшелерден цифрларды тура және кері ретпен санап секіруді сұраңыз. Мысалы, олар 1 цифрдан бастап секіруі мүмкін, содан кейін 2 цифрына және т.б. 10-ға жеткенше. Содан кейін олар 10 цифрынан секіруден бастай алады және 1-ге жеткенше кері тәртіпте санау жасап секіреді.<br>**«Сапқа тұр» ойыны.**<br>0-9 және 10 сандары бар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**3-тапсырма.** Сырымның отбасы мүшелерін ата. Оның достарының әрқайсысына есімдер ойлап тап. Сана. Реті бойынша нешінші болса, сонша нүкте сал.<br>Қай саусақта кім бейнеленгенін атайық. Сонша нүкте сал. Сол жақтан баста. Бұл отбасының бірінші мүшесі. Бір нүкте қой. Екінші – екі нүкте және т. б.<br>«Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы.<br>Сан мен цифрдың сәйкестік арақатынасы үшін сандық суреттермен жұмыс (№8, №9 парақтар).<br>Педагог суретті көрсетеді, балалар цифры бар карточканы көрсетеді.<br>– Адамның қолында қанша саусақ бар? (10 саусақ).<br>**«Санамақ саусақтар» ойыны.** Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын көрсетуін сұра, содан кейін | үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>– Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>– Дұрыс айтасыңдар, «с» дыбысы естіліп тұр.<br>– «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– «**С**» дыбысы дауыссыз дыбыс.<br>Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>**Қыс** – 1 буын, 3 дыбыс.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>1. Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>– Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>**«қар»** сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды.<br>Педагог балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып, «қар» сөзін оқиды.<br>– Балалар, мен «қар» сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.<br>– «Қар» сөзінде неше буын бар?<br>– Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.<br>– «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>– Үш дыбыс екен. | шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады<br>Ойын жаттығуы «Цифрды жина» (№5, №6, №7 парақтар).<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды.<br>– Бірінші, екінші ... оныншы.<br>Педагог қорытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадақтайды.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады.<br>Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра.<br>**4-тапсырма.** Қай себетте текшелер көп? Белгіле. Қай себетте кішкентай текшелер аз? Қоршап сыз.<br>Текшелерді түсі, өлшемі, саны бойынша боя.<br>Педагог заттардың қасиеттерін қайталайды: түсі, пішіні, мөлшері, саны. Әрі қарай, балалар тапсырманы орындайды: осы қасиеттер көрсетілген тапсырма бойынша текшелерді бояйды.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.<br>Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | – «Қар»бірінші дыбыс қандай дыбыс?<br>– Иә, бірінші дыбыс – «қ» дыбысы.<br>– «**Қ**» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>– Қандай түспен белгілейміз?<br>– Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап қааар сөзін оқиды.<br>– «**А**» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дауысты дыбыс.<br>Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог «қаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>– Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>– Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр.<br>– «**Р**» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– «**Р**» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>– Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Қар сөзінде –1 буын, 3 дыбыс бар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым,<br>Алға қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>2. Суреттегілер дауысты дыбыстан басталса, | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя.<br>4. Штрихта.<br>5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Тыңда, орында.<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай!<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды.<br>– Балалар, бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерің қандай? Дыбыстық талдау жасау сендерге ұнады ма? | | | |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**

***1 үзіліс - 12:25 - 12:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны:«Тышқан мен қақпан»**

**Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.**









**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»**

**Ойынның міндеттері:**Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

**Ойынның ережесі :**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегібалаларбір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойыншаекішеңбердетоқтайды.Ішкішеңбердетұрғандарқолдарынжоғарыкөтереді–қақпақұрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесібелгінібереді,осыкездеішкішеңберойыншыларықолдарынлездетүсіреді.Шеңберішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады.Олар ішкі шеңбердетұрғандарғақосыладыда,ойыншыларқайтаданқолұстасады.Осыданкейінойынжалғасады.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріптұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріпшығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болыпсаналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтарорын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандарсаналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу,
жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 12.35 – 13.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Отбасым-бақыт мекенім.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-тақырыпқа байланыстыәңгімеқұрайбілугеүйрету;<br>-дауысырғағынақарайсөйлемдердіажыратабілуіскерлігін дамыту;<br>-Туғанөлке,Отандысүюгебаулу.<br>**Дағды**: Есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** | **2.Қоршаған ортамен танысу**-тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Менің Отаным-Қазақстан.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру.<br>Балалардыңнақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу | **2.Көркем әдебиет**-қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Елордам-Астана.(Батырбай Сейбадуллаевтың өлеңі)\ Арыстан мен тышқан.(қазақ халық ертегісі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету;<br>-байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру;<br>-туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**Нағыз дос.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлудіүйрету;<br>-сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеутілдеріндамыту.<br>**Дағды**: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отбасының қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жанашыр сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Дыбыстарды ажырата біледі.<br>Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілерді қолданып жеткізеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>(Ұ) Шаттық шеңбері.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар<br>Отбасы мыналар:<br>Ең жақын адамдар<br>Әке мен анам бар,<br>Бір туған апам бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін еремін.<br>Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз.1-тапсырма.<br>Сурет бойынша әңгіме құра.<br>1. Анасы не істеп тұр?<br>2. Әкесі қандай жұмыспен айналысып жатыр?<br>3. Атасы мен әжесі не істеп отыр?<br>4. Бөлмеде тағы кім бар?<br>5. Бұлар қандай отбасы деп ойлайсыңдар? | дағдыларын қалыптастыру.<br>-Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту;<br>-туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.<br>**Дағды**:<br>Қазақстан Республикасы туралы мәлеметтерді оқу іс-әрекеттерінде қолдана білу дағдыларын арттыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>Патриоттық сезімге тәрбиелеу,балалардың ой-өрісін кеңейту жәнеОтанға деген махаббатты арттыру.Туған жерінің табиғатын,елін,жнрін, отбасын сүю.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Бізідің Отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді;<br>Қазақстан Республикасы- тәуелсіз ел екенін түсінеді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**Үнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» әнін тыңдайды.<br>**Сөздік жұмыс:** Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа | жеткізе білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:-**<br>Астанадағы әсем көрікті жерлерді көре білуге, әсемдікті сезіне білуге баулып, мақтаныш сезімдерін ояту;<br>-өз елінедеген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>өлең тыңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Күннің нұрын алақанға саламын, (алақанды алақанға қояды)<br>Жүрегіме басып ұстай аламын. (алақанын жүрегінің тұсына қояды)<br>Жарық, жылы, нәзік әрі мейірлі (екі қолын жанына қарай жаяды)<br>Болып кетер сонда дереу жан-жағым.<br>(3 рет үрлеп, бір-біріне жылулық сыйлайды)<br>Педагог балаларға бейнетаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді.<br>– Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?<br>– Бүгін біз Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз.<br>Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана туралы жырлап, мақтан етеміз.<br>Өлең сөз адамның жан | өзара татулық сезімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді,мағынасы бойынша жақын сөздерді сөйлегенде қолданады;<br>әңгімені әрі қарай өрбіте алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>(Ұ) Шаттық шеңбері:<br>Біздің топта балалар,<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>Педагог: Балалар, сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнай ма?<br>Балалар өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады.<br>Жалғыз ойнасақ, жалғыз серуендесек, жалғыз тамақтансақ, көңілсіз екен.<br>Сондықтан біз жалғыз қалмас үшін бізге дос, жолдас керек.<br>**1-тапсырма.**<br>Досың туралы әңгімеле.<br>Сенің ең жақын досың кім?<br>Оның жас нешеде?<br>Досың қайда тұрады?<br>Неліктен сен оны жақын досым деп санайсың?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Ойын-жаттығу:**<br>«Сөйлемді аяқта».<br>Мен өз досымды адал деп санаймын, өйткені ...<br>Мен өз досыммын ... бөлісемін.<br>Мен өз досыма | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Сенің ата-анаңның аты-жөні кім?<br>– Олар қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>– Сен үйде анаңа қалай көмектесесің?<br>– Үлкен аға, әпкелеріңнің тілін аласың ба?<br>– Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің?<br>– Сен отбасыңдағы адамдарды қалай қуантасың?<br>– Сенің әжең, атаң ертегі, әңгіме, аңыз айтып бере ме?<br>– Педагог балалардың пікірлерін, жауаптарын жинақтап толықтырады.<br>**Түсіну деңгейі:Дидактикалық ойын:**<br>«Ол қандай?»<br>Шарты: Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады.<br>– Сенің әкең қандай?<br>(Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл)<br>– Сенің анаң қандай?<br>(Мейірімді, ақылды, көңілді, әдемі)<br>-Сенің атаң қандай?<br>(Аққөңіл, дана, мейірімді)<br>– Сенің әжең қандай?<br>(Сабырлы, қамқор т.б)<br>– Балалар, әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз тіпті аға-әпкелеріміз сендерді «Күнім, айым, жұлдызым, құлыным!» - деп ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:** | мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.<br>Балалар да өз ойларын ортаға салады:<br>– Атамекен дегеніміз – туған жеріміз. Ол – менің атам, менің ата-бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын.<br>Педагог М.Әлімбаевтың «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды.<br>Туған жердің жырларын<br>Кең өлкенің қорларын<br>Қызғалдақтай терейік.<br>Жүр, аралап, келейік!<br>Саққұлақ пен Қырағы сұрақтар қояды. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашылады.<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>– Қазақстан сөзі «Қазақ» және «стан» сөздерінен құралған, яғни Қазақ елі деген мағына береді.<br>Біздің жеріміз кең-байтақ.<br>Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ.<br>Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды.<br>**Түсіну деңгейі:**Қазақ халқында елімізді, жерімізді жаудан қорғаған батырлар көп. Олар: Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қарасай | тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді.<br>Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Сөздік жұмысы:<br>киелі – қастерлі<br>бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт<br>ынтымақ – бірлік, ауызбіршілік<br>Сұрақ-жауап:<br>– Өлең шумақтарында не жайында айтылған?<br>– Астана қандай қала?<br>Бейнежазбадан не көрдің?<br>– Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады?<br>– Астана қаласына бардың ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің?<br>– Бәйтерек сөзіне сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Педагог «Астана» өлеңін мәнерлеп екінші қайтара оқып береді. Балалармен бірге символдар мен суреттерді талқылайды.<br>Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттатады. Өлеңді 2-3 рет жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>1. Астана туралы не білесің? Астананың көрікті жерлерін ата. | көмектесемін және ...<br>Әліппе-дәптермен жұмыс:<br>**2-тапсырма.** Мақалдардың мағынасын түсініп ал.<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>Дос бәрінен де қымбат.<br>**3-тапсырма.**<br>Досыңның суретін сал.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балалар бағында<br>Тұрамыз өте көңілді.<br>Көп болсақ та достықпен<br>Өткіземіз өмірді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**4-тапсырма.** Досыңмен бос уақытыңды қалай өткізетініңді сызба бойынша әңгімеле.<br>Педагог балалармен бірге шартты белгілерді талқылайды.Педагог әңгімені тыңдауды ұсынады.<br>Арман ойыншық құлыншағын алып, аулаға ойнауға шықты. Ауладағы тентек бала Қайсар Арманныңқұлыншағымен ойнап жүріп, аяғын сындырып қойды. Құлыншақты Арманға қайтарып берді. Ал Арманныңдосы Қуаныш Қайсарға бұл істеген ісі жөн емесекендігін айтты да, ...<br>(Балалар әңгімені өздері жалғастырып айтады.)<br>**Тіл ұстарту:**<br>**Ша-ша-ша** – пісіп тұр **алша.**<br>**Ос-ос-ос** – бәрі бірге **дос.**<br>**(Т) Дидактикалық ойын: «Досыңды тап».**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Бір топтың балалары | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Керілеміз, созыламыз,<br>Терең алып тынысты.<br>Оңға бір, солға бір,<br>Жалғаймыз біз жұмысты.<br><br>**Жаңылтпаштан жаңылмайық:**<br>Уықтардың барлығын<br>Уыққапқа сал, күнім.<br>Уыққапқа салған соң,<br>Уыздан жеп ал, күнім.<br>**2-тапсырма.**<br>**Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта».**<br>Менің отбасым ...<br>Менің атам ...<br>Менің әжем ...<br>Менің әкем ...<br>Менің анам ...<br>Менің ағам, інім ...<br>Менің қарындасым, әпкем, сіңлім ...<br>**3-тапсырма.** Мақалдың мағынасын түсініп ал.<br>Мақалдың мазмұнын талдау.<br>Ана алдында - құрмет,<br>Ата алдында - қызмет.<br>Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын түсіндіреді.<br>4-тапсырма. Суретке қарап, отбасыңмен өз уақытыңды қалай өткізетініңді айт.<br>Немен айналысқан ұнайды?<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.<br>(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап, қорытындылайды. | батыр, Наурызбай батыр, Саурық батыр. (Батырлар бейнеленген портреттерін көрсетіп, әрқайсысының аты-жөндерін қайталап айту қажет).<br>– Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық.<br>1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Осы күн Мемлекеттік мереке – «Тәуелсіздік күні» деп аталады. Дүниежүзіндегі мемлекеттер Қазақстанды тәуелсіз Республика деп таныды. Мемлекетіміздің дербестігін білдіретін рәміздеріміз бар.<br>Отанымыздың бас қаласы қалай аталады?<br>– Астана.<br>Педагог Т. Жексенбайдың астана туралы өлеңін оқиды.<br>Отанымның төрінде,<br>Ту ұстаған – Астанам,<br>Сарыарқаның өрінде.<br>Әсем қалам, бас қалам.<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Астана қаласы туралы.<br>Педагог С. Оспановтың өлеңін оқиды.<br>Жап-жасыл ағашы,<br>Ақ басты тауы бар –<br>Қып-қызыл алмасы.<br>Алматы қаласы.<br>– Өлеңде қандай қала туралы айтылған?<br>– Алматы қаласы туралы | 2. Арман Астананың көрікті орындарына қалай жетеді? Сызып көрсет.<br>**3. Есіңде сақта.**<br>Жері байдың – елі бай.<br>Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерді көрсетеді, бірінен кейін бірі келетін ретін анықтайды.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Өлең не туралы?<br>Еліміздің елордасы қалай аталады?<br>– Астананың көрікті жерлерін ата.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**ҮІӘ тақырыбы:**<br>Арыстан мен тышқан.(қазақ халық ертегісі)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сахналық қойылымға қатысуға жетелеу;<br>-кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету.<br>**Дағды**:Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>ертегінің мазмұнын түсінеді,кейіпкерлерді ажыратады;<br>ертегіні бейнелеуіш сөздер | көздерін таңып, өз достарын табуы керек.<br>Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін қолмен ұстап, сипау арқылы табады.<br>**5-тапсырма.** Досыңа не сыйлар едің?<br>Белгіле.Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.<br>(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтылған.<br>– Астана қаласының символы не?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>– Астана қаласының символы – «Астана-Бәйтерек» монументі. Монумент ұзын темірлі құрылымдардан, керемет үлкен шардан тұрады. Құрылым биіктігі 105 метрді құрайды.<br>– Алматы қаласының символы не?<br>– Алма.<br>Астана қаласы және Алматы қаласының көрікті жерлерінің суреттерін қарастыру. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).<br>«Отан – отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасы ашылады: Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>1. Суреттер бойынша Отан туралы әңгіме құрап айт.<br>2. Суретке қара. Біздің елімізде қандай ұлт өкілдерінің тұратынын ата.<br>3. Саққұлақ пен Қырағы Отанымыздың көрікті жерлерін аралады. Олар қай қалаларда болды? Ата.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | арқылы шығармашылық-пен мазмұндайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңберін құру.<br>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, Күн жасайықшы.<br>– Мынау ненің суреті? (Күннің)<br>– Күн жарқырап шыққанда адамдарға шуағын шашады. Таңертең тұрған кезде ата-аналарың «Қайырлы таң!» – деп айта ма? Кәне, біз де қайырлы таң тілейік.<br>Қайырлы таң, көздерім, сендер ояндыңдар!<br>Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояндыңдар!<br>Балалар көздерін, саусақтарын уқалайды.<br>– Балалар, мына сиқырлы сандықта жануарлар бар екен. Олар қандай жануар екенін білу үшін жұмбақтың шешуін табайық.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Айбарлы түсі бар,<br>Қанжардай сұсы бар,<br>Күжірейген жалды,<br>Білсең айт бұл аңды? (Арыстан)<br>Үй ішін аралап,<br>Түнде көп жортады.<br>Қаптарды жарады,<br>Мысықтан қорқады. (Тышқан)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Ертегі не туралы деп | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің мекенжайым<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру.<br>-схеманы пайдаланып, көрсетілген мекенге жетуді үйрету, түрлі өмірде кездесетін жағдаяттан шыға білу қабілеттерін дамыту;<br>-көмекке келуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Өз үй –іші,отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>-өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының немесе ауылының атын, ондағы сәулетті, мәдени орындары туралы айта білу;<br>-ауылының атын, ондағы сәулетті  мәдени орындарды біледі;<br>-кез –келген істің адам еңбегі арқылы келеіндігі, ауылдың көркеюіне өздерінің үлесі бар екенін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шеңберге тұрады.<br>«Баспана» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны | ойлайсыңдар?<br>– Суреттегі жануарларды ата. Арыстан қандай аң?<br>– Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді.<br>Педагог балаларға ертегіні оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>қайырымдылық – жақсылық жасау, көмек көрсету<br>кәдеге асу – «бір кезде мен де жақсылық жасаймын» деген мағынада<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Тышқанды арыстан қалай ұстап алды?<br>– Тышқан арыстанға не деді? Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді?<br>– Арыстан тұзаққа қалай түсті? Оған тышқан қандай көмек жасады?<br>Тіл ұстарту жаттығуы: Аң-аң-аң – аң патшасы арыстан.<br>Сергіту сәті<br>Орманға біз барамыз,<br>Ағаштарды аралап,<br>Арыстан болып ақырып,<br>Тышқанша біз жүреміз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүктеу). Е. Елубаевтың өлеңі бойынша әр жануардың баспанасы және адамның баспанасы қалай аталатынын біледі. Педагог қала немесе ауылда әр адамның үйін мекенжай арқылы табатындығын түсіндіреді. Сөздік жұмыс:<br>Адам тұратын үй, мекеме, кәсіпорынның орналасқан жері «мекенжай» деп аталады.Балалар өздері тұратын қала/ауылдың атын және көшелерін атайды. Балалар өз қаласының/ауылының көрікті жерлерін атайды, сол туралы әңгімелейді.<br>Педагог: Біз ата-аналарыңның көмегімен сызылған картамен жұмыс жасаймыз. Әр баланың аты жазылған, шартты белгілер орналасқан, балабақшаға,мектепке келетін жолы сызылған парақшаларды алып, баланың өзіне айтқызады, балабақшаға келе жатқан жолда қандай ғимараттар бар, олар жолдың қай шетінде орналасқан, тұратын аудандары қалай аталатыны жайлы әңгімелеп, парақшаны тақтаға іледі. Педагог төмендегі жетекші сұрақтар арқылы балалардың өз мекенжайы туралы айтқызады.<br>Өздерің тұратын көше қалай аталады? Әр бала өзі тұратын көшенің атын | **Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты?<br>Тышқан арыстанға қалай көмектесті?<br>2. Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт.<br>Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр.<br>3. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Ата.<br>Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>Жұмбақ ойын: «Айна»<br>Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады.<br>Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Безендірілген сахна алаңында театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады.<br>Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтады. Көшелерінде қандай үйлер бар? Үйлердің жанында қандай дүкендер (ғимарат, шаштараз, дәріхана т.б.) бар?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Ғажайып сәт.** Есік қағылып, қуыршақ Айсұлу кіреді.<br>– Сәлеметсіңдер ме, балалар, менің атым – Айсұлу, мен адасып кеттім, маған көмектесіңдерші.<br>– Айсұлу, неге адасып кеттің?<br>– Өйткені мен өзім тұратын үйді білмеймін. Балалар айтыңдаршы, сендер осы балабақшада,мектепте тұрасыңдар ма?<br>– Жоқ! Таңертең ата-анамыз алып келеді, ал түсте үйге қайтамыз.<br>– Сендер қай үйде тұратындарыңды қалай білесіңдер?<br>– Әр үйдің өз нөмірі бар.<br>– Айсұлу адасып кетіпті, оған мекенжай туралы білетінімізді айтып берейік, көмектесейік.<br>– Өзіміз тұратын үй мекенжай деп аталады.<br>– Неліктен біз мекенжайымызды білуіміз керек?<br>– Мекенжай хат, сәлемдеме жіберуге, қонаққа келуге, жедел жәрдем, өрт сөндіру мәшинесі немесе полиция көмекке мұқтаж адамдарға | шапалақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Ертегіден қандай әсер алдың?<br>Балаларды мадақтау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | келуі үшін қажет.<br>– Біздің мектеп қай жерде орналасқан? Мектептің жанында қандай ғимараттар бар? Қандай көшелердің қиылысында орналасқан?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар мектептің қайда және оның жанында орналасқан ғимарат, үй, дүкендерді атайды.<br>Педагог балаларға осы айтылған мекенжай бойынша жоспар құруды ұсынады. Балалар өз беттерінше пайымдаулар айтып, жоспар құрады:<br>1. Қала/ауыл ____ 2. Көше ____ 3. Үй нөмірі ____<br>**Сергіту сәті: «Айгөлек»** әнінің музыкасын қосады. Балалар педагогпен қосылып, би қимылдарын жасайды.<br>Есік қағылып, әже (қуыршақ) кіреді. Айсұлу «Әже!» – деп қуанып құшақтайды. Педагог пен балалар Айсұлуға мекенжайды білу керектігін, қай жерде тұратыны есте сақтау керектігін тағы түсіндіреді. Әже балаларға рақметін айтып, Айсұлуды ертіп, қоштасып, шығып кетеді.<br>– Айсұлудың орнында болсаңдар, онда не істейсіңдер?<br>Балалар өз беттерінше пайымдап, қалталарына телефон номері жазылған, мекенжай жазылған қағаз | | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>салып жүру керектігін не болмаса ата-аналарының телефондарының номерін есте сақтау қажеттігін, ұялы телефон ұстап жүру керектігін айтады.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс**<br>1. Айсұлу қай үйде тұрады? Желаяққа Айсұлудың үйін схема бойынша сызып көрсет.<br>2. Арманның үйі көпқабатты, терезелері тіктөртбұрышты. Арманның үйін тауып белгіле. Қырағыға өзің тұратын үй туралы әңгімеле.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="4">***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**13:00-13:10**</td><td colspan="5">**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">**«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында<br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»**</td></tr>
<tr><td colspan="5">**- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.**<br>**- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.**<br>**- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.**<br>**- Тамақты асықпай ішіп үреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**</td></tr>
<tr><td>**Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханға береке берсін,*<br>*Бастарыңа мереке берсін.*</td><td>**Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру*:***<br>*Астарыңа адалдық берсін,*<br>*Бастарыңа амандық берсін.*</td><td>**Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханның байлығын,*<br>*Деннің саулығын берсін!*</td><td>**Өіне-өзі қызмет етуге үйрету**<br>**Бата беру:**<br>*Дастарханың мол болсын,*<br>*Абыройың зор болсын.*</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">***2 үзіліс – 13:00 – 13:10***</td></tr>
<tr><td colspan="6">**Балалардың дербес іс-әрекетінедағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында**</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td colspan="3">Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.<br>Дыбыстық есту арқылы ойын:<br>Мақсаты:Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Міндеттері:<br>-балалардың сөздік қорын молайту;<br>-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;<br>-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;<br>-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;<br>-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>Дағды: балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды жәнетазадикцияны дамыту,сұрақтарғажауапберудағдыларын жетілдіру;</td>
<td colspan="3">Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.<br>Артикуляциялық гимнастика- логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>1. «Сабын көпіршігін үрле».Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br>2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле»(егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br>3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді».Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br>4. «Көңілді маймыл».Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br>5. «Шарларды үрлеу».Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br>6. «Жылан қалай ысқырады».Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті           уақыты: 13.10 – 13.35</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Менжәнеменің достарым.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуғажәне оларды қолдана білуге үйрету, достық туралытүсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдердітүсініп жәнекүнделіктіөмірдеқолд ана білугеүйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлемқұрауғажатты</td>
<td>3.Құрастыру - шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Жәндіктер. Жануарлар әлемі. Жапырақтар.<br>ҰІӘ міндеттері: табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттеріндамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білугеүйрету;</td>
<td>3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Дыбыстық талдау.\ Дыбыстық талдау. [н]<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>Дағды:сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы.<br>ҰІӘ міндеттері: мамандықтардың ерекшелігінтүсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштарайтуғаүйрет у;<br>- қазақтіліндегісөздерменсөй лемдердітүсініп жәнекүнделіктіөмірдеқолда набілугеүйрету.<br>Дағды: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қтыру,сөздегіқазақтілінетән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлемқұрауғажаттықтыру,сөздегіқазақтілінетән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін үйрету; адамдармен өзара түсінісіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады.Сөйлемдер құрастырады;<br>дос,тату, достарсөздерін түсінеді,өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Менің отбасым» тақырыпты қайталау.<br>**Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».**Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпазанықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық материалдармен | **Дағды**: Табиғатта өзін ұстау ережесіне дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Жәндіктер,жануарлар әлемі,жапырақтар. әлеміне деген қызығушылығын арттыру және оларды қорғауға үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.Табиғатты бақылай білуге қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>-табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді;<br>-табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасайды, еңбек ете білуге дағдыланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады.<br>**Орындалу реті:**<br>алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады;<br>-төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз;<br>ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын | ойлауға дағдыландыру<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**«Заттың жекеше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>1. Ұлдар – ұл.<br>2. Торғайлар – ... (торғай)<br>3. Көбелектер – ... (көбелек)<br>4. Таулар – ... (тау)<br>5. Жапырақтар – ... (жапырақ)<br>Өткен тақырыптарды қайталау.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>1) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>2) Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>**«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>**«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Түтікше»** – тілді ауыздан | жауап беруді дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Балаларға мамандықтардың пайдалы жақтарын айта отырып, олардың бәрі адам мүддесі, қоғам мен халыққа қызмет етуші екендігін түсіндіріп, жалпы мамандыққа және оны игеріп ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген маман адамдарға деген құрметтеу, ардақтау және мақтаныш ете білу сезіміне тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>-жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады,жаңылтпашты қайталайды;<br>-қарапайымсұрақтардытүсінеді;<br>-мамандықатауларынқазақшаатайды,жауапбереді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады.**Жаңасөздер мен таныстыру.**<br>Мынау–ұшқыш.<br>Мынаукім?<br>Мынау–ұшқыш.<br>Мынау–ғарышкер.<br>Мынау кім?<br>Мынау–ғарышкер.<br>Мынау–дәрігер.<br>Мынаукім?<br>Мынау–дәрігер.<br>Мынау–құрылысшы. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс.Балаларғамектептіңс уретінкөрсетіп, сұрақтар қояды.<br>Мынауне?<br>Бұл–мектеп.<br>Балаларқайдакелді?<br>Балалармектепкекелді.<br>Балаларнеістеп жүр?<br>Мектепауласындаойнапжүр.<br>Саған мектептекөңілдіме?<br>Иә,балабақшадакөңілді.Мек тепте балаларкөп.Оларбір-біріменд ос.<br>Дос,дос-ы-ң,се-н-і-ңдо-сың.Ме-н-і-ңдо-сым.<br>Арман,сенкімменойнайсың?<br>Арман,Арлансеніңдосыңба?<br>Иә.Менің досым–Арлан.<br>Арман,Арлан–достар.<br>Достарқалайойнайды?<br>Достартатуойнайды.<br>БізАрманекеуміздос-пыз,та-туойнаймыз.<br>Біз-діңдо-сы-мызкөп(балаларқайталайды) .<br>***Мақал-мәтелді****түсіндіреді.*<br>«Адамдосыменағаш тамыры менмықты».<br>Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздіңдостарымыз– наши друзья<br>**Қолдану деңгейі:Дидактикалық ойын**: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».Балаларөздерітура лы жәнедостарытуралыәңгімеле у.<br>*Менің атым – Наргиз.*<br>*Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле.* | жасаймыз.<br>Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетіді.<br>Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа, ұзынша жапырақтар таңдалады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог аю, қоян, түлкі т.б. аңдар бейнесін жасау ретімен таныстырады, ол үшін әр аңның бет бейнесінің ерекшелігіне назар аударады:<br>түрлі түсті қағаздан бет бейнелерді қиып алудың жолдары көрсетіліп, түсіндіріледі;<br>оларды киндер қораптарына жапсыруда орындарын нақты табуға бағыт беріледі;<br>ермексаз, жұқа түссіз қағаздар, гуашь бояулар т.б. пайдалануғаболады;<br>дайын болған аңдармен үстел үсті театрын құрып, ертегі құрастырып айтуға ұсынысжасалады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Не қалай дауыстайды?» ойынын ұсынады. Педагог қалдық заттардан алуан түрлі ойыншықтарды жасауға болатынын көрсетіп әңгімелейді.<br>Киндерден жасалған «аңдар» бейнесіне талдау жасайды, кім қандай аңды жасайтындықтарын таңдауды сұрайды. | жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы**<br>Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды жалғастырады.<br>Педагог **доп, шар** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Екі бала тақтада **доп, шар** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп, қателерін түзейді.<br>– **Шар** сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударыңдар.<br>– Шар сөзінде неше буын бар?<br>– Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.<br>– Шар сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>– Үш дыбыс екен.<br>– Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс?<br>– Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы.<br>– **Ш** дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? | Мынаукім?<br>Мынау–құрылысшы.<br>Мынау–сатушы.<br>Мынаукім?<br>Мынау–сатушы.<br>Балаларсөздердіқайталайды .<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дыбыстықжаттығу(айнаме норындалады).<br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер– дәрігер.<br>Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br>Ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер-ғарышкер.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын:Кімнеістейді?**<br>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады.Балаларсөйлемдерді қайталайды.<br>«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады.Ата-аналарыныңкімболыпістейт інінсұрайды.<br>Сеніңәкеңкімболыпістейді?<br>Сеніңанаңкімболып істейді?<br>*БалаларМенің*есімдігінжауа птарындақолданады.Ата-аналарыныңмамандықтары натайды.<br>Менің әкемқұрылысшыболыпісте йді.<br>Менің анам дәрігер болып істейді.Жаңылтпашпентан ыстыру.<br>Ұшқыш меңгергенліДәрігер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Біз татуойнаймыз.*<br>*Менің атым – Арман.*<br>*Мен бес жастамын.*<br>*Менің достарымның аттары –*<br>*Арлан,Нұрым.Біздостарым ызбентатумыз.*<br>**Сергітусәті.**<br>Зеңгір көктем,нұрынтөккен,<br>Ортақбіздіңгүліміз,<br>Жайнап өскен, жайдары өскен,<br>Біз өмірдіңгүліміз.<br>Бал достыққа, жолдастыққаШақырадыәнім із.<br>Тыныштықта, нұр құшақтаБақыттымызбәріміз. | **Сергіту сәті.**<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық<br>Қалтамызға салайық. | – Қандай түспен белгілейміз?<br>– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап шааар сөзін оқиды.<br>– **А** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс.. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>– Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>– Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр.<br>– «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– «**Р**» дыбысы дауыссыз дыбыс.<br>-Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Шар – 1 буын, 3 дыбыс.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>*Доп – 3 дыбыс,1 буын.*<br>**Сергіту сәті**<br>**Биле, биле, балақай**<br>Бір, екі, үш, төрт<br>Біз билейміз күш көп.<br>Бес, алты, жеті, сегіз<br>Ән менен би егіз.<br>Қолдармен биле, аяқты серме.<br>Билейік айнала, бос тұрма қайтала! **Доп** сөзінің дыбыстық талдауын анықта.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Тыңда, орында. | меңгере ала ма?Дәрігер меңгергендіҮшқышменгере алама?<br>Жаңылтапштықаттыжәнеақ ырын әріжылдам айтқызу.<br>**Сергітусәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,Аяқтыныкбасамыз<br>.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біздемалыпаламыз.<br>Бала, бала, баламызБақшамызға барамыз,<br>Күні бойы қызыққаБатамыздақаламыз<br>. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br><br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау. [ң]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:Дыбыстық талдау жасай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**«Сұрақ- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жауап» әдісі арқылы іс-әрекетті бастайды. Педагог қойған сұрақтардың жалпы атауын балалар жылдам, әрі дұрыс айтып отырулары керек.<br>1. Астана, Алматы, Тараз – ... (қалалар)<br>2. Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... (өзендер)<br>3. Ту, гимн, елтаңба – ... (рәміздер)<br>4. Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (мамандар)<br>5. Кітап, дәптер, портфель – ... (мектеп құралдары)<br>**Түсіну деңгейі:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»<br>«Кім білгіш?» дидактикалық ойыныМысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.<br>«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.<br>Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.<br>2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.<br>Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.<br>«**Тал**» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>«Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәнеки, отырып бәріміз,<br>Бақшада бұлбұлдар сайрайды,<br>Желкеге қолды қоямыз.<br>Аспанда ақ бұлттар ойнайды.<br>Арқаны кеңге сап жатамыз,<br>Қызылды-жасылды көбелек, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Көз жұмып қиялға батамыз.<br>Ұшудан қанаты талмайды.<br>Табиғат көрікті тамаша,<br>Көреміз төгілген күн нұрын,<br>Қиялмен көз жұмып қараса.<br>Керемет ерекше күн бүгін.<br>Бұлақтың сыңғырын естиміз, Ақырын қозғалып орнынан,<br>Гүлдерді иіскейміз таласа.<br>Кәнеки, тұрады кім бұрын?<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1. Қай түстің атында **ң** дыбысы естіледі? Белгіле.<br>2. Дыбыстық талдау жаса.<br>4. Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты?<br>5. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.<br>Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Тыңда, орында.<br>Партадағы саусақтар<br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Адымдайды, жүреді .<br>Түйеқұсты салады.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Сурет сала біледі.<br>Қоян да бола қалады.<br>Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.<br>Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | еңбектену керектігін айтады. | | |

**Ұлттық құндылықты қалыптастыру**

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру**

***3 үзіліс – 13:35 – 13:45***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.**

**Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.**

**Аз қимылды ойын: «Не қай жерде өседі»**

**Басты міндеттері:Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.**







**Аз қимылды ойын:«Не қай жерде өседі»экологиялық ойыны.**

**Ойын міндеттері:**Балаларды табиғатта болып жатқан процестерді түсінуге үйрету; көрсетужер бетіндегі барлық тіршіліктің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігі.

**Дағды:**балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:**

**Ойын шарты:**Мұғалім әртүрлі өсімдіктер мен бұталарды атайды, ал балалар таңдайдытек белгілі бір аймақта өсетіндер. Егер олар өссе – балалар қол шапалақтайды немесеолар бір жерге секіреді (кез келген қозғалысты таңдауға болады), егер жоқ болса – балалар үндемейді.

Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңкурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

**Тәрбиеші:«Тыйым салу белгілері»**

1. Табиғатты ластама, қоқысты өзіңмен бірге алып жүр.
2. Көбелектерді, инеліктерді және құстарды ұстамаңыз.
3. Табиғаттан артық нәрсені алмаңыз.
4. Құмырсқа илеулерін бұзбаңыз.
